Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 94 (574) «19/20»: 373 (043) Қолжазба құқығында

**КАЛИЕВА БЕКЗАТ ТЫНЫСБЕКОВНА**

# XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелері және жадының орны (Алматы облысының материалдары негізінде)

6D011400 – Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент
Далаева Т.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші
тарих ғылымдарының докторы,
профессор
Ташағыл А.
(Стамбул, Йедитепе университеті)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**
**АНЫҚТАМАЛАР**
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**
**КІРІСПЕ**........................................................................................ 7
**1 ЗЕРТТЕЛЕТІН МӘСЕЛЕНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ДЕРЕККӨЗДЕРІ**..........................................................22
1.1 Заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны ..............................................22
1.2 Зерттеу мәселесінің деректік қоры және тарихнамасына сипаттама.........31
**І тарау бойынша қорытындылар**..................................................51

**2 ХХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ: ТАРИХЫ, КОММЕМОРАТИВТІ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАДЫНЫҢ ОРНЫ**...........................................................52
2.1 Жадының орны: орналасуы, жіктелуі және сипатталуы ..........................52
2.2 Алматы облысындағы коммеморативті тәжірибелері және олардың медиа-кеңістіктегі көрінісі (тәжірибелердің түрлері)..........................................64
**ІІ тарау бойынша қорытындылар**..................................................83

**3 МЕКТЕПТЕ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КОММЕМОРАТИВТІ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ**.............................................84
3.1 Алматы облысы мектептері бойынша жалпы мәлімет...............................84
3.2 «Қазақстан тарихы», «Өлкетану» оқулықтарындағы коммеморативті тәжірибелер туралы ......................................................................94
3.3 Сыныптан тыс және тәрбие жұмыстарындағы коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі.........................................................................118
3.4 Эксперимент жүргізу бойынша бағдарлама, нәтижесі және оқушыларда коммеморативті тәжірибелер мен жады орынының қалыптасуы..................143
**ІІІ тарау бойынша қорытындылар**................................................160

**ҚОРЫТЫНДЫ**...........................................................................162

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**..........................................166

**ҚОСЫМША**..............................................................................181

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық зерттеу жұмысы келесідей құжаттардың талаптары мен ұсыныстары негізінде жүргізілген:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілде № 319- ІІІ Заңы (ҚР 20.04.2023ж. № 226-VII Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

3. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 10 маусымдағы №426 қаулысымен бекітілген Ереже «Мемлекет қорғауындағы 2338 тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарын анықтап, қорғау міндеттемелерін толтыру жұмыстары» жөніндегі Ереже.

4. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» мемлекеттік бағдарламасы (17 қаңтар 2014 ж.).

5. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі №90 бұйрығына сәйкес «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережесін бекіту туралы».

6. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына сәйкес «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты жұмыс жоспары.

7. 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы және оның жалғасы «Ұлы даланың жеті қыры» 21.11.2018 ж.

8. ҚР 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі» туралы заң.

9. ҚР Президентінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік тірегім» атты мақаласы.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы №670 Жарлығымен 10 Ұлттық жобаның тізбесі бекітілді. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs

11. ҚР МЕМСТ 5.04.034.-2011. ҚР мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты. Жоғары оқудан кейінгі білім беру. Докторантура.

12. МЕМСТ 7.32.-2001. Библиотекалық (кітапханалық) және баспа ісі ақпараттары бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына есеп беру. Рәсімдеудің құрылымы мен ережелері.

## АНЫҚТАМАЛАР

**Жад орны** – бұл қазіргі және Францияда оның рөлі мен мағынасын беретін екі ағымның қиылысындағы жад орындарын (lieuxdemémoire) зерттеу. Бір жағынан, бұл таза тарихнамалық қозғалыс, тарихтың өзіне рефлексиялық қайта оралу сәті болса, екінші жағынан, бұл лайықты тарихи қозғалыс, белгілі бір есте сақтау дәстүрінің аяқталуы. Бұл – жердің заманы, бұл – біз жадымызда сырласатын мұраның алып астанасы жойылып, қайта қалпына келтірілген тарихтың назарында қайта жаңғыртылатын сәт. Бір жағынан тарих ісін шешуші тереңдету, екінші жағынан мұраны топтастыру басталатын Есте қалған жерлер. Жад орны сананың тарихта оны елемейтін, бірақ оған мұқтаж болатын экстремалды формасы.

**Мәдени жады** – терминін алғаш рет неміс египтологы Ян Ассман Морис Халбвакстың ұжымдық жады теориясын әзірлеген «Мәдени жады» кітабында пайдаланды.

**Коммеморация** – латын тілінен аударғанда memorialis – есте қалатын, қоғамда азаматтық-патриоттық тәрбие беруде – өткеннің маңызды оқиғаларын қоғамдық санада сақтау маңызды орын алады; заманауи контексте оларды «есте сақтау» және (қайта) жаңғыртудың қоғамдық әрекеттерінің жиынтығы.

**Музей педагогикасы** – музей ісін тәрбие жүйесі ретінде қарастыратын музейтану, педагогика және психологияның тоғысқан жеріндегі ғылыми пән; сонымен қатар, мәдени (көркемдік) тәжірибені музейлік ортада педагогикалық процесс арқылы беруге бағытталған заманауи музейдің ғылыми-практикалық қызметінің саласы. Музейлердің тарихын, мәдени-ағартушылық қызметінің ерекшеліктерін, келушілердің әртүрлі категорияларына әсер ету әдістерін, музейлердің оқу орындарымен өзара байланысын зерттейді.

**Тарихи жады** – (сонымен қатар ұжымдық немесе әлеуметтік жады) - бұл қазіргі кезде маңызды «жаңа жинақталған әлеуметтік тәжірибені» жаңа ұрпаққа беру үшін өткен туралы ақпаратқа айналдыратын әлеуметтік білімді басқаратын және өзгертетін әлеуметтік-мәдени әдістер мен институттар жүйесі. Ғылыми қолданыста баламалы ұғымдар бар, олардың кейбіреулері ертеректе қолданылған: тарихи жад, ұжымдық жады, әлеуметтік жады, ұжымдық ми, адам жады, әлем жады.

**Эмоция** – француз тілінен аударғанда emotion, яғни адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсерінің реакциясы. Қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй. Эмоция организмнің әртүрлі қажетсінулерге қанағаттануына (ұнамды эмоция) немесе қанағаттанбауына (ұнамсыз эмоция) байланысты.

**Memory studies** – әдіснамасына қатысты зерттеулер өте көп, бірақ барлық зерттеу бір ғана нәрсені көрсетеді, ол – тәрбие және білім берудегі бұл әдіснаманың потенциалының мықтылығы түсінігіне тоқталады.

**Бірегейлік** – [лат. identificare – ұқсастыру, барабарландыру] – біреудің бір нәрсемен барабар келуі, ұқсастығы. Жеке тұлғаның қандай да бір топқа қатысы тұрғысынан алғандағы сипаты.

**Травматикалық жады** – ауыр эмоционалды бақыланбайтын естеліктер, терең тарихи жарақаттан өткен қоғам мүшелеріне тән.

**Премедиация** – жаңа тәжірибенің репрезентациясын түсіндіру үшін қоғамда қалыптасқан медиа сызба негізінде құрылады.

**Медиация** – қазіргі қоғамға қол жетімді медиа негізінде тәжірибе бекіту.

**Ремедиация** – өткен ақпаратты бір нәрседен екіншісіне жазу.

**Гипермедиация** – өткенді еске түсіру үшін әдейі белгілі бір медианың астын сызу.

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚазКСР ҒА – Қазақ Кеңес Социалистік республикасының Ғылым Академиясы
ҚР БҒМ ҒК – Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
ҚР ПА – Қазақстан Республикасының Президенттік архиві
ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві
ТМА - Талдықорған мемлекеттік архиві
АО МА – Алматы облысының мемлекеттік архиві
«Ғылым Ордасы» РМК ОҒК - Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны орталық ғылыми кітапханасы
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ғ. – ғасыр
ғ.ғ. – ғасырлар
ЖОО – жоғары оқу орыны
ж. – жыл
жж. – жылдар
ББД – білім, білік, дағды
ҚОТ – қашықтықтан оқыту технологиясы
ЭТ – эксперименттік топ
БТ – Бақылау тобы

# КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмысымызда XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелері және жадының орны (Алматы облысының материалдары негізінде) мәселесі жан-жақты әрі кешенді түрде қарастырылады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазақстанның мемлекеттік егемендігін жариялауы және онымен байланысты жаңа әлеуметтік-саяси шындық қоғам мен оның азаматтарының өзіндік санасында елеулі өзгерістер туғызды. 1993 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы қабылданды [1]. 1997 жылы 20 қаңтарда Қазақстан Президентінің Жарлығымен 31 мамыр «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» болып бекітілді [2], одан кейінгі 1998 жыл «Ел бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жарияланды [3]. 1999 жыл «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» болып жарияланды. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы әр жыл өзінің маңыздылығын тапты [4].

2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырту [5], 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде саралап, оларды халыққа таныстыру сияқты жолдарды басынан кешірді [6]. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздік алған жылдар ішінде басынан үлкен өзгерістерді өткізді. Елімізде экономикалық салалар бойынша, демократиялық үрдістер мен азаматтық қоғамға бастайтын саяси реформалар мен қатар білім беру саласында да маңызды реформаларды жүзеге асырылуда. Қазақстанның білім беру жүйесі еліміздің Конституциясының қағидаларына, «Қазақстан-2050» [7], «Архив-2025» [8] бағдарламалары халықтың тарихи санасының жаңғыруына бағытталған. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі аталған құжаттарды басшылыққа ала отырып, білім беру жүйесін қалыптастырып, оны әрі қарай дамытуда. ҚР ҒЖБМ «Білім туралы», «Ғылым туралы» ҚР Заңдарымен қатар Білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларын жасап, осы заңнамалық негіздерге сәйкес іс-шаралар атқарылуда. Осы іс-шаралардың ішінде ұлттық мүдде мен идеяны қалыптастыруға көмектесетін «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту мен оның оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі де бар. Еліміз өз тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап отандық оқу құралдарын жазуға ерекше көңіл бөлінді. «Қазақстан тарихы» пәнінен мектеп оқулықтарын жазуға қазақстандық ғалымдармен қатар тәжірибелі мектеп ұстаздары да қатысты.

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», ол бағдарламасы аясында «Туған жер» атты бағытының жүруі қазақ елінің бұрынғы тарихын қайта жаңғырып, салт-дәстүрін, төл мәдениетін дамыту болып табылады [9]. Сонымен қатар, 2018 жылғы 21 қарашасында жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жаһандық тарихтағы

қазақ елінің рөлін нақты тарихи деректерге сүйене отырып көрсету болып табылады [10].

Қ.Тоқаевтың 2021 жылы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласының отандық тарихымыздың бүгінгі таңда қарқынды дамып, бұрын соңды қаралмаған жаңа деректердің ғылыми айналымға енгізілуі тарихымызда алатын орнын айқындап, маңыздылығын көрсетіп, жұмыс барысында қолдану [11].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы №670 Жарлығымен 10 Ұлттық жобаның тізбесі бекітілді. Соның екінші бөлімі «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Ұлттық жоба 4 бағыт, 5 міндет, 15 көрсеткіш және 26 іс-шарадан тұрады. Ұлттық жобаның бұрынғы 2016-2019 жылдарға жасалған мемлекеттік бағдарламалармен салыстырғанда әлдеқайда тиімді және пайдасы көп екенін көруге болады. Негізгі 5 міндеті де оқу-білімге бағытталып, оның іске асу жолдарына негізделген.

Осыны негізге ала отырып, тақырыбымыздың негізгі зерттеу бағыты ретінде коммеморативті ескерткіштер, оларға тоқталып, саралау, жадыда қалатын рөлін айқындау өзекті мәселе деп білеміз. Бүгінгі тәуелсіз еліміз тұсында тарихымызды кешенді саралап, қарастыру барысында тарихи ескерткіштерге, тарихи мерекелерге, мемуарларға, заманхаттарға тоқталып, олар туралы жазып қалдыру негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта Қазақстан Республикасы өз елінің тарихын жан-жақты қарастырып, макротарихын зерттеуде. Сонымен қатар, XXI ғасырдың басында микротарихқа да тоқталу маңызды рөл атқаруда. Халықтың күнделікті өмірі, тұрмысы, әлеуметтік жағдайы, қызығушылығы тарих беттерін ашуда өз үлесін қосуда. Солардың бірі ретінде бүгінгі таңда коммеморативті тәжірибелер, оларды зерттеу барысындағы жадының алатын рөлін анықтау өзінің қажеттілігін туындатуда.

Сондықтан да, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы мектепте тарих пәнін оқытуда коммеморативті тәжірибелері және жадының орны (Алматы облысының материалдары негізінде) деп тақырыпты ала отырып, коммеморативті тәжірибелердің мектепте білім беру барысында қандай дәрежеде екенін көрсетіп, жадының алатын орнын анықтау өзекті мәселелердің бірі деп ойлаймыз.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Ғылыми жұмысымыздың тарихнамасын екіге бөліп қарастырсақ: 1. Шетел еңбектері; 2. Отандық еңбектер.

«Memory studies» немесе жадыны зерттеуде үш толқынды атап өтуге болады: біріншісі, өз бастауын 1920-1940 жылдардан алады (М. Хальвбакстан бастап); екіншісі, 1980-1990 ж.ж (П. Нора); үшіншісі, 1990 жылдардан бері қарай, яғни бүгінгі күнге дейін. XX ғасырдың 20 жылдарынан бастап көптеген ғалымдар «Memory studies» бағытына қатысты өз ойларын жазып, талдаған.

Шетелдік еңбектердің зерттеліп отырған жұмыс аясында М. Хальбвакс [12] кейін, көптеген зерттеушілер П. Нора [13], Я. Ассман [14], А. Ассман [15], П. Хаттон, Т. Адорно, М. Қойгелдиев [16], К. Медеуова [17],

Ю. Сафронова [18], Ю.В. Павлова [19], Н.И. Чуркина [20], М.Л. Шуб [21] және т.б [22].

Сонымен қатар, Қазақстандық ғалымдардың тарих сабағында түрлі әдістерді қолдану бойынша зерттеуші әдіскерлердің еңбектерін атап өтуге болады. Мысалы, Г.Т.Жақыпова, Г.Б.Қозғамбаева, Н.К.Алпысбаева, Т.Т.Тұрлығұл, Б.Қ.Абдугулова, Қ.Қ.Құнапина, Ш.Т.Таубаев, Ф.Н. Мийнбаева, Л.И. Зуева және т.б зерттеу жұмыстарын атауға болады [23]. Коммеморативті тәжірибелер мен жадының орны аясында жүргізілген жұмыстар, ғылыми жұмыстарға жеке дара тоқталып, оларға талдау жеке тарауда көрсетілген.

Диссертацияда қарастырылған коммеморативті тәжірибелердің мектепте тарих пәнін оқытудағы қолданысын жеке тарихи жағынан көрсетуді бүгінгі күні аса қолға алынбаған. Жұмыстың негізгі бағыты мектепте тарих пәнін оқытуда коммеморативті тәжірибелер және жадының орнын атап өту барысында жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде қарама-қайшы пікірлер туындап, осының негізі бүгінгі таңда осы тақырыптың мектепте түрлі әдіс-тәсілдерді және қосымша басқа да жолдарды ойластыру арқылы оқушы жадында сақтату болып табылады және осы мәселені шешу жолдарын қарастыруға негізделген. Жұмысымыздың тарихи және педагогикалық өзектілігі «ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басындағы мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер және олардың жадыда алатын орнын (Алматы облысының материалдары негізінде)» атты мәселені тақырыбымыз ретінде таңдауымызға өз үлесін тигізді.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттері.** ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басындағы мектептердегі (Алматы облысының материалдары негізінде) қоғамдық тәжірибеде және «Тарих», «Өлкетану» пәндерін оқытудағы оқу-тәрбие процесінде жады орнының маңыздылығы мен коммеморативті тәжірибесінің мәнін зерттеу.

**Зерттеу жұмысының міндеттері:**

1. Коммеморативті тәжірибелермен жады орнының педагогикалық аспектіде зерттелуінің деректік қорына, тарихнамасына сипаттама беру;

2. Заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы коммеморативті тәжірибелер мен жадының орнын мектептегі медиакеңістіктегі көрінісін (практикалардың түрлері) Алматы облысы негізінде педагогикалық тұрғыда айқындау;

3. Оқушылардың тарих сабақтарына, сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстарда жалпықалалық және жалпыоблыстық іс-шараларға қатысуы мен коммеморативті іс-әрекеттерін сипаттау;

4. Жетісудың жады орынының сипаттамасына сүйене отырып, мектепте тарихты оқыту мен коммеморативті тәжірибесін өткізудің тиімді әдістерін анықтау және ұсыну, оны педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеу.

5. Диссертация тақырыбы негізінде «Өлкетану. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» оқу-әдістемелік нұсқаулығын дайындау және апробация жасау.

**Қорғауға ұсынылған негізгі болжам (гипотеза).** Егер біз отбасылық деңгейде де, ұжымдық-қоғамдық деңгейде де мектепте тарих пәнін оқытуда жүйелі түрде коммеморацияны өткізу арқылы жергілікті аймақтық жады орыны негізінде жүзеге асырсақ, оқушылармен жұмыс жасайтын болсақ, онда олардың жас ерекшелігін, тарихты қалай түсінетінін көрсетеміз. Өйткені өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырамыз және олардың Отанымен тікелей байланысын бекітеміз. Бұл болжамды (гипотезаны) жұмысымыз барысында дәлелдеп көрсетеміз.

«Мәдени жады» және «коммуникативті жадыны» қалыптастыру арқылы коммеморативті тәжірибені мектепте тарих пәнін оқыту арқылы жүзеге асыру. Алейда Ассман 80-100 жылдар аралығындағы ұрпақтар үшін «жедел жады» тұжырымдамасын пайдаланады және үш ұрпаққа белгілеген: тікелей байланысқа негізделген жады, бұл қоғамның «жедел жадысы» деп атауға болады» [9, 22 б.].

Мәдени жадыға қоғам мен ғалымдар мойындаған және атақты мәдени ескерткіштер тізіміне енген объектілер жатады (мысалы, Алтын адам, XVIII ғасыр батырлары), ал коммуникативті/жедел жады кезінде болған оқиғалардың естеліктеріне негізделген үш ұрпақтың өмірі (жедел жады естеліктерінің объектісі 1916 жылғы оқиғалар, ол қазірдің өзінде біртіндеп мәдени жады санатына ауысады, 1930 жылдардың басындағы ашаршылық, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысу, репатриация, Желтоқсан оқиғасы).

**Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:**

1. Заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы оқушылардың тарихи санасын қалыптастырудағы коммеморативті тәжірибелер және жады орнының педагогикалық маңызы жоғары.
2. Диссертация тақырыбы негізінде «Өлкетану. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» оқу-әдістемелік нұсқауының әзірленуі, интербелсенді әдістердің іске асырылуы, қолданылуы оқушылардың тарихи санасын қалыптастырады.
3. Алматы облысы жады орнының материалдары негізінде коммеморативті тәжірибелерді меңгертуде мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының іс-шаралар жүргізудің төмендегідей түрлері сараланды:

1) тәрбие жоспарынан тыс орындалған қосымша іс-шаралар (мектептегі музей бұрыштарының ашылуы, тарихи-мәдени ескерткіштерге саяхат, оқушылар арасындағы музейлерге қатысты сурет салу акциясы);

2) коммеморативті тәжірибенің тағы бір түрі «Өлкетану» курсы негізінде онлайн және 3 D форматтағы музейлерге саяхат;

3) Skype, Zoom және Whats App т.б. арқылы жалпы дүниежүзінде COVID 19 пандемиясы кезіндегі тарихи іс-шаралардың Instagram, Facebook парақшаларында жүргізілу барысы;

4) ҚР ОАМ бекіткен тәрбие жұмыстарының үшінші бағыты – «Ұлттық тәрбие» бөлімі негізінде батырлар, билер, кемеңгер азаматтарын атап өткізілген тарихи іс-шаралар жүргізілуде. Мемлекет тарапынан бекітілген, жалпы тойланатын мерекелік іс-шаралардан басқа Алматы облысы бойынша

мектептердің тәрбие жоспарына билер, батырлар, болмаса жеке атап айтарлық тұлғаларына қатысты мұғалімнің қосымша іс-шаралардың енгізуі;

5) тарихи тұлғаларға және тарихи оқиғаларға арналған мемориалды іс-шаралар.

4. Алматы облысындағы тарихи маңызды орындарды анықтау және жүйелеу (Пьер Нораның жады орындарын материалдық, символдық және функционалдық сипаттамалары негізінде бөлу теориясын қолдану) мектепте коммеморативті тәжірибелерді тиімді қолдануын айқындайды.

5. Педагогикалық эксперименттің нәтижесінде, «Өлкетану. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» оқу-әдістемелік нұсқауының пайдаланылуы, «тарихты» оқытуда коммеморативті тәжірибелер және жадының орны туралы тарихи білімін жетілдіреді. Бұл «Тарих» пәні бойынша білім сапасының жоғарылауына кепілдік береді.

**Зерттеу жұмысының негізгі нысаны** – Қазақстан Республикасы мектептерінде тарихи білімді оқыту және жас ұрпақты тәрбиелеу процесі.

**Зерттеу жұмысының пәні** – Тәуелсіз Қазақстанның мектептерінде (Алматы облысының материалдары негізінде) тарихи білім беру барысында жады орны және коммеморативті тәжірибелермен жұмысты жүзеге асыру болып табылады.

**Зерттеу жұмысының методологиялық негізін** «Memory studies» туралы зерттеулер өте көп, бүгінгі таңда терең қарастырылып келе жатқан мәселелердің бірі болып табылады. «Memory studies» тек мемлекеттік саясаттың бір бөлшегі ғана емес, сонымен қатар өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу ретінде де қарастыруға болады. «Memory studies» әдіснамасына қатысты зерттеулер өте көп, бірақ барлық зерттеу бір ғана нәрсені көрсетеді, ол – тәрбие және білім берудегі бұл әдіснаманың потенциалының мықтылығы түсінігіне тоқталады [22].

«Memory studies» әдіснамасына қатысты зерттеулердің алғашқыларының бірі ретінде П. Нораның «Франция Память» атты еңбегіне қарастырылған. Бұл еңбек негізінде «еске алу» орындары өз алдына үш аспектіні негіздейді: материалдық, символдық және функционалдық деп атап, үш объекті (материалдық, материалдық емес және идеалды) негізінде қаралады, яғни қандай да бір ескерткіш өзіндік қажеттілігін қоғам арасынан таппаса, онда оның еш маңыздылығы жоқ деп атауға болады. Сонымен қатар, жадының өткен тарихымызбен байланысының үзілуі (жады-қашықтығы), сондай-ақ оған қайтып баруымыз (жады-мұрағат) деп атап өтілген.

Осы әдіснама негізінде қарастырған келесі авторымыз А. Ассманның «Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика» атты монографиясында индивидуалды жадыдан әлеуметтік жадыға, одан ұжымдық жадыға бағытталған деп көрсетілген. Алайда ұжымдық жады деген жоқ, оны тек XX ғасырдың 20 жылдары М. Хальвбакстың еңбектерінде ғана аталғанын көрсеткен. Ендігі кезекті ары қарай талқылай келе бұл үш жады да адамдарға сай анықталғандығы аталған. Соның негізінде тәуелсіздік кезеңдегі музейлердегі коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі «индивидуалды

жады» негізінде қалыптасты деп атасақ. Оған негіздеме ретінде: біріншіден, әр адамның өзіне тән естелігі бар; екіншіден, естеліктер тек өздері ғана қалыптаспайды, олар өзге адамдардың естеліктерімен байланысты болады; үшіншіден, кейбір естеліктер фрагмент негізінде жадымызда қалады, олардың не өткені, не болашағы жоқ; төртіншіден, естеліктер эфемерлі және тұрақсыз, естеліктер өзінің уақыт кеңістігіне сәйкес перспективті өзгеріске ұшырайды. Бір естеліктер жоғалып жатса, енді біреулері даму үстінде болады. Сонымен қатар монографияда С. Зонтагтың мынадай бір пікірі аталған: «егер қоғам өзіне-өзі еріксіз, ақылсыз және тілсіз ойланбай сөйлесе де, белгілі бір шешім қабылдай алса да, бірақ жадысыз еске ала алмайды».

Тарихты оқытуда тарихи зерттеулердің заманауи тәсілдерін қолданудың тағы бір бағыты «Айтылған тарих» бағыты. Қазақстанда қоғамның тарихи жадысын қалыптастырумен «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы айналысады. «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы Абай ат. ҚазҰПУ жұмысын ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор М.Қ.Қойгелдиевтің басшылығымен жасалуда. Өзі зерттеулерінің мәселелерін ауызша тарих деректерін зерттеумен жүргізілуде. Ғылыми-зерттеу орталығының «Айтылған тарих» атты авторлық ұжымдық оқу құралы жасалды. Негізінен 2014 жылы «Менің ғылымдағы өмірім. Ғалымдармен 21 сұхбат – Моя жизнь в науке. 21 интервью с учеными» [24], 2015 жылы «Қоғамның тарихи жады: XX ғасыр Алматы облысы Ескелді ауданы тұрғындарының өмірбаяндық әңгімелерінде» [25] атты кітаптар жарық көрді. Ғылыми-зерттеу орталығының «Айтылған тарих» [16] атты авторлық ұжымдық оқу құралы жасалды.

Диссертация тарихи ғылымда қалыптасқан тарихи таным методологиясына негіздеп коммеморативті тәжірибені білім беру барысында зерделеу үшін Е.И. Красильникованың процесстік-реляциялық тәсілі шеңберінде әзірленген хронологиялық негізге және жұмыс тақырыбына бейімделген алгоритмді қолдануға болатындығын көрсетеді. Бірінші элемент ретінде зерттеуші өткен кезеңдегі еске түсірудің бастапқы жағдайының қысқаша сипаттамасын анықтады. Екінші элемент – есте сақтау динамикасының шарттары мен факторларын сипаттау (фондық саяси жағдай, дәуірдің мәдени және интеллектуалды фоны, осы кезеңдегі білім беру саясаты). Үшінші элемент мемориалдар динамикасына әсер ететін есте сақтаудың мемлекеттік саясатының мазмұнын, сондай-ақ осы саясатты іс жүзінде жүзеге асыру жолдары мен ерекшеліктерін анықтауды қамтиды. Төртінші элемент – Қазақстан мәдениетінде дамыған үздіксіздіктің ерекшеліктерін еске сала білу. Бесінші элемент – бұл алдыңғы кезеңге, Қазақстан мәдениетіне, еске алуға арналған дәстүрге жатпайтын инновацияның ерекшеліктерінің сипаттамасы. Алгоритмнің алтыншы элементі ескерткіштерді әлеуметтік қабылдау ерекшеліктерін анықтауды қамтиды.

**Зерттеу әдістері бойынша теориялық:** зерттеу әдістері бойынша мәселені талдауда соңғы жылдары жалпы тарих ғылымдарында болып жатқан

түбегейлі өзгерістерді негізге ала отырып, жоғарыда қойылған міндеттер негізінде келесідей әдістер қолданылды:

- тарихшылдық принципі негізіндегі архив құжаттары және әртүрлі дерек көздерімен жұмыс жасау барысында диалектикалық әдісті қолдану; жүйелі көзқарас негізінде тарихи дереккөздерді жинақтау және талдау жүзеге асырылды;

- жинақталған құжаттарды зерттеу үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды;

- тарихи оқиғаға шынайы, объективті түрде баға беру, бұрмаламай, нақты дәлелдерге сүйене отырып шынайы объективтілік әдісі қарастырылды;

- XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі және жадының орнын айқындау үшін зерттеу жұмысы барысында хронологиялық әдіс пайдаланылды;

- тарих сабақтарында тарихи құжаттармен жұмысты ұйымдастыру мен мектепте коммеморативті тәжірибелерді жүргізуді талдаудың педагогикалық тәсілі зерттеліп, қолданылды.

- педагогикалық эксперимент жүргізу барысында оқушылар арасындағы коммеморативті тәжірибелерді және жады орнының маңыздылығын меңгеру және түсіну, динамикасын айқындау мақсатында диагностика-праксеометриялық әдіс қолданылды.

эмпирикалық: оқушылардың тарих сабағында жады орны негізінде коммеморативті тәжірибелердің қалыптасу деңгейін анықтау үшін-педагогикалық эксперимент (айқындаушы және қалыптастырушы кезеңдер), сауалнама, әңгімелесу, тестілеу, сұрақ-жауап, сараптамалық бағалау әдісі жүргізілді;

статистикалық: эксперименттің сандық деректерін өңдеу және растау үшін Лямбда және Пирсонның сипаттамалық статистикасы және $x^2$ критерийі зерттеу бойынша нәтижелерінің сенімділігін көрсету үшін пайдаланылды.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық жұмыста алғаш рет XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер және жадының алатын орнын (Алматы облысының материалдары негізінде) жан-жақты айқындау және кешенді түрде талдау басшылыққа алынды және төмендегідей ғылыми жаңалықтары көрсетілді:

1. Коммеморативті тәжірибелер және жадының орны Қазақстандық мектептерде (Алматы облысы негізінде) тарихи білім беру барысында педагогикалық аспектіде алғашқы рет зерттеу нысаны болды.

2. Жұмыс ҚР ОМА, ҚР ПА, АО МА, ТМА (қазіргі Жетісу облысының мемлекеттік архиві) алынған құжаттарға, әртүрлі мазмұндағы деректер жинағы мен мерзімдік басылым деректеріне талдау жасалып, жүйелі түрде сараланды, кейбір құжаттар алғаш рет айналымға енгізілді. ҚР ОМА қаралған құжаттардың бірі ретінде Е. Бекмахановтың «Методические указания на тему: Повторение и закрепление знаний учащихся по истории (14 ноябрь 1941 г.)»

атты әдістемелік нұсқаулығы қазіргі тарих әдістемелік еңбектерімен арасындағы сабақтастығы ашылды.

3. Диссертация жұмыс тақырыбы бойынша «Өлкетану. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» интербелсенді әдістерді (case-study, сыни тұрғыдан ойлау, Блиц, рөлдік ойындар, пресс-конференция) қолдана отырып жаңа материалдар негізінде оқу-әдістемелік нұсқауы алғаш рет жасалды және енгізілді.

4. Тарихи таным теориясы негізінде коммеморативті тәжірибені мектепте білім беру барысында зерделеу үшін процесстік-реляциялық тәсілі арқылы алты элемент «Өлкетану» курсы бойынша алғаш рет сараланды.

5. Алматы облысы бойынша «Жады» орындары өз алдына үш аспектіге негізделіп: материалдық, символдық және функционалдық деп жіктелді. Мектеп мұғалімдеріне ары қарай оқушыларға сабақ беру барысында тарихи жадысын қалыптастыруға қолдану үшін «Сарқан ауданының киелі жерлері» атты анықтамалық ретінде электрондық карта жасалды және қолданылды.

6. Коммеморативті тәжірибелер және жады орны негізінде педагогикалық эксперимент жүргізілді, нәтижесі сандық, сапалық тұрғыда өңделді. Педагогикалық эксперимент жүргізу негізінде ғылыми болжам дәлелденді.

**Зерттеу жұмысының мерзімдік шегі.** ХХ ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы. Диссертациялық жұмыс хронологиясының бұлай алыну себебі Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақыт пен бүгінгі заманауи кезеңге дейінгі уақытты қамтып отыр.

**Зерттеудің территориялдық шегі.** Зерттеу жұмысымыздың территориалдық шегі ретінде Алматы облысы алынды. Себебі бұл Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағы немесе Жетісу өңірі ежелден бастап тарихта өз орнын алып, тарихи мұраға бай өлке.

**Зерттеу жұмысының деректік негізі.** ХХ ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелері және жадының орны (Алматы облысының материалдары негізінде) мәселесі бойынша көптеген деректерден көрініс табады. Дерек көздерінің негізгі бөлігі архив құжаттары. Тарих пәнінің қалыптасуы, жүргізілу барысы және оған қатысты құжаттардың негізі ҚР ПА (Қазақстан Республикасының Президенттік Архиві), ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві), АО МА (Алматы облысының Мемлекеттік Архиві), ТМА (Талдықорған қаласының Мемлекеттік Архиві) қарастырылды. Сонымен қатар, ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханаларының диссертациялық бөлімінің «Отан тарихы», «Педагогика» бөлімшелерінде жұмыс жасалып, қорлары қарастырылып отырған диссертациялық жұмыс негізінде мәліметтерді қарау және іздестіру барысында зерттелді. Зерттелу барысында 4 архивте жұмыс жасалды. Қарастырылып отырған мәселемізді кең ауқымда зерттеу үшін, өтініштер, стенограммалар, кестелер, оқу-әдістемелік

құралдар, баспа беттері негізінде зерттеу жүргізілді. Деректерге қатысты жан-жақты талдау жеке тарауда көрсетілген.

ҚР ОМА негізінен кеңестік кезеңде «Тарих» пәнінің қалыптасуы мен оқытылуына қатысты құжаттарды жылдар бойы жүйелі түрде қарап шықты. Негізгі және факультативтік сабақтар қандай болды. Балалар қандай кітаптармен оқыды? «Тарих пәні» аясында қандай көрнекілік құралдар жасалды, сабақты бекіту және қайталау неге сүйеніп жасалды. Осы бағыттағы негізгі мәселелер қарастырылды.

ҚР ПА-да Алматы облысы тарихының білім беруіне, адамдардың экономикалық және әлеуметтік өміріне және т.б. қатысты құжаттар. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің архивінен Алматы облысынан табылған ескерткіштердің жарғылары, Алматы облысының Мәдениет басқармасының құжаттары, тарихи күндер туралы мәліметтер, табылған ескерткіштер, музей жұмыстары қарастырылды.

АО МА-да облыстағы білім беру ісінің жай-күйі, қазақ және орыс тілінде білім беретін мектептердің саны, «Тарих» сабақтарының қалай жүргізілгендігі, тәуелсіздік жылдарында қандай сыныптан тыс сабақтар мен үйірмелер болғаны туралы істер негізінен қаралды. Алматы халық ағарту қорының 499 қ. (1990-2005 ж.) 80-ге жуық ісі зерттеліп, зерттеу жұмыстарына қажетті мәліметтер алынды. Тәуелсіздігімізді алған жылдары «ҒА» АҚ білім беру бағытында бір қормен жұмыс істеп келеді. Бұл қорды караудың мақсаты – 1991 жылдан бері Алматы облысында қанша аудан, қанша мектеп және қанша оқушы, «Тарих» пәнінен сабақ беретін мұғалімдер саны, қанша қазақ және басқа тілде оқытатын мектеп бар екенін анықтау. Тәуелсіздік алғаннан бері бұл мектептерде «Тарих» пәні қандай деңгейде оқытылуда? Қосымша сыныптан тыс жұмыстар мен курстар бар ма? Салыстырмалы талдауда қажеттілік туындайды деген ой негізінде қарастырылды. Құжаттармен танысу барысында 80-ге жуық іс сұралып, қаралды.

Ал ТМА-да кеңестік кезеңде және тәуелсіздік алғаннан кейін облыстағы мектептен тыс жұмыстар, еске алу шаралары бойынша істер қаралды. Бұл қорды караудағы мақсат – 1991 жылдан бері Алматы облысында қанша аудан, қанша мектеп және қанша оқушы, «Тарих» пәнінен сабақ беретін мұғалімдер саны, қанша қазақ тілді және басқа тілде оқытатын мектеп бар екенін анықтау. Құжаттармен танысу барысында 50-ге жуық іс сұралып, қаралды.

**Зерттеудің нәтижелелерінің дәлелдігі мен негізділігі:** XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер және жадының алатын орнын (Алматы облысының материалдары негізінде) ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеумен, оны зерттеу барысында теориялық және практикалық тұрғыда сынақтан өткізіп дәлелдеумен негізделеді.

**Зерттеу жұмысы нәтижелерінің енгізіліуі және аппробациясы.**

Зерттеудің негізгі нәтижелері, қорытынды мен тұжырымдары 16 мақалада көрсетілген, оның ішінде 5 мақала ҚР ҒжЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда, 9

мақала халықаралық-ғылыми конференцияларда және 2 мақала республикалық конференцияларда жарияланған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс негізінде «Өлкетану курсы. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» атты оқу-әдістемелік нұсқаулық және «Тарихи өлкетану» пәні бойынша «Сарқан ауданының киелі жерлері» атты киелі жерлер негізіндегі анықтамалық ретінде көрсетілген электрондық карта жасалды.

Ғылыми зерттеу жұмысының өзекті деп қаралған мәселелері мақалалар, баяндамалар ретінде жарық көрді. Диссертациялық жұмысымызды қорғауға ұсыну үшін 5 мақала ҚР ҒЖБМ ҒЖББСҚК журналдарындағы басылымдарда жарық көрді.

1. Мектепте білім берудегі тарихи жад және коммеморативті тәжірибелері: мәселенің тарихнамасы // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3 (62). 2019. – 232-237 бб.

2. XXI ғасыр басындағы «Өлкетану» факультатив пәнін оқытудың жүргізілу барысы (Алматы облысы материалдары негізінде) // Қазақ тарихы. «Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе» бөлімі. №5 (182) . 2020. – 73-77 бб.

3. Тарих оқулықтарындағы иллюстративті материалдар: сипаттамасы және талдануы // Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университет Хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы, № 1 (105). 2022. – 89-99 бб.

4. Қазақстандағы мәдени жадының тарихи бейнелері: белгілері және эмоцианалдық сипаттамасы // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2 (62). –Алматы:, 2022. – 232-237 бб. (Калиева Б.Т. 70%), (бірлескен автор: Далаева Т.Т. 30%)

5. Conducting commemorial experiments in the museums of the Semirechye region: soviet and independence period // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2 (77). 2023. – 312-323 бб.

**Халықаралық-ғылыми конференциялардағы ауызша оқылған баяндамалар:**

1. «М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетанулық музей: тарихи жадының өңірлік бейнесіндегі коммеморацияның нысаны ретінде»// «Тарихи зерттеулердегі визуалды антропология: ғылым және медиа кеңістік» атты халықаралық ғылыми конференциясында . youtube канал сайтында: https://youtu.be/kSJU8Qj0lFM?si=75EzVVUKdYIOru9i(https://www.youtube.com/watch?v=kSJU8Qj0lFM)// Абай ат. ҚазҰПУ, Алматы, 23.09.2022.

2. Формирование исторической памяти школьников на уроках Истории Казахстана и Краеведения // IV Международная научно-практическая конференция. Перспективы развития высшей школы. Тюменьский индустриальный университет. Филиал ТИУ в г. Сургуте. 20 мая 2023 г. //https://youtu.be/mAqL3LTVkOE?si=zbNhjbqfMrD_BHIy(https://www.youtube.com/watch?v=mAqL3LTVkOE) // материалдары жинақ болып шықты.

**Халықаралық-ғылыми конференциялардағы** жариялымдары**:**

1. «Тарихи жад» саясатының білім саласында іске асыру жолдары (Алматы облысы бойынша) // «Қазақстан тарихындағы тұлғатану мәселелері: Мәлік-Айдар Хантеміруұлы Асылбеков» атты ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.-А.Х. Асылбековтың 90 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына 23 мамыр 2019 ж. / құраст.: А.И. Құдайбергенова, З.М. Төленова, А.С. Уалтаева, Г.Ә. Омарова, Қ.М. Мурзаходжаев., Т.Ә. Әпендиев, Б.Н. Жунусова, Ф.Р. Лебаев. – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атынд. Тарих және этнология институты, 2019. – 460 б. 2-секция, 338-342 бб.

**2.** Региональная история Семиречья на страницах школьных учебников истории Казахстана // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ғылыми еңбектер жинағы: «Жоғары білім беру мектебі» институтының бірінші халықаралық тарихи-педагогикалық оқулары, «Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті», «Оқу әдебиеті тарихи-педагогикалық дереккөз ретінде» 6-Секциясы. 20–21 қыркүйек 2019 ж. / ғыл. ред. М. В. Богуславский, жауапты ред. М. А. Гончаров. — Москва: МПМУ, 2019. – 816 б. 344-352 бб.

3. Тәуелсіздік кезеңіндегі Талдықорған қаласының ескерткіштеріндегі жады және мәдени мұра саясаты // «Ұлы дала тарихы: көне дәуірден қазіргі заманға дейін» Халықаралық Еуразиялық форумының материалдары, I-том. - Нұр-Сұлтан, 2019. 332-334 бб.

4. Коммеморативные практики в школах Казахстана (на материалах Алматинской области) // Халықаралық ғылыми-практикалық Санкт-Петербург оқулары: Мәдени-тарихи мұраны сақтау және тарихи жадыны қалыптастыру. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Санкт-Петербург, 14 – 16 қараша 2019 ж.). Санкт-Петербург 2020, II бөлім. 39-44 бб.

5. «Қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы «Әлеуметтік жадыны» қалыптастыру жолдары (Өлкетану факультатив сабағы мысалында)» атты тақырыпта мақала шығарылды. // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының «Жаңа және қазіргі замандағы шетелдер тарихын зерттеудің жаңа трендтері» 2.2 секциясы. - Алматы, «Қазақ университеті», 2020. 45-47 бб.

6. Қазақстандық «Өлкетану» оқулықтарындағы «жады орынының» өзектендірілуі // I Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің халықаралық кітап басылымы / «Білім беру саласының үздігі-2021»: I халықаралық ғылыми және педагогикалық қызметкерлердің кітап жинағы, 2021. 5-9 бб.

7. Музей кеңістігіндегі «визуалды бейне»: негізгі түрлері, көрсету технологиялары, қолдану әдістері // «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының «Тарих ғылымының заманауи теориялық-методологиялық мәселелері» 8 секциясы. - Алматы, «Қазақ университеті», 2022. 433-435 бб.

8. М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетанулық музей: тарихи жадының өңірлік бейнесіндегі коммеморацияның нысаны ретінде // «Тарихи зерттеулердегі визуалды антропология: ғылым және медиа

кеңістік» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Абай ат. ҚазҰПУ, Алматы, 2022. 28-29 бб.

9. Формирование исторической памяти школьников на уроках Истории Казахстана и Краеведения // Жоғары білім берудің даму перспективалары IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Тюмен индустриалды университеті. Сургут қаласындағы ТИУ филиалы. Том 1. 20 мамыр 2023 ж. –110-115 бб.

**Отандық және Республикалық ғылыми конференциялардағы** жариялымдары:

1. Тарихи білім беру барысындағы «тарихи жадының» орыны // «Жансүгіров тағылымы» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік - конференциясы. – Талдықорған, 2021. 114-117 бб.

2. «Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи білім беру: зерттелуі, бағыты және визуалды көрінісі» // Қазақ тарихы. «Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе» бөлімі, №2 (182) . –Алматы: 2021. 84-88 бб.

**Авторлық куәлік алынды.**

1. ҚР ӘМ Ұлттық зияткерлік меншік институты. «Тарихи өлкетану» пәні бойынша «Сарқан ауданының киелі жерлері». 2023 жылғы 28 наурыз №34017.

**Жұмыс құрылымы мен көлемі.** Диссертацияны кіріспе, қорытындылары бар үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер, қосымшалар тізімі құрайды.

**Тақырып аясында жасалған ұсыныстар.** XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер, жадының алатын орнын (Алматы облысының материалдары негізінде), мектепте жүргізілу барысы туралы жан-жақты талданды және қорытынды жасалды.

Осы мәселелерді қарастыра отырып, төмендегідей ұсыныстарды атап өтсек:

1. Коммеморативті тәжірибелердің және жадының зерттелуі негізге алынып, Жадының орны оқу процессінде қаншалықты маңызға ие екендігі көре алады;

2. «Memory studies» теориясы негізінде мектептің сабақ жоспарларына ҚР ОАМ бекіткен жоспардан өзге, қосымша курстар негізінде өзіндік облыс, аудан, ауыл ерекшелігіне қарап жоспар жасалып, сол өңірдің тарихи маңыздылығы көрсетіледі;

3. «Memory studies» әдіснамасы негізінде «Дарын», Кіші Ғылым Академия жұмыстарына «Қазақстан тарихы», «Өлке тарихына» қатысты тақырыптар алынса үлкен жетістікке жетеді;

4. П. Нора бойынша үш аспектіні материалдық, символдық және функционалдық деп атап, үш объекті (материалдық, материалдық емес және идеалды) негізінде Алматы облысының тарихи маңызды жерлерін бөліп көрсету арқылы сабақ барысында осы теорияны ұстану ұтымды болып табылады.

Алматы облысы негізінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде материалдық объектілердің басым екенін көруге болады. Оны жұмыс барысында зерделеу негізінде атап өттік.

П. Нора – еуропалық зерттеуші, оның материалдары француз материалдарына негізделген. Ал біздің қазақ мәдениетінде «еске алу» деген сөз бар, неге негізделген? Бұл символизация тәжірибесі ме? Бұл жерде біз, қазақтар, жерлеген кезде, бір жылдан кейін ғана емес, сондай-ақ «ас беру» және одан кейінгі әдет-ғұрыптарға байланысты «ас беруге» қатысты нормалар мен ережелер бар екеніне назар аударған жөн болар. Белгілі бір күн немесе 10 жылдан кейін, болмаса бұл адамның естелігін құрметтейтін ұрпақтар бар екендігінің көрсеткіші – бұл бір отбасының ұрпақтары арасындағы коммуникативті жадымен байланысты, бірақ бұл белгілі тұлға болса өзінің мәдениетте, ғылымда немесе саясатта, содан кейін осы адамды еске алумен байланысты «ас беру» болса (конференция, беру, ескерткіш ашу және т.б.) мәдени жадыға жатады.

П. Нора ғана емес, сонымен қатар Ян және Алейда Ассман еңбектерінде де «мәдени жадыға» қатысты өзіндік ұстанымдарын айтып, тұжырымдарын жасаған.

6. Мектепте тарих пәнін оқыту барысында коммеморативті тәжірибелерді «memory studies» арқылы тарих пәнін оқуға, өз елінің тарихын жетік меңгеруге деген оқушылардың ойын қалыптастырып, оны тереңдеп білу үшін сабақ барысында түрлі технологияларды қолданылса «Тарих» пәні барысында өзіндік нәтиже береді;

7. Экспериментті жүргізу барысында бірнеше Алматы облысы және ауданындағы жалпыға білім беретін мектептерінде тарихи сананың және тарихи жадының қалыптасуында жақсы оң нәтижелер қалыптасты. Өз елінің, жерінің, облысының, ауданының, ауылының тарихын оқушы жетік меңгеруге бағыт алынды. Тек сонда ғана ол өз елінің тарихын өзге елге мақтанышпен айтып, түсіндіре алады. Ал біз, эксперимент барысында коммеморативті тәжірибелер арқылы оқушылардың бойында сондай қызығушылық сезімін тудыруға, түрлі әдістерді пайдалану арқылы жадында сақтауына жол көрсетудеміз. Болашақта осы көрсетіліп отырған жолды басшылыққа ала отырып, әр аудан бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулар жасалынған дұрыс және қажет.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Жас ұрпақ арасында қазақстандық азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың коммеморативті әдістерінің жүйесін әзірлеуде жан-жақты талдау жасап, аталған тақырып аясында жұмыс жасау. Қазақстандағы мектептегі тарихи білім берудегі оқытудың коммеморативті тәжірибесін түсіндіру және жадының орны туралы ой қалыптастыру.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.** Жұмыстың нәтижелері мен негізгі тұжырым-қорытындыларын жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп оқулықтарында, ғылыми баспаларда «Қазақстан тарихы» пәнін оқып игеруде пайдалана алады. Сол сияқты, басқа да коммеморативті тәжірибелер

және жадының орны туралы қажетті мағлұматтарды арнайы курстар мен арнайы семинарлар жүргізу барысында қосымша оқу материалы ретінде қолдануға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, бұл диссертациялық еңбектің тарих пәнінің басқа да салаларында қолданбалық маңызы зор.

XXI ғасырдағы балаларына арналған дидактикалық материалдарды тарих сабақтарында дамыту, сандық дәуірде өмір сүріп жатқан жас буынға түсіндіру, жас ұрпақ арасында қазақстандық азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың коммеморативті тәжірибесін ұйымдастыру үшін жұмыс жасау.

**Зерттеу ұйымы.** Дисертациялық жұмыс аясында Талдықорған қаласы «№2 орта мектеп» КММ «Тарих» пәнінің бірлестіктерімен 5-7-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мектептің «Тарих» пәні мұғалімдерінен сауалнама жинақталды. Сонымен қатар, Сарқан аудандық білім бөлімінің басшылығы «Сарқан аудандық Білім бөлімі» ММ-нің «Н. Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі» КММ, Сарқан аудандық Білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ диисертациялық жұмыс аясында мектептердің «Тарих» пәнінің бірлестіктерімен 5-7-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сарқан аудандық Білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-і аз қамтылған мектеп болғандықтан 2020 ж оқушылар офлайн білім алды.

**Педагогикалық эксперименттің негізгі кезеңдері мен жүргізілу барысы**:

Бірінші кезеңде (2018/2019 оқу жылы) мектепте «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында коммеморативті тәжірибелер мен жадының орны туралы жалпы көзқарас, олардың жүргізілу әдісі, оқушылардың жас ерекшелігі, білім, білік және дағдыларын қалыптастыру жолдары сараланды.

Екінші кезеңде (2019/2020оқу жылы) жалпы білім беретін мектептерде XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында коммеморативті тәжірибелердің жалпы жүргізілу барысы, оқушылардың жадында сақтай алуына қатысты жалпы негізгі ой түйіндеп, сауалнама жинақтап, оның негізгі статистикалық мәлімет өңделді. Оқулықтар, оқу құралдары және т.б. көрнекіліктер негізінде тарих пәнін оқыту процессі қарастырылды.

Үшінші кезеңде (2020/2021, 2021/2022 оқу жылдары) тәжірибелік-эксперименттік жұмыс аяқталып, оның нәтижелері сараланып, талдау жұмысы жасалып, болашақта оны жетілдіру жолдары қаралып, ұсыныстар жасалды.

**Диссертацияның құрылымы** кіріспеден, үш тараудан, әр тарау екі-үш тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде жұмысымыздың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, методологиялық негізі мен әдістері, теориялық және практикалық маңызы, шынайылығы мен негізі, негізгі тұжырымдары, хронологиялық және территориялық шегі, зерттеу нәтижелерінің аппробациясы қарастырылған.

Бірінші тарауында зерттеліп отырған мәселенің теориялық негіздері мен дереккөздері, жалпы заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны, сонымен қатар, зерттеу мәселесінің деректік қоры мен тарихнамасына сипаттама берілген.

Екінші тарауында XX ғасырдың аяғы және XXI ғасыр басындағы Жетісу өңірі: тарихы, коммеморативті тәжірибелері және жадының орны, Алматы облысындағы коммеморативті тәжірибелері және олардың медиа кеңістіктегі көрінісі (тәжірибелердің түрлері) жалпы қарастырылған.

Үшінші тарауында Алматы облысы мектептері бойынша жалпы мағлұмат, мектепте тарихи білім берудегі коммеморативті тәжірибелердің жүзеге асырылуы, «Тарих», «Өлкетану» оқулықтарындағы коммеморативті тәжірибелер және сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарындағы коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі барысы, эксперимент жүргізу бойынша бағдарлама, нәтижесі және оқушыларда коммеморативті тәжірибелер мен жады орнының қалыптасуы айқындалған.

Диссертацияның қорытындысында ғылыми болжамы мен тұжырымдамалық ережелерін растайтын негізгі тұжырымдар көрсетілген. «Тарих» пәні мұғалімдеріне ұсынылған теориялық және практикалық ұсыныстар негізделді, сонымен қатар, диссертацияның зерттеу тақырыбына сәйкес оқу-әдістемелік нұсқау әзірленді. Қосымшаларда диссертациялық жұмысымыздың негізгі мәтініне енбеген мектеп мұғалімдеріне, оқушыларына арналған сауалнама, мектептердегі эксперименттік жұмыстарды растау актілері және мектеп басшыларының рұқсаттамалары келтірілген.

# 1 ЗЕРТТЕЛЕТІН МӘСЕЛЕНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ДЕРЕККӨЗДЕРІ

## 1.1 Заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны

«Memory studies» немесе жадыны зерттеуді үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: біріншісі өз бастауын 1920-1940 жылдардан алады (М.Хальвбакстан бастап); екіншісі 1980-1990 ж.ж (П.Нора); үшіншісі 1990 жылдардан бері, яғни бүгінгі күнге дейін. XX ғасырдың 20 жылдарынан бастап көптеген ғалымдар «Memory studies» бағытына қатысты өз ойларын тұжырымдап, талдаған [26, 1-2 бб].

«Memory studies» немесе жадыны зерттеудің бірінші кезеңі 1920-1940 жылдар аралығын қамтиды. Аталған кезең өкілдері: М.Хальвбакс, Аби Варбурга, Вальтер Беньямин және Фредерик Бартлет, сонымен қатар, олардың идеясын жалғастырушылар [27, 4]; екінші кезең 1980-1990 жылдар аралығы. Бұл кезеңнің зерттелуіне американдық тарихшы Йозеф Йерушалмидің «Захор: еврейская память и еврейская история» (1982) және француз тарихшысы Пьер Нораның «Места памяти» (1984) еңбегіне жазылған «Между памятью и историей» атты кіріспе сөзі [13] түрткі болған. Екі автор да тарихи жадыны өткеннің естелігі ретінде қараудың өзгеше жолы ретінде көрсеткен. Осы кезеңде «Memory studies-тің» жеке пән ретінде қалыптасуына Тель-Авив университетінде 1989ж. «History and memory» журналының жарық көруі ықпал етті. Оның бірінші нөмірінде алғаш жарық көрген «Коллективная память и историческое сознание» атты мақаласында Амос Функенштайн: «ұжымдық жады» – бұл «қате» немесе «дұрыс емес» термин емес, алайда «ұлт – ол сөйлей алмағаны, еске ала алмағаны сияқты, өз тарихын есіне түсіріп, оны жаңғырта алмаса, онда ұжымдық жады қалай қалыптасуы мүмкін» деп жазған [28, 6].

1992 ж. неміс мәдениеттанушысы Ян Ассман «Культурная память. Письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности» атты еңбегінде: «жады» ұғымының айналасында барлық көрсеткіштер бойынша мәдениет ғылымдарының жаңа парадигмасы пайда болып жатқанға ұқсайды, соның нәтижесінде мәдениеттің әр алуан түрлі құбылыстары мен салалары жаңа контексте – өнер, әдебиет, саясат және қоғам, дін мен құқық пайда болады деп» – сенімді түрде мәлімдеген [14].

Зерттеу жұмыстың негізгі бір бөлігінде оқушылармен коммеморативті тәжірибелер және жадының орнына қатысты жүргізілетін жұмыстар аталған авторлардың «ұжымдық жады», «мәдени жады» және жалпы жадының қалыптасуына берген теориялық еңбектері негізінде іске асырылады. Жады жергілікті қауымдастықтар ішінде, олардан тыс жерлерде академиялық дүниетанымнан тыс, қоғамдарда, мемлекеттерде, халықаралық саяси аренада да қақтығыстар үшін алғышарт пен қаруға айналды.

2002 жылы гуманитарлық ғылымдардағы «мемориалдық бумның» себепкері болған зиялылардың бірі Пьер Нора «Дүниежүзілік еске алу

мерекесі» дәуірі басталғанын жариялады. Ол уақыт белгілерін төмендегідей анықтады: тарихты сын тұрғысынан қарастырудың ресми нұсқалары және тарихи процестің ығыстырылған компоненттерінің қайта жаңғыруы; репрессияланған жадының қайтарылуы (ескерілмеген қауымдастықтар, халықтар мен адамдар, жасырылған немесе жойылған); генеологиялық зерттеулер мен отбасылық тарихты дамыту; мемориалдық іс-шаралардың барлық түрлерінің жедел дамуы; өткен кезеңмен заңды есеп айырысу; сан алуан музейлердің көбеюі; мұра саласының қарқынды дамуы; архив қорына және оларға қолжетімділікке мүмкіндіктің ашылуы; психикалық жарақат, қайғы-қасірет, эмоциялар, аффектілер, терапия және т.б. тақырыптарға назар аударуды арттырды [13]. Қазіргі таңда П. Нораның ұсынған, жіктеген еске алу іс-шаралары тәжірибеде қолданылуда және маңыздығын дәлелдеген. Себебі сабақ барысында мұғалім коммеморативті тәжірибелерді тек қана атап қана қоймай, оны бөліп, саралап көрсетсе, үлкен жетістікке жетіп, оқушының тарихи санасын қалыптастыруға өз септігін тигізеді.

Тәуелсіздік кезеңде коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі «индивидуалды жады» және «ұжымдық жадыда» белсенділігін көрсетеді. Мұндай болжамның туындауының себебі А. Ассманның «Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика» атты монографиясында жадының қалыптасуын индивидуалды жадыдан әлеуметтік жадыға, одан ұжымдық жадыға бағытталған деген тұжырымы. Алайда ғылыми қауымдастықта ұжымдық жады деген жоқ деп есептейді, оны тек XX ғасырдың 20 жылдары М. Хальвбакстың еңбектерінде ғана аталғанын көрсеткен. Жады тақырыбын талқылай келе, бұл үш жады да адамдарға сай анықталғандығы аталған. Соның негізінде тәуелсіздік кезеңдегі музейлердегі коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі «индивидуалды жады» негізінде қалыптасты. Оған негіздеме: біріншіден, әр адамның өзіне тән естелігі бар; екіншіден, естеліктер тек өздері ғана қалыптаспайды, олар өзге адамдардың естеліктерімен байланысты болады; үшіншіден, кейбір естеліктер фрагмент негізінде жадымызда қалады, олардың не өткені, не болашағы жоқ; төртіншіден, естеліктер эфемерлі (өтпелі) және тұрақсыз, естеліктер өзінің уақыт кеңістігіне сәйкес перспективті өзгеріске ұшырайды. Бір естеліктер жоғалып жатса, енді біреулері даму үстінде болады. Аталған «индивидуалды жадының» төрт сипаттамасы да бүгінгі талданып отырған тәуелсіздік кезеңіндегі музейлердегі коммеморативті тәжірибелердің жүргізілу барысына сай келеді [15, 2-3]. Автор өз еңбегінде «Әлеуметтік жады» және «Мәдени жадыны» бөліп көрсетеді, «Мәдени жадының» өзін екі жадыға жіктейді, оны төмендегі кестеден көре аламыз:

Кесте 1 – «Мәдени жадының» жіктелуі (А. Ассман бойынша)

| **Мәдени жады** | |
|---|---|
| **Функционалдық жады** | **Жинақтаушы жады** |
| Қайталаулардың болуы | Тұрақтылықтың болуы |

| | |
|---|---|
| (символдық тәжірибелер) | (материалдық көріністер) |
| Дәстүр | Кітаптар, картиналар, кинолар |
| Ғұрыптар | Кітапханалар |
| Артефактілерді канонизациялау | Музейлер |
| | Архивтер |

Жұмысымызда қарастырылған мәселеге қатысты автор екіге бөлген «мәдени жадының» теориялық және практикалық жағы талданады.

Жадыны зерттеу әдіснамасы пәнаралық болып табылады: тарихшылардан басқа әлеуметтанушылар, философтар, филологтар, саясаттанушылар және психологтар бұл зерттеу саласында қазіргі таңда белсенді ат салысуда. Жадыны зерттеу – Батыстағы қазіргі заманғы әлеуметтік-гуманитарлық білімнің қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі (өзінің ғылыми мерзімді басылымдары, тақырыптық конференциялары, оқу курстары мен оқу құралдары бар) деп анық айтуға болады. Бұл бағыт Ресейде де күн өткен сайын өзекті бола бастады. Жадыны зерттеудің өзектілігі туралы ой қозғай отырып, ғалымдар әртүрлі, кейде қарама-қарсы пікірлер де білдіреді. Әдетте, олар бір мәселе жайлы ғана емес, кем дегенде бірнеше себептердің жиынтығы туралы қарастыра отырып, үш деңгейді көрсеткен: дүниежүзінің академиялық ішкі жағдайына байланысты гуманитарлық ғылымдардың жалпы жағдайы және постмодернизмнің қиындықтары ретінде – пәндік деңгейіне негізделсе; отарлаудан кейінгі және жаһандану кезеңдеріндегі жалпы қоғамдағы түбегейлі өзгерістермен байланысты құрылымы туралы – әлеуметтік жағы болса; технологиялық үрдіс жадыға қол жеткізудің әмбебап елесін тудырады дей келе, тарихшылардың өткенді болжаудағы жалғыз сарапшы ретіндегі ұстанымына наразылық білдірумен тең екендігі аталған – медиа деңгей. Көріп отырғанымыздай жадыны зерттеу барысында ғалымдар өзіндік ой қалыптастырып, үлкен үш деңгейін атап өткен [29, 84-85 бб].

Авторлары әртүрлі тақырыптарға жүгінген, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, жадыны зерттеген төмендегі авторлар, көптеген басылымдар бұл бағытты 2000 жылдардың басында пайда болған сынның өсіп келе жатқан толқынынан құтқара алмады. Пәннің дағдарыстық жағдайын ескере отырып және одан шығудың мүмкін жолдарын іздеуді ынталандырды. Бұл нақты 1990 жылдардың аяғында басталған «сыни» кезең осы күнге дейін жалғасуда. Содан бері жадының үшінші кезеңі ретінде қарастыру дәстүрге айналған, яғни көріп отырғанымыздай, үшінші кезеңі 1990 жылдардан бастап, бүгінгі күнге дейін. XX ғасырдың 20 жылдарынан бастап көптеген ғалымдар «Memory studies» бағытына қатысты өз ойларын жазып, талдаған.

«Есте сақтау» тарихи ұғым, онымен күресудің әртүрлі тәсілдері үлкен мәселе секілді көрінуі мүмкін. Қазіргі заманғы адам үшін жадыны деректі фильм ретінде елестету оңай. Себебі, кешегі немесе ерте балалық шақтың тәжірибесі әртүрлі, сенімділік дәрежесі жоғары. Сонымен қатар, орта ғасырларда «есте сақтау» ұғымы қазіргі кезде қиял немесе шығармашылық

деп аталатын нәрсе ретінде түсіндірілді [29]. Фрэнсис Йейтс дәуірдің есте сақтау өнеріне сілтеме жасап, Ренессанс, сол кездегі кейбір философиялық жүйелерде жады жер мен трансцендентальды сфералардың жасырын үндестігін ашудың сиқырлы әдісі ретінде қарастырылатындығын анықтады.

Әртүрлі пәндер жеке тұлғаның жадын адамның миына және психикасына орналастырады. Алғашқысы мен неврология және нейробиология, ал екіншісімен психология, когнитивті психология және т.б. айналысады. Ол тек «алғашында» өңірлендірілмеген: дене мүшелері мен сезу мүшелері есте сақтау процесіне қатысады, сонымен қатар, есте сақтау процесін тудыруы мүмкін адам денесінен тыс қоздырғыштар – дыбыстар, иістер, бейнелер мен сөздер, адам күнделікті өмірде кездеседі. Дәл осы сәтте жаратылыстану ғылымдарының жады құбылысын түсінуі гуманитарлық ғылымдарды қызықтыратын нәрсеге жақындайды. Әртүрлі қоғамдық-гуманитарлық зерттеулерде авторлар олар «жады» тұжырымдамасымен жұмыс істейтін, сонымен бірге әртүрлі нәрселерден ортақ бір нәрсені таба алатынын көруге болады. Есте сақтау – бұл адамдардың өткенін құру тәсілі. Бір жағынан, оны зерттеуге болады белгілі бір тәжірибені бастан өткерген адамдар, ал екінші жағынан, бұл тұжырымдаманы өткеннің көріністерін талдауда және оны медиа жады – кітаптар, фильмдер, ескерткіштер, рәсімдер және т.б. арқылы түсіндіруге болады.

Сондықтан зерттеу жұмысы барысында музей кеңістігіндегі коммеморативті тәжірибелерді көрсету аясында оқушылардың эмоционалдық қабылдауына да тоқталдық.

Жадыны зерттеудің негізгі тұжырымдамасының метафоралық табиғаты шиеленістің ерекше өрісін тудырады, өйткені ол психология мен психоанализдің ырқына ие. Сонымен қатар, жаратылыстану ғылымдарының өкілдері жеке жадыны әлеуметтік тұрғыдан қарастырмай зерттеу мүмкін емес екендігін мойындады, оның тіршілік ету мәні, мәтіні керісінше дегенді білдірмейді. Ұлыбританиядағы Бірінші дүниежүзілік соғыстың жадын зерттеу үшін мидың қай аймақтары есте сақтау процесі үшін жауап беретінін нақты түсінудің қажеті жоқ. Есте сақтау саясатын зерттеудің әдістемелік мәселелері немесе «есте сақтау орны» ретінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан басшыларға арнап қойылған еске алу орындары туралы көрсетуге болады. Ұлт-азаттық көтеріліске қатысты жалпы Қазақстан тарихында 10 томдық зерттеу еңбектері, сонымен қатар, Жетісу өңіріне қатысты зерттелген нақты еңбектер көп. Алаш зиялы қауымы өкілдерінің 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты пікірлері екіге бөлінді. Бірінші тобы – либералдар (алаштықтар) ұлт-азаттық көтеріліске қатыспауға халықты шақырды, бекер қан төгесіздер, төтеп бере алмаймыз, қару-жарақтарымыз жоқ десе, екіншілер – радикалдар керісінше қарсыласып, соғысамыз деген пікір білдірді. Бұл естеліктер өткен тарихымызды саралау барысында еске алу арқылы, сабақта оны атап өтіп, оқушының жадында қалыптастыру үлкен маңызға ие екендігін көрсетеді.

Нейробиологияға немесе психоанализге жүгіну таным процесін күрделендіреді, оның негізгі мәселесі оқиғаны «жасыру» болып табылады. Соғыстан кейінгі Еуропадағы еске сақтау жөніндегі маман Канштейнер 2002 жылы жадыны зерттеуді әдіснамалық сыни сипатта қарастырып, әртүрлі «әлеуметтік» жадыны саралаған. Болмыстағы жады түрлерінен автобиографиялық жады мен еске алу жадысын бөлу қажеттілігін талап етті. «Мұндай айырмашылық болмаған жағдайда, көптеген ұжымдық жадыны зерттеушілер жеке жадының психологиясы мен эмоционалды динамикасы тұрғысынан ұжымдық жадыны қабылдау мен тұжырымдау кезінде қызығушылықты арттыратын, бірақ өлімге әкелуі мүмкін қателік жібереді» [29].

Егер зерттеуші адам психикасы мен ұжымдық есте сақтаудың жеке қасиеті ретінде жеке жады мен оның арасында ұқсастықтарды айқындауды басшылыққа алса, «ұжымдық жадыдан» «ұжымдық психикаға» ауысуы өте оңай, бірақ оның нәтижелері әрдайым күмәнді. Екінші жағынан, тарихшылардың нейробиологтардың немесе психологтардың жұмыстарына сүйенуі әрдайым пайдасыз деп айтуға болмайды. Керісінше, өмірбаяндық жадыны түсіндіру, есте сақтау-дәлелдеу кезінде, жадыны зерттеу аясында тарихшыларға үнемі қажет болады.

Гальбвахтардың экстремалды социологизмін еңсеру үшін тарихшылар өздерінің жеке балама тұжырымдамаларын ойлап табады: мәдени жады, әлеуметтік жады, қоғамдық жады, тарихи жады, тіпті кейінгі жады. Мұндай негізгі тұжырымдаманың белгісіздігі әртүрлі бәсекелестерге өзіндік әдіс болмаған кезде жадыны зерттеудің негізі түсіндіру болып табылады. Екінші жағынан, «есте сақтау» ұғымы осындай классикалық тұжырымдамалармен салыстырғанда тарихи зерттеулерге жаңа ештеңе қосуға қабілетті емес деп мәлімдей отырып, миф, әдет-ғұрып, дәстүр және тарихи сана ретінде қарастырады [29].

1995 жылдан бастап қазіргі заманға дейінгі жадыны зерттеуші американдық ғалым Барби Зелизер «Читая прошлое против шерсти: Положение исследований памяти» деген сипаттамалық мақаласында ұжымдық жадының болашақтағы тұжырымдары туралы қарастырған. Оның көзқарасы бойынша, бұл зерттеудің өрісі тым тез және кең дамуда». Ол екі түрлі «қиындықты» анықтайды. Тақырыптың анықталмауы және нақты тұжырымдаманың болмауы өз алдына қиындықтар туғызады («ұжымдық жады» термині анықтамасының болмауынан жадыға қатысты көптеген зерттеулердің жүргізілуі кедергіге ұшырауда, оның дара емес екенін мойындаудан тыс фактор жоқ»). Яғни, «ұжымдық жадымен» қатар, «индивидуалды жады», «мәдени жады» түсініктеріне ғылыми анықтаманың берілмеуі қиындық туғызатынын атап өткен.

1990 жылдардың басында сын тұрғысынан ең көп жазылған мәтіндердің бірі – Алон Конфиненің 2000ж. жарияланған «Ұжымдық жады және мәдени тарих: әдіс мәселелері» мақаласы болды. Американдық тарихшы өз әріптестерінің соңғы зерттеулерінің тақырыптарын келтірді («..Ескерткіштер.

Фильмдер. Музей. Микки Маус. Американдық Оңтүстік, Холокост туралы естелік. Француз революциясы. Соңғы оқиғалар туралы естелік. Ағымдағы оқиғалардың жады. Кешегі жаңалықтарды жедел есте сақтау»)».

Жадының зерттелу тарихының бар екендігі туралы бүгінгі таңда күмәнмен жауап беріледі. Тәуелсіз ғылыми-зерттеу саласы, сондай-ақ нақты анықталған әдістемелік дағдарыс, 2008ж. «Memory Studies» журналының ашылуына түрткі болды. Оның редакциялық алқасында мемлекетке наразылық білдіргендердің саны артты. Бұл бағытта зерттеулер: Эндрю Хоскинс, Вулф Канштейнер, Джон Саттон және басқалардың жұмыстарында көрініс тапты. Журналдың бірінші санының бас мақаласында олар өздерінің басты міндеті «қазіргі кездегі есте сақтауды ортақ түсіну үшін маңызды теориялық, эмпирикалық және әдістемелік мәселелер туралы диалогты немесе пікірталасты» жеңілдету деп атап өтті [29].

Жадыны институционалдандыру процессі 2016 жылғы желтоқсанда Жадыны зерттеу қауымдастығының (The Memory) құрылуымен жалғасын тапты. Зерттеу қауымдастығының негізін қалаушылар Д.Олик, А.Сирп және Д.Вюстенберг болды. 2008 жылы «есте сақтау» бағыты әлі де ғылыми қауымдастықтың көңілі толмайтын, толық зерттелмеген бағыт, сонымен қатар, жаңа бағыт ретінде зерттелді. Олардың көзқарасы бойынша, бұл бағытқа қатысты бұрыннан келе жатқан «парадигмалық емес» деген айыптаулар интеллектуалды көзқарас тұрғысынан әділ емес, дегенмен олар есте сақтаудың институционалдық аспектісіне келгенде әлі де өз күшін жоймайды, дербес сала ретінде қарастырады. Соңғы жиырма жыл ішінде түрлі қауымдастықтар мен желілерді құруға көптеген әрекеттер болғанымен, олардың барлығы бөлшектенген, белгілі бір аймақтарда ғана жабық күйінде қалған. Олардың көпшілігі бірнеше жыл ғана жүзеге асырылып, өмір сүруін тоқтатты. Жаңа қауымдастық қолданыстағы желілер мен топтарды біріктіруге және тәжірибеге бағытталған зерттеушілер мен саясаткерлер үшін платформа құруға бағытталған.

Олар осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойды:

• еуропалық және америкалық центризм шеңберінен шығып, әлемнің әр түкпірінде конференциялар өткізу, ашық онлайн ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін жадыны зерттеу географиясын кеңейту бірлестіктерін құру;

• зерттеуге академиялық қауымдастық шеңберінен шығып, саясаткерлерді, суретшілер мен практиктерді тарту;

• тәртіптік режим шекарасынан шығу, жаратылыстану ғылымдары өкілдермен ықпалдастықта зерттеу;

• зерттеуге пәнаралық байланысы бар салалардың, атап айтқанда тарихи мұра, ауызша тарих, трансұлттық әділет, мұрағаттану және т.б. сала ғалымдарын тарту;

• жадыны зерттеу қызығушылықтарын кәсіби қоғамдастық ретінде ұсыну, соның ішінде мансаптық мүмкіндіктер жасау және осы салаға қызығушылық танытқан жас зерттеушілерді қолдау;

• мемлекеттік және жеке демеушілер үшін ғылыми-зерттеу өрісінің тартымдылығын арттыру;

• қазіргі қоғамдағы саяси пікірталастарға сарапшы ретінде қатысу [30, 25].

Қазіргі таңда Джеффри Оликтің жады қалыптасуының тарихына қатысты көзқарасына қарсы көптеген университеттер жадыны зерттеуге арналған арнайы бағдарламалар жасау туралы талаптарды саралау үстінде. Google-де «жадыны зерттеу бағдарламасы» бойынша қарапайым іздеу бірнеше жүз нәтиже береді, дегенмен бағдарламалардың атауын «мәдени жады», «әлеуметтік жады» және т.б. атаулармен ауыстырса, табылған ақпараттар аясы тарыла түседі.

Есте сақтау жұмыстары бірыңғай тұжырымдамалық аппараты, әдістемесі немесе жалпыға бірдей танылған зерттеу тақырыптары жоқ, қамтитын саласы кең зерттеу саласын ұсынады. Бұл ұзаққа созылған дағдарысты тарихи зерттеулердегі дағдарыспен немесе гуманитарлық дағдарыстармен салыстыруға болады. Олардың өркендеуіне серпінді зерттеулер мен осы тақырыптағы көптеген кітаптардың пайда болуы кедергі келтірмейді.

Зерттеу жұмысы аясында қарастырылған «жады» және «есте сақтау, еске алу» арасындағы көптеген байланыстарды, айырмашылықтарды көрсете келе, диссертациялық жұмысымыздағы негізгі «жады» және «еске алу» орындары арасындағы айырмашылықты атап өтсек:

Кесте 2-«Жады» және «еске алу» орындары арасындағы айырмашылық

| **«Жады орны»** | **“Еске алу” орны (коммеморация)** |
|---|---|
| XX ғасырдың 80 жылдарының басында француз ғалымы Пьер Нора енгізген ұғым. Ол рухани және материалдық біртұтастықты бейнелейді, ол уақыт өте келе адамдардың қалауы бойынша қоғамның ұлттық **жады** мұрасының символдық элементіне айналды.<br>“Жады орны” көбіне теориялық жағынан қарастырылады және “мәдени жадыға” сәйкес келеді. | **“Еске алу”** орындары – “жады орнының” (места памяти) адам санасында қайта жаңғыру негізінде “еске алу” орындарының қоғам арасында өз орнын табуы.<br>“Еске алу орны” практикалық (іс-әрекет негізінде) жағынан қарастырылады және “ұжымдық жадыға” сәйкес келеді. |

Ғылыми еңбектерді саралай келе, бүгінгі өткенді тарихшылар, мәдениеттанушылар, саясаттанушылар көзімен қалай көруге болатыны туралы 5 еңбекті атап өтуге болады. «Тарихи жады» тақырыбында көптеген еңбектер жарыққа шығып жатыр, олардың қатары көбейіп келеді. Бұл салада әртүрлі тәсілдер бар – тарихи, мәдени, саяси. Бұл жинақта әртүрлі көзқарастар ұсынылған. Тақырып бойынша кіріспе материал ретінде Юлия Сафронованың оқу құралын ұсынар едік. Тарихи, саяси және әлеуметтік жағынан өз

маңыздылығына ие XXI ғасырдың басында жарық көрген 5 еңбекті атап өтіп, зерттеу жұмысымызға методологиялық жағынан қажет деп көрсетуге болады:

1 Jay Winter-дің «Sites of Memory, Sites of Mourning: The Great Warin European Cultural History» атты еңбегі 2014жылы жарық көрген. Еңбек бірінші дүниежүзілік соғысты еске түсіретін мәліметтер негізінде жазылған. Белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты ескерткіш тұрғызылса, оған гүл шоғы қойылса, ол бұзылса немесе оған граффити салынса, онда естеліктің бар екендігі көрсетіледі. Белгілі бір күні адамдар басқа күндері істемейтін нәрсені жасаса, ол мереке немесе еске алу күні болып табылады, яғни осы күнді және нысанды басқа күндер мен объектілер қатарынан ерекшелендіретін оқиғалар орын алған кезде жады тіріліп, өз маңыздылығына ие болады. Егер ештеңе болмаса, онда жадының да жоқтығын көрсетеді [31].

2. Алейда Ассманның «Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика. Новое литературное обозрение» еңбегі 2018 жылы шыққан. А. Ассманның бұл жұмысында өткеннің қоғамдағы маңызы, оны әртүрлі саясаткерлер қалай пайдаланатыны туралы көзқарастың құрылымы бар. Автор жады кеңістігін белгілеп анықтаған. А. Ассман еске алу кештеріндегі дихотомияларды – жеңімпаз және жеңілгенді көреді, құрбан және қылмыскерді көреді – бұл күрделі жады құруға тырысатын тарихшылар үшін маңызды мәселе. Ол есте сақтау және ұмыту механизмдері туралы да жазады. Осы мәселелердің зерттелуі де өте маңызды [15].

3. Александр Эткиндтің «Кривое горе: память о непогребенных. Новое литературное обозрение» еңбегі 2018 жылы жарыққа шыққан. А. Эткинд өткенге, жадқа, жады саясатына мәдениеттанымдық көзқарасты қолдады. Бұл еңбектегі ең маңызды ой – бұл зерделенбеген өткеншақ біздің әлемде қалай өмір сүретінімізді анықтайды деген ой. А. Эткинд оған қатысты мынадай мысал келтіреді: 10 жыл бұрын 500 рубльдік банкноттарда Соловецкий монастырының сол жерде арнайы лагерь болған кездегі бейнесі болған. Крестсіз және басқа бөлшектерсіз шатыр көрінді. Содан кейін кескін өзгерді – қазір күмбездер мен крестер бар. Яғни, біз бәріміз де ГУЛАГ бейнесін әмиянымызға салып жүрдік: бұл бүкіл кеңестік постсталиндік және тіпті посткеңестік мәдениетте сталинизмнің зерттелмеген жадының қалай тірі екенін көрсететін тамаша метафора [32].

4. 2006 жылы Виктор Шнирельманның «Быть аланами. Интеллектуалы и политика на Северном Кавказе в XX веке. Новое литературное обозрение» еңбегі шықты. Бұл Солтүстік Кавказдағы өткен тарихтың бүгінгі таңда қалай қолданылатынына назар аударылған еңбек. Аталған еңбек ғалымның әйгілі кітабы. Қазіргі саяси қозғалыстардың, формациялардың тамырын табу үшін осы еңбектегі мәліметтерге жүгінуге болады. Бұл бүгінгіні түсіндіру, негіздеу және жақсарту үшін өткеннің қалай дамитындығын үйрететін зерттеу еңбек [33].

5. Липман М., Прасолов Д., Пахалюк К. және т.б. 2021 жылы «Символическая память в современной России и странах Восточной Европы» атты еңбек шығарды. Негізінен Алексей Миллер өңдеген бөлімдерге баса

назар аудару керек. Спб ЕУ олардың екеуін жариялады: «Жад саясатының символдық аспектілері», «Қазіргі Ресейдегі және Шығыс Еуропадағы жад саясаты», «Жад саясатын зерттеудегі әдістемелік мәселелер». Басылымдар тарихи және саяси аспектілерде есте сақтау мәселелерімен айналысатын ресейлік ғалымдардың көпшілігінің еңбектерін ұсынуымен ерекше. Бұл жинақтарды Ресейде тақырып бойынша жинақталған мәселелердің үзінділері деуге болады [34].

«Memory studies» туралы зерттеулер өте көп, бүгінгі таңда терең қарастырылып келе жатқан мәселелердің бірі. Тақырыптың зерттелу жайын саралауда біз тек бірнеше автордың осы әдіснама негізіндегі пікірлеріне тоқталып өттік. Коммеморацияға кері көрініс ретінде – «забывание» (ұмыту) жүреді. «Memory studies» тек мемлекеттік саясаттың бір бөлшегі ғана емес, сонымен қатар, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу құралы.

«Memory studies» әдіснамасына қатысты зерттеулер өте көп, бірақ барлық зерттеу бір ғана нәрсені көрсетеді, ол – тәрбие және білім берудегі бұл әдіснаманың потенциалының мықтылығы [22, 84].

Заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны туралы мәселемізді ауқымырақ зерттеу үшін жалпы «жадының орны» (места памяти), «тарихи жад» (историческая память), «коммеморативті тәжірибелер» (коммеморативные практики–жадыны орнықтыру және оны тарату қызметі) терминдері қай уақыттан бастап ғылыми айналымға еніп, бастауын қай жерден алатынына тоқталып кетсек. ХХ ғасырдың аяғында өз бастауын Франциядан алған «жадының орны» және «коммемаративті тәжірибелер» аясында қозғалған тарихтың жаңа бағыты бүгінгі таңда XXI ғасырда жалғасын табуда. Тарихи оқиғаларды, олардың уақыты, артынан қалған ескерткіштерді зерттеп, оларды ұмытпау үшін «жадының орнын» атап өту, сол бағытта жұмыс жасау әлі де өзекті.

XX ғасырдың басында Морис Хальбвакс, ал кейінірек, 1980 жылдары ұсынылған «Мнемоникалық орындар» («мнемонические места» - жады орны) тұжырымдамасын Пьер Нора жалғастырды. Бүгінгі күні ол белгілі бір халықтың тарихи жадына ескерткіштердің әсерін түсіндіру тұрғысынан өте танымал және өзекті болып келеді. Жоғарыда аталған зерттеушілердің ұстанымы – бұл мнемоникалық орындар өткеннің нақты естеліктерін тудыратын біздің санамыздың стереотиптерін нығайтады. Сондықтан еске алу саяси және педагогикалық тұрғыдан да маңызды (өйткені, мнемоникалық орындарға бару және тиісті салттарды тарихи жадты, жаңғырту жас ұрпақты дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі). Француз ғалымдарының бірі Пьер Нора мерекелік іс-шаралар мен мерекелерден басқа, тарихшылардың назарын есте сақтау орындары – музейлер, зираттар, жинақтар, храмдар туралы оқып-үйренуге жұмылдырады. Оның айтуынша, естеліктер орындары сезіммен өмір сүреді және туады, өздігінен жүретін жады жоқ, яғни мұрағаттарды құру, мерейтойларды тойлау, некронимдер беру, нотариалды куәландыратын әрекеттер жасау керек, себебі бұл әрекеттер табиғи емес.

М. Хальбвакстың «тарих» және «есте сақтау» идеяларына қарама-қайшы құбылыстар болып табылатыны туралы П.Нора жазады: жадыны тасымалдаушылар әрдайым әлеуметтік топтар болып табылады және бұл тұрғыда тұрақты эволюция, есте сақтау диалектикасына және амнезияға ашық, оның дәйекті деформацияларынан хабарсыз, барлық қолдануға және манипуляцияға жатады. Оған ұзақ жасыру және кенеттен жаңарту қабілеті тән. Соңғы онжылдықтарда П.Нораның ұзақ мерзімді зерттеулеріне ғана емес, сонымен қатар, Ф.Аресске, М. Хальбваксқа, П.Хаттонға және басқа да көптеген гуманитарлық ғылымдарға деген қызығушылық артты. Осылайша, Нора мынадай тұжырымға келеді: «бүгінгі күн есінде емес, еске емес, тарихта болады. Осының бәрі еске түсіру деп аталады, ол тарихтың өткенінен соңғы жағдайларға дейінгі аралық. Жадты сақтау қажеттілігі – тарихтың қажеттілігі».

Еске алу «іс-шараны ұсынудағы әртүрлі дискурстар мен практикаларды жұмылдыратын, іскерлік оқиғаларды еске түсірудің әлеуметтік және мәдени көзқарасын қамтитын процесс ... топтық үнқатуды білдіреді». Соңғы онжылдықта «еске алу» терминін әлеуметтік жадыларды зерттейтін француз ғалымдарының ұсынысы бойынша Ресей мен әлемдегі әртүрлі ғылыми салаларда зерттеушілерді мықтап қолданды. Еске алуды зерттеу әрдайым әлеуметтік зерттеулермен тығыз байланысты есте сақтау, есте сақтаудың ажырамас бөлігі, еске түсіру процесіне қатысатын механизм. «Әлеуметтік жады» ұғымының негізін қалаушы М. Хальбвакс: «... тарих тек өткен ғасыр оқиғалары туралы замандастарының әңгімелерін ғана емес, кейде оларды түзетеді, өйткені ол басқа куәлікке ие болғандықтан, оларды қазіргі заманғы адамдарға тән ойлау мен ұсынудың техникасына». Осындай тәсілге сәйкес, белгілі бір уақыт кезеңінде қоғамда болып жатқан оқиғаларға байланысты әлеуметтік жады өзгереді және қалыптасады. М. Хальбвакс кейін, көптеген зерттеушілер Ж. Ассман, П. Нора, П. Хаттон, Т. Адорно және т.б.) қоғамда және оның қажеттіліктерінде орын алатын саяси және әлеуметтік процестерден туындаған қоғамдық құрылымдар ретінде еске алу және әлеуметтік жады деп санайды. Бұл дәстүрді заманауи ғалымдар жалғастырады.

«Жад саясатында» есте сақтау тәжірибесінен басқа, еске алудың кері механизмі – «ұмытып кету» де бар, тарих кейде талқылауға емес, ұмытпауға тырысады. Кеңес дәуіріне қатысты XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап біз еске алу саясатының барлық тетіктерінің жұмысын байқадық, осы кезеңдегі теріс бағалауды (ескерткіштерді бұзу, көшелерді қайта атау т.с.с). XXI ғасырдың басында бұл кезеңді еске түсірмегенде ұмытып кету механизмдері іске қосылды. Соңғы жылдары кеңестік тарихтың және оның жеке тұлғаларының оң имиджін құруға бағытталған естелік тәжірибелерін байқауға болады.

«Жадының орны», «тарихи жад», «коммемаративті тәжірибелер» жалпы терминологиясының шығу тарихы мен ғылыми айналымға енген кезін атап өтіп, қазіргі таңда өз елімізде осы тұрғыда мемлекеттік саясаттың жадыға мән беруі, жадының орнына, коммеморативті тәжірибелерде тиімді қолдану

жолдарына тоқталсақ. Мемлекетте ұсынылған бағдарламалар аясында тарихи жадыны жаңғырту бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Соның ішінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» атты бөлімі еліміздің тарихымен терең танысып білуге мүмкіндік туғызады. Ал осы тарихи ескерткіштер, оқиғалар, іс-шаралар, мерекелік күндер қаншалықты есімізде қалады деген сұрақ туындайды? Әрине оны біз тәжірибеде іске асырамыз. Тәжірибені іске асыру үшін мектептерде оқушылардың саналарына жеткізіп, көзбен көрсету ол мұғалім ретінде біздің міндетіміз [35, 338-342]

Қорыта келгенде, «Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи білім беру бүгінгі күні мемлекет тарапынан қолға алынып, оны іске асырып қарастырылатын мәселелердің бірі. Өлкетанулық тарихи мұраларымызды «еске алу», «есте сақтау» тарапынан жүргізіліп жатқан іс-шараларымыздың еліміз тарапынан қолдау табуы мемлекетіміздің маңызды жұмыстарының бірі.

## 1.2 Зерттеу мәселесінің деректік қоры және тарихнамасына сипаттама

Ғылыми жұмыстың тарихнамасын екіге бөліп қарастырсақ: 1. Шетел еңбектері ; 2. Отандық еңбектер.

«Тарихи жад» аясында негізгі бастама ол шетел деректемелерінен көрініс табады. XX ғасырдың басында Морис Хальбвакс [12], ал кейінірек, 1980 жылдары ұсынылған «Мнемоникалық орындар» («мнемонические места» - жады орны) тұжырымдамасын Пьер Нора жалғастырды. Бүгінгі күні ол белгілі бір халықтың тарихи жадына ескерткіштердің әсерін түсіндіру тұрғысынан барған сайын танымал және өзекті. Жоғарыда аталған зерттеушілердің ұстанымы – бұл мнемоникалық орындар өткеннің нақты естеліктерін тудыратын біздің санамыздың стереотиптерін нығайтады. Сондықтан еске алу саяси және педагогикалық тұрғыдан да маңызды (өйткені мнемоникалық орындарға бару және тиісті салттарды тарихи жадты, әсіресе жас ұрпақты дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады). Жоғарыда атап отырған француз ғалымдарының бірі Пьер Нора мерекелік іс-шаралар мен мерекелерден басқа, тарихшылардың назарын есте сақтау орындары – мұражайлар, зираттар, жинақтар, храмдар туралы оқып-үйренуге жұмылдырады. Оның айтуынша, естеліктер орындары сезіммен өмір сүреді және туады, бұл өздігінен жүретін жады жоқ, яғни мұрағаттарды құру, мерейтойларды тойлау, жерлеу сөздерін беру, нотариалды куәландыратын әрекеттер жасау керек, себебі бұл әрекеттер табиғи емес.

М. Хальбвакстың «тарих» және «есте сақтау» идеяларына қарама-қайшы құбылыстар болып табылатыны туралы П.Нора еске салады: жады – бұл тасымалдаушылар әрдайым әлеуметтік топтар болып табылады және бұл тұрғыда тұрақты эволюция, есте сақтау диалектикасына және амнезияға ашық, оның дәйекті деформацияларынан хабарсыз, барлық қолдануға және манипуляцияға жатады, ұзақ жасырын кезеңдерге және кенеттен жаңартуларға қабілетті [13]. Осылайша, Нора мынадай тұжырымға келеді: «бүгінгі күн есінде емес, еске емес, тарихта болады. Осының бәрі еске түсіру деп аталады,

ол тарихтың өртенуінде соңғы жоғалуы. Жадты сақтау қажеттілігі - тарихтың қажеттілігі».

Еске алу «іс-шараны ұсынудағы әртүрлі дискурстар мен практикаларды жұмылдыратын, іскерлік оқиғаларды еске түсірудің әлеуметтік және мәдени көзқарасын қамтитын процесс ... топтық үн қатысуды білдіреді». Соңғы онжылдықта «еске алу» термині әлеуметтік жадыларды зерттейтін француз ғалымдарының ұсынысы бойынша Ресей мен әлемдегі әртүрлі ғылыми салаларда зерттеушілерді мықтап қолданды. Еске алуды зерттеу әрдайым әлеуметтік зерттеулермен тығыз байланысты есте сақтау, есте сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады, еске түсіру үдерісіне қатысатын механизм. «Әлеуметтік жады» ұғымының негізін қалаушы М. Хальбвакс: «... тарих тек өткен ғасыр оқиғалары туралы замандастарының әңгімелерін ғана емес, кейде оларды түзетеді, өйткені ол басқа куәлікке ие болғандықтан ғана емес, оларды қазіргі заманғы адамдарға тән ойлау мен ұсынудың техникасына негіздейді». Осындай тәсілге сәйкес, белгілі бір уақыт кезеңінде қоғамда болып жатқан оқиғаларға байланысты әлеуметтік жады өзгереді және құрылады. М. Хальбвакс кейін, көптеген зерттеушілер Я. Ассман [14], П. Нора, П. Хаттон, Т. Адорно және т.б.) қоғамда және оның қажеттіліктерінде орын алатын саяси және әлеуметтік процестерден туындаған қоғамдық құрылымдар ретінде еске алу және әлеуметтік жады деп санайды. Бұл дәстүрді заманауи ғалымдар жалғастырады.

Жалпы тарихи жад аясында Ресей мемлекетінде философияның әлеуметтануы мамандығы бойынша қорғалған Костина Екатерина Николаевнаның «Память и забвение: диалектика феноменов (социально-философский анализ)» атты диссертациясын атап өтуге болады [36]. Сонымен қатар, бүгінгі таңда А.И. Миллер және Д.В. Ефременко редакциялаған Санкт-Петербург қаласының Европалық университетінде «Методологические вопросы изучения политики памяти» атты ғылыми еңбектер жинағы шығарылып отыр [37]. Осы бағытта жады аясында А. Миллердің «Политика памяти в России. Роль негосударственных агентов» атты мақаласын атап өтуге болады [38].

Бүгінгі күні Рессей мемлекетінде коммеморативті тәжірибелер және жадының алатын орны аясында көптеген зерттеулер жүргізіліп, осы бағытта жұмыс жасалуда. Соның бірі Е. Путилованың «Концепция «мест памяти», или актуальность коммеморативной бдительности истории (на примере произведения П. Нора «Франция-память»)» [39].

Осы аталып отырған мәселенің негізгі бастамасын жасаған ғалым М.Хальвбакс еңбегі аясында зерттеу жүргізген Е.В. Романовскаяның Морис Хальбвакс: культурные контексты памяти» атты мақаласына тоқталуға болады [40]. Жалпы «тарихи жад» аясында бүгінгі таңда Рессей мемлекетінде Ю.А. Сафронованың «Историческая память» атты оқу құралы 2019 жылы жарық көрді [18].

Коммеморативті тәжірибелер және жадының орны аясында XXI ғасырдың басында ТМД мемлекеттері бойынша зерттеу жұмыстары

жүргізілуде. Сондай жұмыстардың бірі ретінде Қазан қаласы, Қазан (Приволжский) федералды университеті, Э.М. Дусаева, Г.И. Гиматдинованың «Габдулла Тукай: памятование татарского поэта в юбилейные даты» атты мақаласын атап өтуге болады [41].

Қазақстандық әлеуметтанушы, саясаттанушы ғалымдар арасында «коммеморативті тәжірибелер және жадының орнының» теориясына қатысты зерттеулерді кездестіруге болады. Алайда, тарихшы ғалымдардың ішінде бұл мәселелер жөнінде қарастырып отырғандар жоқтың қасы.

ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында өзекті мәселелерге айналған «коммеморативті тәжірибелер және жадының орны» тек теория жүзінде ғана емес тәжірибе жүзінде де іске асырылуда. Мектепте білім беру саласында Ресей ғалымдары бүгінгі таңда ғылыми айналымға енгізуде.

Ресей Федерациясында «Тарих» пәнінен мектеп оқулықтарының зерттелуі және ондағы коммеморация тәжірибелері жөнінде қазіргі таңда жан-жақты қарастыруда. Ю.В. Павлованың «Роль школьного образования в процессе формирования социальной памяти и коммеморативной культуры» атты мақаласында зерттеуші коммеморативті мәдениеттің және әлеуметтік жадының қалыптасуының барысын мектепте білім беру барысында дамитындығын атап өтті. Себебі мектеп – ол қоғамдық орта, осы жерден алған білімдерін ары қарай дамытып, келесі ортаға тасымалдаушы ол әрине де оқушылар екенін айтты. Ал, коммеморативті мәдениетті тек идеологиялық және патриоттық процесстерде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір өткізілетін іс-шаралар негізінде қалыптастырып, дамытуға болатындығын қарастырған. [19, 4-5 бб]. Бұл мақаладан коммеморативті мәдениет, тәжірибелер олар белгілі бір іс-шаралар өткізу негізінде есте қалатынын көруге болады. Автордың негізгі идеясы, ойы осыған негізделіп тұр.

Омск мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.д. «Коммеморативные практики в Российском образовании как метод историко-педагогических исследований» мақаласында мектеп оқулықтарында коммеморациялық тәжірибелердің жүзеге асырылуы, «ұжымдық жад», «әлеуметтік жад», олардың пайда болу тарихы, негізін салған ғалымдар қарастырылған [20, 6-8 бб]. Н.И. Чуркина өзінің мақаласында коммеморация Ресейде сонау XVIII ғасырдан бастап, көрініс тапқанын атап өтіп, қазіргі таңда ондай іс-тәжірибелердің жүргізілуі ол саяси қажеттілік деп көрсетуде. Автордың негізгі идеясы коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі тек саяси емес, сонымен қатар, мектепте білім беру барысында тәрбиелік маңызының зор екендігін атап өтті.

М.Л. Шуб «Современные коммеморативные практики: образовательный и воспитательный потенциал» [21, 2-3 бб] атты мақаласында жалпы коммеморация деген термин қай уақытта пайда болды, қандай түсінік береді, шетел ғалымдары қандай анықтама бергендігін негізге ала отырып, өткенді білмей болашақ жастарды оқыту, тәрбиелеу мүмкін емес деген ойға негіздеген. Ал автордың олай дейтіні оқушыларға өткен тарихқа көз жүгірту арқылы болашақты көрсетуге болатындығын атап өткендігін көреміз.

М.М. Федорова «История/память: «трудная» дилемма» [42], С.А. Еремеева «Памяти памятников. Практика монументальной коммеморации в России XIX – начала XX в.» [43] және т.б. еңбектерді атап өтуге болады.

А. Линченко, О. Головашина «"With tears upon our eyes?": Commemorations of Victory Day in the Great Patriotic War in the school practice in the Soviet Union and Russia» атты мақалаларын көруге болады [44, 56-76 бб]. Бұл мақалада Ресей мемлекетінде мектеп тәжірибесінде жеңіс күнінің тойлануы, атап өтілуі, оның оқушылар үшін маңыздылығын айтып, ол да коммеморативті тәжірибелер негізінде жүзеге асырылатындығын көрсеткен [45, 232-237 бб.].

«Memory studies» әлеуметтік бағыты бойынша алғашқылардың бірі болып М. Хальвбакс: «Социальные рамки памяти» атты теориясын жүргізсе, Э. Дюркгейм – коммеморацияларды архаикалық «позитивті» ритуал ретінде көрсеткен. Ол бойынша коммеморацияны: 1) топтық мінездеме; 2) көңіл-күй; 3) қасиеттілік; 4) қайта бағдарлау деп бөліп қарастыруға болатындығын айтқан. А.Мегилл – коммеморацияның әлеуметтік ынтымақтастық ретіндегі қоғамын құру арқылы, бұрынғы мен бүгінгі байланыстыруға болады деп түсіндірген [46, 34]. Э.Хобсбаум – (ойлап табылған дәстүрлер): 1) жасандылық; 2) тұжырымдамалық ескіру; 3) қайталану, шектеулі консерватизм, ойдан шығарушылық [47, 52 ] деп атап өткен.

«Memory studies» гуманитарлық бағыты бойынша А.Ассман коммеморацияның классификациясын (жіктеу) жасаған: 1) жеке жады; 2) әлеуметтік жады; 3) топтық жады; 4) мәдени жады (оның өзін екіге бөліп қарастырған: 1) сақталған жады – бұрынғы өткенімізді есімізде сақтау болса; 2) функционалды жады – өткен бейнелердің болашақта қолдану мақсаты үшін өзекті болатындығында;). П. Нора коммеморацияның түрлеріне: мұрағат, жинақ, мейрам, хаттама, монумент, храмдарды (мешіт) жатқызған.

А.И. Миллер коммеморативті тәжірибелерге байланысты мынадай пікірін айтқан болатын: «атаулы, белгілі бір мейрамдардың мемлекеттік немесе жергілікті дәрежеде тойлануы туралы» пікірін алға тартқан. Ю.В. Павлова коммеморацияны өткен шақтағы оқиғалардың қоғам мүшелерінің жадында қалуы болып табылатындығын атап өткен. А.С. Святославский коммеморация дегенді жаңа мәдениетке өткен кезеңдегі бейнелерді қайтару, жаңғырту деп түсіндіреді [12].

«Memory studies» медиа бағыты бойынша бүгінгі таңда көптеген еңбектер, оқу құралдары жарық көруде. 2008 жылы «Memory studies» журналының жарық көруі «memory studies»-тің жеке зерттелу алаңы ретінде қалыптасуына жауап ретінде болды. Сонымен қатар, оның жалғасы ретінде 2016 жылы «жадыны зерттеу Ассоциациясы» мекемесінің құрылуын айтуға болады [18].

Жалпы «тарихи жад» аясында бүгінгі таңда Рессей мемлекетінде Ю.А. Сафронованың «Историческая память» атты оқу құралы жарық көрді [18].

Қазіргі таңда XXI ғасырдың басынан бастап, өз зерттеулерін осы бағытта жүргізіп жүрген ғалымдардың бірі ретінде Қазақстандық ғалым, философия ғылымдарының докторы К. Медеуованы атап өтуге болады. Авторлық ұжыммен жазылған «Процессы коммеморации в современной культуре Казахстана: учебное пособие» атты оқу құралы «Мәдениеттану» мамандықтарына арналған [48, 208]. Сонымен қатар, «Затянувшаяся «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане» атты мақаласында Кеңестік және Кеңестік Одақ ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстанда көтерілген мемориалды кешендерге тоқталып жан-жақты саралаған [17, 232].

Мектепте тарих пәнін оқыту барысында коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі және жадының алатын орны туралы мәселесіне келетін болсақ, бұл туралы ең алдымен Қазақстанда алғашқылардың бірі болып, тарих пәнін оқытылу барысына назар аударып, оны ғылыми айналымға енгізген Тұрлығұл Тотай Тәжіұлы. Қазақстан тарихы мектеп курсының және оны оқыту әдістемесі қалыптасуының ғылыми негіздері (1934-1997 жж.) [49].

Сонымен қатар, осы негізде жұмыс жазған Абдугулова Баглан Капаровнаның «Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық негіздері» атты диссертациясы [50].

Мектепте тарихи білім беру барысын ары қарай зерттеп, оған талдау жасап, өзіндік көзқарастар келтірген Л.И. Зуеваның «Развитие школьного образования Казахстана в контексте мировых тенденций в обучений истории 1985-2000» атты диссертациясы [51].

Ж.А.Дәуренбаеваның «Өлкетану материалдарын пайдалану арқылы негізгі мектептің оқушыларын елжандылыққа тәрбиелеу» атты педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат [52].

М.С.Исаевтың «Болашақ тарих мұғалімінің «Мәңгілік ел» құндылықтарын оқытудың даярлау әдістері» атты дайындалған PhD диссертациясы. Түркістан, 2016 ж [53].

Қазақстанда жалпы мектепте білім беру аясында жоғарыда аталған мәселеге қатысты тікелей қарастырылмаған. Тек мектептің тарих пәні оқулықтары аясында қамтылған зерттеулерді көруге болады. Олардың бірі ретінде, ҚР ҒЖБМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша сараптамалық материалдар. Сараптамалық жинақты 2015 жылы шығарды. Осы жинақта бөлімдерге бөлініп, соның ішінде «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқу әдістемесі мен тәжірибесі, «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуды жетілдіру бойынша әзірленген әдістемелік құралдар, «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуды жетілдіру бойынша іс-тәжірибе атты тақырыптарда толық тарихнамалық талдау жасалып, қоымша кітаптар, факультатив курстарында оқытылатын әдебиеттер туралы мәліметтер берілген [54]. Сонымен қатар, Қ.С. Смағұлованың «Орта мектептерде «Қазақстан

тарихы» пәнін оқытудың кейбір мәселелері» атты мақаласында пәннің оқытылуы, оның мазмұны туралы атап өткен [55]. Б.Аяғанның «Қазақстан тарихы оқулықтары қалай жазылуы керек?!» атты мақаласында оқулықтардың жазылу реті, сонымен қоса оның ішіндегі даталардың сәйкессіздігінің пайда болуын айтты [56]. Б.Б. Енсепов, Н.Т. Қайназаровтың «Тәуелсіз Қазақстан тарихы оқулықтарда» [57] атты мақалаларында тек мектеп оқулықтарын ғана емес, сонымен қатар, колледжде, университеттерде оқытылатын оқулықтарға да талдау жасаған. Соның ішінде 9-сыныпқа арналған Б. Аяған, М. Қозыбаевтың «Қазақстан тарихы» пәні оқулығының тақырыптарының құрылымының дұрыстығын көрсетті. Л.И. Зуева «Дискуссии вокруг школьного образования и казахстанские учебники по национальной истории» атты мақаласында мектепте білім беру барысындағы тарих пәніне арналған кітаптарға талдау жасап көрсеткен [58].

Сонымен қатар, коммеморативті тәжірибелерге қатысты пандемия кезіндегі Қазақстан мектептеріндегі еске алу іс-шараларына онлайн жұмыс контекстіндегі талдау Далаева Т., Садыбеков И. [59] мақаласында көрсетілген. Атап айтқанда, авторлар мектепте жүргізілген іс-шаралардан мысал ретінде көрсетіп, 2020 жылы Ұлы Отан соғысын еске алуға арналған мектепішілік іс-шаралар негізінде коммеморацияның 7 түрін анықтаған.

Мәселенің зерттелу деңгейінде авторлар «жадының орны», «тарихи жад», «коммеморативті тәжірибелер» туралы заманауи пікірталастарын алдымен европалық ғалымдардан бастау алатынын көрсек, ары қарай бүгінгі таңда Ресей мемлекетінің ғалымдары жалғастыруда. Қалыпты жұмыс істейтін қоғам үшін бұл мәселе тарих пен жадты бөлмеу, олардың ауқымын мұқият анықтау, бірақ тарихты, есте сақтауды және ұмытуды қалай байланыстыруға болатынын мәселені шешу болып табылады. Тағы да негізгі тоқталған мәселелеріміздің бірі ол әрине тек теориясы емес, практикасы да қазіргі қоғамда қалай іске асырылып жатқаны? Нақтырақ айтсақ, мектеп қабырғасында бұл мәселенің даму қарқыны қаншалықты өзекті екенін көре білдік. Ол мәселе туралы жоғарыда бүгінгі таңда зерттеу жүргізіп жатқан ғалымдарға да тоқталдық. Көріп отырғанымызда мемлекетіміз бұл зерттеп отырған тақырыбымыз аясында әлі де болса, енді ғана қарастырып келе жатқан елдердің қатарында екенін көруге болады. Қазақстандағы коммеморативті тәжірибелері және жадының алатын орнының заманауи зерттеулер аз, жоқтың қасы деуге болады. Теориясы жағынан әлеуметтанушы, саясаттанушы ғалымдар бүгінгі таңда өз зерттеулерін жүргізуде. Солардың бірі ретінде Ж.Б. Галимжанованың «Культурная память как средство постраения идентичности» атты мақаласын атап өтуге болады [60]. Алайда тарихи жағынан қарастырған ғалымдар өте аз [61, 232-237 бб.].

Қарастырып отырған мәселеге қатысты әлемдік деңгейде көптеген мақалалар жарияланып жатыр. Schrum, K., Kortecamp, K., Rosenfield, J., Broscoe, K., Steeves, K. (2016) «Assessing the effect of historic site-based professional development on history teaching and learning» [62, 33–53.] мақалада тарихи орындардағы кәсіби дамудың тарихты оқыту мен оқуға әсерін

бағалауға арналған. Trofanenko, B. (2016). «Public pedagogy and the museum: The Canadian Museum of Immigration at Pier 21, for example» бұл мақала тарихи сана идеясын көрсетеді – өткенді қабылдау біздің бүгінгі және болашақ туралы сезімімізді қалай көрсететіні – маңыздылығы артып келеді. Солтүстік Американың мәдени мекемелеріне? Канадалық контексттен туындайтын жағдайлық зерттеулер мен бақылауларды пайдалана отырып, «Музейлер мен өткен» қазіргі заманғы музейлердің тарихты қоғамдық қабылдауға қалай ықпал ететінін қарастырады [63]. Voet, M., De Wever, B. (2017). «History teachers' knowledge of inquiry methods: An analysis of cognitive processes used during a historical inquiry» мақалада зерттеу аймағындағы орта мектептің тарих мұғалімдерінің қазіргі зерттеулері туралы ақпарат берілген [64, 312–329]. Trofanenko, B., Segall, A. (2014). «Introduction: The museum as a space of pedagogical ambiguity» бұл кітапта педагогикадан тыс зерттеулер аталған: Музейлердің қоғамдық мақсатын қайта қарау өнердің, табиғат тарихының және жергілікті музейлердің, мәдени орталықтардың, мемориалдың айқын және жасырын білім беру императивіне назар аудара отырып, қоғамдық педагогика, жады және сыни теорияның қиылысындағы өзекті мәселелерді зерттейді. Білім беру, оқу және білім ортасын құрайтын орындар, мұра үйлері және басқа да мәдени мұра объектілері атап өтілген [65].

«Тарихи бейнелерге» қатысты А. Федоровтың «Media Stereotypes Analysis in the Classroom at the Student Audience» атты мақаласында Бұқаралық ақпарат құралдарының стереотипі белгілі бір объектіге деген қалыптасқан қатынасты көрсетеді, ол бұқаралық аудиторияға арналған медиа мәтіндерінде үстемдік ететін жанрлардың, әлеуметтік процестердің/оқиғалардың, идеялардың, адамдардың схемалық орташаланған, таныс, тұрақты бейнеленуін көрсетеді. Медиа-мәтіндердегі сюжеттік және жанрлық құрылымның өзіндік стереотиптері бар: БАҚ-тағы мәтін әрекетінің фабулалық жағдайлары (көрініс, тарихи кезең және т.б.) кейіпкерлер, олардың құндылықтары, идеялары, тілі, мимикасы, ым-ишарасы, киім-кешек, суретті алу және т.б. аталған [66, 159 б]. П. Кариуки, Л. Уилсонның «The Effect of Students' Gender on Attitude toward Social Studies and the Illustration of Historical Images at a Selected Middle School» атты мақалаларында зерттеудің мақсаты орта мектеп оқушыларының жынысының олардың гендерлік бейтарап тарихи бейнені бейнелеуіне және олардың әлеуметтік зерттеулерге деген көзқарасына әсерін зерттеу болды. Көріп отырғанымыздай, тарихи бейнелерді көрсету жолдары әртүрлі [67].

Коммеморацияға қатысты П.Вербыцка, Р.Гайвер, П.Кендзор, Петроның «Patriotic Celebrations in Educational Commemoration Practices in Ukraine» атты мақалаларында зерттеу жұмысы Украинадағы соңғы онжылдықтардағы ресми мерекелер күнтізбесін өзгертудің негізгі тенденциялары туралы ақпарат беруге және оның мектептегі мерекелерге әсерін көрсетуге бағытталған. Патриоттық іс-шаралар негізгі күнтізбелік даталардағы мектеп мерекелерінің мысалдары мен дәлелдері, соның ішінде әртүрлі мектеп жағдайында аудиовизуалды материалдар арқылы талданғанын осы жұмыста көрсетілген [68, 35-40 бб].

Сонымен қатар, білім беру барысы туралы аталып, талқылануда. Соның бірі ретінде Г. Гайдың «Culturally responsive teaching: Ideas, actions, and effects (BookChapter)» атты 7 тараудан тұратын АҚШ-ның қалалық білім беру жолын сипаттап, талдап және ұсыныс ретінде берілген кітабын атап өтуге болады [69]. Келесі тағы бір жұмыс ол И.Ибрахим, И.Хидаят-Ур-Рехманның «COVID-19 crisis and the continuous use of virtual classes» атты мақаласы [70]. Бұл жұмыста жалпы бүгінгі күннің өзекті мәселесі «COVID-19» пандемиясы барысында әлемнің көп бөлігі виртуалды сабақ беруді қолға алып, қазіргі таңда өз нәтижелерін беріп жатқандығы барысына тоқталған. Ф.Х. Хернандез-Кардона, Х. Рубио-Кампилло, Р. Соспедра-Рока, Д. Инигуез-Грацияның «Illustration, re-enactment, citizenship and heritage of contemporary conflict: The case of the ebro (1938)» атты мақалаларында Барселона университетінің DIDPATRI тобының білім беру иллюстрацияларын қақтығыстары бойынша жасаған тәжірибелері арқылы «1938 жылғы Испаниядағы азамат соғысы» негізінде жасап көрсетіп, өткен тарихты қайта жаңғыртып, өткеннің визуалды қайта құрылуы арқылы, нәтижесінде өткен тарихты жетік меңгеруге болатындығын көрсетеді [71]. Яғни өткен тарихты қайта иллюстративті материалдар мен қазіргі заманауи технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және оны көрсету.

Зерттеу жұмысымыздың негізі жады және коммеморативті тәжірибелердің орны Алматы облысы бойынша болғандықтан, әрине де Жетісуға байланысты зерттеулерге де тоқталғанымыз дұрыс. Соның ішінде жалпы Жетісу жерінің тарихы туралы терең мағлұмат беретін еңбектердің бірі ретінде Қазақ еліне XVIII-XIX ғасырларда да Ресей үкіметі тарапынан көптеген саяхатшылар, тарихшылар, есептеу бөлімдері және шенеуніктер зерттеу жұмыстарын жүргізіп, орталық басқармаға есептерін жіберіп отырған. Қазақ халқына, даласына келген орыс саяхатшылары, тарихшылары әртүрлі мақсатпен келген еді. XVIII ғасырдың I ширегінен бастап қазақ даласына әр қилы бағытта экспедициялар жүргізіле бастады. Бұл экспедициялар басшылары қазақ халқын әр түрде сипаттап, жазып қалдыра бастады.

К.М. Байпаковтың «Жетысу жеріндегі ежелгі ортағасырлық қалалар және елді-мекендер» атты кандидаттық диссертациясы үшін жазылған еңбегінде Жетысу өңіріндегі ортағасырлық қалаларға сипаттама беріп, орналасу ретін көрсетіп, олардың маңыздылығын атап өткен. [72]. В.В. Бартольдтың «Жетысу тарихының очерктері» атты еңбегі өңірдің тарихына тоқталып, терең зерттеу жұмыстарын жүргізген [73]. Н.Я. Бичуриннің (Иакинф) собрание сведений о народах, обитающих в Средней Азии в древние времена (по китайским источникам) атты еңбегі жазу үшін өмірінің көп уақытын Қытайға, Шығыс Сібірге, Моңғолияға саяхат жасап жүрген кездері, оның «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» еңбегінің соңғы жазбаларын жазу үшін керек болды. 1816 жылдан бастап Н.Я Бичурин ғылыми жұмысына кірісе бастады. Бұл еңбекті жазғанда Н.Я Бичурин «Цзичжи тунцзянь ганьму» жылнамалық еңбек көмегін тігізді. Ол еңбекте б.з. б. V ғ бастап б. З. XII ғ

дейінгі Қытай тарихы жазылған. Ол еңбекті ұлы ғалым, философ Сун-Чжу Си жазған. Бичурин Н.Я «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» еңбегі қытайтанушы емес, тархшыға бір жарым ғасыр уақытты алып жатқан еңбек ретінде қарастыруға болады.

Отандық тарихшыларымыздың осы саладағы зерттеулеріне тоқталатын болсақ, Жетысу өңірінің саяси тарихына қатысты да біршама еңбектер жарық көрді. М.Қ. Қойгелдиевтің «Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.)» атты кітабы өз кезегінде Жетысу өңірінің XIX ғасыр мен 1917 жылдар аралығындағы тарихы бойынша құнды деректердің бірі болып табылады [74].

Г.А. Капекованың «Опыт исследования древней истории Жетысу» атты еңбегі Жетысу өңіріне қатысты зерттеу жұмыстары бойынша тың деректерді беруде [75]. Келесі бір маңызды еңбектерінің бірі «Очерк по истории Жетысу» [76]. Сонымен қатар, «Летопись Жетысу» [77] деп аталатын 2012 жылы жарық көрген еңбегі осы еңбектерінің жиынтығы ретінде көрсетуге болады. Себебі жұмыста Жетісу тарихының аймақтық бөлінуінен бастап, табиғи-географиялық орналасуы мен қатар, киелі жерлерінің, көрікті жерлерінің орналасу тарихына тоқталып, жан-жақты зерттелген жұмыс ретінде атап өтуге болады. Киелі жерлер мен қоса Жетысу өңірінде емдік жерлер де бар. Олар туралы негізгі мәліметті «Лечебные учреждения районов Алматинской области» атты сайттан танысуға болады [78].

Н.К. Байгабатованың «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетысу қазақтарының тарихы» атты кандидаттық диссертациясы маңызды [79].

Кейінірек М.Қ. Қойгелдиевтің «Қазақ елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ.- XXI ғ. басы)» атты еңбегінде патша үкіметінің Жетісудағы билігінің отаршылдық сипаты шаруашылық, халықтың әлеуметтік жағдайы, рухани-мәдени өмірдің көрініс арқылы барынша ашып көрсеткен. [80].

М.К. Төлекова Ресей империясы тұсындағы Жетісудың жергілікті тұрғындарының әлеуметтік жағдайы, мұсылмадық білім, оқушылардың саны, облыс тұрғындарының этникалық және діни құрамына қатысты нақты мәліметтер береді [81].

Л.А. Бейсембаевның «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысында қаралған Жетісу өлкесіндегі білім беру мәселелеріне қатысты тоқталған мәлімет негізінде, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында қалай жүзеге асырылып жатқандығын ары қарай салыстырымалы түрде баға беруге болады [82].

М.М. Бахтыбаев Археология әуесқойлар Түркістан үйірмесінің Қазақстандағы қызметі атты диссертациясында Жетісу бойынша сараланған археологиялық және тарихи ескерткіштерге тоқталып, әсіресе Н.Н. Пантусов қалдырған мәліметтерді саралап, жұмыс барысында көрсетуге болады [83].

Алматы облысының құрылғанына 80 жыл толуына орай (1932-2012 жж) «Жетысу асулары» [84] атты құжаттар мен материалдар жинағы жарық көрді.

Жинақтың алғашқы бөлімі таңбасының сипатталуымен басталып, ең соңғы V бөлімі облыста ежелден бастап қазіргі күнге дейінгі тарихи даталар кестесіне тоқталған.

2003 жылдан бастап «Туған өлке» журналына шығып тұрған көптеген материалдардың негізі «Жетысу тарихына» қатысты. Осы журнал негізінде Жетісу жерінің ежелден бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихына қатысты көптеген тарихи деректер мен құжаттарды ала аламыз.

Зерттеу жұмысымызда педагогикалық және өлкетану мәселесіне қатысты шығарылған еңбектерге де тоқталсақ. Өлкетану – бұл тек қана өлкені, өлкенің тарихын, оның өткендегі жолын ғана танып білу емес, ол тарихи тағылымды да игеру болып табылады. Өлкетану – бұл жекеден жалпыны, жалпыдан ерекшені танып білудің де тәсілі, бұл пәнаралық ғылыми байланысқа сүйенетін тек қана теориялық түйін ғана емес, сонымен қатар күнделікті тұрмыстағы өмір тәжірибесін бақылау да болып табылады [85,15 б.].

XIX ғасырдың соңына қарай педагогика саласында «табиғаттану» атты маңызды бағыт қалыптасты. Өлкетанудың келесі дамуы туралы көзқарас XIX ғасырдың екінші жартысында А.Я. Гердтің еңбегінде өз жалғасын тапты. Тек XX ғасырдың басында ғана «өлкетану» аталатын алғашқы термин пайда болды. Бұл терминді алғаш 1914 жылы тарихшы – әдіскер В.Я. Уланов және сібірлік географ – мұғалім И.Н. Маньков пайдаланды.

Қазақстанда өлкетанудың дамуы аса көрнекті мемлекет қайраткерлері С. Аспандияров, М.Д. Жолдыбаев, Ә. Жангелдиннің есімдерімен байланысты. Сол кездегі О. Жандосовтың «Познай свой край» мақаласын өлкетануға елеулі үлес қосты. В.Д. Гордецкийдің «Материалы для школьных экскурсий в Джетысу» атты оқу құралы Жетісу өңіріндегі мектептерге таратылды. Бұл мектептердің оқушылары мен мұғалімдеріне арналған ең алғашқы өлкетану бойынша оқу құралы еді.

1930 жылы сәуір айында Өлкетану Бюросының жетекшісі С. Аспандияровтың басшылығымен алғаш рет бүкіл қазақтық өлкетанушылар съезі шақырылды [85, 15 б.]. М. Жұмабаев оқу-тәрбие жұмысында балаға өлкесі туралы, өлкетану негізінде білім беруді ерекше атап көрсетеді.

1920-1921 оқу жылынан бастап өлкетану Н.К. Крупскаяның тікелей басшылығымен мектеп бағдарламасына енді.

Өлкетанымдық процесс әртүрлі пәндегі сабақ беру әдістемесінен берік орын алатындығын бірқатар педагогтар мойындады. П.В. Ивановтың және Г.Қ. Тұрабаеваның пікірінше, өлкетанымдық принцип – жергілікті жер материалын сабақта және сыныптан тыс іс-әрекеттерде танып білуді қамтамасыз етеді. Сондықтан да көріп отырғанымыздай коммеморативті тәжірибелерді жүргізу «өлкетану» курстары арқылы сабақта, яғни сабақтан тыс уақытта іске асыруға және сол арқылы нәтижеге жетуіне болатындығын көре аламыз.

Ресейде тарихты оқыту әдістемесі XVIII ғасырда-ақ ойластырылған болатын. Егер XVIII ғасырдың басында тарихты оқыту алғаш рет қолға

алынса, 1783 жылдың өзінде Петербургте тарихты оқыту әдістемесі тарих ғылымына енгізіліп, алғашында тарих пәнін марксистік теориямен қоғамтану курсына ауыстырылды. 1930 жылдары тарих ғылымына қоғамдық-экономикалық формациялардың марксистік теориясының бағдарламасы енгізілді, ол өз кезегінде жалпы тарих пен КСРО тарихының тарауларын анықтады [86]. Тарихты оқытудың осындай теориясы КСРО-ның тарауына дейін болды.

КСРО жылдарындағы ерекше әдістемелік еңбекті Н.С. Борисова, В.В. Дранишникова, П.В. Иванова және Д.В. Кацюбтер ұсынған болатын [87]. Кітап мазмұнының ерекшелігі оқушылардың туған өлкесінің тарихы мен географиясын өз бетінше зерттеп, зерделей алуында болды. Кез келген тарихи нысандар, соның ішінде көне қорғандар, қорымдар және т.б. зерттеу нысаны бола алады. Оқытудың бұл әдісі оқушылардың археология, фольклор, мифология, этнография, деректану, т.б. тарих ғылымдарына деген үлкен қызығушылығын ашты.

Тарихты оқыту әдістемесімен айналысатын отандық тарихшылардың ішінен Т.Т. Тұрлығұлов еді. Кеңестік кезеңде «Тарих сабағының жетілу жолдары» кітабын шығарған болатын [88]. Автор бұл кітабында Кеңес заманындағы қазақ мектептері мен орыс мектептері арасындағы алшақтықтың себептерін ашып көрсеткен. Әртүрлі тарихи терминдерді қазақ тіліне аудару арқылы қазақ мектептерінде тарихты оқытудың өзіне тән әдістемесін, арнайы оқыту құрылымын, т.б. [88, 26 б]. Автор «Мектепте Қазақстан тарихының оқутының теориясы мен әдебиеті» атты еңбегінде Қазақстандағы тарих ғылымының даму тарихы мен тарихты оқыту әдістемесін сипаттайды. [89].Ол тарих ғылымы мен әдістемесінің пайда болуы мен даму тарихын 3 кезеңге бөледі: Қазан төңкерісіне дейінгі оқу орындарында Қазақстан тарихын оқыту, патшалық кезеңдегі мектептерде Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі, Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі кеңестік кезеңде. Автор қазіргі қазақстандық мектептердегі тарих ғылымының ғылыми-әдістемелік және әдістемелік даму мәселелеріне назар аударады.

Қазақстандық ғалымдардың тарих сабағында түрлі әдістерді қолдану бойынша зерттеуші әдіскерлердің еңбектерін атап өтуге болады. Мысалы үшін, Г.Т. Жақыпова, Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаева, Т.Т. Тұрлығұл, Қ.Қ. Құнапина, Ш.Т. Таубаев, Ф.Н. Мийнбаева, Л.И. Зуева және т.б [90].

Осы уақытқа дейін тарихты оқыту әдістемесін көптеген тарихшылар әзірледі, олардың ішінде орыс әдіскер-тарихшылары В.Л. Вагин, Н.Г. Дайри, В.И. Добролюбов, М.Т. Студеникина, А.Т. Степанищев және басқалар.

М.Т. Студеникин «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі» оқулығында [91, б. 64] XVIII ғасырдан посткеңестік кезеңге дейінгі тарихты оқытудың дамуын белгілейді, XVIII-XIX ғасырлардағы В.Н. Татищев, Н.М. Карамзин, С.М. Соловьев, В.Г. Белинский, Н.А. Добролюбов, Н.Г. Чернышевский және т.б.сияқты ерте тарихшылардың тарихын көрсету әдістемесін қарастырады. Кеңес кезеңінің алғашқы кезеңінде автор А.В.Луначарский, П.Н.Лепешинский, П.И. Жаворонкова, С.Н. Дзюбинский және т.б.

қарастырған. Отан соғысы жылдарында және одан кейінгі кезеңде автор А.М. Панкратова, Н.М. Дружинина, В.Н. Бернадский, А.А. Зиновьев және т.б.әдістемелік еңбектерін атап өтеді. Кеңес дәуірінен кейінгі кезеңде автор Л.А. Кацва, Н.Н. Кеверков пен В.Б. Полонскийлерге тоқталған.

М.Т. Студеникин мен бірге В.И. Добролюбова «Бастауыш мектепте тарихты оқыту әдістемесі» кітабында [92] 3-4 сыныптарға арналған әдістемелік құрал құрастырған. Курс бағдарламасы Ресейдің ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі тарихын зерттеуге бағытталған. Нұсқаулықтың бағдарламалық мазмұны қысқаша түрде әртүрлі көрнекі құралдармен және Ресейдің негізгі тарихи оқиғаларымен берілген.

Неғұрлым дамыған және объективті әдістемені А.Т. Степанищев «Тарихты оқыту және оқу әдістемесі» кітабында қосқан [93]. Басқа авторлармен салыстырғанда А.Т. Степанищева орта мектеп оқушыларына емес, студенттерге арналған еңбек жазған. Автор тарихты оқытудың концептуалды құрамдас бөліктерін, оқу сабақтарының теориялық және әдістемелік негіздерін анықтай алып, дәрістер мен семинар сабақтарын оқытудың нақты әдістерін, практикумдар мен хрестоматиялармен жұмыс істеу әдістерін белгіледі.

Оқу-тәрбие процессінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар: Лысенкованың алдын-ала оқыту, Хазанскиннің есептеп шығару, Шаталовтың интенсивті оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтің мәселелік оқыту оқытудың белсенді әдісі атты технологиялары [94, 63-64 бб].

«Дамыта оқыту» деген термин психология ғылымының қойнауында туып, баланың дамуын қарастырған (Ж. Пиаже), ойлаудың әртүрлі деңгейін, типтерін (Л.В. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн) және басқа да психиканың функциясын зерттеген (Б.Г. Ананьев, Г.С. Костюк, А.А. Люблинская, Н.А. Менчинская) және т.б. іс-әрекет теориясының психологиясын жасаған (А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин) еңбектерінде жан-жақты талданды. Нәтижесінде дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, ал екіншісін Л.В. Занков басқарды.

Әлемдік педагогиканың, көбінесе, жүгінетіні – Л.С. Выготскийдің идеяларына негізделген В.В. Давыдов пен Д.В. Эльконин және Л.В. Занковтың дамыта оқыту жүйелері. Л.С. Выготскийдің идеялары Еуропа елдерінің көптеген университеттерінің педагогика факультеттерінде оқытылады [95, 313-316 бб].

Білім беру жүйесіне жоғарыда айтылған талаптарды негізге ала отырып, қазіргі уақытта «төрт өлшемді білім беру» моделін жүзеге асырудың маңызы зор. Бұл модель, ең алдымен, біздің қоғам мүшелерінің арасында қалыптасуы керек негізгі құзыреттердің үлгісін білдіреді: білім, дағдылар, мінез-құлық және мета-оқыту [96].

Диссертациялық жұмысымыздың III тарауы экспериментке негізделгендіктен, эксперименттің жүргізілу барысы, оның нәтижесі туралы

жалпы қандай ғалымдар тоқталып, түсініктеме беруіне тоқталсақ. Ю.К. Бабанский өз еңбегінде «Эксперимент кешенді зерттеу әдісі» – деп анықтама берген [97]. П.С. Лейбенгруб «Эксперимент»-кешенді болжамды ғылыми негіздеу деп тоқталған [98]. Эксперимент-белгілі бір құбылыстың мәнді факторларын анықтайтын зерттеу әдісі; педагогикалық әрекеттің нәтижесіне ықпал жасайтын және нәтижеге жетудің факторы болып табылады (М.М. Поташник) [99] деп болжаған.

Эксперименттік сабақтар дайындауда оны жүргізу туралы ғалым-әдіскерлер Л.Н. Алексашкина, Г.К. Нұрғалиева, П.С. Лейбенгруб және В.М. Мындыкану, Т.С. Сабыров дайындаған педагогикалық-әдістемелік нұсқау басшылыққа алынды [50].

**Зерттеу мәселесінің деректік қоры.** XX-XXI ғасырларда жазылып қалдырылған деректерді қарастырсақ: 1. архив құжаттары; 2. сауалнама; 3. мұғалімдердің баспаларға шығарылған мақалалары туралы мәлімет; 4. музей материалдары, визуалды материалдар, оқулықтардағы иллюстрациялар.

Бірінші топтағы деректерге Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінен алынған (ҚР ОМА), соның ішінде әлі де ғылыми айналымға еңбеген құжаттар жатқызылады. Оларды атап өтер болсақ: 81-қор «Народное образование», соның ішіндегі 81-қор «Народный комиссариат просвещенение казахской ССР (Нарком ПРОС КазССР)» (3575 ед.хр.1920-1936 жж.) [100], 921-қор «Отдел народного образования военно-революционного комитета по управлению киргизским краем г. Оренбург (1919-04.10.1920 ж)» [101], 1692 – «Министерство просвещения Казахской ССР» (6904 ед.хр.1937-1972 гг.) [102], 1982 – «Министерство высшего и среднего специального образования Казахской ССР» (2479 ед.хр.1959-1971 жж.) [103], 2255 – «Министерство народного образования КазССР. 10 декабря 1991 – 08 мая 1992 Министерство Народного образования РК. С 08.05.1992 Министерство образования РК» (29.06.1988-10.12.1991 жж.)[104].

Бұл қорларды қарастырылған мақсаты жалпы «Тарих» пәні кеңес дәуірі кезеңінен бері қарай қандай деңгейде жүргізілді, оған қосымша факультатив сабақтары, курстар болды ма деген? Пән аясында қандай сыныптан тыс іс-шаралар болды? Салыстырмалы талдау жүргізу барысында қажеті туындайды деген ой негізінде қаралды. Қорлармен танысу барысында 50-ге жуық істерге сұраныс білдіріп, қарастырылды. Соның ішінде өз жұмысымыздың бағытында ең қажетті деп төмендегі істер алынды:

1692 қ., 1 т., 482-іс, 65 б. – Методическое письмо о преподавании истории в условиях Великой Отечественной войны (1941 г.). Істе негізгі ҰОС кезеңіндегі тарихи білім беру барысындағы әдістемелік хатқа тоқталып, ол хат негізінде сабақтың жүргізілу барысы, оның ұйымдастырылуы, пайдаланылған көрнекіліктер туралы айтылып, аталған қор құжаттары зерттеу жұмысы барысныда бүгінгі кезеңмен байланыстырылып, салыстырмалы талдау жасалған.

1692 қ., 1 т., 1040-іс, 141 б – «Характеристика средних школ Талды-Курганской области за 1946 г.» атты істе Талдықорған облысындағы орта

мектептеріне қатысты берліген сипаттамаларды саралау арқылы, тәуелсіз кезеңдегі мектептер арасындағы байланысы мен айырмашылығын саралу негізінде қаралды.

1692 қ„, 1 т., 372-іс, 96 б – «Кластан тыс тәрбие жұмыстары туралы» атты істе зерттеу жұмысы барысында сыныптан тыс және тәрбие жұмыстары аясында мемлекет тарапынан бекітілген тәрбие жоспары мен XX ғасырдың 40 жылдарында бекітілген сыныптан тыс жұмыстардың саралануы, коммеморацияның жүргізілу барысын ашып көрсету мақсатында қарастырылған.

1692 қ., 1 т., 516-іс, 70 б – «Методические указания на тему: Повторение и закрепление знаний уащихся по истории (14 ноябрь 1941 г.)» атты істе Е. Бекмахановтың білім алушылардың «тарих пәні бойынша қайталау және бекіту» атты тақырыптағы әдістемелік нұсқаулығындағы тарих сабағының жүргізілу барысы, оның бекітілуі бойынша қарасытырлып, қазіргі тарих пәнінде жүргізілу барысымен сараланған.

1692 қ., 1 т., 520-іс, 70 б – «Материалы (планы, доклады) по вопросу преподавании истории в школе 1941 г.» атты істе тарих пәнінің мектепте жүргізілу барысындағы жоспары, онда оқытылатын баяндамалар негізінде материалдар қаралды. Бұл құжаттар зерттеу жұмысымыз барысында «тарих» пәнінің қазіргі таңда мектепте коммеморативті тәжірибелерді жүргізу және жадының орны аясында өзінің қажеттілігін көрсетті.

1692 қ., 2 т., 2016-іс, 81 б – Материалы о ходе издании школьных уебников на 1970/1971 уч.год. Бұл аталып отырған істер аясында жалпы «Тарих» пәні аясында сыныпта және сыныптан тыс уақытта қандай оқулықтар өтілді, оқу-әдістемелік нұсқаулар жасалды, олардың негізгі мақсаты, іс-шаралар жүргізілуде, олардың маңыздылығы, сонымен қатар, зерттеу жұмысымызда осы аталмыш істер негізінде бүгінгі күнмен байланыстырылып салыстырмалы талдау жасалуда.

ҚР тұңғыш Президенті архивінен Алматы облысында ашылған ескерткіштер, тарихи күндеріне қатысты шыққан жарғыларын,Алматы облысының мәдениет баскрамасының құжаттарын, тарихи атаулы күндердің, ашылған ескерткіштер, музей жұмыстарына қатысты мәліметтер қарастырылды. ҚР Президенті мұрағатында жұмыс жасалды. Ал негізінен: Соның ішінде: 1. 5Н қ. Администрация Президента РК 1782 ед.хр [105]; оның ішінде 42 іспен таныстым. 5Н қ. Администрция Президента РК/ Организационно-контрольный отдел. Социально-экономический паспорт Алматинской области 5Н қ, №1/7 т. – 9030-іс -март 1998 г. 5Н қ., №1/4 т., 5544-іс. Алмат.область (наградные листы с пометами). 2 Том. Келесі қорымыз 46 қ Архивная коллекция документов первичных организаций Коммунистической партии Каз-на предприятий и организаций Алма-Атинского района Алма-Атинской области; 1 тізім, 1 іспен таныстым. Үшінші қорымыз 295 қ. Талды-Курганский уездно-городской комитет. 1 тізім, 1 іспен таныстым және т.б.

Алматы облысының мемлекеттік архивінің материалдары:

1. 499 қ. Алматинское народное образование (1990-2005 г.) [106] атты қорының 80-ге жуық ісімен танысып, зерттеу жұмысына қажетті мәліметтер алынды. АО МА-де тәуелсіздік алған жылдарымыздан бері қарай жылдар бойынша білім беру бағыты негізінде бір қормен жұмыс жасалды. Бұл қорды қарастырылған мақсаты жалпы Алматы облысы бойынша 1991 жылдан бері қанша аудан, қанша мектеп және оқушылар саны, олардағы «Тарих» пәнін жүргізетін мұғалімдердің саны, қанша қазақ тілді және өзге тілдегі мектеп бар, ол мектептердегі «Тарих» пәні тәуелсіздік кезеңінен бері қарай қандай деңгейде жүргізіледі, оған қосымша факультатив сабақтары, курстар болды ма деген? Салыстырмалы талдау жүргізу барысында қажеті туындайды деген ой негізінде қаралды. Қорлармен танысу барысында 80-ге жуық істерге сұраныс білдіріп, қарастырылды. Соның ішінде өз жұмысымыздың бағытында ең қажетті деп: 433 қ, 2 т., - «Отчеты о качественном составе педагогических кадров по предметам за 1991-2005 жылдар аралығындағы» істер бойынша қаралды; 433 қ., 2 т., 2873-іс – Переписка с аппаратом Акима области по основной деятельности Управления за 1991-2005 жылдар аралығындағы істерге сұраныс жасалды; 433 қ., 2 т., 2868-іс – План работы Управления на 1991-2005 жылдар аралығы; 433 қ., 2 т., 2869-іс – Паспорт области о состоянии среднего образования за 1998-1999 гг. дәл осылай басқа істер оқу жылдары бойынша қаралды; 433 қ., 2 т., 2896-іс – Региональная программа развития системы среднего образования области на 1999-2000 гг. дәл осылай басқа істер оқу жылдары бойынша қарастырылды.

433-қ., 2 т., 2790-іс – Отчет об основных направлениях деятельности департамента образования за 1991-2005 жылдар аралығы. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл істерді қарастыру барысында зерттеу жұмысымыз аясындағы сұрақтарымызға жауап іздеп, талдау жасалды.

Алматы облыстық мемлекеттік архивінің келесі қаралған 510 қор (тізім бойынша №295) (1998-2006) [107]. Общество архивистов и историков Алматинской области-историко-краеведческий и архивный журнал «Туған өлке». 67 ед.хр. Бұл қор тізімде болғанымен қордың өзі табылмады, тек «Туған өлке» журналы қаралды. Бұл журналды қарастырудағы негізгі мақсат облыс бойынша «Өлкетанулық» жұмыстар қалай жүргізілуде, ол оқу процессінде қалай пайдалануда, әсіресе жадының орны және коммеморативті тәжірибелерді жүргізу барысындағы қолданысына аса назар аударылды.

Талдықорған қаласының мемлекеттік архивінде жұмыс жүргізілді. Қарастырылған қорлар: 1. 882 қ. (1944-1996 гг) Областное управление образования Талдыкорганской областной администрации. 1716 ед.хр. 50 іс қарастырылды [108] және 513 қ. 1945-1973 гг. Талды-Курганский районный отдел народного образования. 483 ед.хр. [109].

Қорды қарастырылған мақсаты жалпы Алматы облысы бойынша 1991 жылдан бері қанша аудан, қанша мектеп және оқушылар саны, олардағы «Тарих» пәнін жүргізетін мұғалімдердің саны, қанша қазақ тілді және өзге тілдегі мектеп бар, ол мектептердегі «Тарих» пәні тәуелсіздік кезеңінен бері қарай қандай деңгейде жүргізіледі, оған қосымша факультатив сабақтары,

курстар болды ма деген? Салыстырмалы талдау жүргізу барысында қажеті туындайды деген ой негізінде қаралды. Қорлармен танысу барысында 50-ге жуық істерге сұраныс білдіріп, қарастырылды. Соның ішінде өз жұмысымыздың бағытында ең қажетті деп: 882 қ., 3 т., 273-іс - Сведения о количестве школ и классов с углубленными изучением предметов: 1991-1996 оқу жылдары барысы бойынша істер қаралды; 882 қ., 3 т., 317-іс – Отчет по выполнению плана экономического и социального развития образования за 1991-1996 жылдар аралығы; 882 қ., 3 т., 318-іс - Отчет о состоянии образования в области за 1991-1996 жылдар аралығы қаралды. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл істерді қарастыру барысында зерттеу жұмысымыз аясындағы сұрақтарымызға жауап іздеп, талдау жасалуда. 882 қ., 1 т., 80-іс – 1948-1949 оқу жылы бойынша Талдықорған облысы мектептерінің жұмысы туралы есеп; 882 қ., 1 т., 581-іс, 90-96 бб. – 1957-1958 оқу жылы бойынша облыстық білім басқармасының жұмыстары туралы есеп (облыстың халықтық білім беру ұйымдары мен мектептері); 882 қ., 1 т., 856-іс, 11-14 бб.– 1970 жыл бойынша мерейтойларды дайындау мен өткізуге арналған материалдар; 882 қ., 3 т., 9-іс, 14-15 бб – Облыстық халық ағарту басқармасының 1984 жылға арналған жұмыс жоспары.

Архив құжаттарын қарау себебіміз, жұмысқа қажет делінген құжаттар алынып, сараланды. ҚР ПА, ҚР ОМА, АО МА, ТМА архивтерінен коммеморативті іс-тәжірибелердің көрінісін қарап, құжаттарда қалай қарастырғанын атап өтудеміз. Құжаттардың көптеген маңыздылығы жұмыс барысында көрінді. XX ғасырдың ортасында коммеморативті тәжірибелер жүргізілу барысы туралы тікелей айтылмаса да, жүргізілген іс-шаралардың барысы қаралып, олар сараланып, зерттеу жұмысы барысында талдау жасалып, қолданылды. Мысалы үшін, ҚР ОМА «Методическое письмо о преподавании истории в условиях Великой Отечественной войны (1941 г.)» атты істе тарих пәнінің ҰОС жылдарындағы жүргізілу барысы туралы қарастырылған. «Кластан тыс тәрбие жұмыстары туралы» істе сыныптан тыс уақытта қандай тақырыптар қарастырылғаны аталған. Сонымен қатар, «Методические указания на тему: Повторение и закрепление знаний ущихся по истории (14 ноябрь 1941 г.)», «Материалы (планы, доклады) по вопросу преподавании истории в школе 1941 г.» атты тақырыптардағы істерде тарихты оқыту барысында жүргізілетін жоспарлар, баяндамаларға тоқталған. Бұл қарастырылған істер диссертациялық жұмысымызда өз маңыздылығын арттыруда.

Зерттеу жұмысында негізгі мәселе Алматы облысы бойынша сараланғандықтан, осы облыс, аудан газет материалдары да қаралған болатын. Баспасөз материалдарында тек ашылған бір ескерткіш бойынша жалпы ақпарат, болмаса сол туралы аңыз түрінде берілген жазба т.с.с. жалпылама материалдар ғана жазылған. Ал нақты оны коммемморативті тәжірибелермен байланыстырып, мектепте мұғалім мен оқушылар негізінде көрсетілген ақпарат жоқ десекте болады.

Облыс, аудан, қала газеттеріндегі 1991 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі материалдар сараланды. Баспасөз беттеріндегі қарастырылған негізгі материалдарды 3-кезеңге бөліп жіктесек:

1991-2001 жылдардағы негізгі материалдар жалпы газет беттеріндегі 3,-4, және соңғы беттер ғана тарихи оқиғаларға, батырларға, тарихи тұлғаларға, болмаса тарихи құжаттарғы т.с.с. мәліметтерге арналған. Коммеморативті тәжірибелерге қатысты тақырыптар, болмаса мектепте тарихи өтілетін іс-шараларға қатысты құжаттар мүлдем жоқ десекте болады. Мысалы үшін, негізгі тақырыптар: «Ашаршылықтың беті ары қалсын», «Қожа Ахмет Иасауи», «Қарасай батыр» ескерткіші, «Жер аттары – тұнған тарих», «Бір әулеттің қасіреті».

2001-2011 жылдардағы материалдар жалпылама тарихи процесстерге, жалпы тарихи тақырыптарға алынған. Оның өзінде көп материал жоқ. Тек кейбір номерлерінде және өте аз мәліметтер кездеседі. Мысалы үшін: «Қазақ атауы қайдан шыққан», «Жүзі жарқын» және т.б.

2012-2023 жылдардағы материалдар тарихи ескерткіштер, батырлар, сонымен қатар, 2015 жылғы санында негізінен қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты газеттердің әр санында Керей мен Жәнібек хандардан бастап, соңғы хандарына дейінгі мәліметтерді шығарып отырған. Жаңадан қойылған ескерткіштер, топонимикаға қатысты мәліметтер. Мысалы үшін: «Керей мен Жәнібек», «Бұрындық хан», «Қасым хан», «Батырға ескерткіш қойылады (Бөрібай батыр)».

«Жетісу» газетінің 2020 жылғы №17 (18725) 11 ақпандағы шығарылымында Алматы облысы әкімі А. Баталовтың баяндамасының тезисі 3 бетте төмендегідей тарихқа және тарихи білім беруге қатысты материалдарды атаған: 1) 2020 жылығы А. Құнанбайұлының 175 жылдығы және әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған; 2) «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде «Smart Taldykorgan» жобасы негізінде.

«Жетісу» газетінің 2015 жылғы №87 (18075) санында «Мұқали батыр жатқан жер» атты мақалада батырға орнатылған ескерткіш туралы жалпы ақпарат берілген (Жетісу, 2015 ж., 1 тамыз. №87 (18075). Авторы: Жұмахан Қожамқұл – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі).

«Жетісу» газетінің 2015 жылғы №95 (18083) санында «Ежелгі руна жазуы» атты мақалада руна жазуына филологиялық тұрғыда баға беріліп, қарастырылған (Жетісу, 2015 ж., 22 тамыз. №98 (18083). Авторы: М.Аманқос – филолог.ғыл.кан., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).

«Жетісу» газетінің 2015 жылғы №100 (18088) санында «Қос қуаныш қанатында» атты мақалада Малайсары батырға тұрғызылған ескерткіше тоқталып, жалпы мағлұмат аталған (Жетісу, 2015 ж., 5 қыркүйек №100 (18088). Авторы: Р. Елхан – Кербұлақ ауд.).

Сонымен қатар, «Жетісу» газетінде қазақ тілінде «Ескерткіштер ескірмейтін жәдігер», «Құланбаев кесенесі жаңғырды», «Бұрқанбұлақ–Жетісудың жауһары» атты тақырыптарда ақпарат шығарылып отырған. Алайда бұл жалпы ақпарат, мектеп оқушылармен байланысы көрсетілмеген.

Қазіргі таңда «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясы аясында Талдықорған қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің жас зерттеушілері Жетісу облысының ұлттық тарихы мен мәдениетін, флорасы мен фаунасын зерттеуде. Соның негізі ретінде «Жетісу – алтын бесігім» атты тақырыпта мақала жарық көріп, негізге мақсат 11-сынып оқушалары болашақты Жетісудың маңызды тарихи жерлері негізінде жоба жазып, оны талқылауында.

Коммеморативті тәжірибелер мен жады аясында тек қазақ тілінде емес орыс тілінде де көптеген мақалалар газет беттерінде жарық көрген. Олар: «Уездный город», «Буддийский артефакт Коринского ущелья», «Семь чудес Жетісу», «Наследие Сары Тастанбековой – достояние потомков», «Священный праздник (ВОВ)», «Каялык – древняя столица Жетісу».

Облыс негізінде түрлі ұлт өкілдері тұратындықтан орыс тілінде жазылған материалдармен қатар ұйғыр тілінде шығарылып отырған газет және журналдар қарастырылды. «Арзу» журналы және «Ұйғыр Авази» газеттерінде материалдар сараланып, ол жердегі тарихи мәліметтерге қатысты мақалалар қаралды.

Жоғарыда қазақ, орыс және ұйғыр тіліндегі облыс, аудан, қала газеттерін саралай келе көптеген материалдар мен мәліметтер коммеморативті тәжірибелерге қатысты емес, керісінше жалпы тарихи оқиғаларға қатысты айтылды. Сонымен қатар, «Жетісу» газетінің бір бөлімі «Ardager» деп аталып, ол жерде тарихи кейбір мәліметтер кездеседі.

Баспасөз беттеріндегі мәліметтерді саралай келе олар тек ақпарат ретінде беріліп, оқуға, білуге арналған мағлұмат негізінде қарастырылмаған. Коммеморативті тәжірибелерге қатысты мектеп мұғалімдерінің жұмысы ретінде көрсетілген ақпарат өте аз, болмаса жоқтың қасы деуге болады.

Зерттеу жұмысымыздың 3.4 бөлімі эксперимент болғандықтан мектеп оқушылары мен мұғалімдерінен сауалнама алынып, олар сараланған болатын. Ал сауалнама ол деректің бір негізі болып табылады.

Талдықорған қаласы «№2 орта мектеп КММ-нің» директоры Л.Ж. Байсова Сарқан аудандық білім бөлімінің басшысы П. Иманғазиева, «Сарқан аудандық Білім бөлімі» ММ-нің «Н. Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі» КММ-нің директоры Г. Бекова және Сарқан аудандық Білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-нің директоры Ш. Дутбаевлардан «XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелері және жадының орны (Алматы облысының материалдары негізінде)» атты зерттеу тақырыбы аясында материал жинақтау үшін мектептің «Тарих» пәнінің мұғалімдерімен кездесу ұйымдастыруына рұқсат сұралды. Кездесу барысында осы жоба аясында мұғалімдерден және оқушылардан сауалнама алынатындығы және сұрақтар қойылатындығы аталып өтілді. Мектептің 2019-2020, 2020-2021 жылдарға арналған тәрбие жоспары және мектепте онлайн барысында жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы мағлұмат берулері сұралды. Рұқсат қағаздары Қосымша А көрсетілген.

Жалпы Талдықорған қаласы бойынша 2 мектеп, Сарқан ауданы бойынша 2 мектеп және жалпы 156 оқушы қатысты. Бақылау тобында 76 бала және эксперимент тобында 80 бала қатысты.

Ал біздің бұл сауалнаманы оқушылардан алу себебіміз бүгінгі XXI ғасыр болашақ жастардың өз тарихына қатысты, оны білуге деген құштарлығын, қызығушылығын тексеру болды. Сонымен қатар, «тарихи жадының», «коммеморативті тәжірибелердің», «есте сақтаудың» оқушылар арасында қаншалықты бар екендігін айқындау болды.Төменде сауалнаманың сұрақтарымен таныса аласыздар.

Алынған сауалнамал нәтижесінде Сарқан ауданы білім бөлімі басшылығы тарапынан ендіру актісі бекітіліп (Қосымша Б) «Өлкетану курсы. Сарқан ауданы. (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» атты оқу-әдістемелік нұсқау жасалды. Қосымша В көре аласыздар.

2022 жылдың ақпан айында ««Өлкетану курсы. Сарқан ауданы. (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» атты оқу-әдістемелік нұсқау бойынша төмендегідей сұрақтар негізінде Сарқан ауданының мұғалімдері мен оқушыларынан сауалнама жиналды. Сауалнаманың сұрақтарын Г және Д Қосымшаларынан көре аласыздар.

Алынған сауалнама нәтижесінде «Өлкетану курсы. Сарқан ауданы. (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» оқу-әдістемелік нұсқауының мұғалімдерге де, оқушыларға да сабақ барысында өз септігін тигізгенін берілген жауаптары нәтижесінде көре аламыз. Сонымен қатар, болашақта оның толықтырылған нұсқасын көргісі келетіндерін де атап өтті.

Зерттеу жұмысымыз негізінде 2023 жылы ҚР ӘМ Ұлттық зияткерлік меншік институты. "Тарихи өлкетану» пәні бойынша «Сарқан ауданының киелі жерлері». 2023 жылғы 28 наурыз №34017 авторлық куәлік алынды (Қосымша Е).

Зерттеу жұмысы барысында жасалған сауалнамалардан өзге, мерзімді баспасөз беттеріндегі мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны бойынша шығарылған мақалалар сараланған болатын.

Қазақстанның әр өңірінде «Қазақстан тарихы» тақырыбында коммеморативті тәжірибелер мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізілуде. Атап айтқанда, «травматикалық жады» негізінде тарих пәнінің мұғалімдері «тарихи», «әдеби» кештер түрінде еске алу бейнесін өткізеді. Жалпы тарихи сыныптан тыс сағаттарды көрсетсеңіз, Ақтөбе облысы Қобды ауданы Бегалы негізгі мектебінің тарих пәнінің мұғалімі О. Мұханбетжанов көне заманнан бүгінгі күнге дейін «Тарих беттерінен» атты сыныптан тыс жұмысты құрастырып, тарихи кезеңді көрсетуге тырысты [110, 80-85 бб].

«Нұрсұлтан Назарбаев Білім қоры» қоғамдық қорының «Арыстан» мамандандырылған лицейінің филиалы тарих пәнінің мұғалімі А. Мамбедиярова Қазақстан тарихынан «Халық тарихын айқындаған оқиға мен тұлғалар» тақырыбында жүргізді, онда Қазақстан тарихын және тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенімізді көрсетті (Әбілқайыр хан, «Алашорда»

(Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Жұмабаев), Н. Назарбаев) және соңында жерлестеріміз қатысқан Ауған соғысын атап өтті [111, 82-86 бб].

Егер мерейтойлар бойынша атап өтілсе, 2020 жылы Абайдың 175 жылдығына, әл-Фарбидің 1150 жылдығына және Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына Қазақстанда «мәдени жады» бойынша естелік тәжірибелер мен сыныптан тыс сабақтарды көрсетуге болады (бұдан әрі Екінші дүниежүзілік соғыс). Абайдың 175 жылдығына орай Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласындағы №9 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі В. Жолмұхамбетова «Абай әлеміне саяхат» атты әдеби кеш өткізді [112, 81-85 бб].

Алматы қаласындағы «М. Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейі» КММ жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі А.Т. Медетбекова «МКБ оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу» тақырыбында № 2 мектеп-лицей лицейінен тыс іс-шара өткізді. М.Мәметова ҰОС ардагерлерінің ерлігі мен төзімділігі үлгісінде». Бұл шарада мектеп оқушылары ата-әжелері айтқандай Екінші дүниежүзілік соғыс туралы қатысушылардың аузынан айтып берді [113, 80-85 бб].

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында өткен тағы бір шара Петровская орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі В. А. Ибраимова Ұлы Жеңістің 75 жылдығына «Тағзым саған, Жеңіс сарбаздары!» тақырыбына арналды. Ол спектакль түрінде орындалды. Оқушылар Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылардың рөлін сомдады [114, 83-87 бб].

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы, М. Өтемісов атындағы облыстық мектеп-интернатының тарих пәнінің мұғалімі А. Нұғманова «Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл» тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізді [115, 40-45 бб].

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Тарих, археология және этнология» факультетінің 2-курс магистранты Ә.Б. Садықова «Әбу Наср әл-Фарабидің 1150 жылдығы» күні сыныптан тыс сабақты қалай өткізу керектігін және сабақ барысында осы тақырып бойынша оқушылардың нені қолдануға болатынын көрсетті [116, 85-87].

**І тарау бойынша қорытынды.** Заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны анықталып, оларға тоқталып, талдау жасалды. Талдау барысында көптеген авторларды саралап, олардың еңбектеріне тоқталып, саралау барысында Қазақстанда қазіргі таңда заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны теориялық жағынан аздап зерттелу барысында болса практикалық жағынан әлі де болса көп ізденістерді қажет ететіндігі, оларды сабақ барысында қолдану бойынша материалдар өте аз. Сондықтан да зерттеу жұмысымызда осыған басты назар аудардық.

Зерттеу мәселесінің деректік қоры және тарихнамасына сипаттама беріліп, аталып отырған тақырып аясында зерттелген еңбектер мен деректерге талдау жасалып, олардың маңызыдылығын көрсетілген. Қарастырылған еңбектер жұмыс барысында өз маңыздылығ тапты. Деректік қорында архив құжаттары сараланып, басшылыққа ХХ ғасырларда мектепте тарих пәнінің жүргізілуі, пән аясындағы шығарылған оқу-әдістемелік еңбектер, сабақтың

жүргілуіне назар аударылды. Сонымен қатар, коммеморативті тәжірибелердің жүргізілу барысы, сыныптан тыс іс-шаралар, тәрбие жоспарларындағы басты тараулар және т.б. материалдар алғаш рет қаралып, саралынды. Сол кезеңдегі тәрбие жоспарларындағы тараулардың атаулары мен қазіргі тәуелсіздік тұсындағы тараулар атау сәйкес және бір бағытта жүргізілгендігі, ұстанымдарының бір болғаны.

# 2 ХХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ: ТАРИХЫ, КОММЕМОРАТИВТІ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАДЫНЫҢ ОРНЫ

## 2.1 Жадының орны: орналасуы, жіктелуі және сипатталуы

Алматы облысы бойынша коммеморативті тәжірибелер мен жадының орнын анықтамас бұрын, олардың медиа алаңдағы рөліне тоқталмас бұрын, алдымен өңірдің тарихына жалпы шолу жасап, киелі жерлері, орналасуы туралы айқындасақ.

Алматы облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылды. Облыс Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында орналасқан. Оның аумағы 224 мың шаршы метрді құрайды. Облыста 16 ауылдық округ және 3 облыстық бағыныстағы қала бар (Қапшағай, Талдықорған, Текелі).

Облыс аумағында 1559,5 мың адам тұрады, соның ішінде қала халқы - 451,5 және ауылдық - 1108 мың адам. Халықтың саны 100-ден астам ұлттар мен ұлыстардан тұрады: қазақтар (54,9%), орыстар (26,4%), ұйғырлар (7,6%), украиндер (1,4%), немістер (1,3%) және басқалар.

Алматы облысы жер үсті және жер асты суларының мол ресурстарына ие. Облыс аумағында: Іле, Лепсі, Қаратал, Көксу, Басқан, Ақсу, Тентек, Өсек, Ырғайты, Шілік, (Шілік) Күрті және басқа өзендер бар. Ірі көлдері - Балқаш, Алакөл, Жалаңашкөл, Сасыққөл. Іле өзенінде Қапшағай, Шілік өзенінде - Бартоғай, Күрті өзенінде - Куртинское су қоймалары салынды.

ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастап облыстың әкімшілік-аумақтық бөлінісі, демографиясы, халықтың табиғи өсімі, миграция, білім беру мекемелері туралы мағлұматтарды төмендегі кестелерден көруге болады [117].

Келтірілген мәліметімізге қосымша ретінде Алматы облыстық мемлекеттік архивінен де алынған құжаттарды көрсетуге болады. 1998-1999 жылғы орта білім берудің жағдайы туралы облыстың паспортында: [108]. І Қысқаша сипаттама бөлімінде: Алматы облысы 1932 жылы құрылды. Оның территориясы – 2240 мың км. алып жатыр. Облыс құрамында 16 аудан орналасқан: Алакөл, Ақсу, Балхаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қаратал, Қарасай, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Райымбек, Сарқан, Талғар, Талдықорған, Ұйғыр. 3 қала: Текелі, Талдықорған, Қапшағай. Халқы – 1632,9 мың адам, қалада – 494,8 мың адам, ауылда – 1138,1 мың адам. Облыста 100 ден астам ұлт өкілі тұрады. Оның ішінде:Қазақтар - 54,9 %; Орыстар – 26,4 %; Украиндықтар – 1,4 %; Ұйғырлар – 7,6 %; Немістер – 1,3. Облыс орталығы – Алматы қаласы. Екі архивте де 1998 жылғы құжат негізінде бірдей мәліметтер берілген.

Алматы облысы географиялық жағынан Солтүстік Тянь-Шань жоталары (оңтүстігінде), Балқаш көлі (солтүстік-батысында) және Іле өзені (солтүстік-шығысында) арасында орналасқан. Алматы облысы Қазақстанның келесі аймақтарымен шектеседі: батысында Жамбыл, солтүстік-батысында Қарағанды (су шекарасы Балқаш көлі бойымен өтеді), солтүстік-шығыста Шығыс Қазақстан облысы, шығыста облыс облыстармен шектеседі ҚХР

(ШҰАР), оңтүстігінде - Қырғызстан Республикасымен. «Жетісу» географиялық атауы 1840 жылдары Ресей империясының Сібір казак әскері Семей қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай, Балқаш көліне қарай жылжи бастаған кезде пайда болды. Бірінші кезең 1847 жылы Жоңғар Алатауының бөктеріндегі Қапал бекінісін салумен аяқталды. Содан кейін «Жетісу» топонимі Жоңғар өңіріне дейін, ал кейінірек – Тарбағатайдан Іле мен Балқаштан Қытай шекарасына дейінгі аумаққа (кейінірек Лепсинский және Копальск уездері) дейін кеңейтілген. Кейіннен Жетісу шекарасына Іле аймағы (Верненский және Жаркент уездері), Зачуйский өлке (Пишпек және Әулиеатин аудандары) және Ыстыққөл (Пржевальский Уезд) территориялары кірді. 1854 жылы Жетісу (орталығы – Верный қаласы бар Жетісу облысы, Жетісу өлкесі) ресми мәртебеге ие болып, атау географиялық номенклатураға енді. Төңкерістен кейінгі алғашқы жылдары, 1924 жылы Қазақ және Қырғыз автономиялық республикаларының шекараларын белгілегенге дейін, Түркістан Кеңесінің құрамында Жетісу губерниясы болды. «Жетісу» сөзі - қазақтың «Жетісуының» ізін қалаушы көшірмесі. Бұл Жоңғар Алатауының тауларындағы трактаттардың бірінің атауы болуы мүмкін деп есептеледі, ол сол кезде Жетісу Алатауы деп аталды. Шамасы, «Жетісу» сөзі «жеті өзеннің» нақты мағынасында емес, «полигидрамнионды» түсінген. «Жетісуды» «Жер ана» деп түсінген деген пікір бар, (қасиетті ел), онда жеті өзен ағып жатыр. Топонимиканың көрнекті маманы Е.Койчубаев, С.К.Кеңесбаев, осы топонимикадағы «жеті» сөзінің мағынасы бар деп санайды «Көп», ал «Жетісу» «өзен жері» ретінде анықталған.

Алматы облысы — Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік бөлік. Жерінің аумағы 224,0 мың км$^2$. Облыс аумағында 16 аудан және 3 облыстық бағыныстағы қала (Қапшағай, Талдықорған, Текелі) бар. Тұрғыны 1882 мың адам (1 маусым 2011ж.). Әкімшілік орталығы — Талдықорған қаласы. Алматы облысы батысында Жамбыл, солтүстігінде Балқаш көлі арқылы Қарағанды, солтүстік-шығысында Шығыс Қазақстан облыстарымен, шығысында Қытай Халық Республикасымен, оңтүстігінде Қырғызстан Республикасымен шектеседі.

Жетісу облысы (қаз. Жетісу облысы, Жетісу облысы) — Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысындағы облыс, 2022 жылы 8 маусымда құрылған. Әкімшілік орталығы – Талдықорған қаласы. 2022 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялап, онда агломерацияға қатысты проблемалардың бар екенін атап өтті. Алматы қаласы мен Алматы облысын екіге – Жетісу және Алматы облыстарына бөлуді ұсынды: «Облыс тұрғындары негізінен Алматы қаласының төңірегінде шоғырланған. Талдықорған қаласында бола тұра Ұзынағаш немесе Талғар мәселесін шешу мүмкін емес. Облыс орталығына жету үшін бүгінде тұрғындар өте алыс жол жүруге мәжбүр. Осы және басқа да жағдайларды ескере отырып, мен Алматы облысын екіге бөлуді ұсынамын – осы өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының

облыс орталығы Қапшағай, ал Жетісудың орталығы Талдықорған болуы керек. Бұл қадамдар осы өңірлердің дамуына игі қадам болады деп ойлаймын» деп Қ. Тоқаев атап өтті.

Облыс 2022 жылғы 8 маусымда Қазақстан Президентінің 2022 жылғы 4 мамырдағы жарлығына сәйкес құрылды.

Жетісу облысы өз шекарасында 1997 жылы таратылған бұрынғы Талды-Қорған облысына сәйкес келеді.

Облыс 8 ауданнан және облыстық бағыныстағы 2 қаладан (қалалық әкімдіктерден) тұрады:

1. Ақсу ауданы – Жансүгіров
2. Алакөл ауданы – Үшарал
3. Ескелді ауданы – Қарабұлақ
4. Қаратал ауданы – Үштөбе
5. Censored ауданы – Сарыөзек
6. Көксу ауданы – Балпық-Би
7. Панфилов ауданы – Жаркент қ.
8. Сарқан ауданы – Сарқан қ.
9. Талдықорған қаласы
10. Текелі қаласы

Алматы облысының экономикалық әлеуеті (потенциал) көп салалы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік пен байланыс және сауда құрылымдарынан тұрады. Өнеркәсіпте электр энергетикасы, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі, ұн, жарма және құрама жем салалары жақсы дамыған. Облыста жеңіл өнеркәсіп, ағаш өңдеу, фарфор-фаянс өндірістері қалыптасқан. 1991 – 1997 ж. өнеркәсіп өнімі 2,6 есе артты. Сонымен қатар, қызылша, картоп, көкөніс, бақша жеміс-жидек және жүзім шаруашылықтары айрықша дамыған. Одан тыс мал ш., құс ш., бал, сүт және қымыз өндірістік шаруашылықтары бар. Балқаш, Алакөл көдерінен сазан, көксерке, табан балық, алабұға ауланады. Алматы облысы Еуропа, Азия және Америка құрлықтарының қырық шақты елімен сауда қатынасын жасайды. Экспортқа шығарылған өнімдерге тері шикізаттары, жүн, аккумулятор, түсті металдар жатады. Сырттан электр аппараттары, есептеу техникасы т.б. құрал-жабдықтар алынады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жылы 22 сәуірде Талдықорған облысы таратылып, Алматы облысының құрамына енді. Ал 2001 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Алматы облысының орталығын Талдықорған қаласына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы уақыттан бастап өлкенің экономикалық, әлеуметтік дамуы жаңаша бағыт алды.

Ел өмірінің қарыштап дамуы үшін экономикалық және әлеуметтік жетістіктер ғана емес, сонымен бірге мәдениет пен өнердің өркениет талабына сай өркендеуі де ерекше орын алады. Елімізде мәдениет пен өнерді дамыту жолында көптеген игі істер атқарылып келеді. Облыста 451 мәдениет

ошақтары жұмыс жасайды, соның ішінде: 214 кітапханалар, 208 клуб және мәдениет үйлері, 26 музей, 2 галерея, Б. Римова атындағы облыстық театр, Сүйінбай атындағы облыстық филармония, облыстық халық шығармашылығы орталығы, Алматы облыстық тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау орталығы бар.

Көрсетілген мәліметтер негізінде Алматы облысының құрылғанына 80 жыл толуына орай (1932-2012 жж.) «Жетісу асулары» [84, 125 б.] атты құжаттар мен материалдар жинағы еңбегінде Алматы облысының әкімшілік-аумақтық, демография, халықтың табиғи өсімі, миграция, білім беруі соңғы 80 жылдағы өсу барысы туралы төмендегі кестелерде көрсетілген:

Кесте 3 - Әкімшілік-аумақтық бөлініс

| | **1932** | **1951** | **1971** | **1991** | **2002** | **2012** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Аудандар | 18 | 23 | 20 | 23 | 16 | 16 |
| Қалалар (облысқа бағынышты) | 1 | 1 | 4 | 4 | 3 | 3 |
| Жұмысшылар қыстағы | 3 | 12 | 16 | 18 | 15 | - |
| Ауылдық округтер | 195 | 280 | 178 | 264 | 234 | 251 |
| Қалалық әкімдіктер мен кенттік округтер | 9 | 16 | 25 | 22 | 24 | 11 |
| Ауылдық елді мекендер | 3110 | Х | Х | 841 | 811 | 759 |

Кесте 4 - Демографиялық көрсеткіш

| | **Барлығы** | **Соның ішінде** | |
|---|---|---|---|
| | | **қалаларда** | **ауылдарда** |
| 1940 | 563,1 | 76,0 | 487,1 |
| 1950 | 726,6 | 130,8 | 595,8 |
| 1960 | 1004,4 | 229,2 | 775,2 |
| 1970 | 1312,2 | 360,1 | 952,1 |
| 1980 | 1535,7 | 426,1 | 1109,6 |
| 1990 | 1650,8 | 545,1 | 1105,1 |
| 2000 | 1562,0 | 450,9 | 1111,1 |
| 2012 | 1909,4 | 443,5 | 1465,9 |

Кесте 5 - Миграция

| **Жылдар** | **Келгені** | **Кеткені** | **Миграциялық сальдо** |
|---|---|---|---|
| 1970 | 52,7 | 45,8 | 6,9 |
| 1980 | 72,6 | 76,2 | -3,6 |
| 1990 | 77,2 | 91,8 | -14,6 |
| 2000 | 20,9 | 30,0 | -9,1 |
| 2011 | 46,9 | 41,9 | 5 |

Кесте 6 - Халықтың табиғи өсімі

| | Мың адам | | |
|---|---|---|---|
| | **Туылғандар** | **Қайтыс болғандар** | **Табиғи өсім** |
| 1940 | 24,8 | 12,6 | 12,2 |
| 1950 | 29,7 | 7,2 | 22,5 |
| 1960 | 35,9 | 6,3 | 29,6 |
| 1970 | 31,9 | 7,8 | 24,1 |
| 1980 | 39,3 | 12,1 | 27,2 |
| 1990 | 39,6 | 12,8 | 26,8 |
| 2000 | 22,9 | 14,0 | 8,9 |
| 2011 | 23,5 | 9,1 | 14,8 |

Кесте 7 - Күндізгі жалпы білім беретін мекемелер

| **Жылдар** | **Күндізгі мектептер саны** | **Оқушылар саны, мың адам** | **Мұғалімдер саны, мың адам** |
|---|---|---|---|
| 1932-1933 | 635 | 59,6 | 1,4 |
| 1950-1951 | 823 | 148,9 | 7,0 |
| 1960-1961 | 824 | 199,4 | 11,0 |
| 1970-1971 | 776 | 329,9 | 18,3 |
| 1990-1991 | 751 | 353,9 | 30,2 |
| 2000-2001 | 729 | 353,4 | 30,6 |
| 2011-2012 | 755 | 296,3 | 34,6 |

XX ғасырдың аяғы және XXI ғасыр басындағы Жетісу өңірінің тарихы, коммеморативті тәжірибелері және жадының орнына тоқталсақ. Ең алдымен қазіргі Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласының қалыптасу тарихын сипаттасақ.

Талдықорған қаласын XIX ғасырдың екінші жартысында Гавриловка деп атаған. Гавриловканың қалыптасуы 1868 жылдың күзінің соңында Воронеж губерниясынан келген шаруалар қоныстанушыларымен байланысты. Олар Қаратал өзенінің бойына қоныстануға рұқсат алды. Бірінші көше, бұрын 4-көше, содан кейін Советская көшесі, қазіргі Абылайхан өзен бойымен тез өсті. Қоныс аударушыларға бекітілген жерде қазақтың қыстауы Талқорған (талдармен қоршалған төбе) орналасқан. Бірінен соң бірі нұсқалардан «Гавриловка» атауы қоныстанушыларға жер бөлген шенеуніктің атынан шыққан. Басқа нұсқа бойынша – шаруа қауымдастығын ұйымдастырушының атымен. Келесі нұсқа бойынша – арақ сатқан көпестер Гавриловшылар атынан. Оларды халық «Семиреченские Гавриличи» деп атады. Талдықорған қаласы (бұрынғы Гавриловка) өзінің туылуына Қарабұлақ казактары ауылының тұрғындарының қолайсыздығынан қарыздар. Олар пошта жолында пайда болған Қарабұлақ ауылында Ресей мен Украинадан көшіп келгендерді тіркеуден бас тартты. Содан кейін жаңадан келгендерге Гавриловское ауылы қоныстанған Қараталдың төменгі ағысында жерлер бөлінді. Көп ұзамай Гавриловка Қарабұлақтан үлкен болды. Екатеринославская, Воронеж қаласынан көшіп келгендер және Ресейдің басқа оңтүстік провинцияларынан

келгендер. Гавриловское үлкен ауыл болды. Бұған 1896 жылғы «Гавриловское ауылы туралы» жазбалар дәлел. 1897 жылдың басында онда ғимараттардың салына басталғаны туралы мәлімет айтылған: аулалар – 317, ерлер саны – 1598 адам, әйелдер – 1298 адам. Әрқайсысы - шіркеу, мешіт, ауыл үкіметі, наубайхана, тігін шеберханасы және ауыз үй болды. Мұнда екі ағаш шеберханасы, үш Таверна, 64 сауда дүкені, үш тері илеу зауыты, бес май құйғыш және 33 диірмен болды. Ауылдағы барлық ғимараттар тек қана қыштан тұрғызылған. Гавриловкада әкім (ауыл старшинасы) бастаған өзін-өзі басқару (жиын) болды. Мұнда ауылдық сот, аудандық сот, Қапал ауданының магистраты, Алтын-Емел ауданының сот приставы, Гаврилов аудандық соты, дәрігер, пункт дәрігері болды.

Қарабұлақ пошта бекетінде 15 вагон, 5 вагон және аттар болды. Оқу орындары ерлер мен әйелдердің приходтық мектептерімен, Капальск төменгі мектебімен, Қаратал алқабындағы 12 версттік сарай және ауылшаруашылық мектебімен танымал. Естеліктерден өлкетанушы Н.А. Абрамова: «бұл ауданды орта ғасырларда мекендеген». Ол сонымен бірге ойрат (қалмақ) монастырларының бірінің қирандылары туралы хабарлайды. 1860 жылы, оның мәліметі бойынша, Лаба тауында 16 ғимараттың іргетасы болған, аңыз бойынша – ламаисттен монастырь. Гавриловканың тартымдылығы Әулие Джон Теологиялық Шіркеуі болды. Кеңес үкіметі кезінде ғибадатхана жабылды. Базар алаңындағы шіркеу қалалық радио орталығына айналды; XX ғасырдың 80 жылдары облыстық партия комитетінің шешімімен ол қиратылды. Ауылдың шетінде орналасқан шіркеу монша мен кір жуатын орынға айналдырылды. «Бұл монша ақ болса да, бірақ бұрынғыдан да жаман болды. Ол жылына бірнеше күн ғана жұмыс істеген. Тұрғындар оның жұмысы туралы қоңырау соғылған кезде білді. Егер олар үш соққыны аралықпен ұрса, онда олар еркектерді шақырды, егер төртеу, әйелдер шақырылды» (Жер аударылған қоныстанушы А.М. Топоровтың естеліктерінен). Гавриловкаға жақын жерде, үш верстта, біртіндеп ауылмен біріктірілген Талкорған атты сауда орны болды. Бүгінгі кірпіш зауытының орнында саяжайлардың алдында ежелгі Талды қонысы болған.

1913 жылдың қараша айында Алтын – Емел учаскелік приставы облыстың әскери губернаторына: «Гавриловка қыстағында 586 түтін, оларда тұрақты 4600 тұрғын тұрады. Әртүрлі жұмыстардан түсетін қоғамдық кіріс 14 мыңға дейін жетеді. Бұл жақсы уездік қала» – деп жазды. 1914 жылдың қазан айында селода «Гаврилов парағы» атты газет шыға бастады, оның алғашқы саны 1914 жылы 5 қазан күні жарық көрді. 15 наурызда Гаврилов селосында Кеңес үкіметі орнады. 1922 жылы 2 сәуірде Қапал уезі Талды Қорған деп өзгертіліп, Қапал уезіндегі Гаврилов қыстағы Талды-Қорған уездік селосы деп аталады. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Бұйрығы бойынша 1944 жылдың 15 наурызынан 20 мың тұрғыны бар елді мекен Талды-Қорған қаласы болып құрылды. Сол жылдары қалада 2 өнеркәсіптік артель, 2 колхоз, МТС, сыразавод, наубайхана, медбикелер мектебі, 2 жеті жастағы балаларға арналған мектеп, 2 бастауыш мектеп жұмыс жасады. Облыс және қаланың

құрылуына байланысты облыс орталығында көп қабатты үйлер, өндірістік кәсіпорындар құрылысы басталды, қала абаттандырылды.

Қала салынып, кеңейе бастады. Алайда 1959 жылы маусым айында облыстың қысқаруына байланысты құрылыс жұмыстары тоқтап қалды. 01.01.1963 ж. жағдай бойынша қалада 5482 жұмысшысы бар 22 жергілікті және мемлекеттік өндіріс мекемесі болды. Солардың ішіндегі ірілері: 1074 жұмысшысы бар XXII партсъезд атындағы тігін фабрикасы; 685 жұмысшысы бар аяқ киім фабрикасы; 325 адам жұмыс істеген жеміс-жидек өндіретін завод; 400кВт қуаттылығы бар гидроэлектростанция салынып, іске қосылды. Мектептердің саны көбейіп, ондағы оқушылар саны 21 400 адамға жетті. 1961 жылдан бастап қаланы газдандыру басталды. Оқу орындарының жүйесі мейлінше кеңейді. 1967 жылдың желтоқсан айында Талды-Қорған облысы қайта құрылып, қала қайтадан облыс орталығы болды.

70 жылдары аккумулятор және металл ойыншық заводтарының құрылысы басталды. 1976 жылдан 1980 жылдар аралығында 10 бесжылдықта 7 кәсіпорын, 60 цех және учаскелер іске қосылды. 80-ге жуық кәсіпорын, цех, учаскелерде 4 мыңға жуық өндіріс озаттары 11 бесжылдықтың есебіне аянбай еңбек етті. Осы жылдарда қала тек өнеркәсіпті болып қоймай, облыстың мәдени орталығына да айналды. Сол кезде І.Жансүгіров атындағы ТКПИ (қазіргі І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті), 6 кәсіптік-техникалық училище, 12 жалпы білім беретін мектеп, ғылыми жобалау институтының 4 филиалы жұмыс істеді. Қалада облыстық тарихи-өлкетану музейі (қазіргі облыстық М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейі), драм театр (қазіргі Б.Римова атындағы драм театры), 6 кинотеатр, оншақты клуб пен кітапханалар болды. Қаланың денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасы нығайды. Тіс емханасы мен көз ауруларын емдеу орталығы ашылып, облыстық емхана мен облыстық балалар емханасы салынды.

Келесі жылдары Талдықорған жақсарды және дамыды. Тек 1992 жылғы статистикалық басқарманың көрсеткіштері бойынша осында 38 өнеркәсіп кәсіпорны, 79 құрылыс ұйымдары, 28 жол қатынасы кәсіпорны, 78 сауда, қоғамдық тұтыну мен коммуналдық тұрмысқа қызмет көрсету кәсіпорындары жұмыс істеді.

1 институт, 24 мектеп, 7 кәсіптік-техникалық училище, 6 арнаулы орта білім беретін оқу орны, 33 медициналық мекеме, 1 театр, 2 музей, облыстық филармония, 11 кітапхана, 6 кинотеатр, мәдени және демалыс паркі, көрме залы және 2 газет жарыққа шығып отырды.

Қаланың негізгі байлығы әрине оның халқы болды және бола да береді. Сол кездегі халқының саны 70 ұлттан тұратын 135,2 мың адамды құрады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жылы 22 сәуірде Талдықорған облысы таратылып, Алматы облысының құрамына енді. Қаладағы халық саны 133,4 мың адамды құрады.

2001 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Алматы облысының орталығын Талдықорған қаласына көшіру

туралы» Жарлыққа қол қойды. Талдықорғанның облыс орталығы статусын алуы оның дамуына күшті әсер етті. Қала жаңа талаптарға сай есеп бере бастады. Сол кезде қалада 70-тен астам ұлт пен ұлыстың өкілдерінен құралған 116,0 мың адам тұрды.

Қала халқы 150,6 мың адамды құрайды. Соның ішінде: қазақтар – 90,6 мың адам; орыстар – 36,8 мың адам; кәрістер – 5,2 мың адам; немістер – 1,6 мың адам; ұйғыр – 0,9 мың адам. Қаланың құрамына 10 елді мекен кіреді. Өнеркәсіптік базасы 24 ірі және орта кәсіпорындар болып табылады. Талдықорған өсімтал шаруашылық жүргізуге топырақтық–климаттық жағдайы өте қолайлы. Мұнда суармалы және тәлімді жағдайда астық, көкөніс, бақша дақылдары, қанттық қызылша, картоп өсіріліп, бағбандық дамытылуда. Соңғы жылдары мал шаруашылығында мал басын арттыруды мақсат етіп отыр. Ауылшаруашылық өнімін өндірумен 33 ауылшаруашылық кәсіпорын, 386 шаруа қожалығы және 77 қайта өңдеу кәсіпорны айналысады. Қала аймағында 899 кіші бизнес кәсіпорны жұмыс істейді. Қаланың әлеуметтік өрісінің дамуына да жақсы негіз бар. Ол І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 1 жекеменшік ЖОО (ВУЗ), 10 арнаулы орта оқу орындары, 25 жалпы білім беретін мектеп, 2 жекеменшік мектеп, 3 мектеп-интернат және 10 бала-бақша жұмыс істейді. Қала халқына дәрігерлік қызмет көрсетуді 32 емдеу-сауықтыру мекемесі қамтамасыз етуде. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін қалада «Жетісу» стадионы, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ стадионы, «Өркен» спорт кешені, ипподром, 55 спорттық зал және жабық бассейн жұмыс істейді. Қала тұрғындары мен қонақтары облыстық М. Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайын және І. Жансүгіров атындағы әдеби мұражайды, Көркемсурет галереясы мен облыстық Б.Римова атындағы драм театрды тамашалай алады. 2 кинотеатр, сонымен қатар 11 кітапхананың қызметін пайдалана алады. Қалада хабарландыру жүйесі де жақсы дамыған. Үнемі қалалық газеттер мемлекеттік және орыс тілдерінде жарыққа шығады және теледидардан қалалық және коммерциялық каналдар көрсетіледі. Тарихи және мәдени мұраның көзі ескерткіштер болып табылады. Мешіттер мен шіркеулер де бар. 8 саяси партия, 14 халықтық-мәдени орталық, 22 мәдени бірлестік қызмет атқарады.

Талдықорған қаласының гүлденуі мен дамуының кепілі – азаматтық бейбітшілік пен тұрақтылық.

Алматы облысының «Мәдени, архив және құжаттарды басқару» басқармасының мәліметі бойынша қазіргі кезде Алматы облысында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерінің соңғы 2020 жылғы санақ бойынша, жалпы саны - 2400:

Жергілікті маңызы бар – 1519:

- археологиялық ескерткіштер – 1250;
- қала құрылысы және сәулет ескерткіштері – 269.

Алдын-ала есепке алу тізімінде – 804:

- археологиялық ескерткіштер – 612;
- қала құрылысы және сәулет ескерткіштері – 192.

Бүкіл әлемдік мәдени мұра тізіміне енген – 4;

Республикалық маңызы бар – 12;

Табиғи ескерткіштері – 7;

Жаңадан орнатылған ескерткіштер – 30;

Мемориалды тақталар –24 [119].

«Мәдени, архив және құжаттарды басқару» басқармасының мәліметі бойынша қазіргі кезде Алматы облысында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерінің соңғы 2020 жылғы жүргізілген санағы бойынша қарасақ тарихи-мәдени мұралар кестесі негізінен үш түр бойынша жасалған: 1) қала құрылысы және сәулет ескерткіштері; 2) археологиялық; 3) табиғи ескерткіштер; ішіндегі: қала құрылысы және сәулет ескерткіштері бойынша Республикалық және әр ауданға кіретін, қайталанатын, тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштер де бар. Олар:

- Аңырақай шайқасына арналған ескерткіштер;
- ҰОС ардагерлеріне арналған (барлық аудан, ауылдарда);
- 1916 ж ұлт-азаттық көтеріліске қатысты ескерткіштер;
- Ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіштер 1932-1933;
- Саяси-қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштер;
- Ауған соғысы ардагерлеріне арналған екерткіштер;
- І. Жансүгіровке арналған ескерткіштер;
- М. Тынышпаевқа арналған ескерткіштер;
- М. Төлебаев және т.б.

археологиялық ескерткіштер: олар әр аудан және ауылдарға өздерінің орналасуына байланысты сол аймаққа тән;

табиғи ескерткіштер: олар әр аудан және ауылдарға өздерінің орналасуына байланысты сол аймаққа тән.

Француз ғалымы рухани және материалдық тәртіп бірлігі уақыт өте келе ұлттық жад мұрасының символдық элементіне айналады деп көрсете отырып, жад орнына барлық тарихи оқиға, құбылыс, географиялық орындар, ескерткіштерді жад орны категориясына енгізді.

Сонымен бірге Пьер Нора жад орны деректерінің классификациясын жасап оны былай бөлді: топографиялық (мұрағат, кітапхана, музей), монументалды (мазарлар мен архитектуралық орындар), символикалық (коммеморативтік рәсім, қажылық, атаулы мерекелер) және функционалдық (оқулықтар, өмірбаян, мемуарлар). Бұлардың барлығы құндылықтар өткен дәуірдің куәгерлері, мәңгіліктің иллюзиясы деп бағалады [13,35].

Алматы облысының «Мәдени, архив және құжаттарды басқару» басқармасының мәліметі бойынша қазіргі кезде Алматы облысында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерінің санын атап, оларды саралай келе П. Нора бойынша үш аспектіге жіктеп көрсетуге болады:

**П. Нораның айтуынша «еске алу» орындары өз алдына үш аспектіні негіздейді:**

| Материалдық | Символдық | Функционалдық |
|---|---|---|
| **Материалдық:** **Ақсу ауданы:** «Ешкіөлмес» жайлауы. **Балхаш ауданы:** IX-XIII ғ.ғ.Қарамерген қалашығы. **Жамбыл ауданы:** Петроглифтер (Тамғалы, 1-топ), қола дәуірі, ерте темір дәуірі. **Көксу ауданы:** Ортағасырлық «Дөңгене немесе «Екіоғыз» қонысы, қола дәуірі. **Сарқан ауданы :** «Қойлық» будда храмы | **Символдық:** М.Тынышпев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі; Ш.Уәлиханов атындағы тарихи-өлкетану музейі; І.Жансүгіровке ескерткіші; Даңқ обелискісі; С. Сейфуллин атындағы Жетісу облысынң әмбебап кітапханасы; Жетісу облысының мемлекеттік архиві. | **Функционалдық:** Қабанбай батыр; Райымбек батыр; Ақын сара; Қадырғали Жалаири; М. Тынышпаев; М. Төлебаев. |

Тарихи-мәдени ескерткіштерге, яғни оларға жеке дара тоқтап, жеке жіктеп көрсетсек, ал енді төменде жалпы Алматы облысы бойынша киелі жерлерінің тарихын, әр ауданға бөліп Қазақстан тарихының әр кезеңдеріне жіктеп көрсететін боламыз:

Ақсу ауданы негізінде көрсететін болсақ: Қызылтаң елді мекені Қызылтаң ауылынан 2,5 шығысқа қарай, Сага-Биен қонысынан солтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан.

Түрген елді мекені Қара-Кемір ауылының маңында, Түрген өзенінің оң жағалауында, шатқалдан шығатын жерде орналасқан. Керамика X-XII ғасырлардан басталады.

Алакөл ауданы: Көктұма қонысы (ортағасырлық Гаган қаласы, Карантия) Көк-Тұма ауылында Алакөл көлінің оңтүстік-батысында табылды және зерттелді. Ол Жетісудың шығысында экстремалды. Қала қазіргі Көктұма ауылының аумағында орналасқан. Бұл елді мекенді 1957 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы зерттеген. IX ғасырдағы ортағасырлық Көктұма қонысы Кимактардың Дамурия аймағының орталығы болды.

Ескелді ауданы: Ешкіөлместің петроглифтері. Жетісудың алғашқы өнерінің ең үлкен ескерткіші - Ешкіөлмес тауларындағы петроглифтер -

олардың саны 10 000-нан асады. Жыл сайын жаңа сызбалар табылуда. Ежелгі бейнелер оңтүстік беткейлерге бағытталған. Ешкіөлмес жотасы - Жоңғар Алатауының батысы. Ол ендік бағытта шамамен 30 км қашықтыққа созылып, Алматы облысы Ескелді ауданының аумағында, Талдықорған қаласынан оңтүстікке қарай 30 км жерде орналасқан.

Баян-Жүрек петроглифтері. Баян-Жүрек тауларындағы (кейінгі қола дәуірі) жартастағы суреттер Қапал ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 15 км жерде орналасқан. Бірнеше ежелгі қоныстар Баян Жүрек тауының етегінде орналасқан. Айна-Бұлақ елді мекені Талдықорған-Арасан жолының сол жағында орналасқан. Ол атаусыз ағынның жағасында орналасқан және бірінің жанына бірі орналасқан үш төртбұрыштан тұрады. Олар шартты түрде Айна-Бұлақ I, II, III болып белгіленеді. Арасан елді мекені (Найман-Қала) Биан өзенінің сол жағалауында, Арасан ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2 км жерде орналасқан. Көтергіш материал сайтты 11-12 ғасырларға жатқызуға мүмкіндік береді. Ащы-Өзек елді мекені Ащи-Өзек өзенінің сол жағалауында орналасқан. Қапал елді мекені Қызыл-Ағаш ағынының сол жағалауында, Қапал ауылынан батысқа қарай 3 км жерде орналасқан. Қарабұлақ елді мекені (ортағасырлық Сараус қаласы, «Сираус») Тентектің саласы Дорбак өзенінің сол жағалауында, Қара-Бұлақ ауылының шығыс шетінде, Учаралдан оңтүстік-батысқа қарай 8 км жерде орналасқан.

Іле ауданы: Палеолит кезеңі Алматыда Жамбыл облысында ашылған тас дәуірінің соңғы кезеңіне жатады. Аймақ тас дәуіріндегі бірегей археологиялық ескерткіш - Майбұлақ орны. Бұл бүгінде Жетісудағы алғашқы адамдардың алғашқы орны. Автотұрақ болды. Археолог, профессор Ж.Қ.Таймағамбетов ашқан және зерттеген (2004-2007). Майбұлақ учаскесі Алматы қаласынан батысқа қарай 44 км және оңтүстік-батыстан 1,5-2 км жерде орналасқан. Фабричный ауылынан (Қарғалы), Іле жотасының солтүстік баурайының төменгі есептегіштерінде Алатау. Жәдігерлердің жалпы коллекциясы 2036 дана.

Жетісудың тағы бір кезеңі Андронов мәдениеті. Бұған қола дәуірінің ескерткіштері: қоныстар, қорымдар, тасқа салынған суреттер. Археологиялық орындар кең көлемде орналасқан Құлжабасы жотасы мен Шу-Іле таулары арасындағы алқап, Ойжайлау трактісі мен таулары Анрахай (Анракай). Жетісудың солтүстік-шығысында өзен аңғарында ескерткіштер табылды. Көксу және Жоңғар Алатауының биік таулы үстірттерінде, Баян-Жүрек тауларында, өзен аңғарларында Көлсай мен Шілік. Орталық Жетісуда ескерткіштер тау бөктеріндегі аймақта - жылы табылды Майбұлақ трактісі, Алматы қ. Ақсайна ауылының маңында, Алматы қаласы және биік таулар. Асы өзенінің аңғарындағы аудандар. Бастап Жетісудағы Андроново қонысы б.з. 2 мыңжылдықтың ортасында пайда болды Тамғалы трактіндегі, таулы жердегі қорымдардың ескі бөлігі Анрахай және Киндиктас. Шамамен бір уақытта халықтың топтары алға жылжыды. Көксу мен Қаратал өзендерінің аңғарына, Жоңғардағы тау бөктерінің негізгі қонысы Алатау б.з.д. XII-X ғасырларға жатады. Өтпелі кезеңде, қола дәуірінің соңында, Талапты елді

мекендері (б.з.д. XIII-X ғасырлар) Көксу және Тереңқора өзендерінде, Алматы қаласы, Баян-Жүрек тауларындағы Тасбас (б.з.д. IX-VIII ғғ.), Серіктас (б.з.д. IX-VIII ғғ.) елді мекендері жатқызылады [77].

Кеген ауданы: Сарытоғай I, II, III қорымдары өзеннің оң жағалауындағы террасаларда орналасқан. Шарын, үйінділер таспен топырақтан жасалған, түбінде тас сақиналары бар, бір қорғанның шаршы орналасуы бар. Мойытоғай I, II қорымдары да өзеннің оң жағалауындағы террасаларда орналасқан. Қорғандар тастан таспен тұрғызылған, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылған тізбектер түрінде орналасқан.

Алматы облысының аумағындағы археологтар үйсіндердің қоныстарын зерттеді. Соның бірі – Кеген алқабындағы Ақтас елді мекені. Қазіргі кезде Іле Алатауының тау бөктерінде, Тянь-Шань тауларында 1994-2004 жылдар аралығында үйсіндердің ондаған елді мекендері табылды.

Екі-оғыз елді мекені Көксу өзенінің аңғарында, Талдықорғанның шығысында, Балпық-би ауылында орналасқан.

Панфилов ауданы: Ежелгі Иланбалық (Илебалық) қонысы Панфилов ауданының аумағында табылды. Қаланың атауы 1254 жылы Моңғолдардың астанасы - Қарақорымға жету жолында Жетісу арқылы өткен армян патшасы Гетум I (Гайтон) маршруттық кітабынан табылды. Ол оны Иланбала деп атайды. Басқа деректерде қала Иланбалик және Иланбалық деп аталады, бұл «Іле өзеніндегі қала» дегенді білдіреді.

Сарқан ауданы: Ағарту елді мекені Ащы-Бұлақ өзенінің оң жағалауында, Антоновка ауылынан солтүстік-батысқа қарай 10 км жерде орналасқан. Ежелгі Ағашақ қонысы - бұрыштары мен периметрі бойынша қабырғалармен және мұнаралармен қоршалған төртбұрышты құрылым. Ескерткіш үлкеннен солтүстікке қарай Ақтам елді мекенін 25 км жерде орналасқан. Ақ-Молла елді мекені Лепса өзенінің сол жағалауында орналасқан. Елді мекен - бұл барлық жағынан биіктігі 2м қамалмен қоршалған трапеция тәрізді аймақ, үш жағынан орналасқан.

Кезінде орта ғасырлардың ірі орталығы болған Карлук Джабгу астанасы болған Қойлық (Антоновка) елді мекені. Қала орта ғасырлардағы Плано Карпини мен Вильгельм де Рубруктың батыс еуропалық саяхатшыларының жазба ескерткіштерімен танымал. Іле алқабындағы христиандардың Койлықта өздерінің шіркеуі болды, қала тек үлкен болған жоқ орта ғасырлардың сауда-саяси орталығы, онда әртүрлі діндердің өкілдері мекендеген: несториандық христиандар, буддистер және манихейліктер. Ең жарқын ескерткіштер - бұл мүліктердің, қоғамдық моншалардың, су құбырларының, керамиканың қалдықтары. Мұнда дереккөздерге сәйкес, он рулы қаған әрқашан билеушілер мен старшындардың мақұлдауына ие болған. Қойлық елді мекені - Іле аңғарындағы ең ірі елді мекен, Антоновка ауылының шығыс шетінде, Ащы-Бұлақ өзенінің жағасында орналасқан [77].

Талғар ауданы: Тамғалы тракт. 2004 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген Қазақстанның петроглифтерінің ең үлкен және зерттелген коллекциясы. Тамғалы трактасында 2000-нан астам петроглифтер

бар. Басқа аймақтардағыдай, Тамғалы петроглифтері әртүрлі кезеңдерде, бірақ шатқалдағы негізгі жинақтауды дәуір петроглифтері бейнелейді. Осы уақыттың суреттері ең мәнерлі және айқын табынушылық тақырыптарға бай. Соңғы кезге дейін Жетісуда ұқсас бейнелер жоқ деп қабылданған, бірақ Тамғалыдан батысқа қарай 50 км жерде және Ақ-Қайнар бұлағының жанында Тамғалы петроглифтеріне өте жақын Құлжабасы тауларында петроглифтердің табылуы бүкіл қабатты ажыратуға мүмкіндік берді, шығыс Жетісудан айтарлықтай ерекшеленеді.

Аққайнар шатқалы Құлжабасының сілемдерінде орналасқан. Аққайнар петроглифтері өте мәнерлі. Тасқа салынған суреттердің негізгі бөлігі суреттер қола дәуірі, кішірек - ерте темір дәуірі. Есік қорғаны. Есік қаласының шетінде 1969-1970 жж. археологтар қазір бүкіл әлемге кеңінен танымал болған сақ сақтарын қазды [77].

Бесшатыр қорғандары. Қорым сақ патшаларының 31 қорғанынан тұрады. Тянь-Шань шыршаларының бөренелерінен жасалған шифрлар қорғандардың астында салынған. Ертедегі бұл ерекше ескерткіш көшпенділер «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық паркі аумағында Іле өзенінің жоғарғы ағысында, Алматыдан 170 км жерде орналасқан. Алматыдан онша алыс емес, Іле Алатауының солтүстік беткейлерінің далалы және тау бөктеріндегі аймағында, Талғар, Цыганка, Талды-Бұлақ өзендерінде үйсіндер кезеңіндегі 40-қа жуық елді мекен табылды. Жақсылық елді мекені Талғардан солтүстік-шығысқа қарай 55 км жерде, Жақсылық трактісіндегі Көтенсай өзенінің сол жағалауында орналасқан. Қоныстану Х - XIII ғасырдың басына жатады. Тарау бойынша жалпы Алматы облысының киелі жерлері аясындағы материалдармен Ж Қосымшасында қарастырылған.

Алматы облысы тарихына  және онда орналасқан киелі жерлерге тоқталып, П. Нора бойынша үш аспектіге негіздеп: материалдық, символдық және функционалдық негізде Жетісу өңіріндегі ескерткіштерді саралауға болады. Жұмысымыз негізінде қойылған тұжырымдарымыздың бірі ретінде көрсетілді.

Алматы облысының диссертациялық жұмысымыздың негізі ретінде алынған мақсаты ашылып көрсетілді.

## 2.2 Алматы облысындағы коммеморативті тәжірибелері және олардың медиакеңістіктегі көрінісі (тәжірибелердің түрлері)

Бүгінгі қоғам XXI ғасыр жаңа инновациялық технологияларды меңгере отырып, оларды оқу жүйесінде іске асырып, алға қадам басатын, жастарымыздың оларды терең меңгеруіне жол ашылған орта болып табылады. Сондықтан алдымен Алматы облысындағы коммеморативті тәжірибелер және олардың медиакеңістіктегі бейнеленуіне тоқталмас бұрын, жалпы «медиа» дегеніміз не? Оны қалай түсінеміз және ғалымдар қалай түсіндіруде деген сауалдарға жауап берсек.

Антрополог ғалым Доминик Бойердің айтуынша 1970 жылдары танымал бола бастаған «media» термині «айналамыздағы әлемді» қалай түсінетінімізге өз үлесін қосып, теориялық және эмпирикалық маңызды категориялар негізінде көрініс тапты. «Медиа» терминінің негізгі түсінігін канадалық философ Маршалл Маклюэнең алғаш атай бастаған. 1960 жылдары тар мағынасында «масс-медиа», «ақпарат» ретінде айтылып жүрген. Ал орыс ғалымдары ол терминнің аясын тарылтып «бұқаралық ақпарат құралдары» (БАҚ) ретінде көрсеткен. Ал жалпы «media» және «memory» терминдері арасындағы байланыс, пәнаралық аймақ 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында қалыптасты. Осы кезеңге дейін жекеден жалпыға өту, еске сақтау сияқты негізгі теориялар «memory studies» терминімен байланысты болған. Барби Зелизер 1995 жылы өз еңбегінде: «Топтық жадының материалдық өлшемін оқытуға шақырған «медиа» қалай және қандай түрде еске алу актілеріне көмектесе ме? Әлде қарсы ма? Ол әлі күнге дейін түсініксіз» - деп атап өткен. Б.Зелизердің бұл еңбегіне қатысты пікірді 2010 жылы медиа саласында ізденушілердің бірі Астрид Эрлл медиа ол өткен тарихты нейтралды немесе пассивті сақтаушы емес, ол жалпы адам мен оның тәжірибесі арасында қатынас орнатып, қоғамның болашақтағы еске алуын жүзеге асыратын құрал ретінде түсіндірген. Медиа – ол қоғамдық жадыны сол күйінде көрсетпейді, оны өзінің құрылымы мен формасы негізінде береді. «Media» және «memory» арасындағы байланыс жоқ, 2010 жылы неміс мәдениеттанушысы Мартин Зирольд әлі де дұрыс зерттелмеген тақырыптар ретінде айтты. Ғалымның болжауынша медиа-мәдениет байланысын орнату қажеттігін көрсеткен. Бір ғалымдар медианың адамдарға кері әсерін көрсетіп, 24 сағат бойы айтылатын жаңалықтар тарихи жадыны қалыптастыруға өз кері әсерін тигізеді десе, енді бір тобы керісінше ұжымдық жадыға өз үлесін қосатынын атап өткен.

Гарде-Хансеннің айтуынша, ұжымдық жадыны зерттеуші ғалымдар «media» сөзін «mediastudies»-ке қарағанда өзге мағынада қолдануда. «Memory studies»-те «медиа» терминін коммуникация технологиясы және жанр ретінде екі мағынада қолданады. 2000 жылдардан бастап бұл мәселені зерттеушілер саны ұлғаюда. Жады және медиа-мәдениет арасын байланыстыратын алғашқы мүмкіндіктерде айтыла басталды. Гарде-Хансен ұжымдық жадының қалыптасуына әсер ететін сандық медианың 4 түрін атап өтті:

1) дәстүрлі архивтерде материал жинақтауға сандық медиалардың көмегі;

2) өткеніміз бойынша деректерді ақпарттандыру, яғни сұхбат алудың онлайн-жинағы;

3) сандық медиалардың өзін-өзі архивтендіруі (қағазға басылған газеттердің электрондық жинағы, ақпараттардың электрондық жинағы, блогтар);

4) сандық медиалардың өзі архивтің креативті түрі бола алады.

Сандық жады, электрондық технологиялар бүгінгі күні өте жылдам дамуда.

Астрид Эрлл және Энн Ригней мәдени жадыны құбылыс емес, үрдіс ретінде қарастырып, бірнеше диахронды өлшемдерді көрсетті:

Премедиация – жаңа тәжірибенің репрезентациясын түсіндіру үшін қоғамда қалыптасқан медиа сызба негізінде құрылады.

Медиация – қазіргі қоғамға қолжетімді медиа негізінде тәжірибені бекіту.

Ремедиация (Болтер, Грусин) – өткен ақпаратты бір нәрседен екіншісіне жазу.

Гипермедиация – өткенді еске түсіру үшін әдейі белгілі бір медианың астын сызу.

«Media» және «memory studies» арасындағы байланыс, олардың жадыда алатын орны туралы зерттеулер шетел ғалымдарынан бастау алып, бүгінгі таңда осы мәселеге қатысты зерттеулер өте кең таралған. Қазіргі сандық медианың 4 түрі де біздің зерттеп отырған тақырыбымызда маңызды орын алады [18, 167-174 бб].

Қарастырып отырған мәселеміздің негізі, ол Алматы облысы бойынша жалпы аудан мектептерінде қаншалықты деңгейде «коммеморативті тәжірибелер» жүргізіледі? Олар оқушылардың «жадысында» қалай сақталады? Жалпы облыс, аудан, ауылдарда қай мерекелерге, іс-шараларға басты назар аударылады ? Қандай жоспарға негізделіп жасалады? деген сауалдарға жауап іздеу барысында көптеген материалдармен танысып оларды саралап өтсек деген ойдамыз. Осы сұрақтарымызға жауап беруге тырысып көрсек.

Алматы облысы бойынша жалпы 17 аудан және 3 қала мектептерінің сайттарындағы негізгі мәліметтерге тоқталсақ. Облыс бойынша аудан және ауыл мектептерінің сайттары 2017 жылдан бері қолға алынғандығын көруге болады. Ал неге 2017 жылдан бері дейтін болсақ, себебі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылғандығын айта аламыз. Сондықтан да ресми сайттағы мәліметтерді 2017-2020 жылдар аралығын қамтиды және сол аралықтағы материалдар жұмыс барысында қарастырылған.

Осы аталған аудан сайттарындағы ақпараттың негізінде қарастырылған материалдар немесе мерекелерге келетін болсақ, оларды бірнеше түрге бөлуге болады, олар келесідей:

мереке күндері: 1 қыркүйек – білім күні; 22 қыркүйекте тіл мерекесі; 1 қазан – Қарттар күні; 1 желтоқсан «Тұңғыш Президент күні»; 1 наурыз – «Алғыс айту күні»; 22 наурыз – «Наурыз» (Жаңа жыл); 1 мамыр «Халықтар бірлігі мен теңдігі күні»; 25 мамыр «Соңғы қоңырау»;

кәсіби мерекелер: қазан айының бесі «Мұғалімдер күні»;

халықаралық мерекелер: 31 желтоқсан – «Жаңа жыл»; 8 наурыз – «Халықаралық әйелдер күні»;

тарихи оқиғаларға байланысты мерекелер: 16 желтоқсан – «Тәуелсіздік күні»; 17 ақпан – «Ауғанстандағы соғыс ардагерлерін құттықтау күні»; 7 мамыр «Отан қорғаушылар күні»; 9 мамыр «Жеңіс күні»;

Рухани жаңғыру бойынша ағымдағы іс-шаралар (2017 жылы қабылданған Тұңғыш Президенттің «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» (Болашаққа бағдар: руханижаңғыру) бағдарламасы аясында);

- Абайдың 175 жылдығына арналған іс-шаралар (2020);
- Қосымша іс-шаралар - қарастырылуы мүмкін.

Енді әр іс-шараның аудан, ауыл мектептерінде қалай жүргізілетініне тоқтамас бұрын әр ауданда қанша мектептен бар және олар қалай жұмысын жүргізуде соны ашып өтсек:

1. Ақсу ауданы – 34 мектеп;
2. Алакөл ауданы – 45 мектеп;
3. Балқаш ауданы – 21 мектеп;
4. Еңбекшіқазақ ауданы – 79 мектеп;
5. Ескелді ауданы – 30 мектеп;
6. Жамбыл ауданы – 53 мектеп;
7. Іле ауданы – 41 мектеп;
8. Қаратал ауданы – 26 мектеп;
9. Қарасай ауданы – 45 мектеп;
10. Кербұлақ ауданы – 41 мектеп;
11. Кеген ауданы – 32 мектеп;
12. Көксу ауданы – 24 меткеп;
13. Панфилов ауданы – 50 мектеп;
14. Райымбек ауданы – 45 мектеп;
15. Сарқан ауданы – 30 мектеп;
16. Талғар ауданы – 42 мектеп;
17. Ұйғыр ауданы – 33 мектеп;
18. Қапшағай қаласы – 16 мектеп;
19. Талдықорған қаласы – 28 мектеп;
20. Текелі қаласы – 8 мектеп.

Жоғарыда көрсеткеніміздей барлық Алматы облысы, оның ішінде аудан мектептерінде іс-шаралардың барлығы белгілі бір жоспарға негізделіп жасалғандығын көре аламыз. Оны Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылдың 12 сәуірінде қабылдаған бағдарламасы аясында 2017 жылдың сәуір айынан бастап аудан, ауыл мектептерінде өз сайттары ашылып, мектептегі ресми және бейресми атқарылып жатқан іс-шаралар туралы көріп таныса аламыз. Коммеморативті тәжірибелердің негізгі бөлігі аудан көлемінде бірдей деңгейде жүргізілуде. Облыс негізінде түсірілген жоспар, аудан, кейін ауыл деңгейінде іс-шаралар өткізілуде.

Зерттеу жұмысымыз барысында мектептерде жүргізілген іс-шараларды саралай келе, коммеморативті тәжірибелерді төмендегідей жіктеп көрсетсек:

1) тәрбие жоспарынан тыс орындалған қосымша іс-шаралар (тарихи-өлкетану музейлерінің ашылуы, тарихи-мәдени ескерткіштерге саяхат, оқушылар арасындағы музейлерге қатысты сурет салу акциясы):

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) [120] «Б. Садырбайұлы атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (сайт http://sadyrbaiuly-aksu.mektebi.kz) [121] ұстаздары 2017 жылдың 29 карашасында мектеп оқушыларын Ақсу аудандық І. Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейіне саяхатқа алып барып, сол жердегі тарихи-өлкетанулық мәліметтермен таныстырған.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://abai-aksu.mektebi.kz) [122] 2019 жылдың 16 мамырында мектепішілік музей ашылды (Көкжайдақта тарихи-өлкетану музейі ашылды). Ол 2019 жылғы Абай атындағы орта мектебінің «Даму» жоспары негізінде жүзеге асырылып, ашылған болатын. Музейдің аты «Ауылым-мақтанышым» атты тарихи-өлкетану музейі болып табылады. Олай аталу себебі ауылдан шыққан танымал азаматтар көп. Мысалы үшін Ұлы Отан соғысына қатысқан және т.с.с. азаматтарға арналған деп атап өткен.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Ғ. Орманов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (сайт http://ormanov-aksu.mektebi.kz) [123] 5-6 сынып оқушылары 2020 жылғы 26 қаңтар – Халықаралық интернетсіз күнге арналған «Мен OFFLINE» атты республикалық кең ауқымды балалар акциясы жоспар негізінде 2020 жылдың 17 қаңтарында «Ғали Орманов музейі» тамашалады.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Е. Жайсаңбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (сайт http://zhaisanbaev-aksu.mektebi.kz) [124] 2-6 сынып оқушыларынан 52 оқушы 2017 жылдың 07 қыркүйегі күні Қапал ауылдық Ақын Сара мемориалдық музейіне саяхатқа барды. Оқушыларға Ақын Сара өмірінен толықтай мағлұмат берілді.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Е. Сиқымов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://sikymov-aksu.mektebi.kz) [125] 2019 жылдың 6 мамыр күні Жансүгіров ауылында мектеп директоры, мәслихат депутаты Р.Н. Ибраимова бастамасымен «Тарихи-өлкетану» музейі ашылды.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Ж. Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://sydykov-aksu.mektebi.kz) [126] 2019 жылдың 7 сәуір күні 9-сынып оқушыларын мектеп музейімен таныстыру күні өтті.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «М. Мәметова атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://mametova-aksu.mektebi.kz) [127] 2019 жылдың 19 қыркүйек күні 5-сынып оқушылары Қаратал ауданы Үштөбе ауылындағы Балпық би, Ескелді би, Айту би кесенелеріне саяхат жасады.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Н. Есеболатов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://esebolatov-aksu.mektebi.kz) [128] 2017 жылдың 5-сәуір айында 8-сынып оқушылары Ақсу ауданы Қапал маңындағы Сара Тастабекқызының мазарына саяхат жасады.

Аудандардағы аталмыш мектептердің көбінде негізінен тарихи-өлкетану музейлердің ашылуы, музейлерге оқушыларды алып бару (экскурсия), еске алу кештері т.с.с. көптеген мәселелер қарастырылуда. Бұл дегеніміз коммеморативті тәжірибелердің облыс, аудан, ауыл негізінде қарастырылып, қамтылғандығын атауға болады.

Алматы облысындағы коммеморативті тәжірибелер және олардың медиакеңістіктегі бейнеленуіне тоқталсақ, болашақ жас ұрпақты бүгінгі жаңа технологияларға бейімдеп, сабақ өту жолдарын қашықтықтан оқыту технологиясы (ҚОТ) арқылы жүзеге асыруға болатындығын көрсете аламыз. Ал нақты тарих пәнін осы технология аясында жүргізу маңызды болып табылады.

Сайттағы коммеммор ативті тәжірибелердің жүргізілу барысы туралы ақпараттарды облыс негізінде қарастыра келе, көптеген жүргізілген іс-шаралар тек мемлекет тарапынан бекітілген күндер негізінде жасалғандарын көруге болады. Ал қосымша мұғалімдердің жүргізілген іс-шаралары жоқтың қасы десек болады. Сондықтан тек тарихи күндерге ғана емес, сонымен қатар, «Өлкетану» аясында да, белгілі бір іс-шараларға қатысты жұмыстарды атап өтіп, олардың жүргізілу барысына тоқталдық.

2) Келесі коммеморативті тәжірибенің тағы бір түрі «Өлкетану» курсы негізінде онлайн форматта музейлерге 3 D форматтағы саяхат:

Қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы жадыны қалыптастыру жолдары ол негізінен «Өлкетану» факультатив сабағы мысалында көрсетсек. Ең алдымен бұл жерде сыныптағы балалардың жас ерекшеліктері ескерілуі тиіс, яғни бұл сабақты 7-сыныпта өтетін болса, ондағы балалардың жасы шамамен 13-14 жас аралығы деп атай аламыз. Бұл жастағы балалардың қабылдауы өте зерек келеді. ҚОТ арқылы өлкенің тарихына байланысты қандай да бір материалды біріншіден-видеосабақ арқылы көрсетсек ол ең тиімді жолдардың бірі болып табылады. Себебі баланың есте сақтауы оның көруі мен естуі арқылы жүзеге асырылады. Екіншіден слайд арқылы да балаларға сабақ тақырыбын ашып, тапсырма берілсе ол да баланың бүгінгі өтілген тапсырманы жадында сақтауына өз септігін тигізеді. «Менің өлкемнің тарихи ескерткіштері», «Менің өлкемдегі ежелгі ескерткіштер» (Жетісу өлкесіндегі киелі орындарға қатысты) атты тақырыпта оқушылар zhetysu 360.kz [129] сайтына кіріп, олармен танысып кескін картаға түсіре алады. «Жәдігерлер сыр шертеді» тақырыбында І. Жансүгіровтың әдеби музейіне [130], Ш. Уәлихановтың «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі [131] виртуалды саяхат жасай алады. «Туған өлке жылнамасы» тақырыбында С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасына [132], М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейіне [133] де

виртуалды саяхат жасай алады. Осылайша мұғалім оқушылардың әлеуметтік жадысын қалыптастырып, олардың есте сақтау қабілеттерін арттырады. Үшіншіден балалармен ҚОТ арқылы сабақ жүргізу барысында Skype, Zoom және т.б. қосымшаларды пайдалану арқылы көзбе-көз сөйлесіп, тікелей сұрақтарын қою барысында жадында сақтау мүмкіндіктері артады. Мысалы үшін Zoom арқылы балалармен сабақ жүргізу тәсілін пайдаланып, өтілген үй тапсырмасы бойынша бір-біріне сұрақтары қойылып, тақырыпты ашып, есте сақтау пайызын жоғарылатады [134, 45-47 бб.].

3) Skype, Zoom және Whats App т.б. арқылы Жалпы дүниежүзінде COVID 19 пандемиясы кезіндегі тарихи іс-шаралардың Instagram, Facebook парақшаларына жүргізілу барысы:

Жалпы дүниежүзінде COVID 19 пандемиясының таралуына байланысты тек әлем бойынша емес, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы да қашықтықтан оқыту технологиясының (ары қарай ҚОТ ) қажет екенін түсініп, білім беру жүйесі жалпы онлайн форматқа ауысты. 2020 жылдың наурыз айынан бастап мектептерде сабақ беру барысы онлаин форматқа ауысты. Сондықтан да, тек сабақ емес, жалпы сыныптан тыс тәрбие сағаттары, мектепішілік іс-шаралар, сынып сағаттары да онлаин форматқа ауысты. Қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы сабақ жүргізу барысында Skype, Zoom және Whats App т.б. қосымшаларын пайдалану арқылы көзбе-көз сөйлесіп, тікелей сұрақтарын қою барысында жадында сақтау мүмкіндіктері артты. Мысалы Zoom арқылы балалармен сабақ жүргізу тәсілін пайдаланып, өтілген үй тапсырмасы бойынша бір-біріне сұрақтары қойылып, тақырыпты ашып, есте сақтау пайызын жоғарылатады. Осы онлайн форматта өтілген сыныптан тыс іс-шаралар, тәрбие сағаттарын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары өз мектептерінің Instagram, Facebook парақшаларына салынып отырды. Сонымен қатар, мектептің жеке сайттарына да қойылып отырды.

Онлайн өтілген іс-шаралардың кейбіреуіне тоқталатын болсақ: бейнелеу пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Ұлы жеңістің 75 жылдығына орай «Ұлы жеңіс күні» атты тақырыбында мектеп оқушылары арасында сурет байқаулары онлайн форматта өткізілген. Сонымен қатар, музыка пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында соғыс жылдарындағы әндер айтылып, видеоматериалдар түсірілді. Бұл жасалған онлайн тәрбие сағаттары мен видеоматериалдар мектептердің Instagram, Facebook парақшаларына салынып отырған (мектептің Instagram парақшасы taldschool2).

4) Келесі мәселе, ол мемлекет тарапынан бекітілген, жалпы тойланатын мерекелік іс-шаралардан басқа мектептердің тәрбие жоспарларына өзіндік қосымша сол өңірге, облысқа, ауданға қатысты билердің, батырлардың, болмаса сол өңірдің жеке атап айтарлық тұлғаларына қатысты қосымша іс-шаралардың енгізілуі.

Жалпы Қазақстандағы мектептердің, соның ішінде әр облыс, аудан, қала және ауылдарында тәрбие жоспарларының бекітіліп, онда өткізілген қосымша

іс-шараларды атап өтетін болсақ, олар көбіне сол өңірге танымал азаматқа арналған оқулары, сол кісілердің атымен мектеп ішінде ашылған тарихи-өлкетану музейлері және т.б. Алматы облысы, Ақсу ауданында ашылған тарихи-өлкетану музейлерін (www.aksu.bilimbolimi.kz) Қ.Терібаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (http://teribaev-aksu.mektebi.kz) [135], "І.Жансүгіров атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (http://zhansugirov-do-aksu.mektebi.kz) [136] және "Ғ.Орманов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (http://ormanov-aksu.mektebi.kz) [137] және т.б. мектеп сайттарынан көруге болады. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының білім беру бөлімінің «№5 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нан (http://b135.bko.agartu.kz ) [138] тарихи музейдің ашылғанын көруге болады ). Ақсу ауданы негізіндегі мектептегі коммеморативті тәжірибелердің жүргізу барысын көрсетуіміз сайттағы мәліметтерге тоқталып, жалпы тарихи сыныптан тыс іс-шаралардың жүргізілу барысы мемлекет тарапынан білім бөлімі негізінде бекілігeн тәрбие жоспарлары арқылы жүзеге асқанын атауға болады.

5) Тәрбие жұмыстарының 3 бағыты – «Ұлттық тәрбие» бөлімі негізінде батырлар, билер, кемеңгер азматтарын атап өткізілген тарихи іс-шараларға келсек:

Көптеген мектептер «Ұлы дала бабалары» атты тақырыпта іс-шаралар өткізген. Ол жерде әр өңір, облыс, аудан өз аймағына қатысты батырлар, билер, кемеңгер азматтарын атап, оларға тоқталып оқушыларға патриоттық, ұлттық тәрбие беріп, азаматтық ұстанымдарының берік болуына бағыттаған. Сондай іс-шаралардың бірі Алматы облысы, Талдықорған қаласы №2 мектептің 10 «а» сынып жетекшісі Г. Ордагулованың ұйымдастрыуымен «Ұлы даланың дана бабалары» атты тақырыбында тарихи-танымдық іс-шара өткізілді. Мақсаты: оқушыларды адамгершілік, имандылық және парасаттылыққа тәрбиелеу. Оқушыларға қазақ тарихының төрінен орын алған, қаншама ғасыр өтсе де, өскелең ұрпағына өшпес із, өнегелі сөз қалдырған жыраулар жайлы мәлімет беру. Өткізілген онлайн іс-шарасы туралы мәліметті мектептің Instagram, Facebook парақшаларынан көруге болады (мектептің Instagram парақшасы taldschool2).

Осы жүргізілген сабаққа қатысты зерттеу жұмысы аясында шыққан «Өлкетану курсы. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» атты оқу-әдістемелік нұсқаулықта келтірілген бір сабақты мысал келтірсек:

Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, палуандар-Блиц оқу ойыны

Сабақтың мақсаты: Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, палуандар тарихы туралы мәліметтерді беру; Оқушылар бойында елжандылық, жоғары адамгершілік сезімін ұялату. Тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамыту.

Кесте 8- Оқушыларға Блиц оқу ойыны негізінде берілген кестені толтыру

| - Дұрыс – деп ойлаймын.<br>Себебі: | - Дұрыс емес – деп ойлаймын.<br>Себебі: |
| --- | --- |
| 1.Өлкенің тарихи тұлғалары – билер маңызды рөл атқарды.<br><br>2. Батырлар – ең мықты күш иесі болды.<br><br>3.Палуандар – өлкенің маңызды адамдары ретінде аталып өтіледі. | 1. Өлкенің тарихи тұлғалары – билер, өз алды сот қызметін ғана атқарды, маңызды рөл атқарды деуге келмейді.<br>2. Батырлар – тек өздерінің қара күштері болмаса, мықты күш иесі деуге келмейді. Себебі қоғамда олардан да мықты азаматтар болған.<br>3. Палуандар – олар тек әр тарихи кезеңде өзінше рөл атқарды. Қоғамда маңызды адамдар ретінде қарау қате пікір. |

Бұғыбай батыр кесенесі, Төлебай батыр ескерткіші, Нияз батыр Базарбай би кесенелеріне жеке-жеке тоқталып, өмірбаяндары ашып көрсетіліп талданған. Нәтижесінде оқушылардың жалпы саны 20, олар кестені толықтырып екіге бөлініп, «дұрыс деп» ойлайтындардың саны артып, жұмысымыздың нәтижелігін көрсетіп отыр. Блиц оқу әдісі арқылы сараланған бұл тақырып өз нәтижесін берді.

Оқушылар саны - 20.

Дұрыс деп ойлайтындар – 11

Дұрыс емес деп ойлайтындар –9

Тақырыптың соңында төмендегідей нәтижелер оқушыда қалыптасу керектігі көрсетілген.

Күтілетін нәтиже:

а)оқушылар бұл сабақта жоғарыда көрсетілген кестедегі сұрақтарға жауап беру барысында қандайда бір шешімді нақты қабылдауға үйренеді;

ә) қойылған сұрақтарға шапшаң жауап беруге дағдыланады;

б) өз ойларын нақты қорытындылауға үйренеді;

в) тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамытады.

Сабақ барысында интербелсенді әдістерді қолдану өз нәтижесін береді, сонымен қоса оқушылар өз облысы, ауданы, ауылы негізіндегі тарихымен тереңірек танысып, біледі [139, 27-34 бб].

Жетісу жерінің табиғатын, оның сан ғасырлық тарихын, мәдени мұрасын, ескерткіштерін жаңарту, салу, атап өту Елбасы қабылдаған 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртуы бойынша жүргізілуде. Талдықорған қаласының тарихын, ұлы тұлғаларының есімдерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтау үшін осындай жұмыстар жасалуда.

Қазіргі кезде Алматы облысында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерінің жалпы саны – 2400. Жетісу жерінде бой көтерген дара тұлғалардың ескерткіштері мен өткен ғасыр тарихының шежіресін оқып, танысуға болады.

Алматы облысы білім басқармасының «Рухани жаңғыру», соның ішінде «Туған жер» бағдарламасы аясында төмендегідей іс-шаралар жасалу жоспарланған еді: - білім беру; - экология және абаттандыру; - мәдени-тарихи ескерткіштерді және жергілікті жерлердегі объектілерді өңірлік тарихи қалпына келтіруді зерделеу. Жоғарыда аталған мәдени-тарихи ескерткіштерді және жергілікті жерлердегі объектілерді өңірлік тарихи қалпына келтіруді зерделеу атты бөлімі өзінің маңыздылығын табуда. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережесін бекіту туралы» №157 бұйрығына сәйкес бүгінгі таңда көптеген жұмыстар жүргізілуде [140]. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында заманға сай ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануда.

Бұл бағытта Талдықорғандағы жаңадан ашылған «Рухани жаңғыру» орталығында елімізге белгілі тұлғалардың қатысуымен келелі кеңестер ұйымдастырылып тұрады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алматы облысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша атқарылған қызықты іс-шаралардың бірі ретінде «Жетісу 360°» виртуалды жобасы жасалды. Әрбір пайдаланушы осы жоба арқылы үйден шықпастан аймақтағы барлық мұражай экспонаттарының қызықты әлеміне саяхат жасай алады.

Мемлекет қорғауындағы 2400 тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарын анықтап, қорғау міндеттемелерін ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы №1045 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес [141] толтыру жұмыстары Ақсу, Талғар, Көксу, Еңбекшіқазақ аудандарында жалғасуда. Жыл сайын Халықаралық ескерткіштерді қорғау күніне байланысты, сәуір айының 10-18 күндері аралығында аудандарда жоспарлы түрде іс-шаралар ұйымдастыру апталығы жүргізілуде. Ол туралы мәліметтердің барлығы баспасөз беттерінде жариялануда [142, 332-334 бб].

Жалпы жоғарыда көрсетілген тарихи-мәдени ескерткіштер мен киелі жерлер арасындағы айырмашылықты атап өтетін болсақ: тарихи-мәдени ескерткіштер, ол арнайы белгілі бір уақыт, ай немесе жылда атап өтілетін тарихи оқиға немесе тарихи маңызы бар күн, соны еске алу мақсатында жадыны жаңғырту мақсатында қайта оралу. Ал киелі жерлер ол жалпы облыс көлемінде жоғарыда көрсетілген аңызға, мифке негізделген орындар. Ол жерлерге қоғамда тек белгілі бір киесі немесе жолдарының болуы, болмаса жолын ашу мақсатында барып, атап өтіледі.

«Мәдени, архив және құжаттарды басқару» басқармасының мәліметі бойынша қазіргі кезде Алматы облысында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерінің соңғы 2021 жылғы санақ бойынша төмендегі кестеден Алматы облысына кіретін 17 аудан және 3 қала негізіндегі ең маңызды және сол аймаққа ғана тән екерткіштер тізімін көрсетуге болады:

Кесте 9 - Алматы облысы мұрасының
Тарихи-мәдени объектілерді алдын ала есепке алу тізбесі

| № | Атауы | Ескерткіштің түрі | Орналасқан жері |
| --- | --- | --- | --- |
| **Ақсу ауданы (15) 15 қала құрылысы және сәулет ескерткіштері** | | | |
| 1 | Су тасқыны құрбандарына арналған ескерткіш, 2010 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Қызылағаш ауылы |
| 2 | 1932-1933 жж ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш, 2002 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Бүйен өзенінің бойында Сағакүрес ауылының шетінде |
| 3 | «Ешкіөлмес» жайлауы | табиғат ескерткіштері | село Кошкентал |
| 4 | Тамшыбұлақ бұлағы | табиғат ескерткіштері | Қапал ауылы |
| 5 | Тұздыкөл (Рай апа) | табиғат ескерткіштері | Құрақсу ауылы |
| **Алакөл ауданы (21) 21 қала құрылысы және сәулет ескерткіштері** | | | |
| 6 | Черкасск қорғанысының қаһармандарына ескерткіш, 1960 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Ақжар ауылы |
| 7 | Аңырақай шайқасының 270 жылдығына арналған ескерткіш, 2001 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Майлышат ауылы |
| 8 | Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық тақта, 2001 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Үшарал қаласы |
| 9 | «Қабанбай батыр» тарихи-этнографиялық мұражайы, 1935 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Қабанбай ауылы (Андреевка) |
| **Балхаш ауданы (7) 6 қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 1 археологиялық** | | | |
| . 10 | IX-XIII ғ.ғ. Қарамерген қалашығы | Археология | Бақанас ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 200 км, Шекбақанастағы Ортасу құрғақ арнасының құйылысынан солтүстікке қарай 3 км. |
| **Жамбыл ауданы (22) 20 қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 2 археологиялық** | | | |
| 11 | Наурызбай батырдың құрметіне қойылған асыл тас, 2002 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Бесбатыр таулары |
| 12 | Аңырақай шайқасына арналған белгі, 1999 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Еспе ауылы |
| 13 | Сұранша ескерткіші, Саурық батырлар, 2013 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Жаңақұрылыс ауылы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | Петроглифтер (Тамғалы, 1-топ), қола дәуірі, ерте темір дәуірі | Археологиялық | Қарабастау ауылынан солтүстік-батысқа қарай 4 км жерде Таңбала кешенінің орталық бөлігінде (N-43°,48’ 305" E-75°,32’238") |
| **Іле ауданы (8) 8қала құрылысы және сәулет ескерткіші** | | | |
| 15 | 1979-1989 жж. қаза тапқан жауынгер-интернационалистерге арналған ескерткіш. Ауғанстан, 2003 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Өтеген батыр ауылы |
| 16 | Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, 1987 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Первомай ауылы |
| **Қаратал ауданы (18) 8қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 10 археологиялық** | | | |
| 17 | Ауғанстанда қаза тапқан және оның зардаптарынан қаза тапқан жауынгер-интернационалистерге арналған ескерткіш, 2007 ж. | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Үштөбе қаласы |
| 18 | ХХ ғасырдың 30 жылдарында қуғын-сүргін кезінде қаза тапқандарға арналған ескерткіш, 1999 ж. | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Үштөбе қаласы |
| **Кербұлақ ауданы (136) 11 қала құрылысы және сәулет ескерткіштері, 125 археологиялық** | | | |
| 19 | 1931-1933 жылдары аштықтан қайтыс болғандарға арналған ескерткіш, 2007 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Алтынемел ауылы |
| 20 | Ұлы жүздің сұлтаны Тезек төре Нұралыұлы мен шешен Бөлтірік шешенге асыл тас, 2010 ж. | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Сарыөзек-Жаркент тас жолынан 40 шақырым жерде Алтынемел ауылының бұрылысында |
| 21 | Ауғанстанда қаза тапқан жерлестерге арналған ескерткіш, 2008 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Сарыөзек ауылы |
| 22 | Қуғын-сүргін жылдарында қаза тапқан жерлестерге арналған ескерткіш, 2007 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Сарыбастау ауылы |
| 23 | Шыңғысхан тұрағы | табиғат ескерткіштері | Желдіқара асуына жақын тауларда |
| **Көксу ауданы (14) 14 қала құрылысы және сәулет ескерткіші** | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | XVII ғасырдағы «Адам ата» кесенесі | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Мұсабек ауылдық округі, Мәулімбай ауылы |
| 25 | Шамамен XV-XVI ғасыр «Хан қызы» кесенесі | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Мұқаншы ауылдық округі, Өндіріс ауылы |
| 26 | Ортағасырлық «Дөңгене немесе «Екіоғыз» қонысы, қола дәуірі | Археологиялық | Өзен жағасында Көксу, Талдықорған қант зауытының аумағында |
| **Панфилов ауданы (113) 16 қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 97 археологиялық** | | | |
| 27 | Асыл тасы Орбұлақ, 1993 жыл | қала құрылысы және сәулет ескерткіштері | Белжайлаудың жазық даласы |
| **Райымбек ауданы(150) 35 қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 115 археологиялық** | | | |
| 28 | Желтоқсан оқиғасы құрбандарына арналған ескерткіш, 2007 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Нарынқол ауылы |
| 29 | Ұлт-азаттық көтеріліс батырлары «Ереуіл төбе ерлері» ескерткіші, 1916 ж. | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Ереуіл елді-мекені |
| **Сарқан ауданы (14) 9 қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 5 археологиялық** | | | |
| 30 | Қ.Қазыбаевтың бюсті, 2009 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Қойлық ауылы |
| 31 | М.Төлебаев бюсті | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | М. Төлебаев ауылы |
| 32 | М. Төлебаева атындағы мемориалдық мұражай, 1994 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Лепсі бекеті |
| 33 | Көтен-тәуіп кесенесі, 1994 ж | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Лепсі-Қабанбай тас жолының 26 шақырымы |
| 34 | М. Тынышбаева бюсті, 1993 жыл | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Қарғалы ауылы |
| 35 | М.Тынышбаев ескерткіші, 2007 жыл | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Сарқан қаласы |
| 36 | «Қойлық» будда храмы қола дәуірі | Археологиялық | Сарқан қаласында, Сарқан тас жолынан оңтүстікке қарай 500 м жерде |
| 37 | Хорезмшах Мұхамедбай Текештің динары, қола дәуірі | Археологиялық | Тополевка ауылы |
| **Талғар ауданы (6) 5 қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 1 археологиялық** | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 38 | Бюст Б.Момышулы | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Талғар қаласы |
| 39 | Бірінші Бесшатыр қорғанының қоршауы, б.з.б V ғасыр | Археологиялық | Шеңгелді ауылынан шығысқа қарай 70 км жерде, Шылбыр шатқалына кіре берісте, Телшағыр таулары |
| 40 | Тамғалы-Тас II петроглифтері, жаңа дәуір тоғысы – жаңа дәуірдің бірінші ғасыры | Археологиялық | жолдың оң жағында Қызыл Қайрат ауылына 0,4 км жетпей. |
| **Талдықорған қаласы (6) 5 қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 1 археологиялық** | | | |
| 41 | Отан қорғаушыларға обелискісі, 1922 | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Өтенай ауылы |
| 42 | І. Жансүгіровтің әдеби мұражайы, 1905-1907 ж (И.Е. Мамонтовтың Қызыл гвардия отрядының бұрынғы штабы) | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Абай көшесі 239 |
| 43 | Майстрюк пен оның жауынгер достарына арналған ескерткіш | қала құрылысы және сәулет ескерткіші | Мәдениет және демалыс саябағы |
| 44 | Үйтас петроглифтері, қола дәуірі | Археологиялық | «Үйтас», Дачная көшесі, проезд 1, ғимарат 1 (АЛТ-680м, N 44°57'27.3" E 078°25'49.6") |
| **Текелі қаласы** | | | |
| 45 | Жартастағы «Будда» бейнесі, X-XII ғғ | Археологиялық | Коринский шатқалы, Текелі қаласы |
| **Қапшағай қаласы (2) 2 қала құрылысы және сәулет ескерткіші** | | | |
| 46 | Тамғалы-Тас трактінің петроглифтері I-II, ерте темір дәуірі | Археологии | Іле өзенінің төменгі ағысындағы бөгеттен 25 км. |

Қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген кесте негізінде Алматы облысындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін травматикалық және мәдени жадыға бөлуге болады:

«Травмалық жады»: Шыңғысханның тұрағы; Асыл тас Орбұлақ; Аңырақай шайқасына арналған ескерткіш; Сұраншы ескерткіші, Саурық батырлар; «Ереуіл төбе ерлері» ескерткіші, ұлт-азаттық көтеріліс батырлары, 1916 ж. шілде; Черкасск қорғанысының қаһармандарына арналған ескерткіш; 1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш; Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық тақта; Б.Момышұлының бюсті; Отан қорғаушыларға обелиск; 1979-1989 жж. қаза тапқан жауынгер-интернационалистерге арналған ескерткіш. Ауғанстан; XX ғасырдың 30-

жылдарында қуғын-сүргін кезінде қаза тапқандарға арналған ескерткіш; Желтоқсан оқиғасы құрбандарына арналған ескерткіш.

«Мәдени жады»: II Тамғалы-Тас петроглифтері, жаңа дәуір тоғысы – жаңа дәуірдің бірінші ғасыры; «Ешкіөлмес» жайлауы; Көктемгі Тамшыбұлақ; Тұздыкөл (Рай апа); Қарамерген қонысы IX-XIII ғғ.; Ортағасырлық «Дөңгене» немесе «Екіоғыз» қонысы, қола дәуірі; «Хан қызы» кесенесі, шамамен XV-XVI ғғ.; «Адам ата» кесенесі, шамамен 17 ғасыр; I.Жансүгіровтің әдеби мұражайы, 1905-1907; М. Төлебаев атындағы мемориалдық мұражай; М.Тынышбаевтың ескерткіші.

Осы мәселелерге тоқтала отырып, Талдықорған қаласында бой көтерген ескерткіштердің мемлекет, қоғам үшін жады және мәдени мұра саясаты негізінде өз маңыздылығының бар екендігін көрсету негізгі мақсатымыз.

Әр орнатылған ескерткіштің артында өзіндік тарихи оқиға, мән-мағынасы жатыр. Олай дейтініміз Француз ғалымы П. Нораның «Франция-память» [13] атты еңбегінде Пьер Нора ұлттық жадының төрт түрін қарастырады [13, 51]. Есте сақтаудың ең ерте түрі феодалдық монархия кезінде, өзін-өзі билеу және мемлекетті нығайту кезеңінде пайда болды. Тайпалық қауымдардың шығу тегінің көнелігін заңдастыру үшін «есте сақтау басшысы» (mémoire-Roi) ұлттық жадының қасиеттілігінің кепілі ретінде әрекет етеді. Ең жоғарғы мұраны адам жадында таза және қасиетті деп қараған. Мысалы, өткен дәуірдегі саяси көшбасшылардың естеліктерін парақтаған оқырман халық жадыларының бірінші дәстүрін белгілейтін державалардың аумақтық құрылымдарын таба алады.

Есте сақтаудың екінші түрі – «еске алу» (mémoire-Étal) [13, 52]. Бұл өз өкілдігінің бейнесіне сіңген естелік, монументалды және ұлылығымен әсерлі. Мемлекет бейнесі губернатордың медальдардағы монета соғу дәстүрі, табиғи ландшафттардың модификациясы, сарай рәсімдері, иконографиялық сюжеттер мен көріністер арқылы көрінеді. «Жады-күй» адам санасында күштеп қондырылмаған, ол ресми және қорғаныш сипатқа ие, сонымен бірге саяси және көркемдік екі жақтылықты көрсетеді.

Есте сақтаудың үшінші түрі - «есте сақтау-ұлт» (mémoire-natoin), ол өзінің біртұтас ұлт ретінде ұлы төңкерістер кезеңдерінде өзін көрсете білді және кейіннен естеліктерді орнықтыра алды [13, 53]. Ұлт географиялық болмыс бірлігін іздеуде; ол өткеннің әртүрлі кезеңдерінде өзін әртүрлі қырынан зерттеп, қарастырады. Музейлер, ғылыми қоғамдар, көптеген ғылыми-зерттеу институттары, архивтер мен Ұлттық кітапханалар зерделеу және есте сақтау құралы ретінде әрекет етеді. «Естелік-ұлт» өткеннің барлық оқиғаларын біріктіреді. Көтерілістер, отандастарымызды жоғалтудың қайғылы азабы және адамгершілікке жатпайтын әлеуметтік жүйе – осының барлығы өткеннің естеліктері.

Жадының төртінші түрі – «ес-азамат» (mémoire-citoyen), «есте сақтау-ұлт» мұрагері, ұлттың әлеуметтік және азаматтық нығаюының құралы ретінде әрекет етеді [13, 54]. «Жад-азамат» бұқара мен демократиямен сипатталады; көбінесе білім беру ескерткіштерінде көрініс табады, қала мүсіндерінде

бейнеленеді, көше атауларында бейнеленеді, парламент сессияларында ауызша айтылады [13, 55]. Бұл жад қоғам мен мемлекет арасындағы синтезді жасап, оларды ұлт белгісімен сынап көреді. Пьер Нораның ретроспективті талдауы ұлттың өзін-өзі анықтау процесі жадының барлық төрт түрін санадан өткенін дәлелдеді. Қазіргі уақытта олар жадтың «жад-мұра» деп аталатын заманауи түрінде жаңа құндылықтарды генерациялау және қайта жасау мүмкіндігінің арқасында мағынасы бар.

6) Мемориалды іс-шаралар:

Жадының өткен тарихымызбен байланысының үзілуі (жады-қашықтығы), сондай-ақ оған қайтып баруымыз (жады-мұрағат) деп атап өткендей, біздің елімізде де тарихи жәдігерлерімізге, мұраларымызға қайта тоқталып, ескерткіштер орнату, тарихи жадыны қайта қалыптастыру істері мемлекет тарапынан қолға алынып атқарылуда. Өткен тарихымызға көз шалу, ескерткіштер орнату ісі Алматы облысы Талдықорған қаласында да жүзеге асырылуда. Сондай-ақ олардың астарында мәдени мұра және жады саясаты жатыр. Талдықорған қаласында тұрғызылған «Үш ата» ескерткішіне тоқталсақ: Талдықорған қаласының орталығында 2006 жылы ұлы арғы аталарымыздың құрметіне, оларға тағзым еткен ұрпақтары көтерген сәулетті монумент. «Үш ата» деп аталған ескерткіштің скульптуралық композициясында XVII-XVIII ғасырлар аралығында өмір сүріп, жоңғарлардың қалың әскерлерін талқандауға айтарлықтай үлес қосқан атақты Ескелді би, Балпық би және Қаблиса жырау сияқты үш тарихи тұлға бейнеленген. Ескерткішті орналастырудың өзінде үлкен мағына жатыр – үш алып қарттың жанарлары шығысқа қарап, көптеген ғасырлар бойы алдымызда не күтіп тұрғанын асқан шеберлікпен болжай білген, егемен Қазақстанның арайлап атар таңын көріп тұрғандай. Бұндай астарлы ой салып, мағына беру арқылы халықты өткен тарихымызды ұмытпауға, бүгінгі таңда қол жеткізген жетістіктеріміз деп білу.

Сондай-ақ, П. Нораның айтуынша «еске алу» орындары өз алдына үш аспектіні негіздейді: материалдық, символдық және функционалдық. Яғни қандай да бір ескерткіш өзіндік қажеттілігін қоғам арасынан таппаса, онда оның еш маңыздылығы жоқ деп атауға болады. Ал келесі біз тоқталатын ескерткіштеріміздің бірі сол қоғам арасынан қолдау тауып орнатылған. 2009 жылы орнатылған Қаракерей Қабанбай ескерткішіне тоқталсақ. Қабанбай батыр бес қаруын асынып тұр. Мемориалдық тақтай жоқ тұғырда тек «Қаракерей Қабанбай (Ерасыл) 1692-1770 жж.» деген жазу бар. Бұл кісіге ескерткіш орнатудың өзіндік мәні бар. Сонау жоңғарларға қарсы шығып, оларды күйретуге қатысып, әйгілі батырларымыздың бірі. Бала тәрбиесінде бұл батырдың маңызы зор. Ал осы батырдың кереметтілігін атап өту арқылы өткен тарихымызға көз жүгіртіп, жадымызға сақтап, болашақта бұл ескерткіштің қоғам үшін маңыздылығының туындағанын көрсету жұмысымыздың негізгі нәтижесі болып табылады.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен Мұқағали Мақатаев ақын бюсті орнатылуының тұспа-тұс келуінде де үлкен мән бар. Мұқағали ақынның есімі

елімізге ғана емес, шет мемлекеттерге де танымал. Өзі туған облыстың орталығында ақын бюстінің орнатылуының өзі рухани маңызы зор оқиға. [143]. Талдықорған қаласында көбіне ескерткіштеріміз белгілі бір тұлғаларға арналып тұрғызылған. Ол тұлғалардың мемлекетімізде алатын рөлі, тарихи маңыздылығы бар деп есептеп орнатқан ескерткіштер. Бүгінгі таңда халықтың сұрауына, қолдауына ие болған маңызды тарихи еске алу орындары болып табылады. Оларды төмендегідей мысал ретінде бір-екеуін көрсетуге болады. Еске алу орыны болып табылатын символдық жады негізінде:

1. Тарихи жадының өңірлік бейнесі ретінде Шоқан Уәлиханов Алтынемел мемлекеттік мемориалдық музейі алынып, коммеморацияның нысаны ретінде талданады. Музейді алуымыздың негізгі себебі бұл жерде бірнеше залға бөлініп, Жетісу өңірінің басынан өткен тарихи кезеңдері сипатталады.

Ш.Уәлихановтың Алтынемел мемлекеттік мемориалдық музейі 1985 жылы ғалымның туғанына 150 жыл толуына орай ашылды. Музей құндылықтары ұлы ғалымның өміріне байланысты үш бөлімге бөлініп жинақталған. Ол бөлімдер «Шоқан Уәлиханов және ол өмір сүрген уақыт», «Ш.Уәлихановтың ғылыми қызметі» және «Шоқан мәңгі бізбен бірге» деп аталады. Музей экспозициясында Ш.Уәлихановтың өміріне қатысты құнды жәдігерлерлер қойылған. Олардың арасында ғалымның Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай өлкелеріне жасаған саяхаттарының карталары, салған суреттері орын алған. Музей қор бөлімі мен лекция залдарынан тұрады. Экспозиция залдарының көлемі 454 шаршы метр жерді алып жатыр. Музей экспозициясы мен қорында Мемлекеттік Эрмитаж, этнография музейінен берілген қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысына қатысты заттар, құрал-жабдықтар коллекциясы бар. Қазақстанның мемлекеттік Орталық музейі, Пушкин атындағы кітапхана мұражайы музейге көптеген заттар мен кітаптарды сыйға тартты. Музей экспозициясындағы материалдар Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметіне байланысты тақырыптық жүйелеуге қарай бес бөлімді құрады. Бұл бөлімдерде Ш.Уәлихановтың қайраткер ретінде қалыптасуына ықпал еткен сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік, мәдени өмірін қамтитын материалдар, Омбы кадет корпусындағы оқу жылдары мен әскери қызметінің басталуы, алдыңғы қатарлы көзқарастағы орыс интеллигенциясымен танысуы туралы құжаттар, Орта Азия, Оңтүстік Сібір, Қазақстан тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеудегі із қалдырған ғалымның ғылыми мұрасы тұрғысындағы, Петербург кезеңіндегі материалдар деп бөлінген үш бөлім қамтылған. Музей экспозициясында Шоқанның өзі тұтынған заттары да қойылған. Ғалымның өзі жасаған карталары, схемалары, қолжазбалары, экспедиция мен саяхатта салған суреттері, халық қолөнер туындыларының жинақтары қойылған. Экспонаттар ішінде ұлттық музыка аспаптары, Шоқанның жеке коллекциясынан қалған қырғыз, ұйғыр, қытай халықтарының ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдар, минералдар бар. Шоқан жинаған қобыз, домбыра, сыбызғы да музейдің құнды жәдігерлері болып табылады [131]. Ш.Уәлихановтың Алтынемел мемлекеттік мемориалдық

музейіне оқушыларды экскурсияға апару мақсатында, оның өмірбаяны, қызметі, жалпы мағлұмат беру арқылы сабақта өтіп жатқан тақырып аясында «Тарих» пәнін оқыту барысында қолдануға болады. Ол өзіндік нәтиже береді, себебі тәуелсіздік кезеңінде көптеген тақырыптар аясында оқушыларда сол мәліметке шынайы көз жеткізіп, саралауға мүмкіндік көп.

2. І. Жансүгіров ескерткіші – Қазақ совет ақыны, қазақ әдебиетінің классигі, тағы бір классик Мұхтар Әуезовтің досы Ілияс Жансүгіровке арналған ескерткіш Балапанов пен Жансүгіров көшелерінің қилысында орналасқан. Ақынның естелігі тек ескерткіштерде ғана емес, оқу орындарының, елді мекендердің, шаруашылықтардың атауларында да мәңгілікке сақталады. Ол ұлттық поэтикалық мәдениеттің дамуына зор үлес қосты, қазақтың ауызекі халық шығармашылығының дәстүрлерін шығармашылықпен дамытты. Сондай-ақ Талдықорған қаласында Тәуелсіздік көшесі 59-үйде орналасқан І.Жансүгіров шығармашылығына арналған мұражай жұмыс істейді. Жыл сайын 31 мамырда Талдықорған қаласында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мақсатында гүл шоқтары қойылады. Салтанатты шара ақын және жазушы Ілияс Жансүгіров ескерткішінде өтті [144] .

3. Орталық мәдениет және демалыс саябағында Талдықорғандағы жауынгерлер мен Ауғанстанда қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған Даңқ обелискісі орнатылды. Ескерткіштің етегінде Ұлы Отан соғысының батырларын еске түсіретін Мәңгілік алау бар, олардың көпшілігі туған қаласына оралуға жазылмаған. Мәңгілік алау, Даңқ обелискі және оларға іргелес жатқан бүкіл аумақ ерекше бақылауда. Мұнда қала тұрғындары туған жерін қорғаушылардың құрметіне гүл шоқтарын қоюға келген еске алу күндері тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

2008 жылы, яғни Ауғанстаннан қазақ әскерлері шығарылғанына 20 жыл өткен соң, қаза болған жауынгерлердің барлығына арнап ескерткіш тұрғызу туралы шешім қабылданды. Талдықорған қаласындағы орталық мәдениет және демалыс саябағында Ауғанстандағы соғыста қаза тапқан жетісулықтарға арналған ескерткіш орнатылған. Оның жанында дерлік тағы бір қаланың көрнекті орны – Даңқ обелискісі.

Жыл сайын күзде әскерлердің шығарылған күнінде Талдықорғандағы мәдениет және демалыс саябағына халық екі мемориалға гүл шоқтарын қойып, қаза тапқан жауынгерлерді еске алу үшін келеді.

Талдықорған қаласында тағы да көптеген ескерткіштер орнатылған, олардың шығу тарихына да тоқталуға болады. Алайда біздің жұмысымыздың маңыздылығы осы жоғарыда көрсетілген ескерткіштері арқылы бірнешеуін ғана атап өтіп, олардың қоғам арасында өзіндік маңыздылығы бар ма, халық қаншалықты жиі баратындығы, еске алатындығы, ел арасында аталып өтілетіндігі, мемлекет тарапынан жады және мәдени мұра аясында қаншалықты деңгейде қолға алынғандығын көрсету. Ал осы мәселелердің барлығы өз тарапынан өзекті.

Символдық негіздегі ескерткіштердің бірі ретінде Сарқан ауданы бойынша коммеморативті тәжірибенің бір көрініс ретінде зерттеу жұмысымыздың негізінде жасалған төмендегі сабақты көрсетуге болады:
*Тақырыбы:* Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер - Блум таксономиясы бойынша

Сабақтың мақсаты: Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер (Қойлық қалашығы, Черкасск қорғанысы және т.б.) туралы білімгерлердің визуалды түсінігін қалыптастыру. Оқушылардың тарихи фактілерді, оқиғаларды талқылауға белсенді қатысуы өз ойын түсінікті жеткізе білу біліктерін дамыту. Еліне, жеріне, ауданына қатысты мәліметтерге назар аудару арқылы патриоттық сезімін оятып, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу.

«Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер» атты тақырыпта өтілетін «дәстүрлі» сабағын қорытындылау үшін, «Блум таксаномиясы» бойынша оқушыларға төмендегі кестені пайдалана отырып сабақты қорытындылатуға үйретуге болады:

Кесте 10 – Оқушыларға Блум таксономиясы негізінде берілген кестені толтыру тапсырмасы

| Сұрақтар | Оқулықтар-мен ғылыми әдебиет | БАҚ | Интернет | Интервью | Сауал-нама |
|---|---|---|---|---|---|
| Қойлық қалашығына қатысты дерек көздерін атаңыз | | | | | |
| Қойлық қалашығын зерттегенғалымдарға тоқталыңыз | | | | | |
| Черкасск қорғанысына қатысты дерек көздерін атаңыз | | | | | |
| Черкасск қорғанысы тарихына қатысты ғалымдар пікірі туралы тоқталыңыз | | | | | |
| Қойлық қалашығы туралы сипаттаңыз | | | | | |
| Черкасск қорғанысы туралы сипаттаңыз | | | | | |
| Қойлық қалашығының саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттаңыз | | | | | |

Қойлық қалашығы мен Черкасск қорғанына қатысты толық мәлімет оқу-әдістемелік нұсқауда келтірілген.

Күтілетін нәтиже: жоғарыда аталған №3 кестені толтыру арқылы білімгер:

а) біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштерге қатысты дереккөздерін табу жолдарын үйренеді;

ә) оқушылардың дүниетанымы кеңейеді;

б) ой-өрісін дамытады;

в) деректемелік және тарихнамалық талдау жасауға дағдыланады [139, 24-27 бб].

Қорыта келгенде, бүгінгі күні мемлекет тарапынан жады және мәдени мұра саясаты аясында жасалып жатқан жұмыстары, олардың әр аймақтарда жүргізілу ерекшеліктері, түрі өзіндік белгілі бір оқиға. Тарихи мұраларымызды «еске алу», «есте сақтау» тарапынан жүргізіліп жатқан іс-шараларымыздың еліміз тарапынан қолдау табуы мемлекетіміздің маңызды жұмыстары деуге болады.

**II тарау бойынша қорытынды.** XX ғасырдың аяғы және XXI ғасыр басындағы Алматы облысы: тарихы, коммеморативті тәжірибелері және жадының орны атты тарауымыздың жадының орны, еске алу орындарының орналасуы, жіктелуі туралы жалпы мәлімет беріліп, Алматы облысының тарихы талданып көрсетілді. Алматы облысындағы коммеморативті тәжірибелері және олардың медиа кеңістіктегі көрінісі (тәжірибелердің түрлері) бөлімі негізінде жалпы «медиа» термині ашылып, оның облыс негізінде коммеморативті тәжірибелері барысында қолданылуы сабақ үрдісінде және саиттардағы мәліметі көрсетілді және талданды. Соның негізінде коммеморативті тәжірибелер 6-ға бөлініп қарастырылды:

1) тәрбие жоспарынан тыс орындалған қосымша іс-шаралар (тарихи-өлкетану музейлерінің ашылуы, тарихи-мәдени ескерткіштерге саяхат, оқушылар арасындағы музейлерге қатысты сурет салу акциясы).

2) коммеморативті тәжірибенің тағы бір түрі «Өлкетану» курсы негізінде онлайн және 3 D форматтағы музейлерге саяхат.

3) Skype, Zoom және Whats App т.б. арқылы Жалпы дүниежүзінде COVID 19 пандемиясы кезіндегі тарихи іс-шаралардың Instagram, Facebook парақшаларында жүргізілу барысы.

4) мемлекет тарапынан бекітілген, жалпы тойланатын мерекелік іс-шаралардан басқа мектептердің тәрбие жоспарларына өзіндік қосымша сол өңірге, облысқа, ауданға қатысты билердің, батырлардың, болмаса сол өңірдің жеке атап айтарлық тұлғаларына қатысты қосымша іс-шаралардың енгізілуі.

5) ҚР ОАМ бекіткен тәрбие жұмыстарының 3 бағыты – «Ұлттық тәрбие» бөлімі негізінде батырлар, билер, кемеңгер азаматтарын атап өткізілген тарихи іс-шаралар;

6) мемориалды іс-шаралар.

# 3 МЕКТЕПТЕ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КОММЕМОРАТИВТІ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

## 3.1 Алматы облысы мектептері бойынша жалпы мәлімет

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі жалпы Алматы облысының мектептері, соның ішінде «Тарих» пәнінің мұғалімдері, олардың біліктілігін арттыруы, пәннің тереңдетіліп оқытылу барысы, оқыту тілі бойынша мағлұматтар диссертациялық жұмысымыздың маңызды бөлігі ретінде қарастырылып, негізгі дереккөздерді «Алматы облыстық мемлекеттік архив» және «Талдықорған мемлекеттік архивінен» қарастырылды.

Сурет 1 - Облыс бойынша жалпы мәлімет




Талдықорған облысының білім беру басқармасы, Талдықорған қаласының 1993 жылы білім берудің экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының орындалуы бойынша берілген есеп негізінде [145]: 1992 жылғы есебіне сүйенсек облыс бойынша жалпы білім беретін мектептердің саны – 353, 1993 жылы – 356 болады деп жоспарланып, 354 болды. Онда оқитын бала саны 1992 жылғы есеп бойынша – 142.9 мың адам, 1993 жылы – 145.0 мың адам болады деп жоспарлап, нәтижесіне жетті.

1996 жыл бойынша Алматы облыстық білім басқармасының әкімшілігінің негізгі қызметінің бағыттары туралы мәтіндік есебі негізінде 1995-1996 оқу жылының басында 427 күндізгі жалпы білім беру мектептері бар (1994 жылы 420) екендігі көрсетілген [146] және ол мектептердің оқу жылы аяғында да сол көрсетілім негізінде қалғанын «Алматы облысы жалпы білім беретін мектептерінің 1995-1996 оқу жылының аяқталуы бойынша» берілген ақпарат негізінде 1995-1996 оқу жылының басында 427 күндізгі жалпы білім беру мектептері бар деп көрсетілген [147].

1997 жылғы облыстағы білім беру мекемесінің жұмысы туралы Алматы облысының әкімі З. Нуркадиловқа берген ақпараттарында: облыста 1997-1998

оқу жылының басында 737 жалпы білім беретін мектеп бар. Олардың 320-да сабақ қазақ тілінде, 73-де орыс тілінде, 10-да ұйғыр тілінде және 326-да аралас жүргізіледі [148]. Дәл осындай мәліметті 1997 жылғы Алматы облысының білім беру мекемесінің талдау жұмыстарында [149] және де 1997 жылға Алматы облысының білім беру мекемесінің жұмыстары туралы ақпараттан да көруге болады [150].

1997-1998 оқу жылының басында жалпы мектеп саны – 790. Оның ішінде: қалада – 231, ауылда – 559 [151].

Сонымен қатар, білім беру мекемелерінің 1998-1999 оқу жылының күз-қыс кезеңдеріне дайындығы туралы 01.08.1998 жылғы ақпараты бойынша: Алматы облысында жалпы 737 жалпы білім беретін мектеп бар. Олардың 557-орта, 92-бастауыш және 8 көмекші мектеп-интернаттары деп көрсетілген [152].

1998-1999 жылғы орта білім берудің жағдайы туралы облыстың паспортында: [153]. II Орта білім беру жүйесін басқару туралы мәлімет деген екінші тарауында барлық мектептер саны – 726, оның орта білім беру мектептері – 568, орта білім беру емес – 71, толық емес мектептер – 87.

1999-2000 оқу жылының облыста орта білім жүйесінің аймақтық даму бағдарламасының негізінде: [154].

1999-2000 жаңа оқу жылының күз-қыс кезеңдеріне білім беру мекемелерінің дайындығы туралы 1999 жылы ҚР денсаулық сақтау, білім беру және спорт министрлігіне берілген ақпарат бойынша: [155] Алматы облысында жалпы білім беретін 718 мектеп және 8 көмекші-интернаттар жұмысын жасауда.

2002 жылғы негізгі жүргізілген қызмет бойынша облыс әкімінің аппаратына жазылған мәлімет негізінде, Алматы облысы әкімінің орынбасары А. Тойбаевқа жіберілген есеп бойынша облыста 2001-2002 оқу жылының басында 725 күндізгі жалпы білім беру мектептері болды, оның 610-ы ауылды жерде орналасқан [156].

Алматы облысы әкімінің кеңесшісі С.Мукановқа 2002 жылдың 15 наурызында берген есептері бойынша, облыста 2002-2003 оқу жылы бойынша облыстың білім беру жүйесінде 745 күндізгі жалпы білім беру мектептері болды, оның 6-ы теміржол және 13-і жекеменшік мектептер. Оның 610-ы ауылды жерде орналасқан. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда мектептердің саны 20-ға өсті.

Кестеден көріп отырғанымыздай, 1997-1998 оқу жылында мектеп санының күрт өсуі берілген. Оның себебі Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жылы 22 сәуірде Талдықорған облысы таратылып, Алматы облысының құрамына енді. Ал 2001 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Алматы облысының орталығын Талдықорған қаласына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы уақыттан бастап өлкенің экономикалық, әлеуметтік дамуы жаңаша бағыт алды.

Алматы облысы бойынша ХХ ғасырдың 90 жылдарынан бастап жалпы білім беретін орта мектеп санын төмендегі диаграммадан көре аламыз:

Сурет 2 - Облыс бойынша ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы мектеп саны




Салыстырмалы диаграммамызда көрсетілгендей ең алғаш 90 жылдардың басында мектеп саны 300-ден жоғары болса, ХХІ ғасырдың басында 700-ден асқанын көруге болады. Сонымен қатар, алғашында аралас мектептердің саны көп болса, ХХІ ғасырдың басында облыс бойынша таза қазақ тіліндегі мектептердің саны артқан.

Ендігі кезекте сол мектептерді білім алған қазақ, орыс және өзге тілдегі жүргізілу барысына талдау жасау. Талдықорған облыстық білім басқармасының 1993-1994 оқу жылдары бойынша жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар саны – 140.5 мың адамды құрайды. Барлық мектептер төмендегідей қарастырылған: Қазақ тілінде – 144; Орыс тілінде – 27; Ұйғыр тілінде – 2; Аралас мектептер – 181 [157].

1998 жылғы Алматы облысының білім беру мекемесі жұмысының талдауы бойынша облыста 1998-1999 оқу жылы бойынша жалпы 726 жалпы білім беретін мектеп бар (1997-1998 оқу жылы бойынша 729). Олардың 328-де сабақ қазақ тілінде, 67-де орыс тілінде, 11-да ұйғыр тілінде және 320-да аралас жүргізіледі [158].

Алматы облысы әкімінің кеңесшісі С.Мукановқа 2002 жылдың 15 наурызында берген есептері бойынша, облыста 2002-2003 оқу жылы бойынша облыстың білім беру жүйесінде 745 күндізгі жалпы білім беру мектептері болды, оның 6-ы теміржол және 13 жекеменшік мектептер. Оның 610-ы ауылды жерде орналасқан. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда мектептердің саны 20-ға өсті.

2001-2002 оқу жылының басындағы Алматы облысы білім беру мекемелеріндегі жүйелік көрсеткіші және қысқаша жұмыс бойынша сипаттама: 2001-2002 оқу жылының басында 723 күндізгі жалпы білім беру

мектептері бар (2000-2001 оқу жылында 705 болған). Оның 344-де қазақ тілінде, 53 орыс тілінде, 11 ұйғыр тілінде, 317 аралас мектеп [159].
2004 жылы Алматы облысы білім беруінің дамуы туралы ақпараты негізінде, 2003-2004 оқу жылының басында 737 күндізгі жалпы білім беру мектептері болды, ал жылдың аяғына қарай 6-теміржол мектебі қосылып, жалпы саны – 743 жетті [160].

2004-2005 оқу жылының басындағы Алматы облысы білім беру мекемелеріндегі жүйелік көрсеткіші және қысқаша жұмыс бойынша сипаттамасы негізінде 2004-2005 оқу жылының басында 738 күндізгі жалпы білім беру мектептері бар [161]. 2004-2005 оқу жылының басына Алматы облысы білім беруі туралы мәтіндік есебінде де дәл осы көрсеткішті көрсеткен [162].

Кесте 11 - 2004-2005 оқу жылының басына Алматы облысы білім беру департаментінің негізгі көрсеткіштер бойынша салыстырмалы кестесі

| **Көрсеткіштер атауы** | **2003 ж** | **2004 ж** | **Откл (+-)** |
|---|---|---|---|
| Күндізгі мектеп саны | 731 | 738 | +7 |
| Қала | 118 | 119 | +1 |
| Ауыл | 613 | 619 | +6 |
| Оқушылар саны | 337268 | 330064 | -7204 |
| Қала | 102668<br>100995 | 101079 | -1584 |
| Ауыл | 234600 | 228975 | -5615 |
| Қазақ тілді мектептер | 360 | 371 | +11 |
| Қазақ тілінде оқитын оқушылар саны | 206906 | 200750 | -6156 |

Алматы облысы білім беру мекемелеріндегі 2005-2006 оқу жылының басталуы бойынша берілген ақпарат негізінде, 2005-2006 оқу жылының басында 740 күндізгі жалпы білім беру мектептері бар. 2004-2005 оқу жылымен салыстырғанда жалпы білім беретін мектептердің саны 2-ге өскен [163].

2005-2006 оқу жылының басына мектептердің оқытылу тілі бойынша мәліметті департамент директоры Т. Естеновберген.

Енді жалпы ХХ ғасырдың 90 жылдарынан бастап, ХХІ ғасырдың басындағы мектептер қай тілдерде көптеп жүргізілген соған назар аударсақ. Себебі тілдерін саралай отырып, ары қарай сол мектептерде «тарих» пәні қай тілде және қалай жүзіге асырылғандығыны атап өтуге болады. Ол туралы ақпаратты төмендегі суреттен көре аламыз: [164]

Сурет 3 - «Тарих» пәні қай тілде және қалай жүзеге асырылғандығы




Салыстырмалы диаграммамыздан көріп отырғанымыздай алғашында қазақ және орыс тілінде жүргізілетін мектептердің саны теңдей, қазақ тіліндегі төмен болса, XXI ғасырдың басынан бастап қазақ тілінде оқытылатын мектептердің саны артқанын көруге болады. Ал жалпы олардың санының артуы арқылы «тарих» пәнінің жүргізілуі және соның аясындағы сыныптан тыс іс-шаралар, яғни коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі де қолға алынғандығын көре аламыз.

Сонымен қатар, 1992-1993 оқу жылында мектептермен қоса мектептен тыс Талдықорған облысының мекемелері туралы да деректер көрсетілген: Бұл жерде 1 туристік қауымның құрылғандығы, ондағы жалпы облыс бойынша оқытылатындар саны – 140531, балаларды қамтуы – 1120 адамды құрайды [165].

Алматы облыстық білім беру басқармасының коллегиясының шешімі негізінде 1994-1995 оқу жылында: шешімнің 2.2 пунктісі «Ауданның әр қалалары мен ауылдарында қысқа мерзім ішінде «Құқық негіздері» курсы бойынша сыныптарды жабдықтау» және 2.3 пунктісі «Мектептерге жүйелі түрде туристік, өлкетанулық, экскурсия жұмыстары негізінде әдістемелік-құрылымдық көмектер көрсету». 90-жылдардың ортасында жоғарыда өзіміз көрсеткен мектептен тыс туристік қауымдардың құрылуымен қатар, оларға көмек көрсетуге негізгі бағыт бағдар жасалғанын көруге болады [166]. 1994 жылдың желтоқсаны мен 1995 жылға облыстық білім беру басқармасының коллегиясына шығарылған сұрақтар негізіндегі 14-мәселе «Облыстық «Атамекен» экспедициясы аясында мектеп музейлерінің басшылары, үйірме

жетекшілерімен өткізілетін семинар» барысы жайлы қойылып, оның қараша айында болатыны және жетекшісі ретінде С.С. Чагирова көрсетілген [167].
Алматы облысының 2004 жылға арналған жұмыс жоспары негізінде жалпы ұйымдастырылған іс-шаралар бөлімі бойынша, 2004 жылдың желтоқсан айында мектеп мұражайларын облыстық қарау болып табылады деп жоспарланған [167].

Алматы облысы бойынша мектептен тыс уақыттағы үйірмелер туралы ақпарат негізінде Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы бойынша «Жас туристер облыстық станциясы» Есік қ. құрылған. Оның ішінде: Өлкетану-археология бойынша орысша/қазақша – 24 бала, өлкетану-тарих бойынша орысша/қазақша – 48 бала үйірмеге қатысты [168].

2005-2006 оқу жылына арналған Алматы облысының жалпы білім беретін мектептеріндегі жүргізілетін үйірмелер туралы мәліметті төмендегі №9 кестеде көрсетілген: [162]

Кесте 12 - Алматы облысының жалпы білім беретін мектептеріндегі жүргізілетін үйірмелер туралы мәліметті

| № | Аудан атаулары (қалалар) | | Туристік-өлкетанулық үйірмелер | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | **2005-2006 оқу жылына** | **Үйірмелер саны** | **Ондағы қатысушылар** |
| 1 | Ақсу | 43 | 20 | 621 |
| 2 | Алакөл | 54 | 41 | 769 |
| 3 | Балхаш | 26 | 32 | 703 |
| 4 | Еңбекшіқазақ | 79 | 69 | 933 |
| 5 | Ескелді | 30 | 27 | 362 |
| 6 | Жамбыл | 59 | 34 | 561 |
| 7 | Іле | 38 | 32 | 514 |
| 8 | Қаратал | 29 | 21 | 344 |
| 9 | Қарасай | 48 | 48 | 689 |
| 10 | Кербұлақ | 51 | 20 | 295 |
| 11 | Көксу | 24 | 23 | 384 |
| 12 | Панфилов | 49 | 48 | 802 |
| 13 | Райымбек | 54 | 55 | 816 |
| 14 | Сарқан | 31 | 21 | 300 |
| 15 | Талғар | 41 | 16 | 368 |
| 16 | Ұйғыр | 33 | 27 | 814 |
| 17 | Қапшағай қ. | 14 | 26 | 416 |
| 18 | Талдықорған қ. | 24 | 27 | 811 |
| 19 | Текелі қ. | 8 | 8 | 154 |
| | **Барлығы:** | **746** | **575** | **10035** |

Алматы облысы мектептерінің ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басындағы саны мен қатар, ол жерде «Тарих» пәнінің тереңдетіліп оқытылуына да тоқтала кетсек [169]. ҚР БжҒМ Талдықорған облыстық білім басқармасының 1993-1994 оқу жылдары бойынша берген есеп негізінде: 1991-1992, 1992-1993, 1993-1994 оқу жылдары бойынша мәліметтер

кездестірілмеді. 1994-1995 оқу жылында «Тарих» пәні қазақша 14 аудан ішінен 3 аудан, 2 қалада оқытылды, оны төмендегі диаграммадан көре аламыз:
Сурет 4 - «Тарих» пәнінің жүргізілу барысы




1994-1995 оқу жылында «Тарих» пәні орысша 14 аудан ішінен 3 аудан, 2 қалада оқытылды.

1994-1995 оқу жылында «Тарих» пәнінің Талдықорған қаласы бойынша тереңдетіліп оқытылғандығын төмендегі кестедан көре аламыз:

Кесте 13 - «Тарих» пәнінің Талдықорған қаласы бойынша тереңдетіліп оқытылуы бойынша

| **№** | **Мектеп атауы** | **Сынып** | **Бала саны** |
|---|---|---|---|
| 1 | Абай атындағы №1 мектебі | 5 А | 20 |
| | | 5 Б | 21 |
| | | 6 А | 27 |
| | | 6 Б | 28 |
| | | 7 А | 26 |
| | | 7 Б | 28 |
| 2 | Ленин атындағы №2 мектеп | 5 Д | 35 |

1995-1996 оқу жылдарында 135 мектепте, 514 сыныпта 11276 оқушы әр түрлі пәндерді тереңдетіп оқуда [170].

Талдықорған облысының 1995-1996 оқу жылдары бойынша пәндерді теориялық және практикалық жағынан тереңдетіп оқыту бойынша мектеп және сыныптар санын жоғарыда көрсетілген кестеде «Тарих және әдебиет» қазақ тілінде 14 аудан ішінде тек Талдықорған қаласында және 25 бала ғана оқыған. 1995-1996 жылдары әлі де болса «Тарих» пәнінің жүргізілуі өзекті мәселе болмағанын атап өту керек.

Ендігі кестеден «тарих» пәнінің жеке алайда орыс тілінде оқытылу барысы туралы көрсетсек, 14 аудан ішінде 2 аудан, 3 сынып және 94 бала

оқығанын көре аламыз. Жоғарыдағы кестемен салыстыратын болсақ, «Тарих» пәнінің қазақ тілінде оқытылуына қарағанда орыс тілінде санының артуын байқауға болады.

1995-1996 оқу жылында «гуманитарлық» пәндердің орыс тілінде жүргізілуі 14 аудан ішінде 1 аудан, 1 сынып және 20 оқушы білім алғанын көруге болады.

Келесі кестеде жеке «Тарих» пәнінің қазақ тілінде оқытылуы 14 аудан ішінде: 2 аудан, 2 мектеп және 46 оқушы оқытылғанын көруге болады. Алайда бұл көрсеткіш «Тарих» пәнінің орыс тілінде оқытылуына қарағанда 2 есеге төмен екенін көруге болады.

Сонымен қатар, Алматы облысы бойынша 2005-2006 оқу жылында «Тарих» пәнінің үш тілде оқытудың эксперименті туралы мәліметті де көруге болады: [162]

Кесте 11 - Алматы облысы бойынша 2005-2006 оқу жылында «Тарих» пәнінің үш тілде оқытудың эксперименті туралы мәліметі

| **Облыс атауы** | **Экспер.мектеп** | **Оқушылар саны** | | **Оқу пәні** | **Мұғалімнің аты-жөні** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Алматы обл.** | | **қазақ сын.** | **орыс сын.** | | |
| Талдықорған қ. | М.Арын ат.№24 «экономика және бизнес» мектеп-лицей | 27 | | Орыс тілі<br>Физика (ағылш.тілінде) | Бакишева К.Т.<br>Алтынбеков А.С. |
| Қарасай ауд. | Белинский ат.орта мектеп | | 34 | Қазақ тілі<br><br>Қазақстан тарихы<br>Физика (ағылш.тілінде) | Абылкасымова Д.У.<br>Ишбанова Ш.К.<br>Абишева А.А.<br>Еремина М.В. |

Кесте 14 - Алматы облысы оқу-әдістемелік бөлімінің соңғы 2016-2021 жыл бойынша облыста «Тарих» пәні аясында жүргізілген факультатив сабақтары туралы ақпарат:

| **№** | **Факультатив атауы** | **Өткізілген жылдар** |
|---|---|---|
| 1 | Дүниежүзі тарихы (1914-1945 жж.) | 2017-2018 жж |
| 2 | «Елтану» (6 «Ә» сынып) | 2020 -2021 оқу жылы |
| 3 | «Жас тарихшы» | 2016-2017 жж |
| 4 | «Алаштану» курсы | 2020 -2021 оқу жылы |
| 5 | «Құқық мәдениеті» курсы | 2018-2019 жж. |
| 6 | Алаш тарихы | 2019-2020 жж. |
| 7 | 10-сыныптарға арналған «Бабалар аманаты» үйірме | 2019-2020 жж. |
| 8 | «Әлемдік өркениеттер тарихы» 9-сынып | 2018-2020 жж. |
| 9 | 9 сыныпқа арналған «Менің өлкем – Жетісу» | 2019-2021 жж. |
| 10 | «Халықаралық қатынастар»11-сынып | 2019-2020 жж |
| 11 | XVIII-XX ғасырлардағы Ұлт-азаттық көтерілістер. | 2019-2020 жж. |

| | | |
|---|---|---|
| | 11 сынып | |
| 12 | Қазақстанның ежелгі қалалары. 6-сынып | 2017-2020 жж. |
| 13 | «Өлкетану» кіріктірілген сабақ (5-7) сыныптарға арналған | 2017 жылдан бастап |

«Қазақстан тарихы» пәнінен сабақтармен қатар «Тарих» пәнінен факультативтік сабақтар да бар. Алматы облысының оқу-әдістемелік басқармасының «Тарих» бағыты бойынша соңғы 5 жылда өткізген факультатив сабақтары туралы ақпарат. Анықталған 13 курстың ішінде біз оларды травматикалық және мәдени жадыға бөліп, төменде қарастырсақ:

«Травматикалық жады»: «Алаштану» курсы (2020-2021 оқу жылы); «Алаш тарихы» (2019-2020); 10-сыныптарға арналған «Бабалар аманаты» (2019-2020); 18-20 ғасырлардағы ұлт-азаттық көтерілістер. 11-сыныпқа арналған (2019-2020).

«Мәдени жады»: «Елтану (Елтану)» (2020-2021 оқу жылы); 9-сыныпқа арналған «Әлемдік өркениет тарихы» (2018-2020); 9 сыныпқа арналған «Менің өлкем Жетісу». (2019-2021); 6-сыныпқа Қазақстанның ежелгі қалалары (2017-2020); «Өлкетану» сыныптарға арналған кешенді сабақ (5-7). (2017 жылдан бастап).

Жоғарыда көрсетілген кестеге сәйкес Алматы облысының әр ауданында «Тарих» пәні мұғалімдері оқушыларды қосымша «Тарих» және өзге де факультатив сабақтары аясында КҒА және «Дарынға» өз жобаларын дайындайды. Алматы облысының әр ауданында «Тарих» пәнінің мұғалімдері «Кіші ғылым академиясы» және «Дарын» мектеп оқушыларына «Тарих» қосымша сабақтары және басқа да факультативтік сабақтар аясында өз жобаларын дайындайды. Мысал ретінде Сарқан ауданында 2017, 2018, 2019 жылдары атқарылған жұмыстарды алып қарасақ, соғыс, топонимика, ономастика тақырыптары 2 және 3 орындарға ие болғанын көруге болады.

Осыған мысал ретінде, Сарқан ауданы бойынша 2017, 2018, 2019 жылдары дайындалған жұмыстарды төмендегі кестеден көре аламыз:

Кесте 15 - Сарқан ауданы бойынша 2017, 2018, 2019 жылдары КҒА, Дарында дайындалған жұмыстар

| № | Аты-жөні, тегі | Тақырыбы | Пәні | Сынып | Тілі | Мектебі | Жетекшісі | Жылы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бақдәулетқызы Әсел | Жетісу өңіріндегі туризмнің негізгі көзі – Алакөл | Өлкетану | 8 | қазақ | Сарқан ауданы, Ақын Сара атындағы орта мектеп | Сарбасова Бибі Мукатаевна | 2017 (ІІ орын) |
| 2 | Жүнісханқызы Аружан | Жетісу өңіріндегі туризмнің негізгі көзі - Алакөл | Өлкетану | 9 | қазақ | Сарқан ауданы, Ақын Сара атындағы орта мектеп | Сарбасова Бибі Мукатаевна | 2017 (ІІ орын) |
| 3 | Тұрсынхан Айнара | Балқаш көлі жағалауында туризмді дамыту | Өлкетану | 9 | қазақ | Сарқан ауданы, Ерікті орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен | Үкібаев Амангелді Мукатаевич | 2017 (ІІІ орын) |
| 4 | Ескендір Дәурен | Мемлекет пен қоғам міндеті: Бәсекеге қабілетті 30 мемлекет санына кірудегі Қазақстан этностарының маңызы мен | Тарих | 9 | қазақ | Сарқан ауданы, Абай атындағы мектеп | Иманхатова Жанар Дулатовна | 2017 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | рөлі | | | | гимназиясы | | |
| 5 | Құсайын Айгерім | Алматы облысының топонимикасы және ономастика мәселелері | Өлкетану | 10 | қазақ | Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі | Нұрғалиева Айгерім Серікбосыновна | 2018 (II орын) |
| 6 | Сейткәрім Сағындық | Қарақуыс тауынан соғатын желдің табиғи қасиеті | Өлкетану | 11 | қазақ | Сарқан ауданы, Абай атындағы мектеп гимназия | Урумбазарова Данагуль Мухатаевна | 2018 (III орын) |
| 7 | Жекен Ақжол | Қарақуыс тауынан соғатын желдің табиғи қасиеті | Өлкетану | 11 | қазақ | Сарқан ауданы, Абай атындағы мектеп гимназия | Урумбазарова Данагуль Мухатаевна | 2018 (III орын) |
| 8 | Сағынғалиев Әділет | Ұлы Отан соғысы және Мұқамәділ Қаптағаев | Тарих | 9 | қазақ | Сарқан ауданы, Алмалы орта мектебі | Блискельдинова Зейнехан Мадихановна | 2017 (II орын) |
| 9 | Құдайберген Диас | Ұлы Отан соғысы және Мұқамәділ Қаптағаев | Тарих | 9 | қазақ | Сарқан ауданы, Алмалы орта мектебі | Блискельдинова Зейнехан Мадихановна | 2017 (II орын) |

Көріп отырғанымыздай, Сарқан ауданы бойынша «Тарих» және «Өлкетану» бойынша жобалар жасалып, қорғалып қана қоймай, сонымен қатар тиісті деңгейде орындарға да ие болған. Бұл дегенміз өскелең ұрпақ өз тарихына деген қызығушылығын оятып, оны жетік меңгеру барысында үлкен жұмыстар атқаруда.

Диссертациялық жұмысымызда Алматы облысы бойынша мектеп саны мен қатар «Тарих» пәні мұғалімдерінің сапалық жағына да тоқталып өтілді.

1998-1999 оқу жылы бойынша берілген педагог кадрлардың сапалық құрамы туралы [170].

«Тарих» пәні педагогтарының негізгі басым бөлігі жоғары оқу орнын тамамдаған. Жалпы 1555 педагог болса, соның 1470 жоғары білімді дегенміз 70 пайызын көрсетіп отыр.

1999-2000 оқу жылы бойынша берілген педагог кадрлардың сапалық құрамы туралы [171].

2003 жылға арналған педагог жұмысшылардың жалпы білім беретін мекемелеріндегі саны және құрамы бойынша статистикалық есеп бойынша Алматы облысында жоғары және орта білімдері бойынша мұғалімдерді бөлу төмендегідей: [172] Тарих, мемлекет және құқық негіздері – жоғары 420, орта -4; Тарих, мемлекет және құқық негіздері – жоғары 1792, орта -32; Тарих, мемлекет және құқық негіздері – жоғары 1372, орта -28.

2004 жылы Алматы облысының шағын мектеп мұғалімдерінің қайта даярлау курстарынан өткені туралы мәлімет бойынша 2004 жылы АОИПРК және РИПКСО-дан – Тарих пәні бойынша 37 мұғалім біліктілікті арттыру курсынан өтті, оның ішінде: қазақ тілінде – 30, орыс тілінде – 7. 2004 жылы

АОИПРК-дан – Тарих пәні бойынша 114 мұғалім біліктілікті арттыру курсынан өтті, оның ішінде: қазақ тілінде – 71, орыс тілінде – 43 [172].

Алматы облысы мектептері, өткізілген «тарих» пәнінің барысы, факультатив сабақтары, өлкетану курсы негізінде жүргізілген ғылыми жобалар бойынша жалпы мәлімет беріліп, сараланды.

## 3.2 «Қазақстан тарихы», «Өлкетану» оқулықтарындағы коммеморативті тәжірибелер туралы

Тарихи білімді модернизациялау және әдіснаманы жаңарту (1980 жылдардың ортасы – 1990 ж.). 1980 жылдардың соңы – 1990 жылдардың басында Кеңестік қоғамдық-саяси жүйенің күйреуі мемлекеттің күн тәртібіне қойылды. Ұлттық тарихты құрамдас бөлігі ретінде зерттеудің бүгінгі күнгі мәселелері бүкіл әлемде шынайы ғылыми тұрғыдан анықтау отаршылдық кезең мен тоталитарлық режим тарихында анықтау. Тарих ғылымының қоғам өміріндегі орны мен рөлі ізденіс жұмыстарының жаңа әдістемелері, шындық, түбегейлі өзгерістерді қажет етті. Қазақстандық ғалымдардың дүние жүзіндегі орнын анықтауы тарихшылар қауымы үшін Посткеңестік кезеңдегі аса маңызды міндеттердің бірі болды. Кеңестік кезеңде Қазақстан тарихының барлық дерлік кезеңдері бұрмаланған.

Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауымен идеологиялық бақылау ғылымда жойылды, бұл тарихшыларға көптеген мұрағаттық материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік берді, еркіндік пен көзқарастардың әртүрлілігін жариялауға баса назар аударылды. Осылайша ғалымдар кеңестік кезеңде ұзақ уақыт тыйым салынған тарихи тақырыптарды зерттеуге мүмкіндік алды. Тарихшылардың прогресшіл бөлігі марксизмнің әмбебап теориясынан біртебірте алыстап, тарихты зерттеудің жаңа тәсілдерін қалыптастыруға талпыныс жасады. КСРО ыдырағаннан кейін тарихтың деректану базасы көкжиегі кеңейіп, әдіснамалық көзқарастардың жаңаруы ғылымда үлкен өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп, отандық тарихнаманың жаңа мәселелерін зерттеуге жағдай жасады.

Тәуелсіздік жылдарындағы ғылыми зерттеулердің әдістемесінің өзгеруіне байланысты Кеңес өкіметінің зерттелген мәселелері қайта қаралып, тарих ғылымында тың пайымдаулар мен жаңа тұжырымдар жасалды. Бұл бағыттағы ғылыми зерттеулердің ішінде бұрын белгісіз фактілер мен құжаттарды пайдалана отырып, жаңа көзқараспен сараланған еңбектер ерекше орын алады.

1990 жылдардың басында Қазақстанда 200-ден астам ғылыми мекеме жұмыс істеді. Барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарына Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы жетекшілік етті. 1980-1990 жылдары өткенді зерттейтін негізгі ғылыми орталықтар Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты болды. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты және А.Х. Марғұлан атындағы Археология институты.

Тарихи білімді модернизациялау және әдістемені жаңарту (1990 жылдардың ортасы – 2000 ж.). Тәуелсіздік жылдарындағы тарих ғылымының дамуымен тарихшылар көптеген тарихи оқиғаларды қайта қарап, кеңестік дәуірде зерттеуге тыйым салынған көптеген тақырыптарды зерделеуге мүмкіндік алды. Дүниетанымды қалыптастырудағы тарихи пәндердің рөлін қарастыра отырып, Мемлекеттік органдардың көмегімен әлеуметтік пәндерді, ең алдымен тарих ғылымын реформалау мен жаңғырту мәселелері бірінші орынға қойылған бірқатар жиындар өтті.

1993-2000 жылдар аралығында Қазақстанның ғылыми орталықтары «Тұжырымдамада» көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруда көп жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, мемлекеттіліктің қалыптасуына қатысты зерттеулер жүргізілді.

Тарихи сананы қалыптастырудың негізгі жолдары: мектепке дейінгі, мектеп және университеттік білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі, мәдени мекемелері. Тарихи білім мынадай принциптерге негізделуі керек еді: тарихшылдық пен ғылыми объективтілік; әдіснамалық және тұжырымдамалық плюрализм; төзімділік пен бейтараптық; тарихи шындыққа берілгендік.

Қазіргі жағдайдағы Қазақстан тарих ғылымы. Жаңғырту бағытын жалғастыру (2010-2020 жж.). Жаңа мемлекет құрылысы жағдайында ұлттық тарихқа деген қызығушылық бірнеше есе артты. Тәуелсіз Қазақстанның көрнекі жетістіктері, жаңа зайырлы және демократиялық қоғамды қалыптастыру үдерісі еліміздің тарихи өткеніне негізделген, сондықтан оны тереңдетіп зерттеу отандық тарих ғылымының өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

«Тарих» пәні, оның жүргізілу барысы, мектепте қашаннан бері оқытыла басталды деген көптеген сұрақтарға жауап беретін болсақ, жалпы ең алдымен 80-жылдардың аяқ кезінде КСРО-дағы қайта құруларға байланысты Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілді. Бұл тәуелсіздіктің жемісі еді. Қазақ халқының, Қазақстанның тарихында тұңғыш рет жалпы білім беретін орта мектептерде дербес пән болып оқытыла басталды. Осыған байланысты Республиканың Халыққа білім беру министрлігі пәнді оқытуда жақсартуға бағытталған бірқатар шаралар белгіледі: бағдарламалық топ, факультативтік курстардың бағдарламалары мен оқулықтарын дайындайтын авторлар тобын құрды және де Қазақстан тарихынан қажетті оқулықтар тізімі жасалып, олардың авторлары белгіленді.

Қазақстан Республикасы 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін мектеп тарихы бойынша білім беру жаңару үдерісін бастан кешіруде. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің өзіндік моделін құрудың бастапқы кезеңінде оқыту процесінің идеяларын, принциптерін және сипатын өзгерту қажет болды. Бұл әсіресе мектептегі «Тарих» пәніне қатысты еді.

Орта білім – білім беру жүйесінің негізгі деңгейі. Оны тегін алу құқығына еліміздің Конституциясы кепілдік береді.

Қазақстандағы мектеп тарихы білімінің құрылымын өзгерту мектеп реформасының үш кезеңінде 1985 жылдан 2020 жылға дейін жүзеге асырылды:

• 1985-1990 жж — Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді реформалаудың негізгі бағыттарына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мектеп жүйесін қайта құруды бастау кезеңі;

• 1991-1994 жж — Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы ізгілендіру мен жаңғыртудың тұжырымдамалық негіздемесін дайындау уақыты;

• 1995-2000 жж — Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын, Мемлекеттік стандарттарды, концентрлік принцип бойынша құрылған бағдарламаларды құру, 1997-1998 оқу жылында білім беру ұйымдарын ақпараттандыру және компьютерлендіру басталды; 2001 жылы мектептерді компьютерлендіру аяқталды; 1999 жылы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (https://daryn.kz/) құрылды, оның мақсаты дарынды балалардың потенциалдық мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін анықтау, дамыту және іске асыру үшін жағдай жасау болып табылады. республикалық, орталық мектеп оқушыларына арналған Кіші Ғылым академиясының қызметін үйлестіре отырып, дәстүрлі конкурстарды, турнирлерді, конкурстарды, пәндік олимпиадаларды, конференцияларды және т.б. оқу және өткізу процесінде дарынды балалар мен жастарды анықтайды және іріктейді;

• XXI ғасырдың алғашқы екі онжылдығындағы екі кезеңде:

2001-2004 — 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың жаңа мемлекеттік стандарты мен тұжырымдамасы; 2004 жылы Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру жүйесінің тұжырымдамасында 12 жылдық жаңа білім беру жүйесіне кезең-кезеңімен көшу идеялары айқындалды; 2004 жылы ҰБТ (Ұлттық бірыңғай тестілеу (http://testcenter.kz/)) енгізілді.

2005-2010 — 2005 жылдың сәуір айында білім беру мазмұнын бағалау, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сараптау арқылы білім сапасын қамтамасыз етуге көмектесетін «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы (https://okulyk-edu.kz/) құрылды; жаңа тарих бағдарламаларына көшу (2006); Білім беруді дамытудың 2005-2010, 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру; 2008 жылы «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасын іске асырудың басталуы; 2008 жылы Зияткерлік мектептер – НЗМ құру жобасы іске қосылды (https://www.nis.edu.kz/); 2016 жылдан бастап – 4 жылға есептелген білім беруді кезең-кезеңімен жаңартудың басталуы, 2018-2019 оқу жылында өзгерістер 3, 6, 8 және 10-сыныптарға, 2019-2020 жылдары – 4, 9, 11-сыныптарға қатысты. Жаңартылған білім беру мазмұны бар сыныптарда критериалды бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Көрсетілген ҚР білім саласындағы өзгерістер жалпы тарих пәнін оқыту барысына да кезең-кезеңімен өз әсерін тигізді десек болады.

1992 жылы алғаш рет дербес Қазақстан тарихы пәнінің бағдарламасы дайындалып, ол дүниежүзі тарихы бағдарламасы мен бірге жеке кітапша болып жарияланды. Қазақстан тарихы дербес пәнге айналып, оған бөлінген сағаттар саны көбейгендіктен соңғы 4-5 жылда біраз оқулықтар жарық көрді. Біракта ол оқулықтардың қайсысы болсада сапасы жағынан көп жетілдіруді қажет етеді.

1991-1996 жылдар аралығында Қазақстан тарихын оқыту әдістемесін тұтас қамтитын немесе оның аса маңызды мәселелеріне арналған әдістемелік құралдар жарық көрген жоқ. Оның себебі – осы курс дербес пән деп енді ғана аталып, оның тұжырымдамаларын, бағдарламаларын жасау ісі енді ғана қолға алынып, жаңа оқулықтарын дайындауға қам жасала басталғанда маңызды әдістемелік құрал жасау асығыстық болар еді.

Бұл жылдары әдіскерлер алдында тұрған міндет – әрбір жаңа оқу жылында Қазақстан тарихының жеке сыныптарда оқылатын курстарына қандай ретпен, қандай бағдарламалармен, оқулықтармен оқыту туралы мұғалімдерге накты көмек болатын әдістемелік нұсқау-ұсыныстар даярлау еді.

1992-1993 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердің 5-сыныбында бұған дейін оқытылып келген КСРО және Қазақ КСР тарихынан әңгімелер курстарының орнына «Отан тану» деп аталатын жаңа курс енгізілді. Бұл курс Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден осы күнге дейінгі басты-басты оқиғалары мен мәселелерін қысқа-қысқа әңгіме түрінде баяндап береді. Оған аптасына 2 сағаттан, жылына 68 сағат уақыт бөлінген.

Педагогикалық басылымдар, әсіресе «Қазақстан мектебі» журналы Қазақстан тарихы дербес пән болып оқытыла бастағаннан-ақ оны мектепте оқыту мәселелеріне көбірек назар аударған. Мәселен, журнал екі жарым жыл ішінде, 1991-ден 1993 жылдың ортасына дейін 20-ға жуық әдістемелік мақалалар жарияланған, олардың 4 ғылыми-әдістемелік мақала, ал қалғандары мектеп тарихшы мұғалімдерінің өздерінің тәжірибелеріне арналған мақалалары.

1993 жылдың екінші жартысынан бастап «Қазақстан мектебінің» қосымшасы «Қазақ тарихы» журналының (екі айда бір рет) шыға бастағаны белгілі. Енді Қазақстан тарихы ғылымына және оны мектепте оқыту әдістемесіне қатысты мақалалар осы журналда жарияланатын болды. Мектептің оқу жоспарына енді ғана дербес пән болып енген Қазақстан тарихы пәнінің де, оның әдістемесінің де қалыптаса бастауына елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өту орынды [49].

Ресей Федерациясында «Тарих» пәнінен мектеп оқулықтарының зерттелуі және ондағы коммеморация тәжірибелері жөнінде қазіргі таңда жан-жақты қарастыруда. Олар: Ю.В. Павлова «Роль школьного образования в процессе формирования социальной памяти и коммеморативной культуры», Н.И. Чуркина «Коммеморативные практики в российском образовании как метод историко-педагогических исследований», М.М.Федорова «История/память: «трудная» дилемма», М.Л.Шуб «Современные коммеморативные практики: образовательный и воспитательный потенциал»

және т.б. Осы ғалымдардың мақалаларының ішінен мысалы үшін, Омск мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.д. Н.И. Чуркинаның «Коммеморативные практики в российском образовании как метод историко-педагогических исследований» мақаласында мектеп оқулықтарында коммеморациялық тәжірибелердің жүзеге асырылуы, «ұжымдық жад», «әлеуметтік жад», олардың пайда болу тарихы, негізін салған ғалымдарды атап өтеді [173].

Қазақстан тарихшылары жүргізген жұмыстардың нәтижесінде 1990 жылдардың басында-ақ типтік бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер дайындалып, 4-11 сынып оқушылары үшін кеңестік кезеңдегі оқулықтар толығымен ауыстырылды. Оқулықтардың дизайны да өзгерді, олар түрлі-түсті безендірілген және суреттелген болды. Республика мектептеріне арналған оқулықтардың алғашқы құрастырушылары мен авторлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академиктері, профессор М.Қозыбаев, Қ.Нұрпейіс, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж. Қасымбаев сияқты танымал ғалымдар болды. Т.Төрлеғұлов, тарих ғылымдарының докторы, профессорлар М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Б.Ғ. Аяған, Ж. Таймағамбетов, З.Е. Кабулдинов, және т.б.

ҚР БжҒМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша сараптамалық материалдар. Сараптамалық жинақты 2015 жылы шығарды. Осы жинақта бөлімдерге бөлініп, соның ішінде «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқу әдістемесі мен тәжірибесі, «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуды жетілдіру бойынша әзірленген әдістемелік құралдар, «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуды жетілдіру бойынша іс-тәжірибе атты тақырыптарда толық тарихнамалық талдау жасалып, қоымша кітаптар, факультатив курстарында оқытылатын әдебиеттер туралы мәліметтер берілген. Қ.С. Смағұлованың «Орта мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың кейбір мәселелері» атты мақаласында пәннің оқытылуы, оның мазмұны туралы атап өткен. Б.Аяғанның «Қазақстан тарихы оқулықтары қалай жазылуы керек?!» атты мақаласында оқулықтардың жазылу реті, сонымен қоса оның ішіндегі даталардың сәйкессіздігінің пайда болуын айтты. Б.Б. Енсепов, Н.Т. Қайназаровтың «Тәуелсіз Қазақстан тарихы оқулықтарда» атты мақалаларында тек мектеп оқулықтарын ғана емес, сонымен қатар, колледжде, университеттерде оқытылатын оқулықтарға да талдау жасаған. Соның ішінде 9-сыныпқа арналған Б.Аяған, М.Қозыбаевтың «Қазақстан тарихы» пәні оқулығының тақырыптарының құрылымының дұрыстығын көрсетті.

Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқулықтар әзірленді. «Қазақстан тарихы» оқулықтары Қазақстан территориясында болған және еліміздің басынан өткерген сонау біздің заманымыздан бұрынғы кезеңнен бастап бүгінгі тәуелсіздігіміз, қазіргі жағдайымыздың маңызды тарихи кезеңдері мен оқиғаларын қамтуға

тырысқан. Ең алғаш шыққан оқулықтар сынға ілініп, қайта басылып шыққан кездері де болды. «Қазақстан тарихы» пәніне арналған мектеп оқулықтары бірнеше рет басылып, қайта-қайта өзгеріске ұшырап, ішіндегі мазмұны жағынан мектеп оқушылары игере алмайды деген сынға да алынды. 2018-2019 оқу жылында мектеп оқушылар төмендегідей оқулықтармен білім алуда: «Қазақстан тарихы» пәніне арналған оқулықтар 5-7 сынып 2017 жылы «Атамұра» баспасынан, 8-сынып 2017 жылы «Атамұра» баспасынан, 9-сынып 2013 жылы «Мектеп» баспасынан басылып шыққан оқулықтармен білім алуда.

«Қазақстан тарихы» пәніне арналған мектеп оқулықтарындағы Жетісу аймағының тарихына қатысты тақырыптарды өту барысында Мемлекет басшысының 2017 жылдың 12 сәуірінде қабылдаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасы аясында сабақ өту маңызды. Осы бағдарлама аясында тұңғыш президентіміз «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Оның негізі мынада: бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әр өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар [173]. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Әр тақырыпты өту арқылы оқушының патриоттық сезімін ояту мен қатар, жадысына тереңсіңіру, коммемаративті тәжірибелердің іске асырылуы негізгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мектеп оқулықтарындағы «Қазақстан тарихы» пәнінің ішіндегі Жетісу аймағы тарихына қатысты материалдарының құрылымдық жағынан қалай жүзеге асырылғандығына талдау жасау басты мақсат болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей енді әр сынып оқулықтарындағы Жетісу аймағы тарихына қатысты материалдарына тоқталсақ. Ең алдымен жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы, оның авторлары Б.Е. Көмеков, Т.С. Жұмағанбетов, К.С. Игілікова, Алматы «Атамұра» баспасынан 2017 жылы басылып шыққан, барлығы 144 беттен тұрады. Кітап 7 тарауға бөлінген, жалпы 53 тақырыпты қамтиды. Соның ішінде Жетісу аймағының тарихына қатысты материалдар: II тараудың 27-28 параграфтарында «Оңтүстік және орталық Қазақстан сақтары», IV тараудың 36-37 параграфтарындағы «Үйсіндер тарихы және олардың шаруашылығы». 5-сынып оқулығы ежелгі кезеңнен – б.з.б. 5-ғасырға дейінгі мерзімді қамтитындықтан осы тақырыптар біздің жұмысымызға қатысты болып табылады [174].

Келесі 7(6)-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы, оның авторлары Н.С. Бакина, Н.Т. Жанақова, Алматы «Атамұра» баспасынан 2017 жылы басылып шыққан, барлығы 240 беттен тұрады. Кітап 3 бөлім, 9 тарауға бөлінген, жалпы 57 тақырыпты қамтиды. Соның ішінде Жетісу аймағының

тарихына қатысты материалдар: І бөлімнің І тарауындағы 2 параграфындағы «Батыс түрік (603-704) және Шығыс түрік (682-744) қағанаттары», 3 параграф «Түркеш», 4 параграф «Қарлұқ» қағанаттары, ІІ тараудың 9 параграфындағы «Көне түркі дәуіріндегі жазу», IV-тараудың 15-параграфы «Ұлы Жібек жолы», 18 параграф «Қалалардың дамуы (Х-ХІІ ғасырдың басы)», ІІ бөлім,VI тараудың 31 параграфы «Моғолстан», ІІІ бөлім VIII тараудың 40-41 параграфтары «Қазақ хандығының құрылуы», 47 параграф «Жоңғар шапқыншылығы». 7(6)-сынып оқулығы VI ғасырдан – XVII ғасырға дейінгі мерзімді қамтитындықтан осы тақырыптарды негізге алып отырмыз [175].

Тағы бір оқулығымыз 8(7)-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы», оның авторлары З.Е. Қабылдинов, Ж.Н. Қалиев, А.Т. Бейсембаева, Алматы «Атамұра» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан, барлығы 208 беттен тұрады. Кітап 6 бөлім, жалпы 54 тақырыпты қамтиды. Соның ішінде Жетісу аймағының тарихына қатысты материалдар: І бөлімні 1-2 параграфтарындағы «Жоңғар басқыншыларына қарсы Отан соғысының басталуы», IV бөлімнің 25-26-параграфтарының «К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847)», 29-30-параграфтарындағы «Ресей империясының Қазақстанды қосып алуының аяқталуы», VI бөлім, 45-46 параграфтарындағы «XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі», 47-48 параграфтарындағы «Шоқан Уәлиханов – қазақтың аса көрнекті ғалымы әрі ағартушысы». 8(7)-сынып оқулығы XVIII-XIX-ғасырлар аралығындағы мерзімді қамтитындықтан осы тақырыптарды қарастырдық [176].

Келесі оқулығымыз 8-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы», оның авторлары З.Е. Қабылдинов, А.Т. Қайыпбаева, Алматы «Атамұра» баспасынан 2016 жылы басылып шыққан, барлығы 320 беттен тұрады. Кітап 7 бөлім, жалпы 62 тақырыпты қамтиды. Соның ішінде Жетісу аймағының тарихына қатысты материалдар: І бөлімнің  3-параграфы «Қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы күресі», ІІ бөлімнің 20-21-параграфтарының «1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс», ІІІ бөлім, 22-23 параграфтарындағы «Ұлы жүздің Ресейге қосылуы. Ресей импреиясының Орта Азияны жаулап алуы», V бөлім, 43 параграфы «Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы», VII бөлім, 56-параграф «Шоқан Уәлиханов – қазақтың аса көрнекті ғалымы әрі ағартушысы». 8-сынып оқулығы XVIII ғасыр-1914 жыл аралығындағы мерзімді қамтитындықтан осы тақырыптарды саралаймыз [177].

Мектеп оқушыларының 9-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы, авторлары М. Қозыбаев, К. Нүрпейісов, Қ. Жүкешев Алматы «Мектеп» баспасынан 2013 жылы басылып шыққан, барлығы 296 беттен тұрады. Кітап 14 тарау, жалпы 63 тақырыпты қамтиды. Соның ішінде Жетісу аймағының тарихына қатысты материалдар: І тараудың  3-параграфы «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың басталуы және сипаты», VII тараудың 32-параграфы «Қоғамдық-саяси өмір. 9-сынып оқулығы XX ғасырдың басы-бүгінгі күнге дейінгі аралығы мерзімін қамтитындықтан осы тақырыптарды аясында жұмыс жасаймыз [178].

Жоғарыда мектеп оқулықтарындағы «Қазақстан тарихы» бойынша берілген Жетісу аймағының тарихына қатысты материалдар кезең-кезеңімен хронологиялық шеңберді сақтай отырып орналастырылғандығын көруге болады. Олай дейтініміз, сонау біздің заманымыздан бұрынғы кезеңнен бастап қазіргі күнге дейінгі материалдар 5-сыныптан бастап 9-сыныпқа дейінгі оқулық беттерінде қамтылған. Оларды біз жоғарыда тақырыптарға бөліп көрсеттік.

«Қазақстан тарихы» пәнінен мектеп оқулықтары беттеріндегі материалдарында Жетісу тарихына қатысты мәліметтер берілген. Өзіміз саралап өткендей 5-сыныптан бастап 9-сынып аралығындағы оқулықтардың барлығында аймаққа қатысты тақырыптар қарастырылған. Оның маңыздылығы сонау біздің заманымыздан бұрынғы тайпалардың ең алғашқылары сақтардан бастап, кейінгі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты оқиғалардың барлығы осы Жетісу өңірімен тығыз байланысты екендігін көреміз. Бұл Жетісу өңірінің «геосаяси» жағынан маңызды аймақтың бірі екендігін атап өту керек.

Сонымен қатар, «Қазақстан тарихы» пәнінен мектеп оқулықтары ішінен тағы бір назар аударарлық мәселелердің бірі ол 5-сыныптан бастап, 9-сынып аралығындағы кітаптарда тақырыптарды өту барысында оқушыларға қосымша ақпарат берілген. Әр тақырыптың басында, ортасында не болмаса соңында қысқа мазмұнда түсіндірілген ақпараттар мұрағат құжаттарынан, белгілі бір еңбектерден келтірілген. Мысалы үшін, 7(6) сыныпқа арналған оқулықта оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері келтірілген. 8(7) және 8-сыныпқа аранлған оқулықтар әр тақырыптың соңында мұрағат құжаттарынан алынған құжаттар, грамота не болмаса белгілі бір ғалымның сөздері келтірілген. 9-сыныпқа арлналған оқулықта қосымша материал ретінде көрсетілген. Осы оқулықтардың барлығының соңында «Қазақстан тарихына» қатысты электронды сайттарға сілтеме көрсеткен, олар:

5-сыныпқа арналған оқулықта:

- ҚР Ұлттық музейі: http: /nationalmuseum.kz/;
- ҚР Алматы қаласындағы Мемлекеттік орталық мұражайы: http: //www.csmrk.kz/;
- Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты: http: //www.iie.kz/;
- «Тарих» - Қазақстан тарихы – оқушыларға. http: //www.tarihbegalinka.kz/ru/history/medieval/;
- Қазақстан тарихы. http: //e-history.kz/ru/contents/view/116;
- Білімдік портал. http: //ibrain.kz/ istoriya-kazahstana/kazahstan-v-srednevekove/;
- Қазақстан тарихы. http: //kazakhhistoryblogspot.com/2014/02/blog-post_28.html/.

8(7)-сыныпқа арналған оқулықта:

- e-history.kz
- nabrk.kz
- edu.e-history.kz
- nlrk.kz
- library.kz

- archive.president.kz
- tarihbegalinka.kz
- iie.kz
- nationalmuseum.kz

Енді тақырыбымыздың негізгі бөлімі ол осы тақырыптардың сабақ барысында жүзеге асырылып, коммеморативті тәжірибелер мен жадының орнын айқындалуын көрсетсек. 5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің ІІ-тарауының 27-28 параграфтарында «Оңтүстік және орталық Қазақстан сақтары» деген тақырып берілген. Бұл тақырыпты өту барысында мұғалім міндетті түрде Қазақстанның Оңтүстік шығысы, немесе дәлірек айтсақ Іле Алатауы баурайындағы, Алматыдан шығысқа қарай 50 км жерде орналасқан Есік обасынан табылған «Алтын киімді» адамға тоқталады. «Алтын киімді» адамды көру үшін мұғалім оқушыларды экскурсия ретінде М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану мұражайына апарып, таныстыруына болады. Ол оқушылардың жадында сақталып, коммеморативті тәжірибелердііске асыруға қолайлы жағдай.

7(6)-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің IV тарауының 15-параграфы «Ұлы Жібек жолы», 18-параграфы «Қалалардың дамуы (X-XII ғасырдың басы)» атты тақырыптарда ең алдымен Алматы облысы аймағында орналасқан ежелгі қалаларға мән беруге болады. Ол қалаларда сауда-саттық жасалған. Сондай қалалардың бірі ретінде академик К.Байпақов зерттеген Қойлықты атап өтуге болады. Ол қазіргі жазба деректер мен археологиялық мәліметтер-Антоновка селосының шығыс шетінде, Алматы облысының Сарқан ауданы орталығынан шығысқа таман 35 шақырым жердегі, Лепсі өзенінің алқабында орналасқан қаланың үйінді орны Қиялық немесе Қойлық (Антоновка) ауылының маңынан қираған құрылыстардан табылған. Оған дейін бұл жерде Екіоғыз қаласы да аталып өтіледі. Осындай жерлерді сабақ барысында өтіп, кейін ол жерлерге оқушыларды апаруға болады. Сол тарихи қаламен таныстыру арқылы негізгі мақсат тарихи жадты қалыптастыру.

*Тақырыбы:* Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер - Блум таксономиясы бойынша

Сабақтың мақсаты: Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер (Қойлық қалашығы, Черкасск қорғанысы және т.б.) туралы білімгерлердің визуалды түсінігін қалыптастыру. Оқушылардың тарихи фактілерді, оқиғаларды талқылауға белсенді қатысуы өз ойын түсінікті жеткізе білу біліктерін дамыту. Еліне, жеріне, ауданына қатысты мәліметтерге назар аудару арқылы патриоттық сезімін оятып, өз отанын құрметтеуге тәрбиелеу.

«Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер» атты тақырыпта өтілетін «дәстүрлі» сабағын қорытындылау үшін, «Блум таксаномиясы» бойынша оқушыларға төмендегі кестені пайдалана отырып сабақты қорытындылатуға үйретуге болады:

Кесте 13 – Оқушыларға Блум таксономиясы негізінде берілген кестені толтыру тапсырмасы

| | Оқулықтар | БАҚ | Интернет | Интервью | Сауал- |
|---|---|---|---|---|---|

| Сұрақтар | мен ғылыми әдебиет | | | | нама |
|---|---|---|---|---|---|
| Қойлық қалашығына қатысты дереккөздерін атаңыз | | | | | |
| Қойлық қалашығын зерттеген ғалымдарға тоқталыңыз | | | | | |
| Черкасск қорғанысына қатысты дереккөздерін атаңыз | | | | | |
| Черкасск қорғанысы тарихына қатысты ғалымдар пікірі туралы тоқталыңыз | | | | | |
| Қойлық қалашығы туралы сипаттаңыз | | | | | |
| Черкасск қорғанысы туралы сипаттаңыз | | | | | |
| Қойлық қалашығының саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттаңыз | | | | | |

Қойлық қалашығы мен Черкасск қорғанына қатысты толық мәлімет оқу-әдістемелік нұсқауда келтірілген.

Күтілетін нәтиже: жоғарыда аталған №3 кестені толтыру арқылы білімгер:

а) біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштерге қатысты дереккөздерін табу жолдарын үйренеді;

ә) оқушылардың дүниетанымы кеңейеді;

б) ой-өрісін дамытады;

в) деректемелік және тарихнамалық талдау жасауға дағдыланады [139, 24-27 бб].

8(7)-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің IV бөлімінің 25-26-параграфтарындағы «К. Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847)», 29-30-параграфтарындағы «Ресей империясының Қазақстанды қосып алуының аяқталуы» атты тақырыптарында Ұзынағаш, Қастек, Верный, Қапал бекіністерінің салынуын атап өтіп, ол жерлермен оқушыларды таныстыруға да болады. Сонымен қатар, Ресей империясының бодандығына қарсы Ұлы жүз жеріндегі, яғни Алматы облысындағы Сұраншы, Саурық батырлардың қарсы күресін атап өтуге болады. Алматы-Шымкент күре жолының Ұзынағаш ауылы тұсындағы биік қыратты екі батырға арналған сәулетті ескерткіш бой көтерді. Тарихтан өтілетін қосымша сабақ барысында оқушыларды апарып, таныстыруға болады, сол арқылы коммемаративті тәжірибелер жүзеге асырылады. VI бөлімнің 47-48 параграфтарындағы «Шоқан Уәлиханов – қазақтың аса көрнекті ғалымы әрі ағартушысы» атты тақырыпты өту барысында мұғалім оқушыларға «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейін атап өтіп, сол жерге оқушыларды апарып таныстыруға болады.

Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне бару) – Экскурсия сабағы

Сабақтың мақсаты: «Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне бару)» идеясын басшылыққа ала отырып, жастар өз Отанының болашағына жауапты екендігін түсіндіру. Білімгерлерді елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Мұражай ауыл тарихының ажырамас бір бөлігі. Музей 1985 жылы 20-қыркүйекте Ш.Уәлихановтың 150 жыл толу құрметіне ашылды. «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі қазақ халқының ағартушы ғалымының сүйегі жерленген бейітінің жанына тұрғызылған. Музейдің жанына оның ескерткіші тұрғызылған. Оның ішінде ғалымның жеке заттары мен хаттары, құжаттары мен зерттеулері қойылған. Осындай ескерткіштерге, мұражайларға оқушыларды апару арқылы коммемаративті тәжірибелерді, жадыны қайта жандандыруға болады.

Біздің еліміздің ортағасырлық ірі қаласы туралы қалың оқырман қауымға, сондай-ақ археологтарға, тарихшыларға, сәулет және өнердің тарихын зерттеушілерге қызығушылық тудыруда.

Күтілетін нәтиже:

а) оқушылар бұл сабақта өздерінің ойларында жүретін көптеген сауалдарға жауап береді, себебі көзбен (визуалды) көріп, оны ойында саралай алады;

ә) қойылған сұрақтарға шапшаң жауап беруге дағдыланады;

б) өз ойларын накты қорытындылауға үйренеді;

в) тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамытады [129, 34 б].

9-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің I тарауының 3-параграфы «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың басталуы және сипаты» атты тақырып қарастырылған. Мұғалім бұл тақырыпты өту барысында міндетті түрде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың екі ошағы Торғай және Жетісу деп атап өтеді. Жетісу жеріндегі негізге басшылары Т.Бокин, Б.Әшекеев туралы атап өтіп, Т.Бокинге 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағында тұрғызылған ескерткішімен таныстыруыға болады.

Жоғарыда атап өтілген мектеп оқулықтарындағы Жетісу аймағының тарихына қатысты материалдардың сабақ барысында өтіліп, сонымен қатар оларды оқушылар тек естіп қана қоймай өз жадыларында берік сақтап танысулары үшін ескерткіштеріне, мұражайларына барып тереңірек игеруіне де болатындығын көрсеттік. Сонымен қатар, мақаланы жазу барысында төмендегідей ұсыныстар немесе нәтижесін көрсетсек: Жетісу аймағының тарихына қатысты материалдардың сабақ барысында өтіп, оларға қатысты мәліметтермен оқушыларды тек саяхат, сол жерлерге бару мен шектелмей, өлкетану тақырыптарына қатысты «КҒА» (Кіші ғылым академиясы), «Дарынға» жоба ретінде дайындауға болады. Сабақ барысында осындай өлкеге қатысты материалдарға дайындалу барысында сабақта «қойылым» ретінде көрсетсе де болады (оған мысал сақтар, Ш.Уәлиханов, 1916 ұлт-азаттық көтеріліс т.с.с. тақырыптары бойынша).

Сыныптан тыс өткізілген коммеморативті тәжірибелер іс-шаралары туралы мағлұмат берілді. Ендігі кезекте мектеп оқулықтарындағы тақырыптарға шолу жасап, олардың сабақта, оқу процессінде және еске алу тәжірибесінде қандай тақырыптарға негізделгенін көрсету керек. Ол үшін алдымен 5-сыныпта белгілі бір тақырыпты 9-сыныптағы тақырыппен

салыстыра отырып көрсетуге болады. Яғни, мазмұн, иллюстрация немесе тапсырма болсын, бір тақырыптың өзгеруі екі сыныпта қалай болатынын көрсету. Неліктен біз 5 және 9 сыныптар туралы айтып отырмыз ? 2009 жылы 5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихының хикаялары» оқулығының авторлары – Байпақов Қ.М., Диқан М.Е. [179] көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі жалпы мәліметтер берілген. Сол себепті біз көрсетіп, салыстырғымыз келді. 5-сынып оқулығы 40-параграф «Қазақстан соғыстан кейінгі (1950-1980)» және 9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы. [180] I бөлім: «Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жж.)» 3 тармақтан, II бөлім 3 абзацтан тұрады «Қазақстан «жылымық» кезеңіндегі (1954-1964)» , III бөлім «Қазақстан тоқырау кезеңіндегі (1965-1985). ) 3 абзацтан тұрады.

Біріншіден, тақырып бір болғанымен, 5-сыныпта бір тақырып болса, 9-сыныпта 3 бөлім, 9 тақырыптан тұрады.

Екіншіден, 5-сыныпта тақырып сол кезеңдегі адамдарға жалпы мағлұмат берсе, 9-сыныпта тақырып жан-жақты талданып, ашылды.

Үшіншіден, тақырыптан кейінгі тапсырма – 5-сыныпта 3 сұрақ қойылады, ал 9-сыныпта әр абзацтың артында әртүрлі салыстырмалы кестелер, терминдердің ережелері мен ең маңызды сөздер қазақ және ағылшын тілдерінде беріліп, көрсетіледі. Сонымен қатар, тағы бір кең тараған тақырып 5-сыныптағы «Тәуелсіз Қазақстан» 42-43 тармақтары және 6-бөлім «Қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру (1991-1996)» 9 тармақтан тұрады. Олардың арасында тек тақырыптар бойынша сәйкестік бар. Айырмашылықтарға келсек, жалпы 5-сынып оқушысы 11-12 жаста, 9-сынып оқушысы 15-16 жаста, яғни жас ерекшелігі бірінші кезекте ескеріледі, өйткені оқушыға тапсырма және қалыптастыру формуласы. Енді 2017 жылы кейінірек жарық көрген 5-сынып оқулығы тек Қазақстанның көне кезеңіне арналған. [181]. Сондықтан да 5-сыныпта берілген тақырып біреу және ол қысқаша сипаттама ретінде қарастырылған. Ал 9-сыныптағы тақырып бірнеше бөлімге бөлініп, күрделеніп, жан-жақты талданып берілген.

Қорыта келгенде, «Қазақстан тарихы» пәнінің мектеп оқулықтарының беттеріндегі Жетісу аймағының тарихына қатысты тақырыптардың талдануы, олардың параграфтарындағы материалдардың қаншауы Жетісу тарихына қатысты берілгендігін айқындап, олардың коммемаративті тәжірибелерде алатын орнының зор екендігін көрсеттік. Оқулық беттеріндегі мәліметтердің оқушылар жадында сақталуының маңыздылығын жұмысымызды жазу барысында қарастырдық. Оның маңыздылығы сонау ежелгі тайпалардан бастап, кейінгі XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты оқиғалардың барлығы осы Жетісу өңірімен тығыз байланысты екендігін көреміз. Аталған мәліметтер негізінде Жетісу өңірі Қазақстан тарихының басынан өткерген оқиғаларда маңызды аймақ ретінде танылып отыр.

Сабақ барысында оқушыларға осылайша мағлұмат беру арқылы келешек жас ұрпақты өз Отанының тарихын біліп қана қоймай, патриоттық сезімін оятып, өз елін сүюге үйретеміз деген ойдамыз.

«Өлкетану» оқулығы бойынша. Бүгінгі таңда мектепте «Қазақстан тарихын» өту барысында, сонымен қатар қосымша сыныптан тыс сағаттарын немесе «Өлкетану» факультатив сабақтарын оқу барысында оқушылар көптеген қосымша ақпарат өзіне ала алады. Алайда «Өлкетану» курсы бүгінгі таңда «география» пәніне кіріктірілген 4 сағат есебінде 5-7 сыныптар арасында оқытылуда. Мектепте жалпы коммеморативті тәжірибелердің іске асырылуы олардың тікелей мемлекет тарапынан қабылданған жады саясатының негізінде іске асырылады. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Білім берудегі коммеморативті тәжірибелерді зерттеу үшін жұмыстың тақырыбы және хронологиялық шеңберіне қарай Е.И. Красильникованың алты элементі негізінде жұмысымызға талдау жасап көрсетсек.

Бірінші элемент бойынша коммеморацияның алдыңғы кезеңіндегі жалпы жағдайын анықтауды ұсынып отыр. Бұл негізде жалпы мемлекет тарапынан қабылданған «Өлкетану» курсына қатысты жоспарын көрсетуімізге болады.

Осы аталған бағдарламалар аясында бүгінгі таңда Республика көлемінде жалпыға ортақ білім беретін мекемелердің 7 – сыныптарында «Өлкетану» курстары жүргізілуде. Ол туралы төменгі құжатта келтірілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы сәуірдегі №115 бұйрығына 109-қосымшасына сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбы үшін «Өлкетану» курсынан типтік оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Екінші элемент – коммеморацияның шарттардың мінездемесі мен динамиканың факторлары (саяси жағдай, кезеңнің мәдени-интеллектуалдық сызбасы, аталмыш кезеңнің білім беру саясаты туралы).

Бүгінгі XXI ғасыр ол негізінен мәдени-интеллектуалдық даму процессі бар кезең болып табылады. Қазіргі жасөспірім жастарымыз терең ойлап, алдыға нық басатын қоғам. Сондықтан да жоғарыда мемлекет тарапынан қабылданған курс негізінде енді әр облысқа өз деңгейінде соған сәйкес жоспарларды іске асырып, жұмыстарын жүргізуі тиіс.

Курстың типтік оқу бағдарламасы (ТОБ) негізінде әр облыс өзінің «Өлкетану» курсының типтік оқу бағдарламасын жасайды. Мысал ретінде Алматы облысы бойынша көрсетсек.

Үшінші элемент – коммеморацияның динамикасына әсер ететін мемлекеттің жады саясатының мазмұнына анықтама беріп, сонымен қатар бұл саясаттың тәсілдері мен ерекшеліктерінің практикада жүзеге асуын қамтамасыз етуін қадағалау.

Бұл туралы жоғарыда тоқталып, көрсетіп кеттік. «Өлкетану» факультатив курсының мемлекет тарапынан қабылданып, бүгінгі таңда әр облыс өз ерекшеліктерін сәйкес жоспарларын жасап, оны іске асыруда. Практика жүзінде де мемлекет тарапынан қабылданған саясаттың іске асырылып жатқанын көруімізге болады. Әр облыс өзінің аймағына байланысты 5-7 сыныптарға арналған «Өлкетану» кітаптарында шығарды.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай Алматы облысының білім басқармасының жоспарларының ішінен бір ғана мысал ретінде, ол «Өлкетану» курсын оқыту қолға алынғанын көруге болады.

Алматы облысы білім басқармасының «Рухани жаңғыру», «Туған жер» бағдарламалары аясында жоспарланған іс-шараларының жүзеге асырылып жатқанын көруге болады. «Өлкетану» интеграциялық курсын оқыту бүгінгі таңда қоғам талабына қажеттілігін туындатқан, әр қазақ елінің азаматы өз тарихына деген қызығушылығының артқанын атап өтуге болады.

Төртінші элемент – ол коммеморацияның даму негізіндегі Қазақстан мәдениетінде қалыптасқан үздіксіздікті анықтау [182].

Бүгінгі таңда мемлекетіміз өз алдына дербес, тәуелсіз даму проецессінде. Сонымен қатар, мәдени өмірінде де көптеген жаңашылдыққа бой алдыруда. Ал біздің мемлекетіміздің мәдени дамуының бір элементі ретінде өз еліндегі мәдени мұра жәдігерлерімен өскелең ұрпақтың таныс болуы. Ол үшін әрине «Өлкетану» курсының өткізілу маңыздылығы жоғары болып табылады. Мемлекет тарапынан қабылданған жоспар негізінде бүгінгі таңда өзге де Қазақстанның өңірлерінде бұл курс оқытылуда, сонымен қатар жүзеге асырылуда. Оны біз төмендегі мақалалармен танысу арқылы көре аламыз.

Өзіміз жоғарыда атап өткеніміздей жалпы Қазақстанның барлық облыстарында «Туған өлке», «Өлкетану» факультатив сабақтары сабақтан тыс уақытта жүргізілуде, қосымша негізінде болады. Осы негізде «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналында, «Қазақстан тарихы: ЖОО және мектептерде білім беруде», «Қазақ тарихы», «Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО-да» атты және т.б көптеген журналдарда Қазақстан Республикасының әр бір облысы, ауданынан мектеп ұстаздарының шығарылған мақалалары өте көп. Оларға тоқталатын болсақ, «История Казахстана: преподавание в школе» атты журналдың 2014 жылғы №9 санының «Методика и опыт» атты бөлімінде Семей қаласындағы №6 гимназияның ұстазы Е.Н. Помозова, Р.К. Кожамкулованың «Из опыта работы учителей истории КГУ «Гимназии №6» по краеведению» атты мақаласы [183]. Бұл мақалада автор өздерінің гимназиясында тарихи-өлкетанулық музейі және оның жұмыс жасау бағыттарын атап көрсеткен.

Сондай-ақ, «История Казахстана: преподавание в школе» атты журналдың 2014 жылғы №4 санының «Методика и опыт» атты бөлімінде Батыс Қазақстан облысы Теректінің туризм және экология орталығы №1 Федоров орта мектебінің биология, география пәнінің ұстазы Л.В. Анаисова және тарих пәнінің ұстазы М.М. Сагитова «Школьная туристско-краеведческая деятельность как форма воспитательного процесса подрастающего поколения» атты мақалалары [184]. Бұл мақалада өздерінің мектептеріндегі өз өңірлері негізінде Батыс Қазақстан бойынша қандай маңызы бар тарихи-өлкетанулық жерлер болса, соның негізінде оқушылармен бірлесе отырып жұмыс жасалып жатқандығын атап өткен.

Келесі жұмыс «История Казахстана: преподавание в школе» атты журналдың 2014 жылғы №4 санының «Методика и опыт» атты бөлімінде

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы №250 мектеп-лицейінің ұстазы Р.Ж. Калмуратованың «Краеведение-надежный помощник в познании мира для каждого любознательного ученика» атты мақаласы [185]. Бұл жұмыста өздерінің мектептеріндегі өз өңірлері негізінде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы бойынша қандай маңызы бар тарихи-өлкетанулық жерлер болса, соның негізінде оқушылармен бірлесе отырып жұмыс жасалып жатқандығын атап өткен. Сонымен қатар үш бағытта жұмыс жасалатындығын атап көрсеткен: 1) танымал адамдар – біздің жерлестер; 2) көшелер сыр-шертеді (танымал адамдарың аты берілген көшелер негізінде); 3) біздің ауданның тарихи орындары. Осылайша үш бағытта жұмыс жасау негізінде өлкенің тарихын терең меңгеруіне жол ашатындығын, өзінің жаңаша әдіс-тәсілін көрсетіп отыр.

Тағы бір мақала «Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал» атты журналдың 2019 жылғы №8 санының «Туған жер» бағдарламасы атты бөлімінде Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Ақтоған мектебінің тарих пәнінің ұстазы К. Оразованың «Білім беру ұйымдарының өлкетану және зерттеушілік жұмыстарының ғылыми-педагогикалық негіздері» атты мақаласы [186]. Осы мақалада «Өлкетану» жұмыстары аясында алынатын фактілер мен оқиғаларды 5 талапқа бөліп көрсетіп, оның ұйымдастырылуы мен оқытылу формасын екі категорияға бөлу арқылы қарастырып, жалпы бұл курстың маңыздылығына тоқталған.

Бесінші элемент – алдыңғы кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің коммеморациясына тән инновациялық, дәстүрлі емес қырлары.

Мемлекет тарапынан «Өлкетану» факультатив курсына байланысты жоспарлар, бағдарламалар қабылданбай тұрып, әрине коммеморациялық тәжірибелер «Қазақстан тарихы» пәні аясында, сыныптан тыс сағаттар негізінде дәстүрлі емес түрде жүргізіліп тұрды.

Алтыншы элемент – коммеморацияның әлеуметтік қабылдаудың ерекшеліктерін анықтау. Өзі аталып отырғандай, бүгінгі қоғам ол барлық жағынан даму үрдісіне алға басып келе жатыр. Оған мысал ретінде төменде Алматы облысы аясында жүзеге асырылған іс-шараларды атап өтуге болады.

Енді жоғарыда көрсеткеніміздей әр облыстар өз өңірлерінің тарихын жетік зерделеу үстінде болса, дәл солай Алматы облысында да жұмыстар жасалуда. Алматы облысы білім басқармасының «Рухани жаңғыру», соның ішінде «Туған жер» бағдарламасы аясында төмендегідей іс-шаралар жасау жоспарланған: - білім беру; - экология және абаттандыру; - мәдени-тарихи ескерткіштерді және жергілікті жерлердегі объектілерді өңірлік тарихи қалпына келтіруді зерделеу [187]. «Туған жер» бағдарламасының бірінші бағытының шеңберінде іске асыруға ұсынылған негізгі іс-шаралардың бірі ретінде көрсетілген жалпы білім беретін мектептерде, ЖОО-да «Туған өлке тарихы» немесе «Өлкетану» факультатитвтік (міндетті) пәнін енгізу деп қарастырып, оны жүзеге асырды.

Алматы облысы білім басқармасының жоспарлары ішінен бір ғана мысал ретінде, ол «Өлкетану» курсын оқыту қолға алынғанын көруге болады:

Облыстық білімді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 2018 жылғы 27-29 қараша аралығында облыс аймақтарында тарих, қазақ әдебиеті, география және музыка пәні мұғалімдеріне арналған «Өлкетану» оқытудағы ерекшеліктер» тақырыбында облыстық семинар өтті. Аталған шарада 5-7 сыныптарға арналған «Өлкетану. Алматы облысы» [188] оқулығының авторлары оқулықтың ерекшеліктерін атап, таныстырылым жасады. Сонымен қатар, педагогтарға күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауда «Өлкетану» курсын кіріктіру бойынша әдістемелік көмек беріліп, ашық сабақтар жүргізілді. Семинарға 230-дан астам педагог қатысты.

Бүгінгі таңда Қазақстанда «Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи білім беру бағытын «Өлкетану» курсы негізінде көрсетсек. Қазіргі қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақ тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Рухани жағыру» бағдарламасы, соның негізіндегі «Туған жер» аясында және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында алға қойылған міндеттерді әрі қарай дамытады деген ойдамыз. Біріншіден, оқушылар өз туған жерінің ұлы адамдарымен мақтанатын болады, Отанының ең маңызды қасиетті жерлері туралы бәрін біледі және өздерінің туған өлкесінің бай тарихына қатысатынын түсінеді. Екіншіден, олар мұның бәрін біздің елге келетін туристерге айта алады. Осыларды атап келе, қоғамдағы жадының орны, есте сақтаудың маңыздылығы туралы да ұмытпағанымыз жөн. Себебі бұл курс арқылы, ұмытылып кеткен, еске сақтайтын немесе еске алатын тарихи оқиғаларды, процесстерді оқушыларға меңгертуге болады. «Өлкетану» курсы тек жеке пән ретінде емес, қазақ әдебиеті, география, Қазақ елінің тарихы және музыка пәндері арқылы оқытылады.

Оқулық ғылыми, пәндік, оқу-әдістемелік, әлеуметтік және «Рухани жаңғыру» негізінде арнайы сараптамалардан өтті. Барлығымызға таныс мектеп пәндері бойынша материал жинақталған түрде беріледі, «Өлкетану» оқулығының көмегімен балалар өздері тұратын жерді, қаланы, ауданды жақсы зерттеуге мүмкіндік алады.

Жаңа «Өлкетану» курсы Қазақстанның барлық мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 5-7 сыныптар аралығында оқытылатын болады, Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Туған жер» бағдарламасы аясында жасалған. Оқулықтың құрылымы мен мазмұнына келсек, әрине әр өңірдің өзіндік тарихы бар. Бірнеше пәннің мәліметтері біріге отырып, 5-7 сыныптың оқушысына жеңіл әрі түсінікті тілде жазылған. Ғалымдардың дәл осы сыныптарға арнап жазуының да мәні бар. Дәл осы жаста (11-13 жас) жасөспірімдер өз халқының ұлттық құндылықтарын қабылдап, тарихи сана қалыптастыруының алғашқы сатысын бастайды.

Қазіргі уақытта өлкетану пәніне үш жыл ішінде 20 сағат қана бөлінген (5-сыныпта 5 сағат, 6-сыныпта 7 сағат және 7-сыныпта 8 сағат). Оның ішінде жалпы 12 сағаты тарих, қалғаны басқа үш пәнге бөлінген. Төрт пәннің мұғалімдері – Қазақстан тарихы, география, музыка және қазақ әдебиеті, 5, 6 немесе 7-сыныптарда өздерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарында негізгі бағдарламадан басқа, «Өлкетану» сағаттарының белгіленген саны енгізілуі

керек. Яғни, 5-сыныпта «Өлкетану» аясында «туған өлке» тарихы бойынша 4 сағат, «Музыка» пәні бойынша 1 сағат, 6-сыныпта 4 сағат тарихқа, 2 сағат әдебиетке және 1 сағат музыка сабағына, 7 сыныпта 4 сағат тарих, 2 сағат әдебиет және 2 сағат география оқытылады. Бұл әр мұғалімге өз пәнін оқушыларға кеңірек оқытуға мүмкіндік береді. Мектеп оқушылары тарихты, мәдениетті, географияны және белгілі тұлғаларды тек өздері тұратын облыс негізінде ғана оқитынына назар аудару қажет. Осыған сәйкес, әр облыс және республикалық маңызы бар қалалар бойынша «Өлкетану» оқулығының авторлары сол өңірдікі болып табылады.

«Өлкетану» курсын оқытудың визуалды көрінісін көрсетсек. Ең алдымен бұл жерде сыныптағы балалардың жас ерекшеліктері ескерілуі тиіс, яғни бұл сабақты 5-7-сыныпта өтетін болса, ондағы балалардың жасы шамамен 11-13 жас аралығы деп атай аламыз. Енді бұл кітаптағы кейбір тақырыптарға тоқталатын болсақ, «Менің өлкемнің тарихи ескерткіштері», «Менің өлкемдегі ежелгі ескерткіштер» (Жетісу өлкесіндегі киелі орындарға қатысты) атты тақырыпта оқушылар zhetysu 360.kz сайтына кіріп, олармен танысып кескін картаға түсіре алады («Өлкетану. Алматы облысы». Жалпы білім беретін мектептердің 5-7 сыныптарына арналған оқулық. Алматы, 2018 ж. -184 б.).

Сонымен қатар «Жәдігерлер сыр шертеді» тақырыбында І. Жансүгіровтың әдеби музейіне, Ш.Уәлихановтың «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі виртуалды саяхат жасай алады. «Туған өлке жылнамасы» тақырыбында С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасына, М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейіне де виртуалды саяхат жасай алады (Қабдұлова және т.б., 2018: 15, 17, 35, 37, 129). («Өлкетану. Алматы облысы». Жалпы білім беретін мектептердің 5-7 сыныптарына арналған оқулық. Алматы, 2018 ж. -184 б.).

«Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи білім беру негізінде визуалды көрінісін «Өлкетану» курсына арналған «Өлкетану. Алматы облысы». Жалпы білім беретін мектептердің 5-7 сыныптарына арналған оқулықтан жасалған иллюстрацияны көрсетіп жүзеге асырдық. Оқулықта берілген қалашықтар, мұражайлар, кітапхана және т.б. визуалды көрсету арқылы оқушы жадында сақтап қалуы, сол арқылы өз елінің, жерінің тарихын терең меңгеруіне мүмкіндік туғызатындығы жұмысымыздың маңыздылығын көрсетеді.

Мұнда біз оқулықтағы ақпаратты көрсетеміз. Алайда оқулыққа енгізілмеген кейбір мәселелер бар, мысалы:

1) әр ауданда салынған ескерткіштер және олардың маңызы;

2) әр ауданның өзіндік мұражай үйлері бар;

3) Әр аудан мен оның ауылдарындағы көшелер атауында адамдардың аттары, олардың мағыналары және т.б. көрсетіледі.

Қарастырып отырғандай бұл жерде тек жалпы Алматы облысындағы ірі тарихи-өлкетану мұражайлары, кітапханалары және музейлері көрсетілген. Алайда Алматы облысы бойынша болса, онда ол облысқа кіретін 17 аудан және 3 қаласы бойынша мұражайлары, мектеп мұражайлары,

кітапханаларында атап өтуге және болашақта оларды кіргізуге болады. Сонымен қатар, «Атақты ұлы есімдер» атты тарауда да әр ауданның өз баға жетпес азаматтарын атап, олардың республикамызға танымалдылығын көрсетуге болады. Оқушылардың «жады орынының» ескере отырып, көше атауларына берілген есімдерге де жеке тоқталуға болады деген ойдамыз. Әрине болашақта тағы да тараулар, бөлімдер енгізілетін болса қарастыруға болады. Оқулық мазмұны бірдей, әр өңірдің мектеп оқушылары тарихты, мәдениетті, географияны және белгілі тұлғаларды тек өздері тұратын облыс негізінде ғана оқитынына назар аудару қажет. Осыған сәйкес, әр облыс және республикалық маңызы бар қалалар бойынша «Өлкетану» оқулығының авторлары сол өңірдікі болып табылады.

Келесі мәселе – ол осы «Тарих» пәні оқулықтарындағы иллюстративті материалдардың қолданылуы ХХ ғасырдың басындағы сабақ барысындағы пайдалану мен қазіргі таңдағы қолданыстағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарын қарастырып, оған талдау жасай отырып, тарих сабағындағы көрнекі құралдардың маңыздылығын анықтау. ХХ ғасырдың ортасы мен бүгінгі ХХI ғасыр аралығындағы қоғамның заман ағымына қарай біршама алға дамып, қарапайым көрнекі құралдардан бастап, электронды, сандық негізде қолданылатын иллюстративті материалдарды да атап өтуге болады. Оларды сабақ барысында қолданудың негізгі мақсаты, оқушы жадында тек ауызша емес, сонымен қатар визуалды да көрініс көрсете отырып есте сақтау қабілеттерін арттырып, өз елінің, жерінің тарихына қызығушылықтарын оятып, оны жетік меңгертуге жол ашу. Бұл пікірімізді С.Қ. Шабажанова [189] өз жұмысында балалардың ойлауы табиғатынан екі түрлі болып келетінін мұғалім әрқашан білуі керек екенін атап, оларға тоқталған. Біріншісі көрнекі құралдарға сүйене отыру арқылы қабылдаса, екіншісі ауызша тезірек қабылдайды деген ойларды атап өткен.

Жалпы көрнекіліктерге төмендегідей принциптер тән екенін көрсетуге болады [190, 6]: 1) ол бағдарламаға сай жасалуы тиіс; 2) оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру керек,; 3) ойлауға, берік есте сақтауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге тартатын, шындыққа сай болулары тиіс; 4) оқушыларға эстетикалық тәрбие беруге көмектесуі тиіс; 5) оқушылардың белсенділігін арттыруы тиіс; 6) оқушылардың бойында білім алу құштарлығын оятуға тиіс; 7) оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне алғышарт болуы тиіс.

Көрнекіліктің негізі визуалды бейнелерден тұрады. Бүгінгі қоғамның негізі визуалды бейнелерге толы, ал оларды жан-жақты ашып көрсету оның бірден-бір қыры. «Тарих» пәні оқулықтарындағы иллюстративті материалдардың негізін суреттер құрайды. Солардың бірі ретінде фото құжаттарға тоқталсақ. Өзінің келтірілген түріне қарай құжаттар: вербалды (ресми шығарылған заң жинақтары мен бұйрықтарынан бастап, газет және журналдардағы мақалалар, статистикалық немесе архивтік құжаттардан жеке хат алмасулар мен күнделіктердің жазбаша, басылған немесе электрондық түрдегі барлық хабарламалар жатқызылады); визуалды (бұл кез-келген динамикалық және

статистикалық бейнелер – суреттер, плакаттар, жарнамалар); аудио (радио арқылы берілетін хабарламалар, радио-хабарландырулар, радио-сұхбат); аудиовизуалды (бейнефильмдер, телехабарлар, жарнамалар, телебағдарламалар және с.с.). Сондықтан суретті талдау әдісін (визуалды әдіс) құжаттарды талдау әдісінің тағы бір түрі ретінде атауға болады [191, 75-76].

«Тарих» пәні оқулықтарындағы иллюстративті материалдардың қолдану барысын ХХ ғасырдың басындағы пайдалану мен қазіргі таңдағы қолданыстағы ерекшеліктері, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырып, оған талдау жасау барысында негізгі үш топқа бөліп қарастырсақ: 1) архив құжаттары; 2) «Тарих» пәні аясындағы мектеп оқулықтары; 3) қосымша материалдар (мысалы: диссертация, кітаптар, оқу құралдары, газет, журнал).

Қарастырып отырған мәселеміз бойынша архив құжаттары негізінде ҚР ОМА 1692 – «Министерство просвещения Казахской ССР» (1937-1972 гг.) атты қорынан: «ҰОС жылдарындағы тарих пәнінің жүргізілу барысы негізіндегі әдістемелік жазба» [192, 65] атты тақырып негізінде жалпы «Тарих» пәнінің Ұлы Отан соғысы (ҰОС) жылдарында қалай жүргізілді, оның барысы және болашақта нені өзгерту қажет деген пікірлер осы істе қаралған. Келесі «Тарих пәні бойынша оқушылардың білімін қайталау және бекіту бойынша әдістемелік нұсқау» (1941 ж 14 қараша)» [193, 70] атты істе негізінен сабақ өту барысындағы қайталау, бір тарау аяғындағы және оқу жылының аяқталуы бойынша қорытынды негізінде аталып, «Тарих» пәнін қайталау және бекіту барысына тоқталған.

Сонымен қатар, «1941 ж. мектепте тарих пәнінің жүргізілуі бойынша (жоспар, баяндама) материалдар» [194, 70] атты істе «Тарих» пәнін оқыту барысында қандай иллюстративті материалдар қолданылады, оларға сипаттама беріліп, талдау жасалған. «1970/1971 оқу жылы негізінде басылымнан шыққан оқулықтар» [195, 81] атты істе «Тарих» пәні ХХ ғасырдың 70 жылдары қандай авторлардың негізінде оқытылғаны барысы туралы айтылған.

Жұмыс аясында ТМА Ф.882 (1944-1996 гг) Областное управление образования Талдыкорганской областной администрации атты қорынан: «1948-1949 оқу жылы бойынша Талдықорған облысы мектептерінің есебі» [196, 161] атты істе мектептердің қорытынды есеп нәтижесінде «Тарих» пәнінің жүргізілу барысы, оқулықтардың жағдайы, көрнекі құралдардың қолданылуы туралы айтылған. «1950-1951 оқу жылы бойынша Қарасай ауданы мұғалімдерінің тамыз жиналысы бойынша жоспарлары, баяндамалары» [197, 30] атты істе негізінде жалпы «Тарих» пәнінің жүргізілу барысы, сабақ жоспары, қолданылатын иллюстративті материалдары көрсетілген.

«1957-1958 оқу жылы бойынша облыстық білім басқармасының есебі» [198, 185] атты істе «Тарих» пәнінің жүргізілу барысы ХХ ғасырдың 40 жылдарымен салыстырғанда біршама алға жылжып, оқулықтар, көрнекілік құралдардың жеткіліктігі, қолжетімділігі барысы туралы қарастырылған.

Әлеуметтік ғылымдарда жалпы визуалды құжаттарды, оның ішінде суреттерді қолдану ол ХХ ғасырдың 40 жылдарынан басталып, антропологиямен байланыстырған. Г. Бэйтсон және М.Мид алғашқылардың бірі болып этнографиялық фильмдерді пайдалана отырып, мәдени салада зерттеу жүргізген. Антропологиялық және әлеуметтік мектептерде визуалды зерттеудің жаңа толқыны ХХ ғасырдың 90 жылдарынан басталған. Э.Чаплиннің «Социология и визуальная репрезентация» [199, 85] атты еңбегі ХХ ғасырдың 90 жылдарына тұспа-тұс келген. Баньоли жастардың бірегейлігін зерттей отырып, өзінің респонденттермен сұхбаты барысындағы суреттерді көрсеткен. Осы бағытты ары қарай өзінің бейнесұхбаттары барысында С. Пинк жалғастырды. Сонымен қатар, Ресейдің ХХ ғасырдағы мектеп оқулықтарындағы суреттің орны туралы Р.О. Абилова өзінің «Место фотографии в школьных учебниках по истории России ХХ века» [200, 55-60] еңбегінде атап өткен.

А.А. Бейсембаеваның «Көрнекілік принцип» атты мақаласы аясында иллюстративті материалдарды қолданудағы оқушылар үшін маңыздылығы аталып өтілген [189, 7-8]. Келесі И. Сейтбекова [190, 6-7] көрнекі құралдардың принциптерін атап, көрнекілік құралдарды сабақ барысында қолдану арқылы оқушы терең білім алуына септігін тигізеді деген пікірін атап өтті.

Қарастырылып отырған мәселенің негізгі мақсаты үш негізгі басымдыққа бағытталған: 1) көрнекілік құралдарға (иллюстративті материалдар) және визуалды бейнелерге жалпы тоқталу; 2) ХХ ғасырдың ортасында «Тарих» пәнінде және оқулықтарында иллюстративті материалдардың қолданылуы; 3) ХХІ ғасырдағы иллюстративті материалдардың пайдаланылуы.

Қазіргі қоғамда бірі көрнекілікті – «абстрактілі деңгейде және практикалық іс-әрекет» процессінде қарастырса (Н.А. Менчинская, П.А. Гальперин, Т.В. Кудрявцев, Л.В. Занков), екінші бір тобы көрнекілікті - «бейне» ұғымымен байланыстырады (Л.Н. Нуритдинова, Л.М. Фридман). К.З. Халықова: «Көрнекілікті ХХ ғасырдың 90 жылдарына оқытудың ажырамайтын» бөлігі деп атап өткен [182, 7].

Визуалды бейнелердің негізгісі, маңыздысы десе де болады, ол – сурет құжаттары. Өзінің түріне қарай сурет визуалды құжат түріне жатқызылады. Ол өзінің персонофикациясына қарай жеке және жеке емес деп бөлінеді. Ақпараттың деректік қоры бойынша суреттік құжат негізгі және қосымша болып қаралады. Әлеуметтік антропология – нақты тарихи жағдайларға қатысты, қоғамдық-мәдени өзгерістер заңдылықтарын талдау мәселесімен айналысатын теориялық зерттеудің бағыты [200, 75-79].

«Тарих» пәні оқулықтарындағы иллюстративті материалдардың қолдану барысын ХХ ғасырдың 40 жылдары 1934 жылдың 16 мамырында БКП (б) «КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқыту» атты тарихи қаулысы шықты [192, 38-40] Бұл қаулы негізінде, мұғалімдер оқу барысында тарихи оқиғаларды айту барысында «тарихи-хронологиялық реттілікті сақтауларын, маңызды деп табылатын тарихи құбылыстарды, тарихи тұлғаларды, хронологиялық күндерді» міндетті түрде оқушылардың есінде қалу

мақсатында бекіту керек деп айтқан. Егер осындай жағдайда сабақ оқытылса, онда курсты толық меңгеруіне болады деген ойларын білдірген. «Тарих» сабағын жүргізетін мұғалім алдында қол жетімділік, көрнекілік және тарихи материалдың нақтылығы барысы бойынша қамтамасыз ету мақсаты тұр деп белгілеген. Сондықтан «Тарих» пәнін оқыту барысында көрнекілік құралдарды пайдалану өз алдына үлкен маңызға ие деп көрсеткен. 9-ға жуық көрнекілік құралдарды көрсеткен, олар: 1) өткен тарих ескерткіштері; 2) заманауи өнер туындылары; 3) XIX-XX ғғ. суретшілерінің суреті; 3) портрет; 4) каррикатура; 5) КСРО тарихы мен БКП (б) тарихы бойынша кестелер қолдану; 6) қолдан жасалған көрнекі құралдар; 7 ) сынып тақтасын қолдану; 8) тарихи картамен жұмыс; 9) киноны көрсету барысында диапозитивтердің қолданылуы. Жоғарыда көрсетілген мәлімет негізінде көрнекілік құралдарды қолданудың негізгі маңызы ол оқушыларға «Тарих» пәнін нақты, қызықты және түсінікті дәрежеде түсіндіруге өз септигін тигізетінін көрсетеді. Сондықтан әр тарихшының мақсаты, ол жиналған тәжірибемізді осы сұрақ аясында қолдану және қаулыны орындау екендігін атап өткен. Жоғарыда көрсетілген мәселені атай отырып, сол XX ғасырдың 40 жылдарында тарих пәні оқулықтарында көрсетілген иллюстрацияларды И Қосымшасынан көруге болады.

Бұл А.В. Шестаковтың 1947 ж басылып шыққан «ССРО тарихы» қысқаша курсының 12 тақырыбы «Жаулап алушы монғолдар және татар-монғол зорлығы» атты тақырыбы бойынша берілген иллюстрациян К Қосымшасынан көруге болады.

А.В. Шестаковтың 1947 ж басылып шыққан «ССРО тарихы» қысқаша курсының 61 тақырыбы «Ленин өлді, бірақ оның ісі өлген жоқ» атты тақырыбы бойынша берілген иллюстрация (Қосымша Л). Көріп отырғанымыздай XX ғасырдың 40 жылдарындағы иллюстрациялар ақ-қара бейнеде, сонымен қатар, қолдан салынған бейне ретінде көрсетілген. Оқулықтағы негізгі иллюстрациялардың барлығы осылайша берілген, бүгінгімен салыстырғанда өте аз, көбіне тек картиналар ретінде көрсетілген.

Енді осылардың ішінде маңызды деп табылатын ол қолдан жасалған көрнекі құралдарына: кесте, альбом, кітап қиықтары, сызба, жоспар. Қолдан жасалған көрнекілік құралдарды пайдалану тәжірибесі бойынша А. Вагиннің 1938 жылы №9 «Тарихи журналына» шыққан мақаласында көрсетілген. Ол жерде кесте және альбомды сабақ барысында қолдану барысы туралы айтылған: «Таблицы включают в себя и иллюстративный материал – картинку, портрет, карикатуру, и хронологическую дату, и текст документа, и цитату из произведенеия классиков марксизма. Составления альбома сыграло пользу для всего класса. Тот кто составлял материал для листа альбома принужден был познакомиться поглубже со всей темой и основательно поработать над своей подтемой, принес пользу альбом и тем кто писал его и кто художественно его оформлял. Третьим видом самодельных наглядных пособии являются схемы-планы. Схемы могут быть сделаны для самых различных целей» - деп атап өткен. Тарихи картамен жұмыс барысы туралы Строганов 1941 жылы №4

«Тарихи журналына» шыққан «О работе с исторической картой» мақаласында көрсеткен. Скрипкин И.М. «Об изложении материала и применении наглядных пособий», Мурзаев 1938 жылы №1 «Тарихи журналына» шыққан «Искусство классной доски на уроках истории в школе» мақаласы, О. Иванованың 1938 жылы №4 «Тарихи журналына» шыққан «Значение изобразительного искусства как средства наглядности» мақаласы, А. Вагин 1938 жылы №9 «Тарихи журналына» шыққан «О самодельных наглядных пособиях по истории»мақаласы, Бастиани 1941 жылы №1 «Тарихи журналына» шыққан «Рисунки на доске на уроках истории» мақаласы, Е. Кагаров 1941 жылы №3 «Тарихи журналына» шыққан «Графические иллюстрации в преподавании истории древнего мира» мақалалалары иллюстративті материалдардың «Тарих» сабағында қолдану барысы, маңыздылығы негізінде өзіндік ойлар мен тұжырымдар жасаған. Авторлардың ойынша, иллюстративті материалдарды сабақ барысында қолдану оқыту барысының белгілі бір нәтижеге жететіндігін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген мәлімет негізінде көрнекілік құралдарды қолданудың негізгі маңыздылығы ол оқушыларға «Тарих» пәнін нақты, қызықты және түсінікті дәрежеде түсіндіруге өз септигін тигізетінін көрсетеді. Сондықтан әр тарихшының мақсаты, ол жиналған тәжірибемізді осы сұрақ аясында қолдану болып табылады.

Келесі «Тарихта оқитындардың білімдерін қайталау және бекіту» атты тақырыптағы әдістемелік нұсқаулық аясында [196, 25-28] сабақ өту барысындағы қайталау, бір тарау аяғындағы және оқу жылының аяқталуы бойынша қорытынды негізінде аталып, «Тарих» пәнін қайталау және бекіту барысына тоқталған. Сонымен қатар, «Тарих» пәні аясындағы сағат санының қысқарып қалуына байланысты өткен тақырыпты қайталау барысының жүргізілуі маңызды деп атап өтілген. Оқулықтардың жетіспеушілігі көрініс тапса да, жылдан жылға республикада тарих пәнінің жүргізілуі өз маңыздылығын артып отыр деп көрсеткен. Оны мына жазбадан қарасақ болады: «Изучение постановки преподавания истории в школах республики убедительно показывает, что с каждым годом качество знаний учащихся повышается не смотря на то, что в течение ряда лет встречались большие трудности из-за отсутствия учебников по истории, особенно в казахских школах». Сонымен қатар, сабақты қайталау барысында көрнекілік құралдарды қолдану маңызды болып табылатындығы атап өтілген. Оны мына келтірілген жазбадан оқысақ болады: «При повторении необходимо полностью использовать все имеющиеся наглядные пособия по истории: исторические карты, исторические картинки, схемы, диаграммы, таблицы, исторических дат, исторические документы и источники, музейные материалы, особенно синхронистическую таблицу».

«Талдықорған облысы мектептерінің есептері» атты материалда [196, 148-150] «Тарих» пәнінің жүргізілу барысындағы оқулықтардың жеткіліктігі, алайда иллюстративті материалдардың көптеген мектептерде жоқ екендігін атап өтіп: «Серьезным недостаткам в преподавании истории в школах области

было-то, что во многих школах почти отсуствуют учебные наглядные пособия по истории (исторические карты, альбомы, картины и т.д.)». Ал кейбір мектептерде, алғашқы деректерді қолдана отырып, сабақтың жүргізілу барысы туралы көрсеткен: «в 8-10 классах использовались некоторые, доступные понимания для учащихся, первоисточники марксизма-ленинизма, как: «Манифест коммунистической партии», статьи из собрании и сочинений Ленина, Сталина, альбомы по истории СССР, исторические карты, хронологические таблицы». «1950-1951 оқу жылы бойынша Қарасай ауданы мұғалімдерінің тамыз жиналысы бойынша жоспарлары, баяндамалары» [197, 30] атты істе негізінде жалпы «Тарих» пәнінің жүргізілу барысы, сабақ жоспары, қолданылатын иллюстративті материалдары көрсетілген.

«1957-1958 оқу жылы бойынша облыстық білім басқармасының есебі» [198, 110-115] атты істе негізінде жалпы «Тарих» пәнінің жүргізілу барысы, сабақ жоспары, қолданылатын иллюстративті материалдары көрсетілген. «Тарих» пәнінің жүргізу сапасының жоғарылауына мұғалімдер тарапынан КОКП-ның ХХ съезінде қабылданған құжаттардың маңызы көрсетілді. Мұғалімдердің идея-теориялық деңгейінің көтерілуіне әлем манифесі және кеңестік елдердегі коммунистік және жұмысшы партиялардың декларациялары әсер етті.

«Тарих» пәні аясындағы оқулықтардағы иллюстрацияларға тоқталмас бұрын, алдымен ХХ ғасырдың 70 жылдары мектепте «Тарих» пәнінен республикамызда қай авторлардың редакторлығымен оқу кітапрары оқытылды, соған тоқталып өтсек. Төмендегі авторлардың оқулықтары мектепте оқытылғандығын көруімізге болады [198, 37-40]:

5-сынып: Коровкин Ф.П. История древнего мира;

6-сынып: Агибалова Е.В. История средних веков;

7-сынып: Нечкина М.В. История СССР;

8-сынып: Ефимов А.В. Новая история ч.I.; Федосов И.А. История СССР;

9-сынып: Хвостов В.М. и др. Новая история, ч.II; Фураев В.К. Новейшая история, ч.I; Ким М.П. и др. История СССР, 9-10 кл. ; Федосов И.А. История СССР, период империализма.

10-сынып: Фураев В.К. Новейшая история ч.II

«Тарих» пәнінің жаңа оқулықтарына қосымша ретінде, әдістемелік басшылық негізіндегі оқыту құралдары да болған. Олар төмендегідей:

Коровкин Ф.П. и др. Методика обучения истории древнего мира и средних веков;

Ефимов А.В. и др. Методика преподавания новой истории, VIII кл./в 2 книгах.

Негізгі әдебиеттердің авторлары және тарихымыз КСРО тарихын оқуға бағытталған. Ол бүгінгі күні мәлім болып табылады. Ал олардың ішіндегі иллюстративті материалдар әрине де көбіне КСРО кезеңіне арналған.

Мектеп оқулықтарының сыртқы мұқабаларына қарасақ, КСРО кезеңінде кітаптың алғашқы беті ешқандай иллюстрациясыз, бояусыз бір түсті сұр бейнеде шығарылған. Ал Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі

кезеңінде шығарылған мектеп оқулықтарынаң бас мұқабалары әртүрлі бейнеде көрсетіліп, басылған.

Сонымен қатар, Қосымшаларда М және Н көрсетілген ССРО және СССР тарих оқулықтарының мұқабасын салыстырсақ, ХХ ғасырдың 40 жылдарында бір тұтас сұр бейнеде берілсе, ал 70 жылдары шығарылған оқулықтың мұқабасы сәл де болса өзге түспен беріліп, кеңестік заманның бейнесін беріп тұрғандай көрсетілген.

ХХ ғасырдың аяғы және ХХІ ғасырдың басында «Тарих» пәні аясында көптеген оқулықтар жарық көрді. Оның негізі тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін өз еліміздің тарихын зерттеу, талдау жүргізу, оны терең меңгеру барысы негізі қолға алынды және көптеген еңбектер жазыла бастады. ХХІ ғасырдың басында мектепте «Тарих» пәніне арналған 5 сыныптан 9 сынып аралығындағы оқулықтармен жұмыстар жүргізіліп, олардың ішіндегі иллюстративті материалдар аясында салыстырулар мен ерекшеліктер барысын қарастырылды. Кеңестік кезеңдегі тарихи білім беру барысымен таныса отырып, тәуелсіздіктен кейінгі қазіргі таңдағы тарихи білім беру жүйесіндегі иллюстративті материалдардың берілу технологиясының қаншалықты өзгергендігін көрсетуге болады. Алайда жоғарыда атап өткеніміздей, негізгі көрнекілік құралдар сол кеңестік кезеңде де пайдаланылған. Ал бұның нәтижесі, екі кезеңде де бір көрнекілік құралдардың қолданылуы ол тарихи білім беру барысында өз маңыздылығына ие, сонымен қатар, оқушылардың жадында белгілі бір оқиғаны, датаны, хронологиялық-кестесін жасауына өз сұранысын жоғалтпағандығын көрсетеді. ХХІ ғасырда сандық және электрондық иллюстрацияның пайда болуы, көптеген процесстерде жеңілдетуде. Соның ішінде, көлемдік көрнекілік қолданыс табуда. Ол ақиқат дүниенің көлемдік бейнесін көрсетіп, оған мыналар жатқызылады: фото-суреттер, диапозитив, дыбыссыз кино. Сонымен қатар, дыбысты құралдарда пайдалануда: оған аудио, белгілі бір оқиға негізіндегі авторлық болжамдар, кинолар, қысқа метражды, толық, үзінді. Тағы бір негізгі иллюстрацияның қолданыс аймағы әлеуметтік желілердегі тарихи каналдар аясындағы материалдарды сабақ барысында қолданудағы өзіндік ерекшеліктер. Алайда, барлық құжаттарды бірден талдамастан, сараламастан оқыту барысында қолдануға болмайды. Сондықтан «Тарих» пәні аясында иллюстративті материалдарды пайдалану маңызы жоғары.

ХХ ғасырдың 40 жылдарындағы «ССРО тарихы» оқулығында иллюстративті материалдар тақырыптар барысында негізінен суреттерден тұрса, 70 жылдардағы СССР тарихы оқулығында суреттермен қоса, карта, таблица, қосымша схемалар көрсетілген. Ал қазіргі ХХІ ғасырдағы тарих пәні оқулықтарында өз кезеңіне сай иллюстративті материалдар түрлі-түсті түсте, карта, таблица, схема, қосымша тапсырмалар негізінде беріліп, оқушылардың қызығушылығын арттыруда. Қорыта келгенде, «Тарих» пәні оқулықтарындағы иллюстративті материалдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылып, оған талдау жасалды. ХХ ғасырдың ортасы мен бүгінгі ХХІ ғасыр аралығындағы қоғамның заман ағымына қарай

біршама алға дамып, қарапайым көрнекі құралдардан бастап, электронды, сандық негізде қолданылатын иллюстративті материалдарды да көрсетіп өттік. Оларды сабақ барысында қолданудың негізгі мақсаты, оқушы жадында тек ауызша емес, сонымен қатар, визуалды көрінісінде көрсете отырып есте сақтау қабілеттерін арттыратындығын, өз елінің, жерінің тарихына қызығушылықтарын оятып, оны жетік меңгеруге бағытталатындығы аталды. «Тарих» пәні оқулықтарындағы иллюстративті материалдардың сабақ жүргізу барысында қолданудың маңыздылығын оқушы жадының қалыптасуына өз үлесін қосады [201, 89-99 бб.].

Қорыта келгенде, «Қазақстан тарихы», «Өлкетану» оқулықтарындардың жалпы мазмұнын ашып, Жетісу өңірі бойынша берілген тақырыптар талқыланып, коммеморативті тәжірибелерге тоқталып, иллюстративті материалдарының маңыздылығы көрсетілді.

## 3.3 Сыныптан тыс және тәрбие жұмыстарындағы коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі

Тұңғыш президентіміз «санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады» - дей келіп тарихи сананы жаңғырту үшін «...Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өйткені мақта, тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» - деп атап көрсетті. Мектеп оқушыларына «Қазақстан тарихы» пәнін өту барысында қандай да бір тақырыпты алсақ, онда сол оқиғаны еске алу, сол тарихты қайта жаңғырту, оны оқушыға дұрыс деңгейде жеткізу маңызды болып табылады. Сондықтан алдымен ҚР мектептеріндегі коммеморативті тәжірибелер немесе Алматы облысы аймағында қалай жүргізілуде деген сұраққа тоқталмастан бұрын, алдымен жалпы коммеморативті тәжірибелер дегеніміз не, оны қалай түсінеміз деген сауалдарға жауап берсек.

Әр «еске алу» объектісінің өзін осындай П.Нора бойынша үлкен үш топқа бөліп қарастыру арқылы, сабақ барысында оқушыларға тарихи маңызы бар жерлер мен елді-мекендер, ескерткіштерді көрсету арқылы түсіндіру есте қабылдауларын жақсартады. Сонымен қатар, сабақ барысында түсіндіру кезінде оқушы бұл көрген, естігендерін есіне алып елестете алады. Бұл да өз еліміздің тарихын жетік меңгеріп, қазіргі жас ұрпақтың санасына қалыптастырудың бір жолы деп білеміз.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде туған өлке тарихын зерттеудің, оның материалдарын оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың мол тәжірибесі жинақталған. Коммеморативті тәжірибелерді жалпы сабақ барысында өту барысы, оның ұйымдастырылуы мен оқытылу формасын екі категорияға бөліп көрсетуге болады: 1) сабақ барысында; 2) сабақтан тыс уақытта.

Енді өзіміз жоғарыда екі категорясын көрсетіп отырғанымыздай, жалпы Қазақстанның барлық облыстарында сабақтан тыс, яғни тәрбие сағаттарында, болмаса қандай да бір іс-шараларда көбіне қандай күндерге немесе еске түсіретін қандай да бір тарихи оқиғаларға мән беретіндігіне тоқталсақ. Осы негізде «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналында, «Қазақстан тарихы: ЖОО және мектептерде білім беруде», «Қазақ тарихы», «Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО-да» атты және т.б көптеген журналдарда Қазақстан Республикасының әрбір облысы, ауданынан мектеп ұстаздарының шығарылған мақалалары өте көп.

Бүгінгі күні Алматы облысы, оған қарасты аудан мектептерінде тәрбие жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығына сәйкес «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты жұмыс жоспары негізінде жасалады [202]. Оған қоса әр мектеп осы тұжырымдама негізінде жұмыс бағыттарын белгілеп, тіпті әр өңір өзіне қажетті бағыттар негізінде жұмыс жоспарларын қойып жасайды. Оны әр мектептегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары жасайды.

ҚР БжҒМ министрлігі қабылдаған бұл тұжырымдама негізгі 8 бағытты көрсетеді: 1) Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие; 2) Рухани адамгершілік тәрбие; 3) Ұлттық тәрбие; 4) Отбасы тәрбиесі; 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; 6) Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие; 7) зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі; 8) дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі. Осы көрсетілген бағыт негізінде 2015 жылдан бастап тәрбие жұмыс жоспарлары жасалуда. Ал бізге оның маңызы қандай дейтін сұраққа келетін болсақ, тарихи жағынан, оған қатысты күндерге, маңызды даталарға тоқталуы болып табылады.

Енді жалпы Алматы облысы бойынша міндетті тойланатын күндерді атап өтсек, ол: ең алдымен мектепте 1-қыркүйек - білім күніне арналған сабақтан басталады; 22 қазақ тілі мерекесі; 1-желтоқсан - Президент күні; 16-желтоқсан еліміздің тәуелсіздік күні; 9 мамыр – Жеңіс күні.

Мемлекет бекіткен міндетті күндер мен іс-шаралар бар. Олар мемлекет бақылауында және қоғаммен тығыз байланыста. Қарастырып отырған мәселені есте сақтау «травматикалық жад» және «мәдени жад» белгілері бойынша екіге бөлуге болады, қорытындыланып, талданады:

1. Оқу-тәрбие процессіндегі «Травматикалық жадыны» бейнелейтін іс-шараларды қарастырсақ :

2019 жылы көптеген мектептерде Ауғанстаннан әскерлердің шығарылғанына 30 жыл толуына байланысты Ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер өтті. Мәселен, 2019 жылғы Ауған соғысының 30 жылдығына орай 14 қазан күні Алматы қаласында «№178 лицей» КММ Ауған соғысына қатысушылармен кездесу өткізді. 2020 жылы Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай Қазақстанның барлық мектептерінде сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. 2021 жылы мектептерде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 95 жылдығына арналған іс-шаралар өткізілді.

Оқу-тәрбие процессіндегі «Мәдени жадыны» бейнелейтін іс-шараларды қарастырсақ :

2019 жылы Алматы облысында Абайдың туғанына 175 жыл, Ілияс Жансүгіровтің туғанына 125 жыл («Ілияс» деректі фильмінің премьерасы) тарихи маңызы бар оқиғаларға ерекше назар аударылды. 2019 жылдың желтоқсан айының аяғында Алматы облысы Талдықорған қаласында болды. Сондай-ақ Алматы облысында Талдықорған қаласында І.Жансүгіровтің 125 жылдығына арналған «Жансүгіров оқулары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті.

Ал енді 2020 жылы тарихи маңызы бар қандай даталарға ерекше көңіл бөлінді десек: ол әрине де Абайдың туған жылына 175 жыл, Алматы облысы негізінде І.Жансүгіровтың 125 жылдығы, сонымен қатар, облыста ең алғашқы фильмдердің бірі «Ілияс» атты фильмінің жарық көруі. 2019 жыл ол Ауған соғысына – 30 жыл. Алматы облысы Талдықорған қаласының №2 мектебі осы жоғарыда көрсетілген Абай, Ілияс, Ауған соғысына 30 жыл атты тақырыпта ашық сабақтар өткізді [203].

Қорыта айтатын болсақ, «Жадының орны», «тарихи жад», «коммемаративті тәжірибелер» жалпы терминологиясының шығу тарихы мен ғылыми айналымға енген кезін атап өтіп, бүгінгі таңда өз елімізде осы тұрғыда мемлекеттік саясаттың жадыға мән беруі, оның орнына, коммеморативті тәжірибелерде қалай қолдануына дұрыс болатынына тоқталсақ. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» атты бөлімі еліміздің тарихымен терең танысып білуге мүмкіндік туғызады. Ал осы тарихи ескерткіштер, оқиғалар, іс-шаралар, мерекелік күндер қаншалықты есімізде қалады деген сұрақ туындайды? Әрине оны біз тәжірибеде іске асырамыз. Тәжірибені жүзеге асыру үшін мектептерде оқушылардың саналарына құйып, көзбен көрсету ол мұғалім ретінде біздің міндетіміз.

Мектеп әлеуметтік мекеме ретінде, оның негізгі міндеті білім беруден басқа, жастарды әлеуметтендіру, идеологияны қалыптастыру, азаматтық, білім беру, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Мектепте бала белгілі бір оқиғалардың маңыздылығын түсінуге кіріседі және еске алу тәжірибесіне енеді. Белгілі тарихи оқиғаларға және тұлғаларға арналған іс-шаралар мектеп жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Мұғалімдер мектеп оқушыларының әртүрлі нысандарында: конкурстарда, пікірталастарда, дөңгелек үстелдерде және т.б. жұмысын ұйымдастыруға бағытталған бастапқы бағдарламалар жасайды. Бүгінгі күні өз елінің тарихын, Отанын сүйіп, оған мақтанышпен қарап, жан-жақты саралау ол еліміздің алға қойған мақсаттарының бірі. Ал оны жүзеге асыру жоғарыда айтқанымыздай, бастауын мектептен алады. Сондықтан мектеп, соның ішінде «Қазақстан тарихы» пәнінде коммеморативті тәжірибелерді пайдалану ол маңызды қадамдардың бірі болып табылады [204].

«Тарихи жадының» қалыптасуы қазіргі қоғамда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі тарихи жадыны қалыптастыру арқылы қоғам, жалпы

еліміздің азаматтары өз елінің тарихын сүюге, құрметтеуге, өзге ел азаматтарына оны өз деңгейінде түсіндіріп бағалауына бағыттауы мүмкін. Тарихи мәдени жады қоғам үшін біріктіруші құндылықтарды көрсететін тарихи бейнелерде бейнеленген [205]. Тарихи жад бейнелері белгілі бір жад картасын, қоғамдық сананың өзегін құрайды. Тарихи бейнелерді беру отбасы деңгейінде де, белгілі бір әлеуметтік топтар мен қауымдастықтарда әртүрлі ақпараттық арналар арқылы жүзеге асырылады. Тарихи бейнелерді қабылдау балалық шақтан басталады. Оларды түсіну және олардың мағыналық мазмұнын өзгерту көбінесе өмір бойы жалғасады. Тарихи бейнелердің едәуір бөлігі мектеп табалдырығынан есте қалады, өйткені олар тарих сабақтарында және тәрбие сағаттарында нақты коммеморативті тәжірибелермен бекітілген.

«Тарихи жад» – (сонымен қатар ұжымдық немесе әлеуметтік жады) – бұл қазіргі кезде маңызды «жаңа жинақталған әлеуметтік тәжірибені» жаңа ұрпаққа беру үшін өткен туралы ақпаратқа айналдыратын әлеуметтік білімді басқаратын және өзгертетін әлеуметтік-мәдени әдістер мен институттар жүйесі. Ғылыми қолданыста баламалы ұғымдар бар, олардың кейбіреулері ертеректе қолданылған: тарихи жад, ұжымдық жады, әлеуметтік жады, ұжымдық ми, адам жады, әлем жады [206].

«Мәдени жады» терминін алғаш рет неміс египтологы Ян Ассман Морис Халбвакстың ұжымдық жады теориясын әзірлеген «Мәдени жады» кітабында пайдаланды [207]. Ян Ассман және кейінірек Андреас Хуессен сияқты ғалымдар естелікке қызығушылық таныта бастады, бұл мемориалдық орындар мен ретромәдениет және 1980 жылдардың басындағы мнемотехника сияқты әртүрлі құбылыстармен суреттелген.

«Коммеморация» – бұл өткенді еске сақтауды нығайту және беру тәсілі. «Еске алу» терминін күнделікті өмірге француз тарихшылары енгізді, олар оның контекстінде ұжымдық жадының материалдық компонентін зерттеудің маңыздылығын негіздеді [208].

Музей педагогикасы – музей ісін тәрбие жүйесі ретінде қарастыратын музейтану, педагогика және психологияның тоғысқан жеріндегі ғылыми пән; сонымен қатар мәдени (көркемдік) тәжірибені музейлік ортада педагогикалық процесс арқылы беруге бағытталған заманауи музейдің ғылыми-практикалық қызметінің саласы. Музейлердің тарихын, мәдени-ағартушылық қызметінің ерекшеліктерін, келушілердің әртүрлі категорияларына әсер ету әдістерін, музейлердің оқу орындарымен өзара байланысын зерттейді [209].

Музейлердің тәрбиелік мәні бар іс-әрекеттердің ішінде қазіргі уақытта ең танымал музей сабақтары болып табылады. Олар оқушылардың белгілі бір тақырыптар бойынша білімін бекіту және олардың ойлары мен тарихи бейнелерін тереңдету үшін арналған. Музей нысаны мұнда иллюстрация ретінде ғана емес, сонымен қатар зерттеу көзі ретінде де әрекет етеді. Музей сабағы оқушылардың мектеп бағдарламасының тақырыбы бойынша білімдерін тереңдету мақсатында тікелей музей экспозициясында өткізіледі. Оның ерекшелігі музейдің оқу-тәрбие ортасында мектептегі тәрбие міндеттерін жүзеге асыруында.

Жұмыс барысында негізгі мәселелерді көрсете отырып, «тарихи жад», «мәдени жад», «коммеморация» және «музей педагогикасына» тоқталып, ендігі кезекте коммеморацияларды жүргізу барысында қандай сезімдермен ұштасуына мән беріп, оларға сипаттама берсек. Солардың бірі ретінде жалпы эмоция дегенміз не және оның қандай түрлері болады, жалпы тоқталып өтсе. Эмоция – француз тілінен аударғанда emotion, яғни адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсерінің реакциясы. Қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй. Эмоция организмнің әртүрлі қажетсінулерге қанағаттануына (ұнамды эмоция) немесе қанағаттанбауына (ұнамсыз эмоция) байланысты [210]. Эмоцияларды айта отырып, «эмоцианалдық нормалар» және «эмоцияларды басқару» түрлеріне тоқталу тақырыбымызды ашып көрсетеді. Эмоционалдық нормалар: 1) дұрыс емес сезіну; 2) сезімдердің қарқындылығы; 3) сезімдердің ұзақтығы; 4) эмоцияларды тым ерте немесе тым кеш бастан кешіру; 5) сезімдерін білдірудің орындылығы. Эмоцияларды басқарудың өзі «үстірт орындалуы» және «дұрыс орындалу» болып қарастыруға болады. Үстіртін орындалу эмоцияларының 5 түрін көрсетуге болады: 1) сөздік тұжырым; 2) дауыс ырғағы; 3) мәнерлі мимика; 4) дене қимылдары; 5) киімі арқылы. Дұрыс орындалу эмоцияларының 3 түрін көрсетуге болады: 1) дене іс-қимылының орындалуы; 2) мәнерлі орындалу; 3) когнитивті (ақпаратты дұрыс қабылдауы) орындалу [211].

Зерттеу жұмыста негізгі басшылық Совет өкіметі кезеңіндегі тәрбие және сыныптан тыс сабақтарының жүргізілу барысына, сонымен қатар, сол кезеңдегі осы мәселенің жан-жақты қаралып, талдануына басты назар аударылған. Не себепті Совет өкіметі кезеңіндегі сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілу барысын бүгінгі XXI ғасыр қоғамына салыстыруға алып келінгендігі жұмыстың зерттеу нәтижесінде көрсетілген.

«Тарихи бейне» түсінігінің анықтамасы қазіргі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың өзекті мәселелеріне жатады. Себебі, тарихи бейне түсінігін әр сала ғалымдары өздерінше түсіндіреді. Олардың қатарына тарихшылар, әлеуметтанушылар, педагогтар, мәдениеттанушылар. Л.П. Репина тарихи жадыны әлеуметтік-мәдени жағына сипаттама береді. Себебі тарихи бейнені белгілі бір қоғам санасы береді деген ұғым қалыптастырады. Оның ойынша, тарихи жадының қалыптасуына үш процесс түрткі бола алады: 1) өткенді ұмыту; 2) фактілер мен оқиғаларды әртүрлі түсіндіру; 3) қазіргі мәселелермен байланыстыра отырып, өткеннің өзектендірілуі. Жад – адамның, халықтың, елдің өткен тәжірибесін есте қабылдау, сақтау жаңғыртумен және оны сана саласына қосумен байланысты психикалық процесс деп түсіндіріледі [212, 251 б]. Ю.Р. Ковтунованың «Образ как объект исторического исследования» атты мақаласында «тарихи бейне» термині қазіргі таңда әлі де болса, толық өз қолданысына енбеді деп Л.Н. Мазурдың пікірімен қосылады. Себебі, «тарихи бейне» терминінің қолдану барысы әлі де аз деген болжам жасайды [204, 91 б]. Жоғарыда атап өткеніміздей, тарихи жағынан көрсете отырып, қазіргі таңда мәдени жағынан

да «тарихи бейнелерді» қарастырып жатқан жұмыстар бар. Мәдениеттанушылар «бейне» деп көркем шығармашылық ретінде көрініс берді. Солардың бірі ретінде «Культурно-исторические образы познания мира как процесс восхождения к синтезу» атты жұмыста дүниені танудың мәдени-тарихи бейнесі адамның дүниені түсінуінің әртүрлі дәуірлерінің өзгеруімен анықталады. Миф тарихи тұрғыдан «Адам мен Дүние» қатынасының бірлігін түсінудің бастапқы нүктесі болып табылады – деп түсіндіріп өтеді. Көріп отырғанымыздай, әр сала өздігінше түсіндіруге тырысады [204]. Әдебиеттануда «көркем бейне» ретінде көрсетеді. Коммеморативті тәжірибелерді жүргізу арқылы «тарихи жад» белгілерін қалыптастыру барысына талдау жасау барысында негізгі екі топқа бөліп қарастырсақ: 1) архив құжаттары; 2) қосымша материалдар (мысалы: диссертация, кітаптар, оқу құралдары, газет, журнал).

Келесі атап өтетін еңбегін жұмысымызда көрсеткендей тарихи бейнелер және оларға эмоционалдық сипаттама беру барысы туралы Скотт Р. Харристің «Приглашение в социологию эмоций». Бұл еңбекте жалпы эмоция дегеніміз не, оның түрлері, пайда болуы туралы жалпы сипаттама беріліп, жұмысымызға талдау жасау барысында қолдануымызға өз септігін тигізді [210] .

Қазіргі таңда аталып отырған мәселе әлемдік көріністе де өз өзектілігін көрсетуде. «Тарихи бейнелерге» қатысты А. Федоровтың «Media Stereotypes Analysis in the Classroom at the Student Audience» атты мақаласында бұқаралық ақпарат құралдарының стереотипі белгілі бір объектіге деген қалыптасқан қатынасты көрсетеді, ол бұқаралық аудиторияға арналған медиа мәтіндерінде үстемдік ететін жанрлардың, әлеуметтік процестердің/оқиғалардың, идеялардың, адамдардың схемалық орташаланған, таныс, тұрақты бейнеленуін көрсетеді. Медиа-мәтіндердегі сюжеттік және жанрлық құрылымның өзіндік стереотиптері бар: БАҚ-тағы мәтін әрекетінің фабулалық жағдайлары (көрініс, тарихи кезең және т.б.) кейіпкерлер, олардың құндылықтары, идеялары, тілі, мимикасы, ым-ишарасы, киім-кешек, суретті алу және т.б. аталған [213, 159 б]. П. Кариуки, Л. Уилсонның «The Effect of Students' Gender on Attitude toward Social Studies and the Illustration of Historical Images at a Selected Middle School» атты мақалаларында зерттеудің мақсаты орта мектеп оқушыларының жынысының олардың гендерлік бейтарап тарихи бейнені бейнелеуіне және олардың әлеуметтік зерттеулерге деген көзқарасына әсерін зерттеу болды. Көріп отырғанымыздай, тарихи бейнелерді көрсету жолдары әр түрлі [214].

Кеңес дәуіріндегі тарих пен әдебиетті оқыту процессінде тарихи бейнелердің қалыптасуына маңызды мән берілді. Мұның кеңестік ел азаматтарының жас ұрпағын тәрбиелеу үшін идеологиялық маңызы болды. Архив құжаттарына жүгінсек, мектеп оқушылары арасында тарихи жадының негізгі бейнелері идеясының қалай орын алғанын көруге болады.

ҚР ОМА 1692 қорының Кластан тыс тәрбие жұмыстары туралы ісінде Қаз КСР Оқу Халық Комиссариаты, Мектептер бөлімі - Зерттеу институты, Мухамеджанов Қ, 1940 жылы Алматы қаласы негізінде кластан тыс

жұмыстардың орындалу барысына тоқталып, оларды бөліп көрсеткен. XX ғасырдың 40 жылдарында сыныптан тыс жүргізілетін сабақтарға назар аударсақ, олар төмендегідей: I. Кластан тыс тәрбие жұмыстарының мақсаттары: Коммунистік адамгершілік тәрбиесі; II. Интернационализм және советтік патриотизм тәрбиесі туралы; III. Дінге қарсы тәрбие; IV. Дене тәрбиесі. Үлкен ірі топтарға бөле отырып, ойынның өзін бірнеше түрге бөліп көрсеткен. Ойын (А.С. Макаренконың педагогикалық мұрасынан): 1. Тортты атқылау; 2. Нысана; 3. Көпір астынан таяқ лақтырып өткізу; 4. Отряд барлауға шықты (әскери ойын); 5. Тоғай арасындағы алау; 6. Ұрыс басталды. Ойындарды өз деңгейлеріне бөліп, ары қарай эстетикалық тәрбиені бірнеше түрге бөліп көрсеткен V Эстетикалық тәрбие: a) Хор үйірмесі; b) Музыка үйірмесі; c) Сурет салу жұмыстары. VI Жаратылыстану жөнінде кластан тыс жұмыстар; VII Әдебиет үйірмесі; VIII Техника үйірмесі; Мейрамдардың өзін тағы бірнеше түрге бөліп көрсеткен, соның ішінде коммеморацияға жақын түрлері, IX Мейрамдар: Д) Балалардың драмалық ойындары; X) Мектеп кітапханасы [215, 96б]. Көріп отырғанымыздай, XX ғасырдың 40 жылдарында негізі 10 тақырыпқа бөліп сыныптан тыс сағаттардың тақырыптарын көрсетсе, XXI ғасырда негізгі 8 тақырыпқа бөліп көрсетіп, негізгі ішіндегі тақырыпшалар бір-біріне сай келіп отыр. Бұл жерден көретініміз, қай кезеңде болмасын тәрбие барысында орындалатын негізгі тұжырымдар мен ойлар бір-біріне жанасады және бір мақсатқа бағытталған. Сондықтан бұндай сыныптан тыс сабақтардың бөлініп көрсетілуін қазіргі таңда коммеморативті тәжірибелерге жатқызуға болатындығын атап өтуіміз қажет. Сонымен қатар, ойын түрлерінің бөлініп, жан-жақты сараланып көрсетіліуі сол кезеңдегі сыныптан тыс сабақтардың егжей-тегжейлі қарастырылғандығын айқындайды.

Аталған қордың «Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі тарихты оқыту бойынша әдістемелік хат (1941 ж.)» атты ісінде Қаз КСР Халық ағарту комиссариатының (ары қарай ХАК) м.а. А. Канапин 25 желтоқсан 1941 жылы бекіткен әдістемелік хаты. Осы хаттың негізі: ХАК және оның органдары жүргізген Алма-Аты қаласы, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызыл-Орда және Павлодар облыстары қала мектептердегі тарих пәнінің оқытылу барысына шолу жасап, жағымды фактілермен бірге көптеген жағымсыз фактілерді анықтаған. Бұл оқытудың сапасын айтарлықтай төмендетіп, тарихтың тәрбиелік және саяси-тәрбиелік мәнін әлсіретті [194, 65 б].

Бірқатар мектептерде мұғалімдер өздерінің үлкен жауапкершіліктерін сезіне отырып, тарихты шеберлікпен жүргізеді: олардың сабақтары мектептің кіші және жоғары сынып оқушыларының бойында терең патриотизмді тәрбиелейді, ой-өрістерін едәуір кеңейтеді, дұрыс түсіну мен тұрақты негіздерін қалайды, тарихи оқиғаларды КСРО және бүкіл әлем халықтарының өмірінен сіңіру, сол арқылы қазіргі оқиғалардың мәнін жақсы және дұрыс түсінуге көмектесетіндігін атап өткен. Сонымен қатар, хаттың 5 бөлімі аталып отырған біздің мәселемізге нақты тоқталған: 5. Жақсы оқытушылар

оқушылардың өзіндік жұмысын дұрыс және жеткілікті мөлшерде ұйымдастырады: әңгімелер, баяндамалар, очерктер, тарихи құжаттар мен кітаптарға сілтеме жасау, оқулықтарға конспект жазу және т.б., көркем шығармаларды таңдау, суреттер топтамасы, сызбалар, карталар, кестелер салу және т.б. Сонымен қатар, қойылымдар оқушыларға, олардың ата-аналарына және ересектер тобына арналған; бұл оқытушылар оқушыларға арналған тарих үйірмелерін, оқушылар кештерінде тарих пәнінен презентация, газет оқудан және тарихты оқумен байланысты басқа сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстар ұйымдастыру арқылы тарихи жадыны және сананы қалыптастыруға жұмыстар жүргізу керек (Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының мектеп бөлімі. Жауап. редактор Бекмаханов, ХАК, Алматы, 1941 ж). Аталып отырған мәселеде сол ХХ ғасырдың 40 жылдарындағы тәрбие сағаттарының негізгі мақсаты сабақ нәтижесінде өз кезеңіндегі идеологияны ұстай отырып, өз септігін тигізу.

Бүгінгі күні XXI ғасырда қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі ол сыныптан тыс іс-шараларды жүргізу арқылы жас буынға өз еліне, жеріне деген құрмет көрсетуге негізделген. Себебі қазіргі таңда коммеморативті тәжірибелерді жүзеге асыру барысында сыныптан тыс тарихи кештер, үйірмелер, белгілі бір тарихи оқиғаларды өткізу арқылы тарихи жадының бейнелерін қалыптастыруға зор мүмкіндік бар екендігін атап өтуге болады. Тағы да аталып отырған мәселенің қазіргі қоғамда өзектілігі артып отырғандығын көруге болады. Оған мысал ретінде Алматы облысы Ақсу ауданы «Ғали Орманов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (http://ormanov-aksu.mektebi.kz) [123] жоғарыда аталған кеш негізінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Ж.Шалабаеваның ұйымдастыруымен жоспарға сай 15.01.2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығынаарналған «Абай дана, Абай дара» атты әдеби монтаж 1-11 сынып арасында өтілгендігін көрсетуге болады.

Тарихи кештер өткізу, ол да коммеморативті тәжірибелердің бір көрінісі. Сондықтан тек ХХ ғасырда ғана емес, сонымен қатар, бүгінгі таңда да өзекті мәселелердің бірі болғандығы көрінеді. Бұл кештен көретініміз, әр бала эмоционалды түрде өз бойына қабылдап, сезінуге тырысады. Атап айтар болсақ, оқушылар «эмоционалдық басқарудың» ішіндегі «үстіртін орындаудың» 5 түрін негізге алсақ: 1) ауызша ілтипат істеу, мысалы: Рақмет; 2) дауыс ырғағы; 3) экспрессивті мимика (бет қимылы, көз, ауыз арқылы көрсету); 4) дене қимылы арқылы көрсету; 5) киімі арқылы келтіру. Соның ішінен жоғарыдағы оқушылардың эмоционалдық басқаруының үстіртін орындауының ішінде 2) «дауыс ырғағы» және 3) экспрессивті мимика (бет қимылы, көз, ауыз арқылы бойынша көңіл-күйлерін көрсетті [202, 62 б]. Ұлы ақынымыздың өлең жолдарын айтып, өзіндік көрсетілім көрсетті. Белгілі бір тұлғаға арналған тарихи кештер өткізу арқылы оқушының бойында үлкен жауапкершілік сезіндіріп, оларды болашаққа өз мақсатына жетуіне апаратын жолды көрсетуге бағыттау арқылы тәрбиелеу маңыздылығын арттыру.

ТМА 882 қорының «1948-1949 оқу жылы бойынша Талдықорған облысы мектептерінің жұмысы туралы есеп» атты існде [216, 15 б] А.С. Пушкиннің 150-жылдық мерейтойына орай мектептерді оның әдеби кештері өтіп, шығармалары оқылды. Оның негізінде патриоттық шығармаларына тоқталған: «Послание в Сибирь», «Деревня», «Чадаеву». Бұндай кештің өтілуінің негізгі мақсаты оқушылардың бойында социалистік Отанына деген патриоттық және берілгендік сезімін ояту болды. Тарих және география пәндерін оқу барысында «барлық жолдар коммунизмге алып келеді» деген оқушыларда негізгі логикалық тұжырым қалыптасады. Тарих, география және КСРО конституциясы пәндерінде оқушылардың бойында кеңестік ұлттық мақтаныш, өзінің социалистік отанына қажетті болу үшін ұмтылу сезімін тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болды. Облыстағы мектептерде тарих пәнін оқыту оқушылардың бойында маркстік-лениндік дүниетанымын қалыптастыру арқылы жүргізілген. Ал қазіргі XXI ғасырда тарих пәнін жүргізу, белгілі бір тарихи тұлғаның кешін өткізу арқылы әртүрлі тарихи кезеңге қатысты «тарихи бейнелерді» көрсете отырып өзінің елінің, жерінің мақтанышы бола алатындай тұлға тәрбиелеп, өз еліне еңбек ететін патриот азаматтарды қалыптастыруға негізделген.

Аталған қордың «1957-1958 оқу жылы бойынша облыстық білім басқармасының жұмыстары туралы есеп (облыстың халықтық білім беру ұйымдары мен мектептері)» атты ісінде [217, 90-96 бб] тарих пәні мұғалімдерінің тәрбие жұмыстарының көтерілуіне 10-сыныпқа кейінгі кезең тарихы курсының оқытылуы ықпал етті. Бұл курсты оқыту барысында мұғалімдер көптеген қиындықтарға жолықты. Тек атауы ғана болмаса, оның не оқу жоспары, бағдарламасы, сабаққа дайындалу үшін оқулығы да болмады. Тәжірибелі тарих пәні ұстаздары өздерінің сабақтарында XX съезд құжаттарын қолдана білді. Оған мысал ретінде Сарқан ауданы Сарқан орта мектебінің тарих пәні ұстазы Шульженко мырзаны айтуға болады. Талдықорған қаласы Горький ат. орта мектеп тарих пәні мұғалімі Н.Г. Афонина тарих пәнінен үйірмені басқарып, ондағы оқушылар басқа үйірмелерге қарағанда белсене қатысып, 100 пайыз нәтиже көрсетті.

Қаралған істе [217, 124-141 бб] тағы бір атап өтетін ол өлкетанулық және туризмнің дамуына үлесін қосып отырған туристік станциялардың рөлдері оң нәтиже береді. Оқушылардың арасында викториналар ұйымдастырылып, кеңестер беріліп, үйірмелердің жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетілді. Бұлардан көретініміз үйірмелердің де өз алдына коммеморативті тәжірибелерді жүргізуге тигізетін көмегі көп. Тарих пәні, үйірмесі, сыныптан тыс сағаттары, жалпы коммеморативті тәжірибелері арқылы «тарихи жадыны» қалыптастыруға мүмкіндіктің артуын көруге болады. Егер XX ғасырдың 40-50 жылдары тарих пәні аясындағы коммеморативті тәжірибелер белгілі бір кеңестік идеология негізінде жүргізілсе, ал қазіргі XXI ғасырда, тәуелсіздігіміздің тетігін ұстап тұрып білім беру барысында қалыптастыруға мүмкіндік зор екендігін көрінеді. Әр

ғасырлардағы мектеп оқушыларында тарихи бейнелерді қалыптастыру үшін қолданылған әртүрлі нышандары мен белгілер туралы атап өтіледі.

Келесі ТМА 882 қорының «1970 жыл бойынша мерейтойларды дайындау мен өткізуге арналған материалдар» атты ісінде [218, 11-14 бб] облыс мектептерінің педагогикалық ұжымы оқу-тәрбие жұмыстарын В.И. Лениннің тулғанына 100 жыл ұрандарымен құруда. Мектептердің ұрандары: «Лениннің өсиеттері ақиқат (Заветам Ленина верны)», «Ленин сиякты – өмір сүру, оқу және жұмыс жасау (Жить и учиться и работать по-ленински)». КОКП ОК-нің Лениннің 100 жылдық мерейтойына қатысты шыққан жарлығы негізінде Лениннің қызметін Маркс пен Энгельстің ілімін жалғастырушы ретінде тарих пәні мұғалімдері пәндерін жаңартуда. Жастардың тәрбиесінде коммунистік сананы қалыптастыру негізінде мектеп музейлері мен лениндік бөлмелердің қалыптасуы маңызды рөлге ие. Облыс мектептерінде В.И. Ленин атындағы 24 музей, 248 лениндік бөлмелер мен бұрыштар, өлкетану бойынша 24 бөлме және жауынгерлік және еңбек даңқы бойынша 22 бөлме құрылды. Бұндай музей, бөлмелерді құру арқылы оқушылар санасында әлемдегі ең алғашқы социалистік мемлекетті құрушы, ең мықты көшбасшы Ленин туралы ой қалыптастыру. «Ленин и Горький», «Ленин в искусстве» «Ленин в кино и театре» дәріс және баяндамаларымен облыс мұғалімдері үнемі әрекет етуде. Бұл жерде көріп отырғанымыздай, негізгі сол кезеңдегі ұстанымды басшылыққа алып жұмыс жүргізілуде. Сол ұстаным негізінде оқушының санасына тарихи жады қалыптасу үрдісі жүруде. Дәл қазір біздің қоғамда да оқушыға өзінің өлкесінің тарихын баяндып, елінің, жерінің тарихын мақтанышпен көрсетіп, тарихи жадына қалыптастыруға болатындығы көрсетіледі.

Қордың «Облыстық халық ағарту басқармасының 1984 жылға арналған жұмыс жоспары» атты ісінде [219, 14-15 бб] «Работа по коммунистическому воспитанию школьников» атты бөлімінің 1,3 пунктілері жалпы Талдықорған ауданы бойынша тәрбие жұмыстарының жағдайы және Гвардейск ауданындағы оқушылардың «атеистік тәрбиесінің жағдайы» туралы көрсетілген. 7 пунктісінде В.И. Лениннің атына мерекелер ұйымдастыру барысына тоқталған. Барлық КСРО кезеңінде Ленинді ұлағаттап, оның мұрасына тоқталып отырған, сол арқылы оқушы санасына Лениндей көшбасшыны көрсетіп, жоғары бағалауға тәрбиелеген.

XX ғасырдың 70-80 жылдары көріп отырғандай негізгі мәселе, тәрбие жұмыстары белгілі бір тұлғаларды ұлағаттап, олардың жақсы қырларын көрсету арқылы білім беру процессінде қолданған. Бүгінгі XXI ғасырда коммеморативті тәжірибелерді сыныптан тыс қолдану барысын атасақ болады. Сыныптан тыс деп үйірмелер, саяхат, экскурсия сабақтарын көрсетуге болады. Солардың бірі ретінде музейге саяхат жасау арқылы коммеморативті тәжірибелерді жүзеге асырып, «тарихи жады» белгілерін қалыптастыруға болатындығын мысал ретінде көрсету.

Алматы облысы Талдықорған қаласындағы «М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі» мысалында көрсетілсе. Музейдегі

экспонаттарды сөйлету арқылы оқушыларға негізгі идеяны бағыттап «тарихи жад» белгілерін қалыптастыру мақсатында Талдықорған қаласындағы «М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің» ІІ-залы «Өлкенің көне және ортағасырлық тарихы» залы деп аталып, бұл жерде музейдің бұл залының экспозициясында ұсынылған Алматы облысының территориясында әр жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде немесе кездейсоқ табылған ескілік мұралар көне замандағы Жетісу жерінде мекендеген тайпалардың өмірі мен өнері жайлы әңгімеленеді делінген.

Музейдегі экспонаттар туралы атап, білім беру барысында қолдану арқылы бір жағынан коммеморативті тәжірибелерді жүргізіліп, екінші жағынан «тарихи жад» белгілерін көрсетуге болады. Әрбір тарихи кезең мәдениетінің халықтың идеологиясын, саяси идеяларын, менталитетін көрсететін өзіндік нышандары мен белгілері болады. Сондай белгілердің бірі ретінде жоғарыда көрсетіліп отырған «Өлкенің көне және ортағасырлық тарихы» залындағы қолөнер туындылары, қолданыстағы ыдыстарының негізі қыштан күйдіріп жасалған. Сонымен қатар, бұл залда ортағасырлық кезеңнің негзгі белгісі ретінде сауда-саттық, эконмикалық жағдайы көрсетілген. Осы негізгі белгілер арқылы, сол кезеңге тән адамдардың өмір сүруі мен саяси-экономикалық жағдайын көруге болады.

Бүгінгі таңда білім беру барысында музейлермен виртуалды танысуға да болады. Сол арқылы жүйелі түрде тарихи деректермен таныстырып, жан-жақты талдау жасауға болады. Музейдегі экспонаттарды көру арқылы оқушылар бойында эмоцияның «Тереңірек орындалу эмоцияларынын» 3 түрін де көруге болады: 1) дененің терең орындалуы, яғни экспонаттарды көру арқылы адам ішінен он рет санап немесе сыртқа шығып салқындап алып өз эмоциясын тежей алуы; 2) мәнерлі терең орындау, яғни экспонаттардағы сүйектерді немесе ежелгі ыдыстарды көру арқылы бұрынғы халықтың өмір сүру бейнесін көре отырып, олар үшін қуану немесе ренжу; 3) когнитивті терең орындау, яғни ежелгі адамдар осылай өмір сүруін көре отырып, жоқ олар одан да жақсы өмір сүрген деп өз ойын өзгерту, өз-өзін жұбату [210, 68-69 бб]. Бұл «Тереңірек орындалу эмоцияларының» 3 түрін де музейге бара отырып, қалыптасатынан талдау жасап аталды.

Сонымен қатар, тағы бір Талдықорған қаласындағы «І. Жансүгіровтың әдеби музейіне» оқушыларды саяхат жасата отырып, «тарихи жады» белгілерін қалыптастыруға болатындығын көрсетсе. Ең алдымен І. Жансүгіровтың жеке тұлға ретінде өз елі үшін, халқы үшін жасаған жұмыстарын атап, музейдегі әр бөлмеге кіріп, жеке-жеке таныстырып, олардың ерекшелігін атап өтсе. Бірінші бөлме қазақ өлең-жыр өнерінің құдіреті «І. Жансүгіровтің дүниеге келген, туып-өскен, оның ақындық тұлғасы қалыптасқан» ортасына арналады. Бұл арқылы оқушы бойында жеке тұлғаны қалыптастырып, өз еліне, жеріне деген құрмет көрсетіп, артынан із қалдырар азамат болып өсуіне тәрбиелеу. Жоғарыда көрсетілген мысалдар ретінде коммеморативті тәжірибелерді жүргізу арқылы «тарихи жады»

белгілерін қалыптастыруға бағытталғандығын көрсетіп, ХХ ғасыр болсын, ХХ ғасыр болсын коммеморативті тәжірибелердің жүргізілу барысы әртүрлі болса да, негізгі ұстанымдары, мақсаттары бір екендігін көрсетуге болады.

Бұл жерде ақынның жалпы өмірбаянымен таныстыра отырып, сол кезеңдегі оқыған мектебі, тұтынған заттарын көрсете отырып, оқушылар бойында эмоционалдық нормалардың бұзылуын көрсетуге болады: 1) дұрыс емес сезіну, яғни сол ортаға сай болмауы және т.б.; 2) сезімдердің қарқындылығы, яғни өте қатты немес өте баяу сезіну бойына; 3) сезімдердің ұзақтығы, яғни сол музейден алған әсерімен ұзақ уақыт жүру; 4) эмоцияларды тым ерте немесе тым кеш бастан кешіру, яғни оқыған мектебін, немесе араласқан ортасын көре отырып, оларды өз бойында тым ерте немесе тым кеш бастан кешіруі; 5) сезімдерін білдірудің орындылығы, яғни өз сезімін білдірудің белгілі бір орыны [210, 53-57 бб]. Аталып отырған «Эмоционалдық нормалар бұзылуынының» 5 түрі де музейге саяхаттап келгендердің бойынан көруге болады.

Сонымен қатар, үшінші бөлме - «Ақынның жұмыс бөлмесіне» арналады. Онда ақынның жазу үстелінің макеті, пайдаланған сол кездегі газет-журналдардың жиынтығы мен баспа бетінен жарық көрген еңбектері, «Шора» журналының түптелген жинақтары.

Қазіргі XXI ғасыр жаңа технологияларды меңгеріп, оларды жан-жақты саралай білу барысында, оқушыларда тарихи жадыны коммеморативті тәжірибелерді (сыныпта және сыныптан тыс уақытта) жүргізу арқылы қалыптастыруға болады. Себебі, бүгінгі қоғам ол тек мәтінмен, ұранмен, болмаса жаттап айтқызу емес, сонымен қатар берілген мәліметті әр түрлі иллюстрацияны пайдаланып визуалды көрсету арқылы оқушы жадында сақтатуға болады, сол арқылы «тарихи жад» белгілерін қалыптастыруға болады.

Қорытындылай келе, қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен болмысының маңызды белгілерінің сабақтастығын қалыптастыруға ықпал ететін, өзгеріссіз қалатын, жалпы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үшін маңызды тарихи бейнелер бар, сонымен бірге бейнелер мен әртүрлі этникалық белгілері бар Қазақстан халқын біріктіретін өткеннің тарихи оқиғалары. Біраз уақыт бойы, тарихи жадының қалыптасуына негізгі өз үлесін қосқан ол ауызша айту технологиясы, атадан балаға мұра ретінде қалыптаса отырып, ауыздан-ауызға жеткен мағлұматтар тарихи жадыны қалыптастырған. Сонымен қатар, кейінірек әдеби кітаптар және өнер туындылары және жақында өтілген бейнелер ретінде ғылым, білім, өнер және БАҚ құралдарының ақпараттарын атап өтуге болады. Егер осы жоғарыда аталған үш негізгі ақпараттық каналдар бір-бірін толықтырса, онда өткен тарих бейнелері үлкен күшке ие болып, «тарихи бейнені» береді.

Қорытындымыздың негізі ол «тарихи жадының» қалыптасуына «тарихи бейнелердің» маңыздылығы үлкен. Себебі тарихи бейнелер ол тарихта болған оқиғалар мен негізгі көріністермен тығыз байланысты. Сол бейнелерді халық есте сақтағысы келеді және оларды мектеп оқулықтарына, бағдарламаларға

енгізгісі келеді. Кеңестік кезеңде негізгі тарихи бейнелер коммунистік партияға, олардың қызметкерлеріне арналған болса, бүгінгі тәуелсіздік кезеңде өзіміздің тарихқа, сонымен қатар музейде барлық тарихи кезеңдерді сипаттап тұрған бейнелер арқылы көрсетілген. Бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің «тарихи бейнесін» көре алатын музейлеріміз өте көп. Кеңес заманы мен қазіргі кезеңдегі негізгі тарихи бейнелердегі айырмашылықтар ол кезеңде негізі бір партиялық идеология бағытталып көрсетілсе, бүгінгі таңда плюралистік кеңістік негізінде, әр түрлі ойлар, тарихи тұлғаларды айтуға болады. Музейлер мен бірге ҚР Білім және ғылым министрлігі (ары қарай ҚР БжҒМ) бекіткен тәрбие жұмысына қатысты бағдарламада бар.

Жоғарыда көрсетілген 8 бағыт негізінде мынадай тарихи бейнелерді көрсетуге болады: өткеннің бейнесі және оның негізгі үш элементін атасақ: 1) белгі; 2) түрі/сипаты; 3) бейне кеңістігі. Бұл үш элементте коммеморациялық тәжірибелер барысында көрсетіліп, оқушылардың бойында патриоттық сезімін оятады.

Белгілі тарихи оқиғаларға және тұлғаларға арналған іс-шаралар мектептің негізгі жұмыстарының бірі. Бүгінгі күні өз елінің тарихын, Отанын сүйіп, оған мақтанышпен қарап, жан-жақты саралау ол еліміздің алға қойған мақсаттарының бірі. Ал оны жүзеге асыру жоғарыда айтқанымыздай, бастауын мектептен алады. Сондықтан мектепте соның ішінде «тарихи жадыны» коммеморативті тәжірибелерді қолдану арқылы қалыптастырып, «тарихи бейнелерін» ашып көрсете отырып, эмоционалдық сипаттамасын беру маңызды жұмыстардың бірі [220, 232-237 бб.].

Бүгінгі күні ақпаратты алуда, көру арқылы қабылдау, есту арқылы қабылдаудан гөрі тиімдірек деген тезис, енді даулы емес. Белгілі бір визуалды бейнелерде берілген және дыбыстық мәтінмен толықтырылған ақпарат тезірек қабылданады және толық түсініледі. Бұл ересектерге де, балаларға да қатысты. Визуалды бейнені зерттеу объектісі ретінде әлеуметтанушылар, өнертанушылар, педагогтар зерттейді.

Әлеуметтанушылар «визуалды бейнені» келесі негізгі белгілеріне қарай сипаттайды: ең алдымен, «визуалды деректерге» тоқталып, «визуалды әдісін» көрсетіп, одан кейін жалпы фото-фоно, кино құжаттарына қарай саралап, жалпы мағлұмат беріп оларды зерттейді. Сондай жұмыстардың бірі ретінде А.В.Печуринаны атап өтуге болады. Өзінің «Визуализация социальных исследований: новые данные или новые знания?» атты мақаласында әлеуметтанушы ретінде негізгі мәселе ретінде визуалды әдістерін, тарихына және фото-кино құжаттарға мән берілген. С.В.Пирогов өзінің «Горизонты исследований визуального» [221] атты мақалада визуалды бейнелердің әдіснамалық мәселелерін анықтап көрсетіп, визуалды бейнелердің әлеуметтік функцияларының жүйесіне тоқталған. Келесі жұмыс Н.С.Дягилева, Л.А. Журавлева «Методологические основы применения визуального метода в социологических исследованиях» [222] атты мақалада қазіргі кезде жалпы қоғамның негізі ол визуалды бейнелерге толы және оның бірнеше түрімен сипаттап атауға болатындығы жайлы аталып, солардың бірі ретінде фото

суреттерге мән беріліп, оларды жіктеп көрсеткен. Бұл жұмыстарға тоқталудың негізгі себебі, «визуалды бейнені» музей кеңістігінде ашып көрсетуге негізделеді.

Өнертанушылар, мәдениеттанушылар «бейнелердің мәдениеттану тарихы» және «мәдениетаралық коммуникация» теориясына негізделген «визуалды бейнені» зерттейді. Сондай жұмыстардың бірі ретінде В.О.Чистякова «Визуальная антропология в системе Cultural Sciences» [222] атты мақаласында мәдениет өзінің санасына визуалды (көру), аудиалды (есту) және тактильді қабылданатын фактілер арқылы көрсетеді.

Т.С. Иващенко «Визуальная антропология в системе гуманитарного знания» атты [223] мақаласында антропологиялық бейнелердің мәдениетаралық коммуникациялар процессінде өзектілігі көрсетіліп, мәдени диалогтарға негізгі мән берілгендігін көруге болады.

Педагогтар оқыту мен тәрбиелеу үшін көрнекі материал жасау және пайдалану жолдарын зерттейді. Педагогтарды «оқу процессінде ең алуан түрлі визуалды материалмен қалай жұмыс істеу керек ?» - деген сұрақ қызықтырады. Музей өткен мен бүгінгі күннің көпірін жалғастыратын, сол арқылы балалар мен жасөспірімдердің патриоттық санасын қалыптастыруға ықпал ететін «терезе» болады. Бүгінгі таңда мектеп «музей кеңістігінде» сабақ жүргізу арқылы «визуалды бейнені» қалыптастырудың маңыздылығын көрсете алмай отыр. Өзіміз білетіндей, егер оқушыларды музейге апарып, сол жерде белгілі бір тақырып аясында сабақ жүргізсек, онда олардың бойында көру арқылы қабылдау қалыптасып, өтілген тақырыпты бойынан өткізіп, сезіне алатындығын көрсете аламыз [224]. Музей педагогикасы – музей ісін тәрбие жүйесі ретінде қарастыратын музейтану, педагогика және психологияның тоғысқан жеріндегі ғылыми пән; сонымен қатар, мәдени (көркемдік) тәжірибені музейлік ортада педагогикалық процесс арқылы беруге бағытталған заманауи музейдің ғылыми-практикалық қызметінің саласы.

Музей кеңістігіндегі визуалды бейне – белгілі бір дәуірдегі тарихи оқиғалардың кескін форматындағы көрінісі (құжаттардың көшірмелері, сызбалар, фотосуреттер, деректі фильм кадрлары, деректі және көркем фильмдерден жеке эпизодтар, хроника, өткен кезеңнің киножурналдары және басқа да сақталған құжаттар). Мысалы, «М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі көрнекі бейнелердің келесі түрлерін ұсынады: І бөлмеде – Жетісу өңірінен табылған ең алғашқы археологиялық қазбаларды көруге болады. Сонымен қатар, сақ дәуіріне жататын Есік қаласы маңынан табылған «Алтын киімді» адам бар. ІІ залда – негізгі атап өтетін ол ортағасырлық қалашықтарды экспонаттар бейнесінде көрсетіп, сол кезеңге жататын қыш құмыралар, мәдениет, өнерін бейнелеп қойған. Адамдарды көрсетіп, олардың үстіндегі киімдері ортағасырлық кезеңді бейнелеп тұрғандай сипатталған. ІІІ залында көшпелі өмір салтын кешкен қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі және ХІХ-ХХ ғасырлардағы Жетісу халқының рухани және мәдени өмірі, экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайы туралы баяндалады. Фото суреттер ретінде сол кезеңге жататын Жетісулық

танымал тұлғалар бейнеленіп, сол кісілердің әдеби мұрасы қойылған. Осы кезеңде ұстаған заттары заттай түрінде көрнекілік ретінде залда тұр. IV залында аталған кезеңдегі қоғамдық-саяси ахуалға байланысты заттар қойылып, ашаршылықты көрсететін экспонаттар қойылған. Музей экспозициясында осы өңірден шыққан талантты өнер тұлғаларының деректі материалдары көрсетілген. V залы «Тәуелсіз Қазақстан» деп аталып, негізгі визуалды бейне ретінде ұлттық рәміздеріміз, еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмірі және қызмет жолдары көрсетілген. Алматы облысы бойынша экспонаттар қойылған.

Визуалды бейнелердің осы түрлерін көрсету технологияларына тоқталсақ. Дәстүр бойынша музейлерде белгілі бір тақырыптарға арналған деректі материалдардан тұратын экспозициялар, экономикалық даму, саяси тарихтағы өзгерістер, мәдениет жетістіктері, белгілі тұлғалар сияқты нақты тақырыптарға жеке стендтер жасалды.

Бүгінгі күні музей тәжірибесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бейне және кинопрезентациялар, цифрлық технологияларды қамтитын заманауи технологиялар белсенді түрде қолданылуда. Жаңартылған тұрғын үй, тұрмыстық тірлік, ыдыс-аяқ, құрал-саймандар, өткеннің күнделікті өмірінен алынған тұрмыстық және өнеркәсіптік кескіндеме үлгілерін көрсету, жоғалған тарихи ескерткіштерді, сәулет нысандарын цифрлық реконструкциялау үшін цифрлық технологияларды қолдану өзекті болуда.

Балалар мен ересектерді тәрбиелеуде музей жәдігерлерін, тарихи өткенді бейнелеудің визуалды бейнелерін пайдалану әдістемесін қолдану. Келушілермен музей жұмысының дәстүрлі форматы экскурсиялар өткізу болып табылады, олардың презентациясы лекцияларға ұқсас. Музей кеңістігін пайдаланудың тағы бір әдісі – музейдің өзінде оқушыларға сабақ ұйымдастыру. Үшінші нысанды әртүрлі жастағы балалармен өз туған өлкесінің тарихын зерделеу, қолөнердің белгілі бір түрлерінің тәжірибесін жаңғырту, жергілікті қолөнер шеберлерінің қолөнер бұйымдарының көрмесін ұйымдастыру, былғарыдан, жүннен, үлбірден, зергерлік бұйымдардан және т.б. тұрмыстық бұйымдарды көрсету арқылы әртүрлі үйірмелер жұмысы деп атауға болады.

Қорыта келгенде, Музей кеңістігіндегі «визуалды бейненің» жалпы тарихнамасына тоқтала отырып, негізгі түрлері құжаттардың көшірмелері, сызбалар, фотосуреттер, деректі фильм кадрлары, деректі және көркем фильмдерден жеке эпизодтар, хроника және басқа да сақталған құжаттарды көрсетіп, көрсету технологиялары ішіндегінің бүгінгі өзектілерінің бірі ол виртуалды саяхат, қолдану әдістерінің ішіндегі ең маңыздысы ол әрине – музей ішінде сабақ ұйымдастыру деген жөн. Демек, жоғарыда атап өткеніміздей көру арқылы қабылдау бұл бүгінгі күннің ең тиімді жолы ретінде көрсетіледі [222].

Естелік орындары, П. Нораның пікірінше, «уақыт өте келе және адамдардың еркі бойынша ұлттық жады мұрасының немесе адамдардың ұжымдық жадысының символдық элементіне айналған рухани және

материалдық бірлік орны» аясында М. Мұсатаева, К.С. Ермағамбетованың жұмысында қарастырылған. Алайда жұмыста «жады» орны емес, «естелік орындары» ретінде қарастырылып, көбіне соған негізделген. Ал зерттеу жұмысымызда қарастырылған мәселе, ол жады орыны ретінде келтіріліп, негізгі белгілі бір аймақ барысында коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуіне бағытталған.

Музейтану, музейлердердің бағыты бойынша Г. Файзулина [223], музей педагогикасы аясында У.Д. Муналбаева [224], М.К. Кукеева музей тарихы, құжаттардың бөлінуі, сараланулы аталып, тоқталған [225]. Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қызмет музей ісіне басқаша көзқарастың болуын, яғни қазіргі өскелең қоғамның талаптарына сай бейімделуін, музей ісін ұйымдастыруда түбегейлі бет бұрыстардың болуын, жаңа методологиялық көзқарастың болуын, музейлердің ғылыми-техникалық базасын қалыптастыру, музей ісінде қор өңдеу бағдарламаларын игерудің маңызы туралы Т.Е. Картаева, Г. Шаухарова өздерінің еңбектерінде қарастырған [226]. Бастауыш мектеп, орта жас буын және жасөспірім кезеңмен студенттер арасында жұмыс істеудің талдануы жасалған М.Қ. Егізбаеваның жұмысында аталған [227]. Адам жадысының түрлері, жіктелуі, олардың сипатталу барысы А. Ассманның [15] еңбегінде талданып, аталған.

N. Tirosh, A. Reading. «The Rightto Memory: History, Media, Law, and Ethics» [228] атты кітабында жадты зерттеу саласы күнделікті жад пен еске алу тәжірибесіне назар аударуы, олардың есте сақтау құқығы, күнделікті тәжірибелер негізінде қарастырылған.Winter, E., Teschler-Nicola, M., Macfelda, K., Vohland, K. «The pathological anatomical collection of the Natural History Museum Vienna [Diep at hologisch-anatomische Sammlungdes Natur historischen Museums Wien]» [229] атты мақаласында тарихи мұражайлардың бейнесін көрсетіп, оларға талдау жасалынған. Tatlı Z., Çelenk G., Altınışık D. «Analysis of virtual museums in terms of design and perception of presence» [230] атты мақаласында виртуалды мұражайларды дизайн мен әлеуметтік қатысуды қабылдауға сәйкес зерттеу және талдау мақсаты қойылғандығы талданған.

Советтік кезең: «1970 жылғы мерейтойларды дайындау және өткізуге арналған материалдар» қорының ТМА 882 [231,11-14 бб.] оқу-тәрбие жұмысын облыс мектептерінің педагогикалық ұжымдары жүргізді. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған іс-шараларда мектеп ұрандары: «Ленин өсиеті ақиқат (Лениннің өсиеті рас)», «Ленин сияқты – өмір сүр, оқы және еңбек ет (Ленин бойынша өмір сүр, оқы және еңбек ет)». КОКП Орталық Комитетінің Лениннің 100 жылдығына арналған қаулысы негізінде тарих пәнінің мұғалімдері Маркс пен Энгельс ілімдерін жалғастырушы ретінде Лениннің қызметі туралы пәндерді жаңартып отыр. Жастарды тәрбиелеуде коммунистік сананы қалыптастыру негізінде мектеп мұражайлары мен кабинеттерін қалыптастыру маңызды рөл атқарады. В.И. Ленин атындағы 24 мұражай бар. Ленин, 248 ленлндік бөлмелер мен бұрыштар, 24 өлкетану және 22 әскери және еңбек даңқы кабинеттері. Осындай мұражайды құру арқылы мектеп оқушылары қатысушылардың санасында ең күшті көшбасшы, әлемдегі

алғашқы социалистік мемлекеттің негізін қалаушы Ленин туралы идеяны қалыптастырады. Аудан мұғалімдері «Ленин және Горький», «Ленин өнерде», «Ленин кино мен театрда» атты лекциялар мен баяндамалармен үздіксіз жұмыс жасайды. Өздеріңіз көріп отырғандай, жұмыс сол кезеңнің қағидалары бойынша жүргізілуде. Осы принцип негізінде оқушылардың санасында тарихи жадының қалыптасу процессі жүреді. Дәл қазір біздің қоғамда мектеп оқушысының өз өлкесінің тарихын айта алатынын, елінің, өлкесінің тарихын мақтанышпен көрсете алатынын, тарихи жадында қалыптастыра алатынын музейлер арқылы көрсетуге болады. Сонымен қатар, Талдықорған қаласының мемлекеттік архивіндегі құжаттардың негізі сол кезде мемлекет тарапынан белгілі бір идеологияны басшылыққа алып жүргізгендігін көре аламыз. Мемлекет тарапынан белгілі бір жоспар жасалып, ол сол кездегі барлық облыстар мен аудандардағы музейлерде бірыңғай жүргізілгендігі қарастырылған.

Кеңестік және тәуелсіздік кезең деп талдап, оның яғни осы коммеморативті тәжірибелердің музейде кеңестік кезеңде егер есте сақтау, естеліктерімізді индивидуалды – жеке дара, әлеуметтік және ұжымдық деп көрсетілсе, онда осы кезеңдегі негізгі естеліктер адам болмысында «ұжымдық жады» негізінде қалды деп көрсетуімізге болады. Себебі егер индивидуалды жады тек жалғыз адамға байланысты оқиғалармен тізбектелсе, ұжымдық жады бәріне бірдей, жалпылама талданатын болып табылады. Оған негіздеме ретінде, А. Ассманның «Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика» атты монографиясында С. Зонтагтың мынадай бір пікірі аталған: «егер қоғам өзіне-өзі еріксіз болса да, ақылсыз және тілсіз ойланбай сөйлесе де, белгілі бір шешім қабылдай алса да, бірақ жадысыз еске ала алмайды. Сондықтан белгілі бір оқиғаларды саралауда адам әрине өзінің жадысына жүгінеді. Ал кеңестік кезеңде тек қағаз беттерінде ғана емес, сонымен қатар, халықтың жадысында да «ұжымдық жады» негізгі рөл атқарғандығын көре аламыз. Сол ұжымдық жады негізінде музейлердегі коммеморативті тәжірибелер негізінен сол кезеңдегі, беделді, негізгі тұлғалардың бірі В.И. Ленинге арналып тарихи кештер, сыныптан тыс іс-шаралар және музейлердің негізгі көрінісі де сол кісінің бейнесінде сипатталғанын көрдік. Сондықтан жадының негізгі бағыты, барлық сол кезеңдегі халыққа тән «ұжымдық жады» негізінде бейнеленгенін көрініс тапқан [15, 5-6].

Тәуелсіздік кезең: Жоспарлау – музейлердің мақсаттарын анықтайтын жоспар құру жөніндегі қызмет түрі. Әдеттегі жоспарлар – 1 жылға, жарты жылға, тоқсанға, 1 айға жоспарланады. Музейлерді жоспарлау жұмысының басты құжаты мұрағаттың бір жылдық жоспары болып табылады.

Бүгінгі күні музей тәжірибесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бейне және кинопрезентациялар, цифрлық технологияларды қамтитын заманауи технологиялар белсенді түрде қолданылуда. Жаңартылған тұрғын үй, тұрмыстық тірлік, ыдыс-аяқ, құрал-саймандар, өткеннің күнделікті өмірінен алынған тұрмыстық және өнеркәсіптік кескіндеме үлгілерін көрсету,

жоғалған тарихи ескерткіштерді, сәулет нысандарын цифрлық реконструкциялау үшін цифрлық технологияларды қолдану өзекті болуда.

Балалар мен ересектерді тәрбиелеуде музей жәдігерлерін, тарихи өткенді бейнелеудің визуалды бейнелерін пайдалану әдістемесін қолдану. Келушілермен музей жұмысының дәстүрлі форматы экскурсиялар өткізу болып табылады, олардың презентациясы лекцияларға ұқсас. Музей кеңістігін пайдаланудың тағы бір әдісі – музейдің өзінде оқушыларға сабақ ұйымдастыру. Үшінші нысанды әртүрлі жастағы балалармен өз туған өлкесінің тарихын зерделеу, қолөнердің белгілі бір түрлерінің тәжірибесін жаңғырту, жергілікті қолөнер шеберлерінің қолөнер бұйымдарының көрмесін ұйымдастыру, былғарыдан, жүннен, үлбірден, зергерлік бұйымдардан және т.б. тұрмыстық бұйымдарды көрсету арқылы әртүрлі үйірмелер жұмысы деп атауға болады.

Бүгінгі күні XXI ғасырда қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі ол сыныптан тыс іс-шараларды жүргізу арқылы жас буынға өз еліне, жеріне деген құрмет көрсетуге негізделген. Себебі қазіргі таңда коммеморативті тәжірибелерді жүзеге асыру барысында сыныптан тыс тарихи кештер, үйірмелер, белгілі бір тарихи оқиғаларды өткізу арқылы тарихи жадының бейнелерін қалыптастыруға зор мүмкіндік бар екендігін атап өтуге болады.

Өңірдегі музейлердің көпшілігі белгілі бір тұлғаларға арналған және олар туралы мәліметтер бар. Сондай-ақ облыстың, қаланың, облыстағы ауылдардың тарихына қатысты жәдігерлер қойылған мұражайлар бар.

Жетісу облысында М.Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі және оның филиалдары, Өскемен Дәркембай атындағы қолданбалы өнер мұражайы және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы бар. Музейлердің негізгі қызметі Қазақстан Республикасына тиесілі мәдени құндылықтарды, материалдық және тарихи, көркем, ғылыми және басқа да мәдени құндылықтарды, қазақтың қолөнер бұйымдарын, әртүрлі елдердің қолданбалы өнер туындыларын анықтау, зерттеу, сақтау және насихаттау болып табылады.

Музейлер мен галереялардың жалпы қоры 63 миллионнан астам жәдігерді құрайды, мұражайға келушілер саны жыл сайын 130 мыңнан астам адамды құрайды, 600-ден астам дәріс, 546 көрме, 818 мәдени іс-шара өткізіледі.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Туған өлке» музейаралық көшпелі көрмелер жобасы, «Жетісу інжу-маржандары» жобасының мақсаты облыс орталығынан, қаладан экскурсия ұйымдастыру. Талдықорған қаласы, Алматы облысының тарихи-табиғи көрікті жерлері мен мұражайларына, сондай-ақ «Қазақстанның қасиетті географиясы» жобасы аясында жас өлкетанушылар арасында «Менің өлкемнің аңыздары» облыстық байқауы өтті.

Жастар мен балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуды жүйелі қолдау мақсатында облыстық музей мен оған қарасты филиалдарды қосқанда 7 үйірме жұмыс істейді, оның ішінде 5 үйірме «Жас экскурсовод», 1 жас

ақындар үйірмесі «Жас суретші», 2 жас ақындар үйірмесі «Бала жорға» және «Ақиық. Сабақтар айына бір рет өткізіледі. Жалпы қатысқандар саны 116 *(қаралым уақыты: 15.01.2023 ж.)* [232].

Аталып отырған тақырып аясында Жетісу облысы музейлерінде мектеп оқушыларымен бірге өтілген коммеморативті тәжірибелерді көрсетсек. Алакөл ауданы Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музей қызметкерлері 2023 жылдың 10 ақпан күні О. Молдағожин атындағы орта №2 орта мектебінің 10 сынып оқушыларына, «Кие тұнған Алакөл» тақырыбында "Жайпақ ерте ортағасырлық қаласы" туралы дәріс оқыды. Дәріс мақсаты – Алакөл ауданынан табылған ерте ортағасырлық қалалар, оның ішінде Жайпақ қаласымен таныстыру. Шара барысында дәріс оқылып, презентация көрсетілді. Сондай-ақ, оқушылармен сұхбат жүргізіліп, сұрақтар қойылды *(қаралым уақыты: 15.01.2023 ж.)* [232].

«Жауынгерлік Даңқ» музейінде Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай «Ерлікке тағзым» атты ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші өтті. Оған Панфилов ауданы Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Теткусизов Талғат Манапұлы мен ардагер Разиев Қаһарман Тұғлықұлы, Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің 7 – сынып оқушылары, қалалық мәдениет үйі өнерпаздары және Жаркент қалалық балалар кітапханасының мамандары қатысты. Кеш барысында музей қорында сақталған Ауған құрбандары Ш.Сатқалиевтың, Е.Көншібаевтың және Н.Жағыпаровтың альбомдарынан алынған деректер бойынша таныстырылым көрсетіліп, батырлықтарын, қайсарлықтарын дәріптейтін әндер шырқалды. Оқушылар тарапынан ардагерлерімізге мардымды сұрақтар қойылып, шара соңы қалалық кітапхана тарапынан ұйымдастырылған кітап көрмесін тамашалаумен аяқталды. Кеш өз дәрежесінде өтті. Мұндағы мақсат – Отанына шексіз қызмет еткен, рухы жоғары қайсар жауынгер ағаларымыздың ерлігін жас ұрпаққа үлгі ету, тәрбиелеу *(қаралым уақыты: 15.01.2023 ж.)* [232].

2023 жылдың 21 ақпанында Жетісу облысының М. Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану музейінде Ақын Сараның мемориалды музейінің ұйымдастыруымен Ақсу ауданы Молықбай мәдениет үйінде "Жетісудың Сарасы-бар қазақтың дарасы" атты жылжымалы көрме өткізілді. Көрме Сара Тастанбекқызының туғанына 170 жыл толуына арналған. Көрмеде музейдің құнды заттары: Сараның бала кезінде ұстаған домбырасы, іс тігін машинасы мен қайшысы, қазақ ұлттық зергерлік бұйымдары және Сара мен Біржансалдың айтысын баяндайтын жәдігерлер қойылды. Тек бұл музейде ғана емес, сонымен қатар, Облыс бойынша көптеген музейлерде осы тақырып аясында іс-шаралар өтілді *(қаралым уақыты: 15.01.2023 ж.)* [232].

Тарихи жадының өңірлік бейнесі ретінде Шоқан Уәлиханов Алтынемел мемлекеттік мемориалдық музейі алынып, коммеморацияның нысаны ретінде талданады. Музейді алуымыздың негізгі себебі бұл жерде бірнеше залға бөлініп, Жетісу өңірінің басынан өткен тарихи кезеңдері сипатталады.

Ш.Уәлихановтың Алтынемел мемлекеттік мемориалдық музейі 1985 жылы ғалымның туғанына 150 жыл толуына орай ашылды. Музей

құндылықтары ұлы ғалымның өміріне байланысты үш бөлімге бөлініп жинақталған. Ол бөлімдер «Шоқан Уәлиханов және ол өмір сүрген уақыт», «Ш.Уәлихановтың ғылыми қызметі» және «Шоқан мәңгі бізбен бірге» деп аталады. Музей экспозициясында Ш.Уәлихановтың өміріне қатысты құнды жәдігерлерлер қойылған. Олардың арасында ғалымның Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай өлкелеріне жасаған саяхаттарының карталары, салған суреттері орын алған. Музей қор бөлімі мен лекция залдарынан тұрады. Экспозиция залдарының көлемі 454 шаршы метр жерді алып жатыр. Музей экспозициясы мен қорында Мемлекеттік Эрмитаж, этнография музейінен берілген қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысына қатысты заттар, құрал-жабдықтар коллекциясы бар. Қазақстанның мемлекеттік Орталық музейі, Пушкин атындағы кітапхана мұражайы музейге көптеген заттар мен кітаптарды сыйға тартты. Музей экспозициясындағы материалдар Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметіне байланысты тақырыптық жүйелеуге қарай бес бөлімді құрады. Бұл бөлімдерде Ш.Уәлихановтың қайраткер ретінде қалыптасуына ықпал еткен сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік, мәдени өмірін қамтитын материалдар, Омбы кадет корпусындағы оқу жылдары мен әскери қызметінің басталуы, алдыңғы қатарлы көзқарастағы орыс интеллигенциясымен танысуы туралы құжаттар, Орта Азия, Оңтүстік Сібір, Қазақстан тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеудегі із қалдырған ғалымның ғылыми мұрасы тұрғысындағы, Петербург кезеңіндегі материалдар деп бөлінген үш бөлім қамтылған. Музей экспозициясында Шоқанның өзі тұтынған заттары да қойылған. Ғалымның өзі жасаған карталары, схемалары, қолжазбалары, экспедиция мен саяхатта салған суреттері, халық қолөнер туындыларының жинақтары қойылған. Экспонаттар ішінде ұлттық музыка аспаптары, Шоқанның жеке коллекциясынан қалған қырғыз, ұйғыр, қытай халықтарының ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдар, минералдар бар. Шоқан жинаған қобыз, домбыра, сыбызғы да музейдің құнды жәдігерлері болып табылады. Ш. Уәлихановтың Алтынемел мемлекеттік мемориалдық музейіне оқушыларды экскурсияға апару мақсатында, оның өмірбаяны, қызметі, жалпы мағлұмат беру арқылы сабақта өтіп жатқан тақырып аясында «Тарих» пәнін оқыту барысында қолдануға болады. Ол өзіндік нәтиже береді, сесбебі тәуелсіздік кезеңінде көптеген тақырыптар аясында оқушыларда сол мәліметке шынайы көз жеткізіп, саралауға мүмкіндік көп.

Музейдің негізгі ашылу мақсаты, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған тарих және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған тарих негізінде жұмыс жасалған. Музейге мектеп оқушылары сыныптан тыс уақытта, тәрбие жоспарына сәйкес келіп мұғалімдер сабақтарын жүргізеді. Музейдің ақпараттық қоры мол, ҰОС жылдарына өз өлкесінің ардагерлеріне арналған мәлімет негізінде толықтырылған.

Сарқан ауданы негізінде Қойлық – Алматы облысы Сарқан ауданындағы аса ірі ежелгі қала. Сол қалашықта бүгінгі күні Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің мұражайы 1960 жылы ұйымдастырылған, тамаша тарихы бар. Музейде М. Жұмабаевқа арналған жеке бұрыш, ежелгі қала құрылысы,

нумизматика бөлімі, ер есімі – ел есінде, этнография бөлімі бар. Көрсетілген бөлімдер негізінде оқушыларға музейде сабақ өту барысында коммеморативті тәжірибелердің еске алу кештері, қорымдар, экспозициялық кештерді түсіндіріп, оны дамытуға болады. Жинақталған құжаттарды саралай келе, «Өлкетану курсы. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» атты оқу-әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген тағы бір сабаққа тоқталсақ:

Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне бару) – Экскурсия сабағы

Сабақтың мақсаты: «Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне бару)» идеясын басшылыққа ала отырып, жастар өз Отанының болашағына жауапты екендігін түсіндіру. Білімгерлерді елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Мұражай ауыл тарихының ажырамас бір бөлігі. Қойлық ауылының Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің мұражайы 1960 жылы ұйымдастырылған, тамаша тарихы бар. Мұражай тарихы ауылымыздың орнында XI – XIII ғасырда өмір сүрген орта ғасырлық Қоялық қаласымен өте тығыз байланысты. Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын К.Байпақов пен Б.Нұрмұхамбетов жүргізіп президенттің қабылдауында болып қала тарихы туралы мәлімдеп Н.Ә. Назарбаев қызығушылығын танытты.

Қазірдің өзінде Ұлы Жібек жолының бойындағы басты жолдың бірінде орналасқан Қоялыққа туристер келуде, оның ішінде шетелдік қонақтар, студенттер мен мектеп оқушылары да бар, яғни Қазақстанның тарихы, оның мәдени мұрасы қызықтыратын жұртшылықтың бәрі оны көруге асығады.

Біздің еліміздің ортағасырлық ірі қаласы туралы қалың оқырман қауымға, сондай-ақ археологтарға, тарихшыларға, сәулет және өнердің тарихын зерттеушілерге қызығушылық тудыруда.

Күтілетін нәтиже:

а) оқушылар бұл сабақта өздерінің ойларында жүретін көптеген сауалдарға жауап береді, себебі көзбен (визуалды) көріп, оны ойында саралай алады;

ә) қойылған сұрақтарға шапшаң жауап беруге дағдыланады;

б) өз ойларын нақты қорытындылауға үйренеді;

в) тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамытады [139, 34 ].

Е.И. Красильникованың коммеморативті тәжірибелердің түрлерінің барлығын бұл музейде кездестіріп, оқушыларға мұғалімдер осы бағытта жұмыс жүргізілетіндігі аталған.

Бүгінгі күні Жетісу облысының музейлерінде мектептер арасында коммеморативті тәжірибелердің жүргізілу барысын көре аламыз. Ақын Сараның мемориалды музейі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Сара Тастанбекқызының туғанына 170 жыл толуына орай «Қазақ әдебиеті тарихында із қалдырған – ақын Сара» атты дәріс оқылды. Дәріс барысында ақынның жазған өлеңдері мен айтыстарына тоқталып, көркемдік ерекшелігіне сипаттама берілді. Дәріс Ғали Орманов атындағы орта мектеп оқушыларына оқылып, ақын Сараның шығармашылығы туралы тың мағлұматтар айтылды *(қаралым уақыты:20.01.2023 ж.)* [232].

Қазан айының 22 күні Ақын Сараның мемориалды музейінің қызметкерлері Есболған Жайсаңбаев атындағы орта мектебінде 8-сынып оқушыларына жазушы, ақын, аудармашы, түркітанушы, реформатор, ағартушы - демократ Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына байланысты «Қазақ даласының ардақты ұлы» атты лекция оқыды. Лекция мазмұнында қазақ әдебиетіндегі белгілі тұлға Ахмет Байтұрсынұлының өмір сүрген жылдары, дүниеге келген жері, өскен ортасы, білім және еңбек жолдары, қоғамда атқарған қайраткерлік істері жайында сөз қозғалды. Оқылған лекцияның басты тәрбиелік мақсаты – әдебиет және қоғам қайраткерінің атқарған еңбегінің рөлін, қазақ әдебиетіне қосқан үлесін, жазған еңбектерінің маңызын, туған халқы үшін істеген игі істерін насихаттау болды.

І. Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейінде мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837 – 1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы – Кенесары Қасымұлының 220 жылдығына орай «Кенесары Хан және оның тарихи кезеңі» атты тақырыптық экскурсия ұйымдастырылды.

Экскурсия барысында Кенесары Қасымұлының өмірі, қызметі, ерлігі, тарихта алатын орны мен Кенесары құрған хандықтың қазақ тарихында қалдырған ізі туралы мағлұматтар берілді. Сонымен қатар, Кенесары ханға орасан зор қолдау көрсетіп, ханның қырғыз еліне Жетісу өңірі арқылы өтуіне үлкен ықпал жасаған және Қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан Кенесеры Қасымұлының кегін қайтарған жерлесіміз Тәнеке Дөсетұлының ерлік істері де насихатталды (қаралым уақыты:20.02.2023 ж.) [232].

Қаңтар айының 25 жұлдызында Сарқан ауданының тарихы музейі қызметкерлері М.Тынышпаев атындағы Қарғалы орта мектебінің оқушыларына "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру мақсатында "Киелі орындар-ұлтымыздың ертеңгі тарихы" атты тақырыпта Жетісу өлкесіндегі мәдени-тарихи орындар жайлы танымдық сабақ өткізді. Сабақ барысында өткен ғасырда орын алған тарихи маңызы зор оқиғалар мен өлкеміздің тарихи орындары жайлы айтылды. Аталған мәліметтер негізінде қазіргі таңда Жетісу облысының музейлерінде меткептермен байланысып жоспар бойынша және жоспардан тыс атаулы тарихи оқиғаларға, күндерге байланысты коммеморативті тәжірибелердің қазіргі таңда жақсы қарастырылып, аталып жатқанын көруге болады.

Тәуелсіздік кезеңде коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі «индивидуалды жады» және «ұжымдық жадыда» белсенділігін көрсетеді. Мұндай болжамның туындауының себебі А.Ассманның «Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика» атты монографиясында жадының қалыптасуына байланысты индивидуалды жадыдан әлеуметтік жадыға, одан ұжымдық жадыға бағытталған деген тұжырымы. Алайда ғылыми қауымдастықта ұжымдық жады деген жоқ деп есептейді, оны тек XX ғасырдың 20 жылдары М. Хальвбакстың еңбектерінде ғана аталғанын көрсеткен. Жады тақырыбын талқылай келе, бұл үш жадыда адамдарға сай анықталғандығы аталған. Соның негізінде тәуелсіздік кезеңдегі

музейлердегі коммеморативті тәжірибелердің жүргізілуі «индивидуалды жады» негізінде қалыптасты. Оған негіздеме: біріншіден, әр адамның өзіне тән естелігі бар; екіншіден, естеліктер тек өздері ғана қалыптаспайды, олар өзге адамдардың естеліктерімен байланысты болады; үшіншіден, кейбір естеліктер фрагмент негізінде жадымызда қалады, олардың не өткені, не болашағы жоқ; төртіншіден, естеліктер эфемерлі (өтпелі) және тұрақсыз, естеліктер өзінің уақыт кеңістігіне сәйкес перспективті өзгеріске ұшырайды. Бір естеліктер жоғалып жатса, енді біреулері даму үстінде болады. Аталған «индивидуалды жадының» төрт сипаттамасы да бүгінгі талданып отырған тәуелсіздік кезеңіндегі музейлердегі коммеморативті тәжірибелердің жүргізілу барысына сай келеді [232, 232-237 бб.].

Қарастырып отырған мәселенің негізі – ол Алматы облысы бойынша жалпы аудан мектептерінде қаншалықты деңгейде «коммеморативті тәжірибелер» жүргізіледі? Олар оқушылардың «жадысында» қалай сақталады? Жалпы облыс, аудан, ауылдарда қай мерекелерге, іс-шараларға басты назар аударылады? Қандай жоспарға негізделіп жасалады? деген сауалдарға жауап іздеу барысында көптеген материалдармен танысып, оларды сараладық. Осы сұрақтарға жауап беруге тырысып көрсек.

Алматы облысы бойынша жалпы 17 аудан және 3 қала мектептерінің сайттарындағы негізгі мәліметтерге тоқталсақ. Облыс бойынша аудан және ауыл мектептерінің сайттары 2017 жылдан бері қолға алынғандығын көруге болады. Ал неге 2017 жылдан бері дейтін болсақ, себебі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылғандығын айта аламыз. Сондықтан ресми сайттағы мәліметтерді 2017-2020 жылдар аралығын қамтиды және сол аралықтағы материалдар жұмыс барысында қарастырылған. Батыс Қазақстан облысының сайттары да қаралып, негізінде мектептерде музейлердің ашылу қарқыны жоғары екенін көруге болады. Мысал ретінде, Орал қаласының білім беру бөлімінің «№5 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің сайты (http://b135.bko.agartu.kz ) 2016 жылы желтоқсан айында Тәуелсіздіктің 25 қарсаңында мектепте музейлері ашылды.

Барлық Алматы облысы, оның ішінде аудан мектептерінде іс-шаралардың барлығы белгілі бір жоспарға негізделіп жасалғандығын көре аламыз. Оны Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылдың 12 сәуірінде қабылдаған бағдарламасы аясында 2017 жылдың сәуір айынан бастап аудан, ауыл мектептерінде өз сайттары ашылып, мектептегі ресми және бейресми атқарылып жатқан іс-шаралар туралы көріп таныса аламыз. Коммеморативті тәжірибелердің негізгі бөлігі аудан көлемінде бірдей деңгейде жүргізілуде. Облыс негізінде түсірілген жоспар, аудан, кейін ауыл деңгейінде іс-шаралар өткізілуде. Алайда кейбір аудан, ауыл мектептерінде жоспардан тыс қосымша іс-шараларда жүргізілгендігін көруге болады. Олар төмендегідей:

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Б. Садырбайұлы атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің (сайт http://sadyrbaiuly-aksu.mektebi.kz) ұстаздары 2017 жылдың 29 қарашасында мектеп оқушыларын Ақсу аудандық І. Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейіне саяхатқа алып барып, сол жердегі тарихи-өлкетанулық мәліметтермен таныстырған. Оны біз сайтты қарау барысында төмендегі суреттен көре аламыз *(қаралым уақыты: 20.02.2021 ж.)*.

Ақсу ауылында орналасқан І. Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану мұражайына 3 және 6 сынып оқушылары танысуға келді.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://abai-aksu.mektebi.kz) 2019 жылдың 16 мамырында мектепішілік мұражай ашылды (Көкжайдақта тарихи-өлкетану музейі ашылды). Ол 2019 жылғы Абай атындағы орта мектебінің «Даму» жоспары негізінде жүзеге асырылып, ашылған болатын. Мұражайдың аты «Ауылым – мақтанышым» атты тарихи-өлкетану музейі болып табылады. Олай аталу себебі ауылдан шыққан танымал азаматтар көп. Мысалы, Ұлы Отан соғысына қатысқан және т.с.с. азаматтарға арналған деп атап өткен *(қаралым уақыты:20.02.2021 ж.)*.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Ғ.Орманов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (сайт http://ormanov-aksu.mektebi.kz) 5-6 сынып оқушылары 2020 жылғы 26 қаңтар – Халықаралық интернетсіз күнге арналған «Мен OFFLINE» атты республикалық кең ауқымды балалар акциясы жоспар негізінде 2020 жылдың 17 қаңтарында «Ғали Орманов музейін» тамашалады *(қаралым уақыты: 15.05.2021 ж.)*.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Е. Жайсаңбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (сайт http://zhaisanbaev-aksu.mektebi.kz) 2-6 сынып оқушыларынан 52 оқушы 2017 жылдың 07 қыркүйегі күні Қапал ауылдық Ақын Сара мемориалдық музейіне саяхатқа барды. Оқушыларға Ақын Сара өмірінен толықтай мағлұмат берілді *(қаралым уақыты: 15.05.2021 ж.)* .

18 сәуір Халықаралық ескерткіштерді және тарихи орындарды қорғау күніне орай 2018 жылдың 18 сәуірінде өткізілген мәлімет. 2019 жылы 18 сәуір күні Ескерткіштер күніне орай өткізілген іс-шара туралы мәліметті мектеп сайтынан көруге болады.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Е. Сиқымов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://sikymov-aksu.mektebi.kz) 2019 жылдың 6 мамыр күні Жансүгіров ауылында мектеп директоры, мәслихат депутаты Р.Н. Ибраимова бастамасымен «Тарихи-өлкетану» музейі ашылды *(қаралым уақыты:05.06.2022 ж.)* .

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Ж. Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://sydykov-aksu.mektebi.kz) 2019 жылдың 7

сәуір күні 9-сынып оқушыларын мектеп музейімен таныстыру күні өтті *(қаралым уақыты:05.06.2022 ж.)*.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «І. Жансүгіров атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://zhansugirov-do-aksu.mektebi.kz) 2019 жылдың 20 сәуірінде І. Жансүгіровтың 125 жылдығына орай Ілияс Жансүгіров атындағы өлкетану музейі ашылды *(қаралым уақыты:05.06.2022 ж.)* .

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «М. Мәметова атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://mametova-aksu.mektebi.kz) 2019 жылдың 19 қыркүйек күні 5-сынып оқушылары Қаратал ауданы Үштөбе ауылындағы Балпық би, Ескелді би, Айту би кесенелеріне саяхат жасады*(қаралым уақыты:09.06.2022 ж.)*.

Ақсу ауданы (сайт www.aksu.bilimbolimi.kz) «Н. Есеболатов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (сайт http://esebolatov-aksu.mektebi.kz) 2017 жылдың 5-сәуір айында 8-сынып оқушылары Ақсу ауданы Қапал маңындағы Сара Тастабекқызының мазарына саяхат жасады (қаралым уақыты:09.06.2022 ж.).

Сонымен қатар, Н. Есеболатов атындағы орта мектебінде мектептің өлкетану музейінің ашылуына арналған «Өткеннің қазынасы – болашаққа» атты шара өткізілді.

Аудандардағы аталмыш мектептердің көбінде негізінен тарихи-өлкетану музейлерінің ашылуы, музейлерге оқушыларды алып бару (экскурсия), еске алу кештері т.с.с. көптеген мәселелер қарастырылуда. Бұл дегеніміз коммеморативті тәжірибелердің облыс, аудан, ауыл негізінде қарастырылып, қамтылғандығы.

## 3.4 Эксперимент жүргізу бойынша бағдарлама, нәтижесі және оқушыларда коммеморативті тәжірибелер мен жады орынының қалыптасуы

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2018-2021 жылдары Алматы облысы Талдықорған қаласы «№2 орта мектеп» КММ, Сарқан ауданы Сарқан қаласының «Сарқан аудандық білім бөлімі» ММ, «Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі» КММ және Сарқан аудандық білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-де жүргізілді. Эсперименттік-педагогикалық жұмысқа «Тарих» пәні мұғалімдері мен оқушылар қатысты.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты: ғылыми болжамның дұрыстығын «Memory studies» теориясы негізінде оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтау.

Анықтау, қалыптастыру және қорытынды кезеңдері бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты тиімді ұйымдастыру мен жүргізу барысы төмендегідей.

Тәжірибелік-эсперименттік жұмыстың алғашқы кезеңі – айқындаушы эсперименті 2018-2019 жылдары жүргізілді.

Анықтаушы эксперименттің міндеті келесі жағдайларды қамтыды: Теория және зерттеу арасындағы байланысты сипаттап беру – оңай міндеттердің бірі емес. Жалпы бұл бағытта жүргізілген жұмыстың көптеген бағыттары бар, алайда оның негізгі өзекті деп естілетін екі жағын ашып көрсетсек. Біріншіден: теорияның қандай формасы туралы аталып өтіледі? Екіншіден: қандай мақсатпен мәліметтер жинақталуда, сол жағы да маңызды: теорияны тексеру үшін бе? әлде олардың реттілігі үшін бе? Теориялар жүргізу жалпы тақырыбына, жүргізілу барысына қарай гранд-теориялар, орта деңгейдегі және кіші теориялар боолып қарастырылады. Алайда жалпы эмпирикалық зерттеулер жүргізу барысында орта деңгейдегі теориялар жасалу қажет деп есептелді. Орта деңгейдегі теориялар көбіне гранд-теориялар мен эмпирикалық нәтижелер арасында болады. Жалпы теория дегеніміз не? Жалпы «теория» терминін көбіне әлеуметтік зерттеулер барысында аталатын термин ретінде қарастырылады. С.Б. Шунховеннің (1) айтуынша бұл теория емес, ол тек өзара байланысқан сөйлемдер жиынтығы деп көрсетеді. Х. Уилмоттың (2) айтуынша бұл кездейсоқ жағдаяттар теориясының эмпирикалық дәлелдер негізінде жинақталған деп есептейді, сонымен қоса бұл жерде ұйымның саяси шындығына әлеуметтік теориялар әсер етеді дегенге кері пікірін білдірген. Зерттеу мақсаты – ол теория негізінде қойылған сұрақтарға жауаптар алу болып табылады. Осылайша, теория және зерттеу арасындағы қарым-қатынасын қарастыру барысында екінші фактордың маңыздылығын түсіне бастаймыз, ол дедуктитві не болмаса индуктивті болсын [233].

Дедуктивті және индуктивті теория. Терия және зерттеу арасындағы қарым-қатынасына дедуктивті теория өз алдына кең таралған көзқарасы болып табылады. Зерттеуші негізгі сала бойынша белгілі теориялық білімдерін қарастырып, өзіндік болжамдарын (гипотеза) жасайды. Кейіннен бұл тұжырым өз алдына эмпирикалық талдауға ұшырауы тиіс. Ғалым тұжырымды қалай жасаса, дәл солай оны практикалық терминдерге де аудара білу қажет. Ол жинақтаған мәліметтерін өзіндік тұжырымдармен байланыстырып, болжамының негізін қалыптастырғандығын анықтай білуі қажет. Орта деңгей теориясы туралы атап өткен Мертонның (3) айтуынша «эмпирикалық зерттеулерді бағыттауға арналған әлеуметтануда қолданылады» деп көрсеткен. Теория және оның негізінен ұсынылған болжам бірінші орынға қойылып, мәліметтерді жинақтау процессінде бағытталады. Дедуктивті теория негізінде жасалып: теория-гипотеза-мәлімет жинау - нәтиже – ғылыми болжамның дәлелденуі немесе теріске шығарылуы – теорияның қайта қаралуы. Оны төмендегі сызбадан көре аламыз:

1) Теория

+

2) Гипотеза

+

3) Материал жинақтау
+
4) Қорытынды (нәтиже)
+
5) Гипотезаны дұрыс немесе дұрыс еместігі
+
6) Теорияны қайта қарау

Осы суреттің соңғы кезеңі дедукцияға қарсы бағытқа жүретінін болжамдайды, дәлірек айтсақ индукцияға. Зерттеуші барлық зерттеу жұмысына түрткі болған теорияға оның нәтижелерінің қолданыс табады деген шешімге келген кезде. Егер түсінікті етіп түсіндіретін болсақ, дедукция өз алдына төмендегідей процессті көресетеді:

теория-бақылау/шешім,

ал индукцияда, кері байланыс:

бақылау/шешім-теория

Көптеген теоретиктер әдіснамалық сұрақтар негізінде сандық және сапалық зерттеулерге бөліп көрсету керектігін атап өтуде. Бұндай бөліністерде көбіне сандық зерттеулер – өлшеуге негізделсе, сапалық зерттеулер – олай емес екендігін айтады.

«Зерттеу әдісі дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беретін болсақ, зерттеу әдісі – бұл тек мәліметттерді жинау техникасы. Оның негізіне өз еркімен толтырылатын сауалнамалар, құрылымдық сұхбаттың жоспар-кестесі немесе зерттеуші тарапынан бақылаушы рөлін атқарып, өзге адамдарды тыңдауы және бақылауы болып табылады.

Зерттеу сұрақтарын дұрыс жасау маңызды болып табылады. Егер сұрақтарының сапасы төмен болса, ол зерттеудің сапасын төмендетеді.

Зерттеу барысында жұмыс аясында барлық сұрақтарға жауап айта алмаймыз. Бұл тек уақыт шектеулігі емес, сонымен қатар, олар өз алдына логикалық тұрғыда тізбектелген, бір-бірімен байланысы болуы қажет.

Эксперименттің өзін зертханалық және алаңдық деп ажыратып көрсетуге болады. Зертханалық – ол өзі айтып тұрғандай зертханада немесе жасанды шарттар негізінде жасалады, ал алаңдық эксперименттер шынайы жерлерде, мысалы үшін: сынып немесе ұйым, жаңа саяси курстың енгізілуі немесе реформаларды жүзеге асыру барысында.

Классикалық экспериментте екі топ қалыптасады: эксперименттік және бақылау тобы. Эксперименттік топ бақылау тобымен салыстырылады, оған ешқандай тәжірибе жүргізілмейді. Экспериментке «дейін» және одан «кейін» деп салыстырмалы түрде жүргізіледі. Бұл дизайнның негізін түсіну үшін төмендегідей атаулар жүйесі қолданылады:

Бақылау: бір немесе бірнеше бақылау жүргізілуі мүмкін, алдында (эсперименткe дейін) және кейін (эксперименттен кейін).

Эксперимент: Эксперименттік кіріктірілуі, бақылау топ (эксп.емес).

Н: бақылау хронометражы.

Теория және оның негізінен ұсынылған болжам бірінші орынға қойылып, мәліметтерді жинақтау процессіне бағытталады. Дедуктивті теория негізінде жасалып: теория-гипотеза-мәлімет жинау - нәтиже – ғылыми болжамның дәлелденуі немесе теріске шығарылуы – теорияның қайта қаралуы. Екі кезеңде де сауалнамалар өздері толтыратын анкета негізінде ашық түрде жасалды. Әр қайсысы өзінің ойын толық жеткізіп, жазып қалдырды. Ал егер, жабық түрде алсақ, тек «иә» немесе «жоқ» деген жауап алып, жұмысымызды саралай алмайтын едік. Сондықтан сауалнаманы ашық түрде жүргіздік. Сонымен қатар, сауалнама барысында құрылымдық бақылау жүргізілді. Оны жүргізу барысында зерттеу жұмысы аясында бақылау жоспары жасалып, соның негізінде іске асты. Қорытындысы сапалық талдау негізінде жасалды. Неге сандық емес дейтін болсақ, себебі сандық болу үшін жалпы облыс негізіндегі мектептер, олардың саны, мұғалімдер туралы көрсете аламыз. Ал сапалық жағынан облыс бойынша бірнеше мектеп көрсетіліп, соның негізінде жұмыс жасалғандығын көрсетеміз [233].

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың екінші кезеңі – қалыптастыру эксперименті 2019-2020 жылдары жүргізілді. Екінші кезеңде оқытудың ұсынылған әдістемелік жүйесінің тиімділігі мен ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру мақсаты етіп қойылды.

Зерттеу барысында 2-кезеңде Алматы облысының кейбір мектептерінде сауалнама жүргізілді. Алғашқысы 2020 жылдың наурыз айында жасалды. Ол сауалнаманың негізі дедуктивті теория негізінде жасалып: теория-гипотеза-мәлімет жинау - нәтиже – ғылыми болжамның дәлелденуі немесе теріске шығарылуы – теорияның қайта қаралуы. Алғашқы кезеңде жасалған сауалнаманың негізі тарих бойынша жалпы сұрақтар негізінде оқушылардың дүниетанымын бақылау мақсатында жасалды, сонымен қатар мұғалімдерге де өз пәні бойынша, онда жүргізілетін әдістер негізінде қойылды. Екі кезеңде де сауалнамалар өздері толтыратын анкета негізінде ашық түрде жасалды. Әр қайсысы өзінің ойын толық жеткізіп, жазып қалдырды. Ал егер, жабық түрде алсақ, тек «иә» немесе «жоқ» деген жауап алып, жұмысымызды саралай алмайтын едік. Сондықтан сауалнаманы ашық түрде жүргіздік. Сауалнама барысында құрылымдық бақылау жүргізілді. Оны жүргізу барысында зерттеу жұмысы аясында бақылау жоспары жасалып, соның негізінде іске асты. Қорытындысы сапалық талдау негізінде жасалды. Егер де неге сандық емес дейтін болсақ, себебі сандық болу үшін жалпы облыс негізіндегі мектептер, олардың саны, мұғалімдер туралы көрсете аламыз. Ал сапалық жағынан облыс бойынша бірнеше мектеп көрсетіліп, соның негізінде жұмыс жасалғандығын көрсетеміз.

Таңдалған модель: «XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелері және жадының орны (Алматы облысының материалдары негізінде)».

Модельдің мақсаты: ғылыми болжамның дұрыстығын, яғни мектепте тарих пәнін оқыту барысында коммеморативті тәжірибелерді, интербелсенді

әдістерді қолдана отырып, жады орнының маңыздылығын көрсету. Тарихи білім беру арқылы теорияны практикамен ұштастыра білуге үйрету.

Модельдің міндеттері:

Коммеморативті тәжірибелері және жадының орны (Алматы облысының материалдары негізінде) бойынша білім деңгейін қалыптастыру;

Коммеморативті тәжірибелер және жадының орны негізінде оқытудың әдістемесі мен технологиялары бойынша білім, білік және дағды жүйесін қалыптастыру;

Мектепте оқу-тәрбие процесін модельдеу және құрастыру білу;

Басым факторлары: оқу-танымдық құзіреттілік, ақпараттық құзіреттілік**,** зерттеушілік құзіреттілік**,** жалпы ғылыми құзіреттілік, кәсіби құзыреттілік. Оқушыларға коммеморативті тәжірибелерді және жадының орнын түсіндіріп оқыту үшін төмендегідей модель жасалды (сурет 5).



Тарихи білім беру барысында коммеморативті тәжірибелерді, интербелсенді әдістерді қолдана отырып, жады орнының маңыздылығын сабақ барысында ашып көрсету

↓

Бақылаушы және эксперимент топтарының салыстырылуы

↓

Қорытынды эксперимент

↓

Эксперимент нәтижелерін өңдеп, қорытындысын шығару

↓

Нәтижесі: «Өлкетану курсы. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» атты оқу-әдістемелік нұсқаулық жасалып, ендіру актісі алынған

Жалпы Талдықорған қаласы бойынша 2 мектеп, Сарқан ауданы бойынша 2 мектеп және жалпы 156 оқушы қатысты. Бақылау тобында 76 бала және эксперимент тобында 80 бала қатысты.

Эксперимент жүргізу барысында сауалнама алу негізгі бөлігі болды. Себебі сауалнама жүргізу арқылы тақырыбымыз аясында қандай қажеттіліктер туындап тұр және оны қалай шешуге болады, сол мәселелер қаралған болатын. Сауалнама өз алдына келесідей кезеңдерден тұрды:

1) сауалнамаға қатысушыларды жоспарлау;
2) сауалнама сұрақтарын құрастыру;
3) оқушылар мен мұғалімдер арасынан сауалнамаға жауап алу;
4) нәтижелерді өңдеу;
5) жауаптардың қорытындысы ретінде ұсыныстарды атау.

Сауалнамаларымызды бастамас бұрын Қазақстан білім беру жүйесінде зерттеушілердің этикалық кодексіне сәйкес, қатысушылар (оқушылар мен мұғалімдер) сауалнамадан өту үшін өздерінің келісімдерін берді.

Сауалнамалар төмендегідей тақырыптарда болды:

1. Оқушыларға арналған сауалнамалар жүргіздік (5-7 сынып бойынша);
2. «Тарих» пәні мұғалімдеріне арналған сауалнамалар жүргізілді;
3. «Тарих» пәні туралы БЛИЦ сұрақтар даярладық;

4. Өлкетану курсы бойынша сұрақтар даярладық.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде ең алдымен 5-7-сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізілді. Жүргізілген сауалнаманың негізгі бағыты ол әрине де мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орнын анықтау болып табылды. Сондықтан оқушылардан 6 сұрақтан тұратын тақырыбымыз аясында сауалнама жасалып, жауаптары алынды.

Бірінші сұрақ ««Коммеморация» дегенімізді қалай түсінесіз ?» деген сұраққа оқушылардың барлығы бос қалдырды. Бұл терминнің таныс емес, оны оқу процессінде естімегендерін атап өтті.

Екінші сұрақ «Тарих» пәні сабақтарында белгілі бір тарихи оқиға есіңізде қалу үшін не істейсіз?» деген сұраққа оқушылар: көру (визуалды), есту (аудио) және жазбаша сақтайтындарын айтты. Сабақ барысында мұғалім көбіне жазбаша жаздырып, қандай да бір тарихи оқиғаны көрсететіндіктен солай есте сақтайтындарын атады (Нұрболатұлы Бақберген, Серікбек Бауыржан, Хуанбек Билікбай, Төлепберген Сабина).

Үшінші сұрақ «Сыныптан тыс өтетін тарихи атаулы күндерге қатысты іс-шараларға қаншалықты қатысасыз, жалпы ондай іс-шаралар ұнай ма, әлде ұнамай ма ?» деген сұраққа оқушылардың басым бөлігі қатысатындығын, ұнайтындығын басшылыққа алды. Олай жауап берулерінің бірден-бір себебі, сыныптан тыс жүргізілетін іс-шаралар көбіне қызықты, маңыздылығын оқушыларға тереңірек түсіндірілуді қажет етеді (Тергеубай Манарбек, Туганбаева Риза, Сабитай Өркен).

Төртінші сұрақ «Қандай атаулы іс-шараларға белсене ат салысасыз, сіздің ойыңызша? Не себепті?» деген сұраққа оқушылардың басым көпшілігі 16 желтоқсан, жаңа жыл, 9 мамыр жеңіс күні деп жауап қайтарды. Көріп отырғанымыздай негізгі іс-шаралар сол мемлекет тарапынан аталатын мерекелер болса, ал ауыл, аудан, облыс негізіндегі еске алу кештері, батырларға т.б. қатысты шаралар көп жүргізілмейтінді көрініс табады.

Бесінші сұрақ «Өлкетану» факультатив сабағы сіз үшін қызық па?» деген сұраққа барлығы «иә» деп жауап берді. Алайда курс қазіргі таңда «Қазақстан тарихы» пәні негізінде 5-7 сыныптардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарында әр тоқсанға 1 сұраққа негізделіп, 4 сағаттан ғана берілген. Сонымен қатар, ол тоқсан тақырыптарының ең соңғы сұрақтары болғандықтан оқушылар аса мән бермейді. Алайда өз өлкесінің тарихымен танысып, оны жетік меңгеру ол оқушының өз тарихына деген қызығушылығын арттырып, тарихи білімін жетілдіріп, жады орнын қалыптастыруына алып келеді.

Алтыншы сұрақ ««Өлкетану» факультатив сабағы барысында кітаптағы материалдан тыс, тағы немен танысқыңыз келеді, өз ойыңызды айтсаңыз?» деген сұраққа оқушылар бірауыздан өз өлкесінің тарихын жетік меңгергісі келетіндігін, ол жерлерге саяхат, экскурсия сабақтары жасалып, тереңдетіліп түсіндірілсе деген жауаптар жазған. Бұдан көретініміз, оқушылардың өз елінің, жерінің тарихын меңгеруге деген ынтасы жоғары. Ал сол тарихты

меңгеру арқылы тарих ғылымының үлкен тарихи процесске деген қызығушылықтары арттылатындағын көре аламыз.

Алматы облысы Талдықорған қаласы «№2 орта мектеп» КММ, Сарқан ауданы Сарқан қаласының «Сарқан аудандық білім бөлімі» ММ, «Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі» КММ және Сарқан аудандық Білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-нің 7 – сыныптарынан барлығы 6 сұрақтан тұратын сауалнама алынды. Сауалнама барысында оқушылардың көбі бірінші сұраққа жауап беру барысында ұзақ ойланып, кейбіреуі жауап жазбай тастап кетті. Біздің бұл сауалнаманы оқушылардан алу себебіміз бүгінгі XXI ғасыр болашақ жастардың өз тарихына қатысты, оны білуге деген құштарлығын, қызығушылығын тексеру болды. Сонымен қатар, «тарихи жадының», «коммеморативті тәжірибелердің», «есте сақтаудың» оқушылар арасында қаншалықты бар екендігін айқындау болды. COVID19 пандемиясының таралуына байланысты қоғамдағы жағдайға сай қашықтықтан оқыту технологиясының қажеттілігі туындап, қала мектептерінде сауалнаманы Zoom арқылы, ал аз қамтылған мектептен жазбаша жинап алдық.

Сарқан ауданы Сарқан қаласының «Сарқан аудандық білім бөлімі» ММ, «Н. Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі» КММ және Сарқан аудандық Білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-нің 7 – сыныптарынан барлығы 6 сұрақтан тұратын сауалнама алынды. Сауалнама барысында 6 сұраққа балалардың негізгі бөлігі – экскурсия болса, «тарихи жерлер» (яғни тарихи орындар, П.Нора бойынша), «өз көзімен көргім келеді» деп жауаптар жазған.

Сарқан аудандық білім бөлімінің «Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ 7 – сыныптарынан барлығы 6 сұрақтан тұратын сауалнама алынды. Сауалнама барысында 6 сұраққа балалардың негізгі бөлігі – мектептен тыс тарихи іс-шаралар көбірек болса, оларға қатысатындығын, сабақ барысында мұғалімдердің айтқан дәрістерін есте сақтау үшін дәптерге жазып, өздеріне түртіп отыратындығын атап өткен. Сонымен қатар, «Өлкетану» аясында экскурсия болса, «тарихи жерлер» (яғни тарихи орындар), «өз көзімен көргім келеді» деп жауаптар жазған. Көріп отырғанымыздай оқушылар сабаққа қызығушылығын ашық көрсетіп, өз ойларын еркін жеткізіп, оны алдағы уақытта осылайша іске асыруын қалайтындықтарын сауалнама барысында жазып көрсеткен.

Бүгінгі таңда балалар, әсіресе 13-14 жас аралығындағылар өздерінің тарихын, елінің, жұртының өткенін және бүгінгісін тек естіп қана қоймай оны өз жадында сақтап қалу үшін, көзбен көріп қатысты тарихи іс-шараларға қатысып, өздерінің үлесін қосқысы келетіндігін көруге болады.

Сонымен қатар, Алматы облысы Талдықорған қаласы «№2 орта мектеп КММ-нің» 11 «А» және 11 «Ә» сыныптарынан барлығы 13 сұрақтан тұратын тарихқа қатысты жалпы сұрақтар бойынша алынды. Сауалнама барысында соңғы 12-13 сұраққа оқушылар өз ойларымен жауап беріп, өз пікірлерін білдіру керек болды. Енді жауаптарына назар аударсақ: 1 сұраққа – 40 бала

дұрыс емес, 2 бала дұрыс жауап берген; 2 сұраққа – 37 бала дұрыс, 3 бала дұрыс емес және 2 бала жауап жазбаған; 3 сұраққа – 20 бала дұрыс және 22 бала дұрыс емес жауап берген; 4 сұраққа – 39 бала дұрыс, 3 бала дұрыс емес жауап берген; 5 сұраққа – 34 бала дұрыс, 8 бала дұрыс емес жауап берген; 6 сұраққа – 27 бала дұрыс, 15 бала дұрыс емес жауап берген; 7 сұраққа – 18 дұрыс, 18 дұрыс емес және 6 бала мүлдем жауап бермеген; 8 сұраққа – 8 бала дұрыс, 34 бала дұрыс емес жауап берген; 9 сұраққа – 23 дұрыс, 19 дұрыс емес жауап берген; 10 сұраққа – 8 бала дұрыс, 33 бала дұрыс емес және 1 бала жауап бермеген; 11 сұраққа – 5 дұрыс, 36 дұрыс емес және 1 бала жауап бермеген; 12 сұраққа – 29 дұрыс және 13 дұрыс емес жауап берген; 13 сұраққа – 28 дұрыс, 5 дұрыс емес және 9 бала жауап бермеген. 11 – сынып оқушыларына берілген сауалнама сұрақтара тек тарихи дата немесе оқиғаға қатысты емес, сонымен қатар, кейбір тарихи оқиғаларға «иә» және «жоқ» деген жауап айту арқылы өз ойын, пікірін білдіру.

Сарқан ауданы Сарқан қаласының «Сарқан аудандық білім бөлімі» ММ «Н. Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі» 11 – сыныптарынан онлайн барлығы 13 сұрақтан тұратын тарихқа қатысты жалпы сұрақтар бойынша алынды. Сауалнама барысында 2 оқушы сұрақтарға өзіндік ой-тұжырымдарын айтып белгілеген. Ал қалғандарының көбі ҰБТ сияқты «иә» немесе «жоқ» деп бір жауапты таңдап, оның мағынасын түсінуге тырыспаған. Бақылау барысында 11 оқушының тек 4 ғана түсіну үшін өздерінің сұрақтарын қойып отырған (терминдер бойынша). КММ-нің және Сарқан аудандық білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ 11 сыныптарынан барлығы 13 сұрақтан тұратын сауалнама алынды. Сауалнама барысында 1 оқушы сұрақтарға өзіндік ой-тұжырымдарын айтып белгілеген. Ал қалғандарының көбі ҰБТ-гі сияқты «иә» немесе «жоқ» деп бір жауапты таңдап, оның мағынасын түсінуге тырыспаған да. Бақылау барысында 7 оқушының тек үшеуі ғана түсіну үшін өздерінің сұрақтарын қойып отырған (терминдер бойынша).

Қарастырылған сауалнамалар нәтижесінде зерттеу жұмысымыз аясында қандай бағытта жұмыс жасалу керектігі анықталды. Қойылған сұрақтар негізінде зерттеу барысымызда мектепте тарих пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны атты тақырыбымызды толық ашып көрсетуіміз үшін кері байланыс ретінде оқушылардан сауалнама алынды. Оқушылардың жауаптары сараланып, төмендегідей негізде топталған болатын:

1) «Өлкетану» факультатив курсын өту барысында қажетті көмекші құрал ретінде оқу-әдістемелік нұсқаулық жасау;

2) ауыл, аудан, облыс негізіндегі тарихи ескерткіштерді саралап, оқушыларға көрсету;

3) «Қазақстан тарихы», «Өлкетану» курстарында интербелсенді әдістерді қолдану арқылы сабақ жүргізу;

4) сыныптан тыс іс-шаралар негізінде мұғалім тарапынан тәрбие жоспарларына қосысымша ауыл, аудан, облыс тарихына қатысты еске алу, мереке, тарихи даталар сияқты тақырыптарды қосып енгізу арқылы жетілдіру;

5) музейге оқушыларды экскурсия сабақтарына алып барып, өз көзімен визуалды, аудио қабылдауларын жетілдіріп, дамытып, коммемморативті тәжірибелерді жүргізу арқылы жады орнының арту үрдісін көрсету.

Эксперименттің келесі қалыптастырушы кезеңі бойынша даярланған сұрақтар мұғалімдерге қойылды. Жүргізілген сауалнаманың негізгі бағыты ол әрине мектепте «Тарих» пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орнын анықтау болып табылды. Сонымен қатар, оларды жүргізу барысында қандай әдістерді пайдалану тиімділігі негізгі мәселе болған еді. Жалпы сауалнамаға 13 мұғалім қатысқан болатын. Оның ішінде Алматы облысы, Талдықорған қаласы «№2 орта мектеп» КММ - 5 мұғалімі (40 %), «№9 орта мектеп» КММ - 4 (30 %) мұғалім, Сарқан ауданы Сарқан қаласының «Сарқан аудандық білім бөлімі» ММ, «Н. Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі» - 2 мұғалім (15 %), КММ және Сарқан аудандық білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» - 2 мұғалім (15 %). КММ «Тарих» пәнінің ұстаздарынан барлығы 6 сұрақтан тұратын сауалнама алынды. Жалпы сауалнамада Алматы облысы бойынша Талдықорған қаласының екі және Сарқан ауданының екі мектептері қатысқан.

Тарих пәні мұғалімдеріне арналған сауалнамалар жүргізілді – сауалнама барысында төмендегідей сұрақтар қойылып, жауаптары сараланды:

«Коммеморация» дегенімізді қалай түсінесіз?» деген алғашқы сұраққа мектеп мұғалімдерінің барлығы дерлік (13 мұғалім) жауап қайтармады, ол сұрақтың тұсын бос тастап, жауап жазбады. Жалпы бұл терминмен бұрын соңды кезікпегенін және естімегендерін атап өтті. Сауалнама барысында ол терминді ашып, түсіндіріп өткеннен кейін өздерінің сабақтарында, сабақтан тыс уақытта бұл еске алу жұмыстары жүргізілетіндігі, ал жалпы қазіргі таңда ғылыми термин ретінде дәл осылай аталатындығын білмегендерін алға тартты.

Екінші сұрағымыз «Тарих» пәні сабақтарында белгілі бір тарихи оқиға оқушының есінде қалу үшін қандай әдістерді қолданасыз?» деген сұраққа көптеген мұғалімдер сұрақ-жауап, миға шабуыл және т.б. әдістерді атап өткен еді.

Үшінші сұрағымыз «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың тиімді әдістерін көрсетсеңіз? Болмаса сіз өз сабағыңызда қайсысын жиі қолданасыз және ол белгілі бір нәтижеге жеткізеді деп ойлайсыз?» деген сұрақ аясында негізгі жауаптары миға шабуыл, интербелсенді әдістерді қолдану барысы деген жауап 10 мұғалім жауап жазса, 3 мұғалім дәстүрлі форматтағы сабақтарды басшылыққа алатындығын атап өтті. Негізгі мұғалімдердің түрлі әдістерді өту арқылы сабақты қызықты қылып, сонымен қатар, жадында сақтауына өз үлесін қосатындығын атап өткен.

Төртінші сұрақ «Сыныптан тыс өтетін тарихи атаулы күндерге қатысты іс-шараларға оқушылардың ынтасы, зейіні қандай?» деген сұраққа мұғалімдер

бірауыздан  ынталары төмен, қызығушылықтары да аз деп жауап берді. Жауаптардан көріп отырғанымыздай сыныптан тыс іс-шаралар барысында, яғни еске алу, мейрамдар барысында оқушыларды ынталандыру жұмыстарын жүргізіп, қызығушылықтарын арттыру керек.

Бесінші сұрақ «сіздің ойыңызша қандай атаулы іс-шараларға оқушылар белсене ат салысады?» деген сұраққа мұғалімдердің барлығы, яғни 13-де 16 желтоқсан, 9 мамыр деген сияқты атаулы тарихи мейрамдарды атап соны көрсетті. Алайда барлық мерекелер мемлекет тарапынан тойланатын іс-шаралар негізінде қаралады. Ал облыс, аудан, ауыл деңгейінде сол жерлердің атақты батырлары, оларға салынатын ескерткіштер, атақты адамдары негізінде іс-шаралар мұғалімдердің тәрбие жоспарларында жоқтың қасы.

Алтыншы сұрақ ««Өлкетану» факультатив сабағына оқушылардың ынтасы қандай? Ұнай ма, әлде жоқ па?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұрақты қойған себебіміз, коммеморативті тәжірибелер және жадының орны осы «Өлкетану» курсында көбірек іске асырылады және басшылыққа алынады. Себебі өлке тарихымен оқушы тығыз байланыста өсіп, ол тарихи жерлерді жетік меңгеріп, Отан тарихына деген сүйіспеншілігі, қызығушылығы артады.

Сауалнама барысында ұстаздардың көбі бірінші сұраққа жауап беру барысында ұзақ ойланып, кейбіреуі жауап жазбай тастап кетті. Біздің сауалнама жинау барысында байқағанымыз ұстаздардың көбі 25-50 жас аралығындағылар. Ал олардың жауабының негізгі 80-90 пайызы қазіргі XXI ғасыр қоғам ағымына сай оқушыларды тәрбиелеу, білім беру үшін ұстанымдары заман талабымен тең.

Зерттеу барысымызда мектепте «Тарих» пәнін оқытудағы коммеморативті тәжірибелер және жадының орны атты тақырыбымызды толық ашып көрсетуіміз үшін кері байланыс ретінде мұғалімдерден сауалнама алынды. «Тарих» пәні мұғалімдерінің ұсыныстары төмендегідей негізде топталған болатын:

1) «Өлкетану» факультатив курсын өту барысында қажетті көмекші құрал ретінде оқу-әдістемелік нұсқаулық жасау;

2) ауыл, аудан, облыс негізіндегі тарихи ескерткіштерді саралап, оқушыларға көрсету;

3) «Қазақстан тарихы», «Өлкетану» курстарында интербелсенді әдістерді қолдану арқылы сабақ жүргізу;

4) мұғалімдердің 80-90 пайызын қазіргі XXI ғасыр қоғам ағымына сай оқушыларды тәрбиелеу, білім беру үшін ұстанымдары заман талабымен тең қылуға жұмылдыру.

Мұғалімдерге «Тарих» пәні туралы БЛИЦ сұрақтар даярланып, сауалнама алынып, төмендегідей нәтижелер көрсеткен еді.

Тарих пәні мұғалімдері аясында жалпы сауалнама алынды. Сарқан ауданы бойынша сауалнаманың 2-3 сұрақтарына негізгі жауап «SWOT» талдау жасау арқылы өту деп жауап көрсетілген. Талдықорған қаласы бойынша №2 орта мектеп мұғалімдері сауалнаманың 2-3 сұрақтарына негізгі жауап «бейнеролик», «Не? Қайда? Қашан?», «Блиц жарыс», «Дөңгелек үстел»

арқылы өту деп жауап көрсетілген. Ал №9 орта мектеп мұғалімдері оқиғаны хронологиялық талдау арқылы, тарихи карта және т.б. арқылы сабақты өткізу. 4-5 сұрақтарға негізі тәуелсіздік күні, Жеңіс күні, гендерлік іс-шаралар, сонымен қатар, іс-шаралар негізіндегі конкурстарға да ат салысатындықтарын атап өтті.

«Тарих» пәні мұғалімдері аясында жалпы сауалнама алынды. Сауалнаманың 4 сұрағы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары тарихи білім беру бағдарламаларының мазмұнына өз әсерін тигізді ме, қалай ойлайсыз?» деген сұраққа 13 мұғалімде бұл бағдарламалардың өз әсерін оқушыларға білім беру барысында септігін тигізіп жатқандығын атап өтті. 13 мұғалімнің:

Талдықорған қаласы, №2 мектеп – 5 мұғалім;

№9 мектеп – 4 мұғалім;

Сарқан ауданы, Сарқан қаласы:

Н. Островский атындағы мектеп гимназиясы – 2 мұғалім;

Бірлік орта мектебі – 2 мұғалім.

Блиц сұрақтарының 2 сұрағы «Өскелең ұрпаққа мысал ретінде көрсететін үш тарихи тұлғаны атаңыз?» деген сұраққа 13 мұғалімнің 10 Алаш зиялыларын, хандарды, ұлы тұлғаларды атап өтті. Сауалнамада қойылған сұрақтарды П, Р және С қосымшаларынан көре аласыз.
